

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ӘОЖ: 81'1:008

Колжазба құқығында

**МУРЗИНОВА АЙГУЛЬ СЕРИКОВНА**

**Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты  
(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндышылықтары  
негізінде)**

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
филол. ғыл. докт., проф.  
Тымболова А.О.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
докт. PhD, проф.  
Роберт Эрмерс  
(Лейден, Нидерланды)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	3
<b>КІРІСПЕ</b>	5
<b>1 ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР ЖУЙЕСІНДЕГІ «ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СТЕРЕОТИП» ФЕНОМЕНІ</b>	11
1.1 «Ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері	11
1.2 Ұлттық-мәдени стереотиптің лингвомәдени мәні	16
1.3 Ұлттық-мәдени стереотиптің лингвоаксиологиялық сипаты	29
1.4 Аксиологемалық стереотип түрлері мен олардың жіктелімі	40
1.5 Аксиологемалық стереотиптің коммуникативтік табигаты	48
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	53
<b>2 ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДУНИЕНИЦ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОДЫ: АКСИОЛОГЕМАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ВЕРБАЛДЫ ҚАТЫНАСТАҒЫ БЕЙНЕЛЕНУ УӘЖІ</b>	54
2.1 Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер	54
2.1.1 «Баспана, үй» тірек компонентті стереотиптер	55
2.1.2 «Тұрмыстық зат» тірек компонентті стереотиптер	77
2.1.3 «Вестонимдік» тірек компонентті стереотиптер	95
2.1.4 «Гастронимдік» тірек компонентті стереотиптер	114
2.1.5 «Музыкалық аспап» тірек компонентті стереотиптер	137
2.2 Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер	141
2.2.1 «Салт-дәстүр» тірек компонентті стереотиптер	143
2.2.2 «Діни рәсім» тірек компонентті стереотиптер	151
2.2.3 «Мереке» тірек компонентті стереотиптер	156
2.2.4 «Ойын» тірек компонентті стереотиптер	159
Екінші бөлім бойынша тұжырым	162
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	164
<b>ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	166
<b>ҚОСЫМША</b>	176

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Аксиологемалық стереотиптер** – ұйытқы компоненттері ұлттық-мәдени код әлементтерінен тұратын, әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) заттық және рухани құндылықтар дүниесін бейнелейтін этномәдени нышанды тұрақты тілдік таңбалар.

**Аксиологиялық мәндер** – аксиологемалық стереотиптерге бағалауыштық (этикалық, эстетикалық, зияткерлік, утилитарлық, параметрлік, valeologyялық, т.б.) реңктер жүктейтін категория.

**Аялық білім** – әр этностың өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасып, этномәдени санасында қордалған, сақталған экстралингвистикалық білім. Ол – этностың құндылықтарымен тығыз байланысты мәдени дүние бейнесі туралы білім.

**Ассоциациялар** – хрематонимдер мен скриптонимдер аясында жинақталған, тұжырымдалған этноконнотациялардың бағалауыштық қызметін арттыратын, әр этностың тарихи-мәдени тәжірибесін қазіргі тәжірибесімен байланыстыратын түсініктер мен бейнелер.

**Бағалау** – маңызды, бағалы, құнды болып саналатын объектілерге деген әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) құндылықтық қатынасы жөнінде жағымды-жағымсыз көзқарасын меңзейтін, дүниенің ұлттық-мәдени аксиологиялық бейнесімен тығыз байланысты көпөлшемді категория.

**Вестонимді аксиологемалық стереотиптер** – әр этностың киім атаулары негіз болған тұрақты тілдік таңбалар.

**Гастронимді аксиологемалық стереотиптер** – әр этностың тағам атаулары үйітқы болған тұрақты тілдік таңбалар.

**Коммуникация** – вербалды қатынастағы коммуникатор мен коммуниканттың ақпарат алмасуы.

**Коммуникативтік стратегия** – вербалды қатынастағы тұтас жоспарланған танымдық-құндылықтық бағыт.

**Коммуникативтік тактика** – вербалды қатынастағы танымдық-құндылықтық стратегияны жүзеге асырудың нақты тәсілі.

**Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер** – бір ғана ұлттың дәстүрлі тұрмысында үнемі қайталану нәтижесінде этнотілдік санасында фреймдер түрінде сақталған, ғұрыптық код құраушы скриптонимдері (рухани мәдениет деректі атау) негіз болған, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділері айшақталған тұрақты тілдік таңбалар.

**Символ** (грек. symbolon – белгі) – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жеткен мәдени құндылықтар нышанды, ділдің, көркем ойлаудың, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері шоғырланған бейнелі категория, этностың хрематонимдері мен скриптонимдерінің бейнелілік, образдылық қызметіне байланысты қалыптасып, тұспалданған, астарланған, үлгіленген белгісі.

**Ұлттық-мәдени стереотип** – этномаркерлі лингвоменталды құбылыс. Ол – этноменталды (ойбейне) және этновербалды құрылымдардан тұрады. Оның этноменталды құрылымы этномәдени санада тұрақталған ұлттық-мәдени ұғымдар мен түсініктерді білдірсе, этновербалды құрылымы ұлттық-мәдени ұғымдар мен түсініктердің таңбалық белгісін білдіреді.

**Ұлттық-мәдени құндылық** – ғасырлар бойы тарих қойнауында сұрыпталған, этномәдени жадыда жатталған, ұлттық мәдениет кеңістігінде код түрінде өзектелген, этнос өкілдеріне ортақ аксиологиялық дүние бейнесі мен дүниетанымының іргетасын қалаған, этнотілде лингвомәдени құндылық түрінде таңбаланған, идеалданған бірегей жүйе.

**Ұлттық-мәдени фрейм** (ағыл.frame – кадр, құрылым) – белгілі бір этноұжымға ортақ ақпараттардан жинақталған тұжырымды құрылым, айналадағы зат, оқиға, рәсім, ғұрып олардың өзара байланысы туралы этномәдени санада жатталған таптаурынды этномәдени жағдаяттың ойсуреті, перцептивті бейнесі, менталды көрінісі, тұрақты тілдік таңбаларда қатталған ұлттық-мәдени-танымдық ұлғі.

**Ұлттық-мәдени код** – тарих тезінен өткен, хрематонимдер мен скриптонимдер жиынтығынан құралған, этномәдени ая (дәстүрлі білім, тұрмыстық тәжірибе, т.б.) арқылы қалыптасып, этнотілде таңбаланған метафоралық кодтау тәсілінің өзгешелігін, дүние бейнесінің бірегейлігін танытатын құндылықтар жүйесі.

**Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер** – бір ғана ұлттың құнделікті тұрмысында жи қайталану арқылы этнотілдік санасында фреймдер түрінде жатталған, заттық мәдениет деректі код қураушы хрематонимдері ұйытқы болған, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділері айшықталған тұрақты тілдік таңбалар.

**Этновербалды стереотиптер** – этностиң қоршаған дүние жайлы дәстүрлі түсініктерін таңбалайтын, этноменталды стереотиптердің танымдық табигаты мен олардың дүниенің тілдік бейнесінде кескінделу ерекшелігін айқындауға көмектесетін, этнотілдік санада символдық, эталондық бейнелер түрінде таптаурындалған бірліктер.

**Эталон** (фр. étalon – ұлғі) – әр этностиң (қазақ, орыс, ағылшын) дүниені тануы мен қабылдаудағы құндылық бағдарын бейнелейтін өлшемдік құрал. Ол – этномәдени санада орныққан хрематонимдер мен скриптонимдердің көркем бейнелі ұлғісі, этнос өкілдеріне ортақ бейнелі-ассоциациялар мен стандарттар жүйесі.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Антропоөзектік бағытқа негізделген қазіргі тіл білімінің ұстанымдары бойынша әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіндік даралығын олардың ұлттық-мәдени құндылықтары деректелген аксиологемалық стереотиптері арқылы айқындау айрықша мәнге ие болып отыр. Ғылым арнасына «жанғырып» келген антропоөзектік бағыт бірінші орынға этномәдени ұжым мен этнотілдік сананы шығарады. Этнотілдік сананы этномәдени ұжым танымының нәтижесі деп түсіндіреді. Этнотілдік сана этномәдени ұжымның қоршаған болмысты тануы арқылы жинақталған дүние туралы дәстүрлі білімін жеткізуіндегі жолы, сондықтан қазіргі тіл білімі аксиологемалық стереотиптің қатысымдық сипаттымен қатар, мәдени, танымдық, құндылықтық сипаттарына айрықша мән беруді талап етеді.

Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) тарихи дәуірі дәстүрлі мәдениетіне өзіндік үлесін қосады. Ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Ұлттық-мәдени құндылықтар қоршаған дүниені бағалауға негіз бола отырып, этностың тұрмыс-тіршілігіне мән-мағына береді. Әр этнос өзінің заттық-мәдени және рухани-мәдени құндылықтарын бағалау арқылы өмір сүру ұстанымдарын бекітеді. Бұл ретте ұлттық-мәдени стереотип этномәдени ұжымның бағыт-бағдар нұсқаушысы – Темірқазық қызметін атқарады. Ұлттық-мәдени стереотип – әр ұлттың этномәдени санасында орнықкан дүние бейнесін сақтаған лингвомәдени құндылықтары арқылы танылады. Яғни, ұлттық-мәдени код элементтерінен тұратын аксиологемалық стереотиптер арқылы зерделенеді.

Оз ұлттының құндылықтар дүниесін жете білмеген адам өзге мәдениетті сезіне алмайды. «Жеті жүрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дегенде халық даналығы осыны пайымдатады. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру» атты мақаласында: «Бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек». «Жанғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білуі қажет. Егер жанғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды». «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп атап көрсетеді.

Сондықтан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесіндегі аксиологемалық стереотиптер зерттеу нысанына алынып, жұмысмыздың бағытын анықтады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Ұлттық-мәдени стереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның қарапайым, жалпыланған мінез-құлық ұлғылері туралы вербалданған әрі бағалауыштық мәнге ие сендіру құралы болумен қатар, этномәдени ұжымның өзара мінез-құлықтарын ескере отырып, қарым-қатынасты жеңілдетуге бағытталған тілдік құрал. Әр дәстүрлі мәдениеттің

өзіндік құндылықтар әлемі болады. Құндылықтар – мәдениеттің ажырамас бөлігі болып саналады. Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) тілінде оның дүниетанымын айшықтайтын өзгеше ұлттық жүйесі құрылады. Яғни, әрбір ұлт өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы концептуалды дүние бейнесін ғана емес, сонымен бірге ұлттық-мәдени дүние бейнесін қалыптастырады. Сол этножүйеде ұлттық-мәдени стереотиптердің негізін қалайтын дүние бейнесі жатады. Осының нәтижесінде ұлттық-мәдени стереотиптер туындаиды. Ұлттық-мәдени стереотип – ғасырлар бойы этнотілдік санада жинақталып, «таптаурындалған», этномәдени, этнотарихи төлкүжатқа айналған ұлттық-мәдени кодтық ұғым. Қазіргі тіл білімі ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбаларды жеке дара күйінде зерттеуден гөрі оларды өзара байланысты этномәдени ақпарат көзі ретінде зерделеуге бет бұрған кезеңде, ұлттық-мәдени стереотиптер әлемін туыс емес қазақ-орыс-ағылшын тілі деректері түрғысынан салғастыра-сарапалап, әр мәдениеттің өзіндік ерекшелігін айқындау, оның коммуникативтік сипатын таныту зерттеу жұмысының өзектілігін дәйектейді.

Ұлттық-мәдени стереотиптер – ғасырлар бойы тарих қойнауында сұрыпталған, этномәдени жадыда жатталған, ұлттық мәдениет кеңістігінде код түрінде өзектелген, этнос өкілдеріне ортақ аксиологиялық дүние бейнесі мен дүниетанымының іргетасын қалаған, этнотілде аксиологемалық стереотиптер арқылы таңбаланған, идеалданған бейне. Олар қазақ, орыс, ағылшын этномәдени ұжымының дәстүрлі білімдер жүйесіне сүйеніп, қоршаған дүниеге берген бағасы арқылы жасалады. Ұлттық-мәдени стереотиптерді қазақ-орыс-ағылшын дәстүрлі мәдениетін айшықтай, зерлей түсетін аксиологемалық стереотиптер арқылы зерделеу жұмысымыздың өзектілігін нақтылай түседі.

**Зерттеудің нысаны** – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі ұлттық-мәдени стереотиптер.

**Зерттеу пәні** – вербалды қатынаста аксиологемалық стереотиптер арқылы бейнеленген ұлттық-мәдени стереотиптер.

**Зерттеудің мақсаты.** Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі көрінісін анықтау, олардың вербалды қатынаста бейнелену жолдарын көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін тәмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздерін саралай отырып, жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі орнын көрсету;

- ұлттық-мәдени стереотиптің «этнотілдік сана», «этномәдени сана», «ұлттық-мәдени код», «ұлттық діл», «аялық білім», «фрейм», «эталон», «символ», «хрематоним», «скриптоним» және т.б. ұғымдармен байланысын айқындау, лингвомәдени мәнін ашу;

- ұлттық-мәдени стереотиптерді этностың заттық және рухани құндылықтар дүниесін таңбалайтын аксиологемалық стереотиптер ретінде зерделеу;

- аксиологемалық стереотип түрлерін топтастырып, олардың жіктелімін жасау;

- аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарын айқындау, коммуникативтік сипатын анықтау;

- хрематонимді (заттық мәдениет деректі) және скриптонимді (рухани мәдениет деректі) аксиологемалық стереотип түрлеріне талдау жасап, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау.

### **Зерттеу әдістері**

- аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарының ерекшелігін айқындауға бағытталған салғастырмалы контрастивті әдіс;

- ұлттық-мәдени код элементтерінен тұратын аксиологемалық стереотиптерді жүйелеу, кластерлеу әдісі;

- мәтінде (көркем мәтін, медиамәтін) кездескен хрематонимді аксиологемалық стереотиптер мен скриптонимді аксиологемалық стереотиптерді интерпретациялық, ассоциациялық талдау әдістері.

**Зерттеу материалы ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде (көркем мәтін, медиамәтін, т.б.) қолданылған аксиологемалық стереотиптер пайдаланылды. Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер – 365. Соның ішінде «үй, баспа» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 79; «тұрмыстық зат» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 72; «вестонимдік» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 86; «гастронимдік» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 113; «музыкалық аспап» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 15. Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер – 75. Соның ішінде «салт-дәстүр» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 35; «діни рәсім» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 20; «мереке» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 9; «ойын» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер – 11.**

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.** Зерттеу жұмысында этнолингвистика мен лингвомәдениеттану тұрғысынан Ә.Қайдар, М.Копыленко, Ж.А.Манкеева, Н.Үәли, К.Н.Смағұлова, М.С.Атабаева, К.А.Құсманова, Ә.С.Әлметова, А.О.Тымболова, А.О.Кәріпжанова, шетелдік ғалымдар – Е.Бартминский, Ж.Зинкен, ресейлік ғалымдар – Н.И.Толстой, С.М.Толстая, Л.Н.Виноградова, А.А.Плотникова, Е.В.Вельmezова, О.В.Белова, В.Н.Телия, Н.Ф.Алефиренко, В.А.Маслова, В.В.Красных, Р.В.Бухаева, Л.В.Борисова, т.б. әлеуметтік лингвистика тұрғысынан Б.Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова, Г.Т.Шоқым, А.Байғұтова, т.б. ресейлік ғалымдар – В.А.Рыжков, В.Б.Поповская, шетелдік ғалымдар – У.М.Кваастхофф, Дж.Лакофф, лингвофилософия тұрғысынан Х.У.Патнэм, Р.Фаулер, Б.Фраден, лингвоаксиология тұрғысынан Г.И.Исина, З.К.Ахметжанова, ресейлік ғалымдар – Н.Н.Казыдуб, Е.А.Нахимова, Е.А.Андреева, Н.А.Сидорова, когнитивтік лингвистика тұрғысынан О.Жұбаева, А.Б.Әмірбекова, В.А.Косяков, лингвокоммуникация және лингвопрагматика тұрғысынан А.Қ. Таусоғарова, Н.О.Өтеген, Г.О.Сейдалиева, ресейлік ғалымдар – Ю.Е.Прохоров, С.Т.Тер-Минасова, Т.М.Николаева, Ю.Ю.Литвиненко, С.Е.Никитина, шетелдік ғалымдар – Д.Вигболдус, П. ван Каппеллен, т.б. зерттеулері негізге алынды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Қазақ тіл білімінде «ұлттық-мәдени стереотип» феномені салғастырмалы бағытта зерттелмегенімен, «этникалық стереотип» ұғымы Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақ, З.К.Ахметжанова, А.Қ.Таусоғарова, Ж.Абильдинова, т.б. орыс тіл білімінде Е.Л.Березович, В.А.Маслова, О.А.Леонович, т.б. ағылшын тіл білімінде К.Веннекер, Д.Кац, К.Брейли, О.Кленберг, «әлеуметтік-мәдени стереотип» ұғымы қазақ тіл білімінде Б.Хасанұлы, Э.Д.Сулейменова, Ә.С.Әлмететова, орыс тіл білімінде Ю.Е.Прохоров, Т.М.Николаева, т.б., қазақ тіл білімінде «гендерлік стереотип» мәселесі Г.Т.Шоқым, А.Байғұтова, Л.Ә.Ибраимова, т.б. орыс тіл білімінде В.А.Рыжков, В.Б.Поповская, т.б. ағылшын тіл білімінде Р.Фаулер, Дж.Лакофф, т.б. қазақ тіл білімінде «ұлттық стереотип» ұғымы К.Н.Смағұлова, К.А.Құсманова, О.Жұбаева, А.Б.Әмірбекова, т.б. орыс тіл білімінде Н.В.Уфимцева, В.Н.Телия, В.А.Маслова, т.б. «этновербалды стереотип» ұғымы О.О.Маленко, Ю.А.Сарокин, т.б. «этноменталды стереотип» ұғымы Н.Ұәли, Р.В.Бухаева, т.б. «аксиологиялық стереотип» ұғымы Г.И.Исина, Н.Н.Казыдуб, Е.А.Андреева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде арнайы сөз болады. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде аксиологемалық стереотиптер салғастырмалы лингвомәдениеттаным, лингвоаксиология, лингвокоммуникация аясында кешенді зерттелмесе де, олардың табиғатын тануға, түрлері мен құрылымдық қабаттарының ерекшеліктерін анықтауға, класификациясын жүйелеуге негіз болды.

#### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:**

- «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымы қазақ-орыс-ағылшын тілі деректері бойынша салғастырмалы бағытта кешенді түрде қарастырылды;
- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі салғастырмалы көрінісі анықталды;
- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттары айқындалып, вербалды қатынастағы бейнелену уәждері сипатталды, олардың салғастырмалы жіктелімі жасалды;
- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі заттық-мәдениет деректі (хрематонимді) және рухани мәдениет деректі (скриптонимді) аксиологемалық стереотип түрлеріне салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасалып, әр тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігі айқындалды;
- қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде қолданылған аксиологемалық стереотиптер (440 аксиологемма) жинақталып, «Ispring» бағдарламасы негізінде сөздік құрастырылды.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы.** Диссертациялық жұмыста дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесін айшықтайтын аксиологемалық стереотиптердің ерекшеліктері айқындалып, олардың вербалды қатынастағы бейнелену уәждері дәйектелді. Соның нәтижесінде әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіне тән болмысы дараланып көрсетілді. Аталмыш ғылыми тұжырымдар салғастырмалы лингвомәдениеттаным, лингвоаксиология, лингвокоммуникация салалары бойынша ізденістерге белгілі дәрежеде улес қоса алады.

**Зерттеудің практикалық мәні.** Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін салғастырмалы лингвомәдениеттанным, лингвоаксиология, лингвокоммуникация мәселелерін оқытуда теориялық материал ретінде қолдануға болады. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени код элементтерінен уәжделген хрематонимді және скриптонимді аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарының талдану үлгісіне сүйеніп, лексикографиялық сөздік құрастыруға болады.

### **Корғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

- «стереотип» феномені кез келген мәдениеттің ажырамас элементі, сондықтан ол халықаралық қатынастарға тікелей әсер етеді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптер – үш халықтың ұлттық, мәдени, діни, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, рухани өмірінің ерекшеліктерін бейнелейді және этномәдени санасының көрінісі болып табылады. Ұлттық-мәдени стереотиптер ерекше аксиологиялық сипатқа ие болады, себебі кез келген этнос өкілінің әдет-дағдылары мен мінез-құлқы арқылы сол ұлтқа тән қасиеттер мен құндылықтар белгіленеді.

- «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымы: лингвомәдениеттаннымдық – этноменталды және этновербалды құрылымдардан түзілген тұрақты тілдік таңба; лингвоаксиологиялық – заттық және рухани құндылықтар дүниесін сақтайтын тұрақты тілдік таңба; лингвокоммуникативтік – вербалды қатынасты жүзеге асыруға ықпал ететін тұрақты тілдік таңба ретінде қазақ-орыс-ағылшын тілі деректері бойынша салғастырмалы талдауға мүмкіндік береді;

- қазақ-орыс-ағылшын аксиологемалық стереотиптеріндегі заттық және рухани мәдениет көріністерін құрайтын хрематонимдер мен скриптонимдерді ұлттық-мәдени код ретінде тануға болады. Себебі олардың этноконнотациясын ашу арқылы тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени стереотиптер анықталады;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптер – тұрақты тілдік таңбалар ретінде бес құрылымдық қабаттан тұрады: заттық мәдениет деректі (хрематоним) және рухани мәдениет деректі (скриптоним) ұғымдар; тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін ұлттық-мәдени код; тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени фреймдер туралы аялық білім; тұрақты тілдік таңбалар семантикасы; тұрақты тілдік таңбалардың аксиологиялық мәндері. Осы қабаттарды салғастыра зерделеу арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктері көрінеді;

- қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптер вербалды қатынаста танымдық-құндылықтық стратегиялар мен тактикаларды бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбалар болып табылады. Олар – коммуниканттың ниеті мен сезіміне (психологиялық деңгей), дүниетанымы мен аялық біліміне (когнитивтік деңгей), мінез-құлқы әрекетіне (аффектілік деңгей) ықпал ететін экспрессиялық, эмоционалды-бағалауыштық, ассоциативті-бейнелі бірліктер.

**Зерттеу жұмысының жариялануы мен макулдануы.** Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 10 мақала жарияланған. Соның ішінде 1 мақала

Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, соның ішінде 3 мақала шетелдік конференцияларда, 1 мақала отандық конференция материалдар жинағында, 1 мақала халықаралық шетелдік журналда жарияланды.

- Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени архетиптер мен стереотиптер // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршысы». Филология сериясы. – Алматы, 2017. – №2(166). – Б.244-253.

- «От-Су» оппозициясы: аксиологиялық салғастыру моделі // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы», Филология сериясы. – Алматы, 2017. – №1 (59). – Б.70-75.

- Тілдік санадағы стереотиптердің ұлттық-мәдени ерекшелігі («отбасы» концептің негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы», Филология сериясы. – Алматы, 2017. – №2 (60). – Б.113-119.

- Стереотиптенген тілдік образдардың ұлттық-мәдени сипаты // Ш.Үәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, «Хабаршы» Филология сериясы. – Көкшетау, 2017. – Б.103-108.

- Ұлттық-мәдени стереотиптердің тілдегі көрінісі // IY Халықаралық түркі әлемі симпозиумы материалдары.– Түркия, 2017. -Т.2. – Б. 541-546.

- Көркем шығарма кеңістігіндегі ұлттық-мәдени стереотиптер//Materials of the II International scientific-practical conference ‘Prospects for the development of modern science. – Pusan, 2017. – Р.139-145.

- Ұлттық-мәдени фитостереотиптердің лингвистикалық табигаты // Tokyo Summit – 5<sup>th</sup> ICSSCA.– Japan, 2017. -Vol.2. – Р. 8-15.

- National-cultural peculiarity of stereotype-concept // Y Халықаралық түркі әлемі симпозиумы материалдары.– Алматы, 2018. -Т.1. – Б.221-225.

- Prosodical means applied in communicative relations // Opción, Año. - 2018. Vol. 34, №85(2). – Р.61-96.

- The national and cultural peculiarities of stereotyped precedent names (a case study of the Kazakh, Russian, and English languages) // XLinguae. European Scientific Language Journal, 2018. – Vol. 11, issue 2. – Р. 703-717.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# **1 ЖАҢА ҰЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СТЕРЕОТИП» ФЕНОМЕНІ**

## **1.1 «Ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері**

Антропоөзектілік зерттеуге бағытталған жаңа заман лингвистикасы ғасырлар бойы этнотілдік санада жатталған ұлттық-мәдени стереотиптердің сырын ашып, табиғатын тануға жол ашады.

Ұлттық-мәдени стереотиптің ұылыми негізі, ең алдымен, «стереотип» (дағды) ұғымымен айқындалады. Осыған орай, тіл білімінде «стереотип» (көне грек. stereos – қатты, кеңістік, typos – қолтаңба, із) мәселесін зерттеу американцы ғалым Х.У.Патнэмнің «Mind, Language and Reality» («Сана, тіл және шындық»), «The Meaning of «Meaning»» («Мағынаның мағынасы») деген еңбектерімен тікелей байланысты. Ғалымның зерттеуінде стереотип тілдегі денотаттық атаулардың белгілерін сипаттайтын, стандартталған, типтендірілген, әр қоғам мүшесіне таныс таңбалық ұлті ретінде қарастырылып, оның семантикалық табиғаты анықталады. Х.У.Патнэм «су», «жолбарыс», «лимон» сөздерін басшылықта алғып, олардың стереотиптерін былай түсіндіреді: ««су» стереотипі – судың – «түссіз», «дәмсіз», «мөлдір», «шөлді қандыратын», «сүйық» зат екенін, «жолбарыс» стереотипі – жолбарыстың – «қоңыр реңкті», «жолақ теңбілді», «жылдам қимылдайтын» аң екенін, «лимон» стереотипі – лимонның – «сары түсті», «қышқыл», «пайдалы» жеміс екенін тануға көмектесетін бірліктер. Мұндай бірліктер айқын болмаса қарым-қатынас орнату барысында қындық келтіреді», - дейді [1, р. 147].

Британдық лингвист Р.Фаулердің еңбегінде, стереотип – ақиқат дүниені интерпретациялауға мүмкіндік беретін менталды категория ретінде дәйектелсе [2, р. 17], Б.Фраден стереотиптің ассоциативті анафоралардың ішкі мазмұнын түсіндірудегі ең маңызды құрал екенін айта келіп, оған «сөздің семантикалық көрінісінің бір бөлігі ғана емес, сөз мағынасын сипаттаушы элемент» деген анықтама береді [3, р. 326].

Француз лексикографы Ж.К.Анскомбрдың зерттеуінде, «стереотип» ұғымы тілдік ұжымның (белгілі бір мағынадағы тілдік бірліктер жиынтығын қолданатын субъектілердің бірлігі) сөйлеу әрекетімен байланыста қарастырылады. Зерттеуші бір индивидтің сөйлеу әрекетінің әртүрлі сәтінде (жұмыста, отбасында, аялдамада, көшеде, т.б.) бірнеше тілдік ұжымға кіретінін атап көрсетеді. Ол стереотиптерді бастапқы және сөйлеу сәтінде қолданылатын таптаурындар деп бөледі де, оған мынандай айқындауда береді: «Стереотип – белгілі бір тілдік бірліктермен байланысқан мағыналарды білдіретін таптаурынды фразалардың ашық жүйесі» [4, р. 58]. Демек, тілдік ұжымның сөйлеу әрекетінде стандарт пен нормаға айналған штамп, клише түрінде кездесетін вербалды стереотиптер болады. Олар тілдік қатынастың белгілі бір жағдаятында қолданылатын тұрақты құрылым ретінде көрінеді. Адресант пен адресат арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыратын таптаурындарды сөйлеу стереотиптеріне жатқызуға болады. «Сөйлеу стереотипі дегеніміз –

коммуниканттардың тілдесім жағдаятында жиі қолданылатын, әрі қажетті ақпаратты лезде жеткізетін тұрақты шаблон» [5,с. 105]. Неміс ғалымы У.М.Квастхоф: «тілдік стереотип – әлеуметтік топтардың өзара мінездүйнеліктерін ескере отырып, өзара әлеуметтік қарым-қатынасын жеңілдетуге бағытталған вербалды құрал», - десе [6,р. 68], Дж.Лакофф «жақсы ана» бейнесіне байланысты қоғамда қалыптасқан «отбасын алдыңғы қатарға қоюшы», «үй шаруасымен айналысушы», т.б. сияқты ассоциативті таптаурындарды (стереотип) – прототип деп түсіндіреді де, стереотипті әлеуметтік мазмұнды бейнелейтін прототиптің ерекше түріне жатқызады [7,р. 79].

Шын мәнінде, стереотипті прототиптің бір түрі деуге болмайды. Олардың өзара ұқсас жақтарымен қатар, өзіндік айырмашылықтары да бар. Мәселен, екеуі де адамның алған тәжіриbesін жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл – олардың ұқсас жағы. Ал айырмашылығы: прототип – адамның белгілі бір объектімен тікелей байланыс орнату нәтижесінде менгерілген феномендік білімге негізделсе, стереотип – адамдардың өзара пікір алысу барысында тілдік бірліктер арқылы менгерілген құрылымдық білімге негізделеді. Сондай-ақ, стереотип – әрі танымдық әрі тілдік құбылыс болып табылады [5,с. 43].

«Стереотип» ұғымының этнолингвистикалық аспектіде зерттелуіне улес қосқан поляк ғалымы Е.Бартминьский оны қоршаған ортадағы заттар туралы ұжымдық санада тұрақталған, мәдени-тілдік білімдер арқылы бейнеленген, этномәдени ұжым өкілдеріне таныс түсініктер ретінде қарастырып, стереотиптің тілдік және бағалауыштық сипатын анықтайды. Зерттеуші өзінің «Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике» атты еңбегінде стереотиптерді – бейнелер, ұлгілер, мифологиялық және идеологиялық түсініктер деп бөледі де, стереотип-бейнеге мысал ретінде «күн» сөзін келтіреді. Поляк мәдениетінде «күн» – жарық пен жылу көзі ғана емес, қуаныштың белгісі ретінде ассоциациаланды. Ол – жанды құбылыс (шығады, батады). Күнге қолынды шошайтып көрсетуге болмайды! Күн – алтын. Бұдан тек күннің түсін ғана емес, адамның субъективтік көзқарасын тануға болады [8, с. 189] десе, Ж.Зинкен өзінің «Metaphors, stereotypes, and the linguistic picture of the world...» атты ғылыми мақаласында стереотиптің қалыптасуына бірнеше аспекті негіз болатынын атап көрсетеді: «а) гипероним (hyperonym) – зат, құбылыстың бәріне таныс сипаты (күн – жарық көзі); ә) жинақтық (collections) – бір зат пен екінші затты қатар қолдану (күн мен ай – әйелі мен күйеуі немесе бауыры мен қарындасы); б) қарама-қайшы (oppositions) – зат не құбылыстың бір-біріне қарама-қайшылығы (күн – өмір, ай – өлім; күнді құдай жасаса, күннің үрланған бір бөлшегінен айды жын жасаған); в) түпнұсқа (origin) – заттың шығу тегі туралы түсінік (күнді құдай жасаған); г) сыртқы бейнесі (appearance) – заттың түсі (күн – алтын; ай – күміс); ғ) сипаттары (characteristics) – зат пен құбылыстың қасиеті (күн – киелі); д) іс-шара, күй, үдеріс (activities, states, processes) – зат пен құбылыстың қимыл-қозғалысы (күн аспан бойымен қозғалады; күн кешке қарай теңіз жаққа батады); е) әрекеттер (actions) – заттың не құбылыстың басқа затқа әсері (күн – өмірдің көзі; күн жер бетін жылытауды);

ж) тәжірибелер (experiences) – затты ұқсату туралы тәжірибе (күн – адам сияқты күледі); з) уақыт пен кеңістік (space and time) – зат пен құбылыстың мезгілі мен мекені (күннің мекені – аспан; күн – таңертең шығады, кешке қарай батады); и) таңба, белгілері (symbols) – зат не құбылыстың нышаны (күн – бақыттың, шаттықтың нышаны), т.б.» [9, р. 120]. Демек, этносанада бекіген зат не құбылыс туралы түсінік танымдық, мәдени, тілдік деректермен толықтырылғаннан кейін ғана тілдік стереотип ретінде қызмет ете алады. Отандық ғалым А.Салқынбайдың пікірімен айтқанда: «Танылған іс, зат не құбылыс адам санасында белгіленіп, ұғым болып бекіп, тілдік таңбаға айналады. Адамның табиғатқа еліктеп, табиғаттан үйренуі, оның тілінде мифосимволикалық бейнелер жүйесін қалыптастырады. Бұл таным ретінде тілде көрініс табады, сөз арқылы таңбаланады» [10, б. 87].

Мәскеу этнолингвистикалық мектебінің өкілдері (Н.И. Толстой, С.М. Толстая, Т.А. Агапкина, Л.Н. Виноградова, А.А. Плотникова, Е.В. Вельмезова, Е.Л. Березович және т.б.) мәдениет тіліндегі таңбаның семантикасын, тілдік және тілден тыс стереотиптердің байланысын зерттейді. Сөйтіп, стереотипті «мәдениет тіліне» тән құбылыс деп түйіндейді. Мұны О.В. Белованың мына пікірі де растайды: «стереотип дегеніміз – халықтың қоршаған ортаға деген көзқарасын белгілей отырып, оның ұжымдық санасында айналадағы заттар туралы мәдени-тілдік бейнелер қалыптастыратын, тілдік таңба мен мағына бірлігінен тұратын құрылым» [11, с. 13].

В.Н. Телияның зерттеуінде: «Стереотип – этносананың терең менталды құрылымдарындағы мәдени мазмұнға айналған түсінігі. Ол мәдениеттің рәміздік (символ) категориясы ретінде тілдік санада таңбалар (сөз, сөз тіркесі, фразеологизм, паремия, мәтін) мен олардың мағыналарында имплицитті (жасырын) және эксплицитті (ашық) мәдени өзгешеліктерді танытатын тұрақты із қалдырады. Осының нәтижесінде тілдік таңбалар мен мағыналар мәдени семантикалық мәнге ие болады» [12, с. 93]. Зерттеушінің пікірінше, тілдік стереотиптер эксплицитті және имплицитті тәсілдер арқылы жүзеге асады. Олар түпкі бейсанада жасырынған мәдени деректерді сыртқы ортамен байланыстыратын қызмет атқарады.

В.А. Маслова тілдік стереотиптерге бірнеше сөзден тұратын фразеологизмдер мен тұрақты теңеулерді жатқызып, оларды лингвомәдени бірліктер ретінде анықтап, өз көзқарасын былай тұжырымдайды: «стереотип – концептуалды дүние бейнесінің кейбір үзіндісі, зат немесе жағдаят туралы ұлттық-мәдени түсінік. Менталды бейне ғана емес, сонымен бірге вербалды қабықша» [13, с. 110]. Ю.Е. Прохоров стереотипті этноұжымның тілдік қатынасында стандартқа айналған нормативтік ассоциациялар түрінде сөйлеу әрекетінде жүзеге асатын менталды-вербалды кешенінің әлеуметтік-мәдени бояуы қанық тілдік бірлігі деп түсіндіреді [14, с. 101]. Ғалымның айқындашы бойынша, әр халықтың тілдік қарым-қатынасында ұлттық болмысын сипаттап тұратын вербалды және бейвербалды стереотиптері болады. Олар әлеуметтік-мәдени бірліктер ретінде (клишеге, штампқа айналған сөз, сөз тіркесі, фразеологизм, идиома, мақал-мәтел, т.б.) менталды-вербалды кешен құрайды.

В.А.Маслова мен Ю.Е.Прохоровтың идеяларын сабактай отырып, В.В.Красных: «Стереотип – дүние бейнесінің құрамдас бөлігі. Зат немесе жағдаят туралы этнос санасында тұрақталған ұлттық-мәдени түсінігі» - дейді [15,с. 232]. Зерттеушінің пайымдауынша, менталды және вербалды стереотип өзінің ұлттық түпнұсқалық реңкімен бейнеленеді. Сол себепті, ұжымдық санада тұрақталған, ықшамдалған, өзгермейтін этномәдени түсінік ретінде сақталады.

Ю.Ю.Литвиненко стереотипті белгілі бір мәдениет өкілдерінің тілдік бірліктері мен сөйлеу әрекетінде бекітілген, олардың мінез-құлқын, ойлау тәсілін, құндылықтарын анықтайдын әлемнің концептуалдық бейнесінің қандай да бір көрінісі жайлы әлеуметтік-субъективтік түсінігі десе [16,с. 174], бурят халқының этномәдени қатысым стереотиптерін зерттеген Р.В. Бухаева: «қатысым (коммуникативтік) стереотипі дегеніміз – этноұжымның тақырыптық-жағдаяттық, вербалды-бейнелі, концептуалды-менталды әңгімелесу деңгейлерінде өзінің тұрақтылығымен өзгешеленетін вербалды және бейвербалды қатынасқа құрылатын тілдік бірлік», - дейді [17,с. 82]. Зерттеушінің пікірінше, этностиң құнделікті сөйлеу әрекетінде дағдыға айналған жиі қолданылатын сөздері, сөз оралымдары, ауызекі сөйлеу формулалары, мәнмәтіндері, т.б. қатысым стереотипінің қызметін атқарады. Қатысым стереотипі мәдени шартты мағынасы бар ишаралармен қатар қолданысқа ие болады. Оның негізінде менталды ұлті көрініс береді. Қатысым стереотипі коммуниканттың жеке әрекетін сипаттайтын «өзім/өзге» қатынасын белгілейді.

«Стереотип» ұғымы В.А.Рыжковтың еңбегінде, ұжымдық санада асоциативтік бейнeler қалыптастыратын, семантикалық әрі бағалауыштық белгілері бар психовербалды бірлік ретінде айқындалса [18], Н.Ф.Алефиренконың зерттеуінде, әлем бейнесі көріністерінің кескінделген инвариантты «бейнесі», тұлғаның әлеуметтену үдерісінде қайта игеру тәжірибесі арқылы этносанада қалыптасқан мәдени мәні бар протовербалды бірлік ретінде анықталады [19].

Көркем мәтіндегі ономастикалық стереотипті зерттеген Р.Ю.Шебалов: «стереотип – тілдік санада орнықкан тұрақты «бейне», әлеуметтік және этномәдени деректі жеткізетін, интерпретациялайтын стандартты код», - деп пайымдаса [20,с. 9], В.Б.Поповская тілдегі гендерлік стереотиптердің қоғамда әлеуметтік нормалардың өзгеруіне байланысты өзгеретінін және олар өзгерседе, тілдік стереотип түрінде сақталатынын айтады [21]. О.О.Маленко стереотипті этностиң дүниетанымдық түсінігі бейнеленген, «мәдениет-ойлаутіл» тағаны нәтижесінде ұлттық сипатқа ие болған, тек бір этномәдени кеңістікке ғана таныс этновербалды таңба ретінде зерттеп, оны танымдық, асоциативті-бейнелілік, эмоционалды-бағалауыштық, этикалық, эстетикалық, т.б. сияқты аспектілерде кодталған әр деңгейлі ұлттық-мәдени деректерді танытатынын этнотілдік стереотипке жатқызады [22]. Ал орыс және чуваш тілдеріндегі стереотиптерге салғастырмалы талдау жүргізген Л.В.Борисова: «Дәстүрлі ұлттық сана стереотиптері әр этностиң дүниені қабылдауы мен тануындағы ерекшеліктерін таныта отырып, тілде тұрақты тенцеулер,

метафоралар, символдар, фразеологизмдер арқылы вербалданады. Олар мәдени коннотациялардың негізі ретінде лексикалық мағыналардың дамуына ықпал етеді», - дейді [23, с. 12]. Зерттеушінің пікірінше, вербалды стереотиптерден адамның дүниеге көзқарасын, сыртқы әлемі мен ішкі әлемін байқауға болады.

Остандық ғалым Г.И.Исинаның зерттеуінде, стереотип – әлеуметтік-психологиялық, танымдық-мәдени құбылыс, әлемнің тілдік бейнесінің құрамdas бөлігі ретінде қарастырылады [24].

Професор Н.Уәли: «Стереотип – менталды картина түрінде санада тіркелген, бізді қоршаған ақиқаттың фрагменттері, ақиқат дүниенің жеке түлға санасындағы инвариантты іспетті типтік фрагменті», - дей келе, санадағы стереотиптердің ұлттық-менталды, психоәлеуметтік нышандары болатынын және олар мәтін тасасында жасырын түрде берілетінін дәйектейді [25, б. 39]. К.Н.Смағұлова: «Адам санасында қалып қойған жинақталған үйреншікті белгілер (көрініс, зат, белгі, құбылыс) суретінде фразеологизмдер жасалу үшін ұлттық-мәдени дағды мен үлгі байқалып отырады. Дағды (стереотип) дегеніміз – құнделікті тұрмыста жиі қайталанатын қимыл-қозғалыс, зат көріністерінің санада тұрақталған бейнелері», - дейді [26]. Яғни, ғалым тілдегі фразеологизмдерді – стереотиптердің берілу құралы деп айқындайды.

Остандық лингвистикада стереотипті гендерлік аспектіде зерттеген Г.Т.Шоқымның түсіндіруінше: «Таптаурын (стереотип) – білім алудың қайнар көзі, когнитивтік үлгі қалыптастыруыш ментальді әрекет, яғни адам санасында туындастырылған менталдың үлгі үзілігі. Таптаурындар қоршаған орта мен әлем жайындағы бейнелі (менталды) түсініктердің қысқа әрі нұсқа сипаттамасы – тілдік категориялаудың құрамdas бөлігі» [27, б. 176]. Ғалым өз зерттеуінде тұрақты теңеулер мен фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде бейнеленген әйел/ерек бинарлық жұбына қатысты стереотиптерге талдау жасайды.

Мәдени кеңістіктегі ұлттық стереотипті айтыс өлеңдері негізінде талдаған К.А.Құсманова: «Стереотип – концептуалды әлем суретінің кейбір үзіндісі, менталды «сурет», зат немесе жағдай туралы тұрақты мәдени ұлттық түсінік. Ол зат, құбылыс, жағдай туралы кейбір мәдени-детерминделген түсінікті білдіреді. Бірақ бұл менталды бейне ғана емес, оның вербалды қабықшасы да», - дейді [28, б. 115]. Зерттеуші этнофразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді, қанатты сөздер мен шешендік сөздерді стереотиптенген тілдік бірліктер ретінде жүйелесе, Ә.С.Әлметова өзінің «Лингвомәдениеттану негіздері» атты оқу құралында стереотипті аялық білім көрсеткішіне жатқыза отырып, оған мынандай анықтама береді: «Стереотиптер дегеніміз – белгілі әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар. Әдетте олар эмоционалды бояуға қаныққан, тұрақтылығымен ерекшеленеді» [29, б. 90]. Ғалымның пайымдауынша, стереотиптер табиғатынан халықтың өмірлік тәжірибесі нәтижесінде қалыптасқан мінез-құлқы айқын аңғарылады. А.О.Тымболова мен Л.Ә.Ибраимова стереотиптерді лингвомәдениеттандың негізгі бірлігі ретінде қарастырып, олардың ұлттық өзгешеліктерін талдайды [30]. А.Б.Әмірбекова стереотипке заттың не құбылыстың, тұлғаның өзіне ғана тән айырықша белгілерінен жинақталған ортақ түсінік, адам санасында

алғашқы ақпар ретінде сақталған әрекеттер шаблоны, белгілі бір ұғым жайлы әлеуметтік стандартты тұжырым деген түсініктеме берсе [31], А.О.Кәріпжанова: «стереотип – дүниенің белгілері мен қасиеттерінің жиі қайталанып, автоматты түрде дағдылы түсінікке айналған танымын таңбалашу көрсеткіші болып табылады. Ол өз семантикасында ұлт мәдениеті дамуының ұзақ уақыттық үдерісін көрсетеді, ұлттық сипат, тарихи және мәдени колоритті береді», - деп тұжырымдайды [32]. Демек, ғалымдардың зерттеулерінде, стереотип – этностың ұлттық санасында сәулеленген, тілінде таңбаланған ұлттық-мәдени ұғымдар ретінде түсіндіріледі.

«Қазақ әйелі» концептісінің әлеуметтік сипатын гендерлік стереотиптер арқылы анықтаған А.Байғұтованың пікірінше: «Стереотиптер білім мен бағалауды сақтаудың айырықша формасы, яғни бағдарлаушы мінез-құлық концептілері болып табылады» [33,б. 19].

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің стереотиптену ерекшеліктерін анықтаған Н.К.Абильмажинова: «Стереотип – менталды бейне және вербалды қабықша ретінде қолданылатын мәдени ортаның әсерінен қалыптасатын (басқа сөзben айтқанда, мәдениет түрғысында детерминдендірілген түсінік) адамның әлем туралы түсінігі», - десе [34,б. 4], мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық әлеуетін талдаған Г.О.Сейдалиева: «Стереотип дегеніміз – бұл белгілі бір топ (ұлт) немесе тұлға туралы қоршаған ортаның санасында таңбаланған түсініктер жиынтығы», - дейді [35,б. 46]. Зерттеуші стереотипті ұжымдық санада бекіген танымдық әрі лингвомәдени таңба моделі ретінде зерделейді.

«Ұлттық-мәдени стереотип» ұғымын зерттеуге арқау болатын тұжырымдарды талдай келгенде, мынандай түйін жасауға болады:

- стереотип – тұрпат (форма) пен мазмұнның (семантика) межелер бірлігінен тұрады;
- стереотип – тілдік қатынас барысында стандарт пен нормага айналған таптаурынды сөз оралымдар;
- стереотип – ұлттық-мәдени бояуы сіңген түсініктер жиынтығы;
- стереотип – эксплицитті (ашық) және имплицитті (жасырын) тәсілдер арқылы этносанада жасырынған, қордаланған мәдени деректерді бейнелеуші құрал;
- стереотип – этнотілдік санада жатталған, ықшамдалған, бағалауыштық мәнге ие бірлік;
- стереотип – тұрақты тілдік (фразеологизм, теңеу, метафора, паремия, т.б.) бірліктерде менталды бейне түрінде бекіген және вербалданған таңба;
- стереотип – заттар мен құбылыстар жайлы ұлттық-мәдени нышанды ұғым, концептуалды дүние бейнесінің үзігі (фрагмент);
- стереотип – этнотілдік санада таптаурындалған лингвомәдени үлгі.

## 1.2 Ұлттық-мәдени стереотиптің лингвомәдени мәні

Ұлттық-мәдени стереотиптің тілдік-мәдени-танымдық-құндылықтық сипатын зерттеуге әдіснамалық түрғыдан келу – «этномәдени сана»,

«этнотілдік сана», «ұлттық діл», «дүниенің тілдік бейнесі», «аялық білім», «хрематоним», «скриптоним», «ұлттық-мәдени код», «эталон», «символ», «фрейм», «этноменталды стереотип», «этновербалды стереотип», т.б. сияқты негізгі ұғымдарға талдау жүргізуі қажет етеді. Мұндай ұғымдар типологиялық құрылымы әртүрлі (қазақ, орыс, ағылшын) тілдердегі ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді.

Тіл ғылымында этномәдени сана мен этнотілдік сананың байланысын анықтауға арналған іргелі зерттеулерді Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Уорф, К.Пайк, В.Яссем, А.Вежбицкая, Н.Алефиренко, Е.Верещагин, В.Костомаров, Б.Хасанұлы, Қ.Жаманбаева, О.Жұбаева, т.б. шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, А.Вежбицкаяның зерттеуінде, этномәдени сананың өзіндік даралығы мәдени семантикаға негізделген тірек сөздер мен концептілер арқылы анықталса [36, с. 305], Е.Ф.Тарасовтың еңбегінде, этнотілдік сана – белгілі бір этностың ұлттық мәдениетімен байланысты айқындалатын тілдік сананың ұлгісі ретінде қарастырылады [37, с. 45-53].

Отандық зерттеуші Қ.Ә.Жаманбаева өзінің «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты монографиясында тілдік сананың құрылымына жан-жақты талдау жүргізсе [38, б. 6-25], Ресей ғалымы Н.Ф.Уфимцева өзінің «Языковое сознание – Образ мира – Языковая картина мира» деген мақаласында: «Тілдік сана көрінісі (заттық мағына ретінде, ассоциативті-вербалды желі ретінде, формальді оператор ретінде, т.б.) мәдениет туындысы болып саналатын маңызды тілдік бірліктердің иерархиясы, жүйесі», - деп тұжырымдайды [39, с. 8].

Ғалым О.Жұбаева: «Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып табылады, мәндер жүйесінде этномәдениет жүйесін айқындаиды. Этномәдени сана – белгілі бір қоғам үшін әлеуметтік мәні ерекше болатын білімдер жиынтығы, ол тіл арқылы көрініс тауып, сақталып отырады» - деп түсіндірсе [40, с. 13-16], зерттеуші И.В.Привалова: «Мәдени сана заттық мәдени білім мен қарым-қатынас нормасы туралы білімді біріктіреді. Этнотілдік сана – танымдық-эмотивті және аксиологиялық құрылымдардың жиынтығынан тұрады. Оның бейнесін тілдік-мәдени-танымдық кеңістіктегі айырықша кванттық ақпараттарға ие функционалды-жүйелі бірліктері құрайды», - дейді [41, с. 7].

Түйіндей келгенде, этномәдени сана – стереотиптік таным мен қабылдау нәтижесінде жинақталған ақиқат дүние туралы дәстүрлі білімнің қайнар көзі. Ол этнотілдік санамен тығыз байланысты болғандықтан, ұлттық тіл арқылы қалыптасып, ұлттық тіл арқылы репрезенттеледі. Этномәдени сана мен этнотілдік сана бірлігінен этностың өзіне тән бірегей ұлттық-мәдени кеңістігі қалыптасады. Этномәдени сана – этнотілдік санада мәдениеттің интерпретациясы, құндылық бағдары, бағалар жүйесі ретінде ұлттық-мәдени маркерлі таңбалармен, яғни стереотиптермен кодталып, объективтенеді. Ал стереотиптер болса, қайта декодталу арқылы этнотілдік сана қабатын (ярус) түзеді. Яғни, ұлттық-мәдени стереотиптер – этномәдени сана мен этнотілдік сананың маңызды көрсеткіші ретінде тілдік қатысымда (коммуникация)

этностиң жиынтық бейнесін танытатын этноменталды және этновербалды стереотиптер қызметін атқарады.

Этнотілдік сана қабатын түзетін ұлттық-мәдени стереотиптерде ділдің (менталитет) көрінісі айқын байқалады. Діл – этноұжымның ұлттық ойлау жүйесінің айырықша үлгісін танытатын категория. Бұл туралы мәдениеттанушы ғалым М.М.Әуезов өзінің «Ділім» деген еңбегінде: «діл – адам бойында сақталған ұлттық рухтың діңгегі», - деген құнды пікір білдіреді [42]. А.Я.Гуревич: «діл – ұлттың мәдениетін сипаттайтын ішкі дүние көрінісінің курделі бейнесі», - десе [43, 89 б.], Ә.С.Әлметова: «діл – әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігімен астасып жататын мағыналар мен ойлардың көптүрлілігінің жиынтығы» - дей келе, этномәдени санада сақталған ділдік белгілердің лексикалық бірліктер арқылы көрінетінін айтады [29,б. 43]. О.Жұбаева халық санасының менталды бірліктері тілдің лексикалық және грамматикалық деңгейлерінде көрініс беретінін дәйектеп, ділді этностиң дүниетанымын, әдет-ғұрпын, эмоционалдық дағдысын айқындастырып ұғым ретінде пайымдаса [40,б. 14], Л.В.Борисова ділді ұлттық сана стереотиптерінің жиынтығымен анықталатын шындық болмысты түсіну мен қабылдаудың тәсілі деп тұжырымдайды [23,с. 19]. Демек, ұлттық діл – халықтың мәдени бейнесін (салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, нағым-сенімі, тұрмыс-тіршілігі, т.б.) белгілейтін дүниетанымдық және мінез-құлдық стереотиптерінің жүйесі. Оның тілдегі бейнесі тұрақты таңбаларда (тенеу, фразеологизм, метафора, паремия, т.б.) беріледі.

Әр этностиң тілінде дүниетанымын айшықтайтын өзгеше ұлттық жүйесі болады. Сол этножүйеде ұлттық-мәдени стереотиптердің негізін қалайтын дүние бейнесі жатады. Яғни, әрбір ұлт (қазақ, орыс, ағылшын) өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы концептуалды дүние бейнесін ғана емес, сонымен бірге ұлттық-мәдени дүние бейнесін қалыптастырады. Осының нәтижесінде ұлттық-мәдени стереотиптер туындаиды.

Дүниенің ұлттық-мәдени бейнесі – «тіл – ойлау – мәдениет» бірлестігі негізінде пайда болады. Ол – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) рухани ой-өрісінің жетістігі ретінде танылатын дүниенің тұтас кескіні. Дүниенің мәдени ұлгісі әр ұлттың тұрмыс-салтымен байланысты өзгешеленіп, тілінде бейнеленеді [44].

С.Т.Тер-Минасова адамды қоршаған дүние туралы түсініктердің реалды дүние бейнесі, мәдени дүние бейнесі, тілдік дүние бейнесі болатынын атап көрсетеді де, оларға мынандай түсініктеме береді: «а) реалды дүние бейнесі – адамды қоршаған дүние, объективті шындық; ә) мәдени дүние бейнесі – ұжымдық және жеке санада сұрыпталған түсініктер мен ұғымдар призмасы арқылы реалды дүние бейнесінің көрініс беруі; б) тілдік дүние бейнесі мәдени дүние бейнесі арқылы шындықты бейнелеу» [45,с. 41]. Отандық ғалым Э.Д.Сүлейменова: ««Дүниенің тілдік бейнесі» дүние бейнесімен тең емес. Өйткені, тілдің өзі ойлаумен тең емес. Дүние бейнесі тек ойлау арқылы қалыптасады. Тіл мұндай қабілетке ие емес. Ол – ерекше ұйымдасқан дүниені кескіндеу тұлғасы болса, ал дүние бейнесі – ойлау іс-әрекетінің жемісі болып

саналады» - десе [46, с. 52], О.Д.Ивицкая: «Дүние бейнесі – адамның дүниені көріп, тануының түп негізінде жататын дүниенің өзіндік өзгешеліктерін түсініктер түрінде репрезенттейтін және адамның рухани дүниесінің нәтижесі саналатын дүниенің кең ауқымды бейнесі. Ол – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың дәл өзін көрсете алмайды. Тек ақиқат дүниенің субъективті бейнесі ретінде ғана реалды шындықты түсіндіреді», - дейді [47, с. 122].

Л.Асқар: «Әр халықтың ұлттық санасында әлем бейнесі ішкі және сыртқы жағдаяттарға байланысты әртүрлі болып келеді. Осының нәтижесінде әр тіл әлемді өзінше таңбалап, өзінше ұлттық ерекшелік береді», - деп түсіндірсе [48, б. 23], Қ.Айдарбек: «Әр ұлттың, халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әртүрлі болады», - дейді [49, б. 263]. Сонымен, дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшелік – этностиң материалдық және рухани мәдениетінің, тарихи дамуы мен ұжымдық көзқарасының айырмашылығына байланысты қалыптасып, оның дәстүрлі санасы мен талғам сабактастырының нәтижесінде түзілген концептуалдық дүние бейнесінің этнотілде бейнеленуіне, сипатталуына қатысты анықталады.

Ұлттық-мәдени стереотиптер (этноменталды және этновербалды) – дүниенің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігін құрай отырып, тұрақты тілдік таңбалар (фразеологизм, теңеу, метафора, синекдоха, метонимия, паремия) арқылы бейнеленеді. Олар этномәдени ұжымның дәстүрлі санасы мен парасат-пайымынан туындағандықтан, концептуалдық құрылымдағы ортақ философиялық көзқарасты танытады. Нақтырақ айтқанда, этновербалды стереотиптер – этностиң қоршаған дүние жайлы дәстүрлі түсініктерін таңбалайтын, этноменталды стереотиптердің танымдық табигаты мен олардың дүниенің тілдік бейнесінде кескінделу ерекшелігін айқындауға көмектесетін, этнотілдік санада символдық, эталондық бейнелер түрінде таптаурындалған бірліктер болып табылады. Бұлар этнотілдік деректер көзі ретінде ұлттың әлеуметтік, тұрмыстық, діни, тарихи, дүниетанымдық, ділдік, т.б. өзгешелігін бейнелей отырып, ұлттық-мәдени дүние бейнесін сипаттайты. Осымен байланысты академик Ә.Қайдар: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отырады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстың қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана келіп жетуі мүмкін екен», - десе [50, б. 14], лингвомәдениеттанушы Ж.А.Манкеева этнотілдік санада бекіген көне тамырлы атаулардың мәдени-тарихи даму жолы мен олардың ұлттық-мәдени сипаты тек тілдік деректерде ғана сақталатынын айтады [51, б. 13]. Демек, әр этностиң ұлттық-мәдени дүниесінің менталды бейнесі тұрақты тілдік таңбаларда тұластай қамтылып, айшықталады. Дүние бейнесі нәтижесінде қалыптасқан ұлттық-мәдени стереотиптері этновербалды бірліктер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Ұлттық-мәдени стереотиптер – аялық білімнің маңызды көрсеткіші. Аялық білім – ұлттық-мәдени бояуы қанық білім түріне жатады. Осы мәселеге

қатысты зерттеулерде оның жалпыадамзаттық, аймақтық және елтанымдық түрлері қарастырылған.

Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшеліктерін айқындауда елтанымдық аялық білім туріне тоқталу аса маңызды. Өйткені, оның мазмұны этнос өкілдері иеленген салт-дәстүр, діни нағым-сенім, тарихи оқиғалар, прецедентті есімдер, материалдық мәдениеттің ішкі идеалдық үлгілері, мінез-құлық нормалары туралы ұлттық-мәдени білімдердің тұтас жүйесін қамтиды.

Аялық білім – әр ұлттың өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасып, этномәдени санасында қордаланған, сақталған экстралингвистикалық білім.

Зерттеуші С.А.Кенжеғалиев аялық білімді әлеуметтік мәдени-тарихи мәндегі ұжымдық білім ретінде қарастыра келе, оны сананың терен деңгейіне тәуелді, материалдық дүниенің немесе оның үзіндісінің ішкі, идеалдық үлгісі, этностың тілдік емес, пресуппозициялық білімі деп түйіндейді [52].

Аялық білім бірнеше компоненттен тұрады. Фалым В.П.Фурманов оның: а) тарихи-мәдени ая (этностың тарихи дамуы туралы ақпарат); ә) әлеуметтік-мәдени ая (этностың әлеуметтік жүйесі туралы ақпарат); б) этномәдени ая (этностың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы туралы ақпарат); в) семиотикалық ая (этностың рәміздері туралы ақпарат) деген төрт компоненттің анықтаса [53], А.С.Мамонтов оның үш компоненті болатынын дәлелдеген: а) тілдік компонент; ә) этикеттік-тілдік компонент; б) рәсімдік-етикеттік компонент. Аялық білімнің тілдік компоненті ұлттық-мәдени атауларды білдіретін реалиялардан (тарихи-мәдени, саяси-мәдени, тұрмыстық-мәдени) тұрса, этикеттік-тілдік компоненті вербалды және бейвербалды бірліктерден, ал рәсімдік-етикеттік компоненті мінез-құлық нормаларынан тұрады» [54]. Қорыта келгенде, аялық білім – этномәдени ұжымның дүниетанымдық көзқарасы мен бағалау жүйесінен, тілдік және тілдік емес мінез-құлық нормалар жүйесінен құралады. Ол – этностың құндылықтарымен тығыз байланысты мәдени дүние бейнесі туралы білім. Аялық білім – ұлттық-мәдени стереотиптердің айқындалуы мен тілде түсіндірілу кілті болып саналады.

Аялық білім тілдік импликация (жасырын), экспликация (айқын) негізінде жүзеге асатындықтан, этнотілдік және этномәдени семантиканың өзара бірлігімен түйіседі, яғни ұлттық-мәдени мазмұнға ие лексикалық бірліктердің семантикалары арқылы игеріледі. Мұндай лексикалық бірліктер – аялық (фондық) лексика деп аталады. Оған ұлттық-мәдени және ұлттық-тарихи колорит тән. Зерттеуші Е.И.Шумагердің пікірімен айтқанда, аялық лексика елтанымдық құнды ақпарат көзі ретінде өзге этноұжым өкілдерінің материалдық дүниесі мен рухани дүниесіне, ұжымдық көзқарасына тереңірек үңілуге бағыт-бағдар береді [55]. Аялық лексика – денотативті ая мен коннотативті аядан тұратын хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдерді (рухани мәдениет деректі атау) білдіреді.

Хрематонимдер (грек. chrematos – зат, нәрсе) – әр халықтың ұлттық мәдениеті мен тілінің ерекшелігін білдіретін, ғасырлар бойы этносанасында жатталған дүние бейнесін кескіндейтін заттық мәдениет деректі атаулар. Бұл атауларды Н.Уәли: «этностың материалдық мәдениетімен бірге қалыптасқан,


мәдени мәнділікке ие тілдік бірліктер», - десе [25,б. 64], Н.В.Подольская: «адам қолымен жасалған заттық мәдениетті бейнелейтін ұлттық сипаты басым сөздер», - дейді [56,с. 146]. Н.И.Толстой этностиң рухани дүниесі заттық-мәдени атаулары арқылы танылатынын айтса [57], Ж.А.Манкеева: «заттық (материалдық) мәдениеттің мәні дегеніміз адам әрекетінің нәтижесінде заттандыру. Оның ішкі мәні соны тұтынуышы қоғам өкілдерінің санасында, рухани дүниесінде», - деп түйіндейді [51,б. 14]. Сонымен, хрематонимдер дегеніміз – әр этностиң (қазақ, орыс, ағылшын) ұлттық-мәдени, ұлттық-тарихи нышанды рухани дүниесімен байланысты заттық мәдениет деректерін бейнелейтін этнотілдік атаулар.

Хрематонимдерді топтастыруға қатысты А.В.Суперанская оның «қару-жарак», «ыдыс-аяқ», «асыл тастар», «музыкалық аспаптар» деген түрлерін ұсынса [58,с. 190], А.Г.Гурочкина «киім-кешек», «тағам», «ақша», «зергерлік бұйым», «музыкалық аспаптар» деген түрлерін ұсынады [59,с. 122-123]. Ал, Ж.А.Манкеева заттық-мәдени атауларды «баспан», «киім-кешек», «зергерлік бұйымдар», «тағам», «ыдыс-аяқ», «музыкалық аспаптар» және т.б. деп жіктейді [51,б. 14]. Фалымдардың бұл топтастыруынан, біріншіден, хрематонимдердің ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің өзара байланысынан құралған этнотілдік бірліктер екені аңғарылса, екіншіден, олардың бірнеше түрлері бар екені, үшіншіден, біржақты жіктелімі жоқ екені байқалады.

Әр этностиң ұлттық кеңістігінде этномәдени хрематонимдерімен бірге, бір затты білдіретін әмбебап хрематонимдер де кездеседі. Этномәдени түрі – хрематонимдердің денотативті, коннотативті аяларының, ал әмбебап түрі – хрематонимдердің коннотативті аясының ұлттық-мәдени өзгешелігіне қатысты анықталады.

Хрематонимдер (этномәдени және әмбебап) денотативті ая мен коннотативті аяның өзара бірлігінен тұрады. Осылын байланысты, В.Н.Телия өз еңбегінде, коннотативті аяны квазиденотаттың мағынасы туралы мәдени ақпараттарды білдіретін, оның этномәдени кеңістікте бейнелену уәжін түсіндіретін тәсіл ретінде қарастыrsa [60,с. 214], Ю.Д.Апресян коннотативті аяны хрематонимдердің деннотативті аясына қосымша эмоциялық, бағалауыштық, экспрессивтік, ассоциативті-бейнелілік реңдер үстейтін жиынтық мағына ретінде анықтайды [61,с. 43]. Е.И.Воробьев хрематонимнің коннотативті аясын, оның денотативті аясында сипатталған халықтың экстралингвистикалық (тарих, география, салт-дәстүр, фольклор) білімі туралы мәлімет беретін ұлттық-мәдени компонентті семантика деп түсінеді де, мұндай мазмұнға ие болған хрематонимді этномәдени семантикалы лексика деп атауды жөн санайды [62]. Демек, хрематонимдердің коннотативті аясы этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) өмірлік ұстанымы мен тәжірибесінен туындаған тарихи-мәдени ассоциацияларға негізделіп, ұлттық-мәдени кодқа салынған білімдер жүйесінен құралады, белгілі бір астарлы ойды меңзей отырып, хрематонимдердің денотативті аясына қосымша, ұстеме мағына артады. Хрематонимдердің денотативті аясы мен коннотативті аясында этномәдени ұжымның ақықат дүниедегі заттарға, құбылыстарға деген

субъективті көзқарасы беріледі. Мұны Г.Фрегенің «үш таған» сыйбасына сүйене отырып, былай түсіндіруге болады:



Сурет 1 - Г. Фрегенің «үш таған» тұжырымы


Әр этномәдени ұжымның күнкөріс тіршілігінде үнемі пайдаланатын заттарының атауы, яғни этномәдени хрематонимдері – этносана мен эстетикалық талғам бірлігінен туындаған этнодүниетанымдық деректерінен мағлұмат беретін ұлттық тілдегі дүние бейнесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Скриптонимдердің (ағыл. script – қойылым, көрініс) ұлттық-мәдени бірегейлікті таныту мүмкіндігін зерттеу – қазіргі лингвомәдениеттанудың күн тәртібіне еніп келе жатқан мәселелердің бірі.

О.И.Быкова ғұрыптық, салттық, рәсімдік атауларды скриптонимдер деп атап, оларды этномәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде зерттейді [63, с. 210], Н.И.Толстой: «салттық, ғұрыптық атаулар мәдениеттің арнайы элементін интерпретациялайтын бірліктер ретінде сакральді дүние бейнесін айшақтауға қатысады. Олар рәсімдердің үш деңгейлі (заттық, акционалды (әрекеттік), вербалды) қабаттарын қамтиды» - десе [57, с. 63], О.С.Финько: «Ғұрыптық атаулар – жосын-жоралғылардың вербалды репрезентанты ретінде тілдік жүйеде ритуалдық семантиканы құрайды», - деп тұжырымдайды [64, с. 196]. Отандық ғалым З.К.Ахметжанова рәсімдік, ғұрыптық, салттық атауларды перформанстық лингвокультуралар ретінде айқындаласа [65], М.С.Атабаева рухани мәдениет деректі бірліктер ретінде анықтап, олардың аймақтық әрекшелігіне талдау жасайды [66].

Сарапай келгенде, іс-әрекетке, қойылымға, көрініске негізделетін рәсімдер мен салт-жоралғылар, ғұрыптар тілде скриптонимдер арқылы беріледі. Олардың семантикасы мен атрибуттарының (рәсімдік заттар) символикасы скриптонимдердің денотативті және коннотативті аяларын ашу арқылы айқындалады. Скриптонимдер ұлттық-мәдени маркерлі репрезентанттар

ретінде этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) өзіне тән архетиптік түсінігі мен сакральді дүниетанымын, ділін, құндылық бағдарын кескіндейді. Мұны Г.Фрегенің «ұш таған» сызбасына сүйене отырып, былай түсіндіруге болады:



Сурет 2 - Г. Фрегенің «ұш таған» тұжырымы

Сонымен, скриптонимдер – этностиң өмірлік тәжірибесінен туындаған тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұмырымен өрілген салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, діни наным-сенімі мен мерекелерін, ойындарын бейнелейтін рухани мәдениет деректі атаулар. Бұлардың тасасында этностиң ұлттық-мәдени дүние бейнесінің таптаурынды фрагменттері жатады.

Этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) заттық және рухани мәдениет деректерін таңбалайтын хрематонимдер мен скриптонимдердің астарында жатқан ұлттық-мәдени түсініктердің айқындау үшін сол атауларға талдау жүргізу қажет. Сонда ғана хрематонимдер мен скриптонимдердің түпкі мазмұнында сақталған этностиң дәстүрлі ой-түйінін бағамдай аламыз.

Хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау) тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) тұрақты тілдік таңбаларда (фразеология, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) уәжделген ассоциативті-бейнелі компоненттер ретінде ұлттық мәдениет кеңістігінде интерпретацияланып, этноконнотациялардың туындауына ықпал етеді. Мұндай ұдерісте этноконнотациялар ұлттық-мәдени стереотиптермен ұштасу, сәйкестену, түйісу арқылы аталған тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мәндерін ашуға қатысады. Хрематонимдер мен скриптонимдер ұйытқы болған тұрақты тілдік таңбалардың бейнелілік жүйесі ассоциацияларға құрылады. Ал ассоциациялар этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) дүниетанымы нәтижесінде қалыптасады. Ассоциациялар – этноконнотацияның жасалуына және оның бағалауыштық реңкін қалыптастыруға түрткі болатын білімнің қайнар көзі. Олар – ұғымды тануда лезде еске түсетін этномәдени санадағы

алғашқы менталды белгілер. Бұлар арқылы әр этнос өз айналасындағы дүниені таниды [32, б. 124]. Ассоциациялар – әр ұлттың (қазақ, орыс, ағылшын) бейнелі, образды ойлау ерекшелігін меңзейтін этноконнотациялардың ең негізгі мазмұны болып саналады. Этнос өкілдерінің бейнелі, образды ойлау жүйесі дәстүрлі стереотиптік танымы негізінде жүзеге асады. Сондықтан да, құрамында хрематонимдер мен скриптонимдер кездесетін тұрақты тілдік таңбаларда ұлттық-мәдени стереотиптер айқын байқалады.


Сонымен, ассоциациялар – хрематонимдер мен скриптонимдер аясында жинақталған, тұжырымдалған этноконнотациялардың бағалауыштық қызметін арттыратын, әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) тарихи-мәдени тәжірибесін қазіргі тәжірибесімен байланыстыратын түсініктер мен бейнелер.

Хрематонимдер мен скриптонимдер – ұлттық-мәдени кодтың ажырамас бөлігі. Олардың этноконнотацияларының мазмұны ұлттық-мәдени кодтан құралып, этнотілдік санада «кодталған» және «декодталған» бірліктер түрінде сақталады. Тұрақты тілдік таңбалардағы хрематонимдер мен скриптонимдердің қандай мәнде жұмсалғанын ұлттық-мәдени кодтарды ашу арқылы дәйектеуге болады.

Ұлттық-мәдени код – ділдің (менталитет) өзегі ретінде этностың дүние бейнесінің маңызды фрагментін қалыптастыратын мәдени мәндер жүйесі болып табылады. Бұл орайда М.Л.Ковшова мен Д.Б.Гудков: «мәдени код – ұлттық-мәдени мәндерді тасымалдайтын заттық және рухани дүниелердің таңбалар жүйесі» - деп пайымдаса [67, с. 9], Х.Сарач: «мәдени код – этностың ұлттық кеңістігіндегі заттық және рухани дүниелерін сипаттайтын, әлем бейнесін тұжырымдайтын (концептуализация) тәсіл» деген анықтама береді [68, с. 34]. В.И.Шаховский: «этномәдени код – этнотілдік санада шоғырланған мәдениет туралы дәстүрлі білімдер жүйесі» - дей келе, оған этностың ұлттық дүние бейнесін, тілдік-танымдық көзқарасын, стереотиптерін, бағалау ұстанымдары мен мәдени құндылығын жатқызады [69, с. 119], В.В.Красных өз зерттеуінде: «ұлттық-мәдени код – халықтың дүние туралы ежелгі архетиптік білімін жеткізетін, құрылымдайтын эталондар мен символдар жиынтығы, «торкөз» тәрізді құндылықтар жүйесі» - деп түсіндіреді [70, с. 147].

Ұлттық-мәдени кодтық жүйе – хрематонимдер мен скриптонимдердің тақырыптық топтары бойынша түзіледі. Өйткені, мұндай хрематонимдер тобы мен скриптонимдер тобы ұлттық-мәдени символдық, эталондық мәндерге ие болған бейнелі, бағалауыштық мағыналардан құралып, тілдің экстралингвистикалық деңгейінде де, интралингвистикалық деңгейінде де репрезенттеледі. Ұлттық-мәдени кодтық жүйе – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) стереотипті танымы арқылы игеріліп, ұрпақтан-ұрпаққа берілген бірегей құндылықтарын түсінуге уәж болатын мазмұнды ақпараттар көзі, дәстүрлі мәдениетінің өзегін саралаудың кілті. Ол этномәдени стереотиптер тобынан түзілген образдар жүйесінің жасалу негіздерін дәйектейді. Ұлттық-мәдени кодтық жүйе – этнотілдік санада этномәдени тақырыптық-семантикалық топ құрайтын хрематонимдер мен скриптонимдердің тізбектелген жиынтығынан тұрады. Хрематонимдер мен скриптонимдер –

тұрақты тілдік таңбалардағы ассоциативті-бейнелі компоненттер ретінде жүмсалатын, этнос өкілдеріне тұтастай таныс, құндылықтық және бағалауыштық мәндерге ие этнографиялық атаулар болып саналады. Олар – этномәдени санада символдық, эталондық бейнелер түрінде пайда болған қоршаған дүние туралы стандартталған түсініктерді, яғни ұлттық-мәдени стереотиптерді айқындауда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты ұлттық-мәдени кодтық жүйені: а) «баспана, үй» ұлттық-мәдени коды; ә) «тұрмыстық зат» ұлттық-мәдени коды; б) «гастронимдік» ұлттық-мәдени коды; в) «вестонимдік» ұлттық-мәдени коды; г) «музыкалық аспап» ұлттық-мәдени коды; ғ) «салт-дәстүр» ұлттық-мәдени коды; д) «діни рәсім» ұлттық-мәдени коды; ж) «мереке» ұлттық-мәдени коды; з) «ойын» ұлттық-мәдени коды деген түрлерге бөлуге болады.



Сурет 3 - Ұлттық-мәдени код құрлымы мен түрлері

Ұлттық-мәдени кодтың экспоненттері ретінде «үй, баспана», «тұрмыстық зат», «гастронимдік», «вестонимдік», «музыкалық аспап», «салт-дәстүр», «діни рәсім», «мереке», «ойын» бейнелерді кескіндейтін этнотілдегі хрематонимдер тобы мен скриптонимдер тобы қарастырылады.

Тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) ұлттық-мәдени мәндерді тасымалдаушы кодтың экспоненттері этнотілдік санада тарихи түрғыдан қалыптасқан бейнелі хрематонимдерге, бейнелі скриптонимдерге жататындықтан, олардың семантикасын талдау этнотілдік-образдық жүйедегі ұлттық-мәдени кодты үйимдастыру ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени код (мазмұндық жағы) пен

бейнелі-тілдік кодтың (таңбалық тұлғасы) байланысын анықтауға көмектеседі. Сондай-ақ, түрлі ұлттық-мәдени кодтарда («үй, баспана», «тұрмыстық зат», «гастронимдік», «вестонимдік», «музыкалық аспап», «салт-дәстүр», «діни рәсім», «мереке», «ойын», т.б.) бекіген этновербалды стереотиптерді экспликациялауға мүмкіндік береді.

Хрематонимдер мен скриптонимдердің ұлттық-мәдени символдық, эталондық жүйедегі ішкі мәндері тұрақты тілдік таңбаларда сәулеленіп, қосымша этномәдени деректерді тасымалдайтын үстеме екіншілік мәндерге айналады. Екіншілік мәндер – басқа заттар мен құбылыстарды білдіретін денотативті, «кодқа дейінгі» мағыналары бар кодтың ең қабілетті элементтері мен маңызды белгілері болып есептеледі [70, с. 146].

Тұрақты тілдік таңбалар құрамындағы (фразеология, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) бейнелі хрематонимдер мен скриптонимдер этносанадағы ұлттық мәдениеттің тақырыптық кодтар жүйесімен теңестіріледі. Олардың ұлттық-мәдени код жүйесіндегі семантикаларын ашу арқылы тұрақты тілдік таңбаларда орнықкан ұлттық-мәдени стереотиптердің табиғаты анықталады.

Түйіндей келгенде, ұлттық-мәдени код – тарих тезінен өткен, хрематонимдер мен скриптонимдер жиынтығынан құралған, этномәдени ая (дәстүрлі білім, тұрмыстық тәжірибе, т.б.) арқылы қалыптасып, этнотілде таңбаланған метафоралық кодтау тәсілінің өзгешелігін, дүние бейнесінің бірегейлігін танытатын құндылықтар жүйесі.

Ұлттық-мәдени стереотиптің этнотілдік санада кескінделуі «эталон» (фр. *éalon* – ұлғі) ұғымымен де байланысты. Эталон – аксиологиялық бағалау, бейнелеу, белгілеу, мөлшерлеу, ұқсату, салыстыру секілді өлшем бірліктерден тұратын лингвомәдени феномен. Ол – этномәдени санада орнықкан хрематонимдер мен скриптонимдердің көркем бейнелі ұлғісі, этнос өкілдеріне ортақ бейнелі-ассоциациялар мен стандарттар жүйесі. Эталон – этностиң дүниені тануы мен қабылдаудың құндылық бағдарын бейнелейтін өлшемдік құрал. Ол – тұрақты теңеулерде айқын көрінеді. Бұл ретте, Т.Қоңыров: «тұрақты теңеулер – халықтың тарихынан, саяси-әлеуметтік жағдайынан, экономикасынан, мекен еткен жер-суынан, дәстүрінен, психологиялық болмысынан туындаиды», - десе [71, б. 438], К.Н.Смағұлова образ эталонға айналған тұрақты теңеулер арқылы халықтың ұлттық-мәдени өмірі танылатынын айтады [26, б. 114]. В.А.Маслова: «бейнелі-эталондық теңеулер – этномәдени болмыстың айнасы іспетті» [13, с. 69], М.Л.Ковшова: «квазиэталондық теңеулер – мәдениеттің құнды мазмұнын, оның негізгі категориялары мен мағыналарын жүзеге асыруышы лингвомәдени құрал», - дейді [72, с. 211]. Аталмыш ғалымдардың тұжырымдарын қуаттай отырып, біз эталонға айналған хрематонимдер мен скриптонимдер бейнеленген образды теңеулерді этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) ұлттық келбетін, дәстүрлі стереотиптік түсініктерін сипаттайтын, мәдени деректерді кодтайтын және стереотипті бейнелердің жасалуына өзек болатын лингвомәдени құбылыс деп түйіндейміз.

Ұлттық-мәдени стереотиптің мәні «символ» (грек. symbolon – белгі) ұғымымен де айқындалады. Символды зерттеуге Р.Сыздықова, С.Е.Жанпейісова, Дж.Тресиддер, В.Ивенс, И.А.Авдеенко, Л.В.Борисова, А.В.Кравченко, т.б. әйгілі ғалымдар өз еңбектерін арнады. Айталақ, академик Р.Сыздықова символды этномәдени категория ретінде айқындалап, оған мынандай анықтама береді: «идеяның заттық (болмыстық) нышаны, астарлы образы» [73,б. 92]. Ресей ғалымы Н.Н.Рубцов: «символ – ұлттық-мәдени құндылықтар мен мәндерді білдірудің мағыналы таңбасы» деп дәйектесе [74,с. 14], отандық зерттеуші Қ.Т.Каирбаева: «әр этномәдени ұжымға тән мінез-құлық белгілерді, наным-сенімдерді, салт-дәстүрлерді, таным-түсініктерді танытатын «мәдениет ескерткіші»» деп анықтайды [75]. Демек, символ – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жеткен мәдени құндылықтар нышаны, ділдің, көркем ойлаудың, дуниетанымның ұлттық өзгешеліктері шоғырланған бейнелі категория, этностың хрематонимдері (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдерінің (рухани мәдениет деректі атау) бейнелілік, образдылық қызметіне байланысты қалыптасып, тұспалданған, астарланған, ұлгіленген белгісі.

Ұлттық-мәдени стереотип – этнотілдік сананың интегралды туындысы. Ол – тіл ғылымина «ұлттық-мәдени фрейм» ұғымы арқылы дәйектеледі.

Тіл ғылымина «фрейм» (ағыл.frame – кадр, рамка, құрылым, қаңқа) ұғымын алғаш енгізген Ч.Дж.Филлмор оны тілдік бірліктер арқылы көрініс беретін концептілердің когнитивтік құрылымы деп түсіндірсе [76,с. 75], неміс ғалымдары Ф.Унгерер мен Х.Шмидт жиі қайталанатын нақты жағдаяттармен байланысты жинақталған білімдерді презенттейтін типтік когнитивтік үлгі [77,р. 5], орыс ғалымы Н.Н.Болдырев этномәдени ұжымға ортақ канондық тұжырым, стереотипті жағдаят туралы көпкомпонентті, кең көлемді концепт, мәдени мазмұнды үлгі деп түйіндейді [78,с. 30].

Отандық ғалымдар Н.Уәли, Г.И.Исина, А.О.Кәріпжанова, С.Жиренов, А.С.Күшкінбаева фреймді ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың өзара байланысы жайлы белгілі, таныс ақпараттардан жинақталған тұжырымды құрылым, этномәдени санада бекіген, таптаурындалған ойсурет түрінде зерттейді. Айталақ, профессор Н.Уәли фреймдерді стереотипті жағдаятты сақтаудың, құрылымға салудың, тілдік және тілдік емес білімдерді біріктірудің құралы екенін, сондай-ақ олардың фразеологиялық бірліктер мен метафоралар арқылы вербалданатынын айқындаса [25,б. 46-47], зерттеуші А.О.Кәріпжанова Мәшіүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы фразеологиялық бірліктерде сақталған қазақ халқының ұлттық-мәдени стереотипті жағдаяттарын фреймдер ретінде талдап көрсетеді [32,б. 124].

Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып, фреймді белгілі бір этноұжымға ортақ ақпараттардан жинақталған тұжырымды құрылым, айналадағы зат, құбылыс, оқиға, рәсім, ғұрып олардың өзара байланысы туралы этномәдени санада жатталған таптаурынды ұлттық-мәдени жағдаяттың ойсуреті, перцептивті бейнесі, менталды көрінісі, тұрақты тілдік таңбаларда қатталған этно-мәдени-танымдық үлгі деуге болады. Дәлірек айтқанда,

таптаурынды этномәдени жағдаят ұлттық-мәдени фрейм негізінде танылады. Ал ұлттық-мәдени фрейм тілдегі тұрақты тілдік таңбалар арқылы объективтенеді. Ұлттық-мәдени фреймді таңбалаушы тілдік бірліктерге (тұрақты тіркес, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) хрематонимдер мен скриптонимдердің тасасында тұрган ойсурет, сенсорлық-перцептивті бейне, менталды көрініс уәж болады. Этнотілдік санада ойсурет, сенсорлық-перцептивті бейне, менталды көрініс түрінде таптаурындалған этномәдени жағдаят жаңа ұғымдармен ассоциацияланып, вербалдану арқылы екінші санаттағы атауға айналады.

Ұлттық-мәдени стереотип – этномаркерлі лингвоменталды құбылыс. Ол – этноменталды (оібейне) және этновербалды құрылымдардан тұрады. Оның этноменталды құрылымы этномәдени санада тұрақталған ұлттық-мәдени ұғымдар мен түсініктердің білдірсе, этновербалды құрылымы ұлттық-мәдени ұғымдар мен түсініктердің таңбалық белгісін білдіреді. Тарқатып айтқанда, ұлттық-мәдени стереотиптің этноменталды құрылымы зат пен құбылыстың, оқиға мен жағдаяттың, рәсім мен ғұрыптың ішкі ұлттық-мәдени мазмұнын түсіндіретін дүниенің жанама түрдегі оібейнесі болса, ал этновербалды құрылымы ұлттық-мәдени дүниенің жанама түрдегі оібейнесін сипаттайтын сыртқы тілдік таңбасы болып табылады. Тұжырымдай келгенде, ұлттық-мәдени стереотиптің этноменталды құрылымы ұлттық-мәдени семантикалық белгілердің энергетикалық әлеуетін байқатса, этновербалды құрылымы этнотілдік таңбаларда (тұрақты тіркес, тұрақты теңеу, метонимия, метафора, синекдоха, паремия) бейнеленген ұлттық-мәдени белгілердің сыртқы болмысын танытады. Ұлттық-мәдени стереотиптің аталмыш құрылымдары соңғы он жылдықта жүргізілген зерттеулерде (В.А.Маслова, Ю.Е.Прохоров, В.В.Красных, Р.В.Бухаева, Ю.А.Самарин, Н.М.Үәли, А.Б.Әмірбекова, С.А.Кенжеғалиев, А.О.Кәріпжанова, К.А.Құсманова, Г.О.Сейдалиева, Н.О.Өтеген, т.б.) «менталды стереотип», «вербалды стереотип», «этновербалды стереотип» терминдерімен аталып, стереотиптің арнайы түрлері ретінде қарастырылғаны байқалады. Мәселен, ұлттық-мәдени стереотиптің этноменталды құрылымын жеке менталды стереотипке жатқызған бурят ғалымы Р.В.Бухаева: «менталды стереотип дегеніміз – концептуалды дүние бейнесінің кейбір үзіндісі, зат, құбылыс не жағдаят туралы тұрақты ұлттық-мәдени түсінік, менталды бейне мен тілдік таңбадан құралатын лингвоменталды бірлік», - десе [17,с. 148], ұлттық-мәдени стереотиптің этновербалды құрылымын жеке вербалды стереотипке жатқызған орыс ғалымы Ю.А.Сарокин: «вербалды стереотип дегеніміз – этномәдени ұжымның зат не құбылыс туралы стереотиптік танымы ғана емес, сонымен бірге оның тілдік жүйесіндегі көрінісі», - дейді [79,с. 134], ал «этновербалды стереотип» терминіңғылыми айналымға енгізген украин ғалымы О.О.Маленко оған мынандай анықтама береді: «этновербалды стереотип дегеніміз – танымдық, ассоциативті-бейнелі, эмоционалды-бағалауыштық, этикалық, эстетикалық аспектілерде кодталып, әр деңгейлі ұлттық-мәдени деректердің білдіретін зат не құбылыс туралы түсініктердің этнотілдік таңбасы» [22,с. 38-39]. Сонымен,

ұлттық-мәдени стереотип – этнолингвоменталды кешен. Оның этноменталды бейнесі – этномәдени ойды метафоралаудың негізгі тетігі болса, ал этномәдени ойдың метафоралануы – этномәдени дүниені тану мен таныту тәсілі, эмпирикалық білімді бейнелеп-түсіндіру кілті. Этномәдени ой – этномәдени сана әрекеті. Этномәдени сана – дүниені қабылдау мен бейнелеудің нәтижесі. Этнотілдік сана – этномәдени сананы таныту құралы. Этнотіл – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) стереотипті танымы мен қабылдауын қоршаған ортамен сабактастыратын этномәдени ойдың жемісі, дүниенің ұлттық-мәдени көріністерін бейнелеуші феномен. Этномәдени сана мен этнотілдік сананың шартты бірлестігінен ұлттық-мәдени ұғымдар мен түсініктер қалыптасып, этномәдени ой сүзгісінде сұрыпталады. Ал этномәдени ой сүзгісінде сұрыпталған ұлттық-мәдени ұғымдар мен түсініктер этнотілде таңбаланған этнолингвоменталды стереотиптік қолданыстарға айналады.

### **1.3 Ұлттық-мәдени стереотиптің лингвоаксиологиялық сипаты**

Лингвомәдениеттану мен лингвоаксиологияның күн тәртібіндегі көкейкесті мәселеге айналған ұлттық-мәдени стереотипті аксиологемалық феномен ретінде қарастыруда «ұлттық-мәдени құндылық» пен «бағалау» категорияларын саралау маңызды.

Ұлттық-мәдени құндылық – дүниенің мәдени және тілдік бейнелерін бір нүктеге түйістіретін аксиологиялық дүние бейнесін түзуші, бағамдаушы «мәдени-танымдық-аксиологиялық-тілдік» категория. Ол – тілде этномәдени ұжымның реттелген, жүйеленген, ұлғленген ойлау ерекшелігі мен қоршаған айналасы туралы түйінделген түсінігін білдіретін қағида түрінде көрініс береді. Мәселен, С.Х.Ляпин ұлттық-мәдени құндылықты тілде концептілер мен атаулар түрінде сипатталатын көпөлшемді, этномәдени бояуы қанық бірліктер түрінде қарастырса [80, с. 11-35], Н.Ф.Алефиренко оны этностиң қоршаған дүниеге деген модусты (мәдени маңызды) қатынасын белгілейтін құндылық бағдар ретінде зерттейді [81]. Е.В.Бабаева ұлттық-мәдени құндылықты ұлттың іс-әрекеті мен мінез-құлдық нормаларын дәйектейтін мақсат деп түсіндірсе [82, с. 60], А.Н.Усачева этномәдени санада орнықкан, этнотілде таңбаланған, дүниенің құндылық бейнесін қалыптастырған, бағалау іс-әрекеті нәтижесінде туындаған, тарихи түрғыда бекіген қоршаған орта, адам және адамның мінез-құлқы туралы жалпыланған түсінік деп тұжырымдайды [83, с. 26]. В.Е.Чернявская ұлттық-мәдени құндылықты түсінік түрінде пайда болған белгілі бір нысан жайлы субъективті баға десе [84, с. 109], С.Н.Виноградов оны ұлт үшін айырықша мәнге ие заттар мен құбылыстар туралы идеалданған білім дейді [85, с. 93]. З.К.Ахметжанова ұлттық-мәдени құндылықты этностиң өзіне тән ұлттық ұғымдарын тасымалдайтын лингвомәдени бірліктер [65, с. 364], А.О.Кәріпжанова лингвомәдени құндылық негізінде жүзеге асатын дәстүрлі білім көзі ретінде дәлелдейді [32, б. 55]. Келтірілген тұжырымдардан түйіндейтініміз, «ұлттық-мәдени құндылық» ұғымы: а) құндылықтың қатынас объектісі – зат не құбылыс, оқиға не жағдаят қасиеттерінің ұлттық-мәдени сипаттамасы; ә) құндылықтың қатынас субъектісі – этнос өкілдерінің ұлттық

мәдениетіндегі доминант мәндерді түсіндіретін құндылық бағдары; б) этномәдени ұжымның тарихи түрғыда қалыптасқан дәстүрлі мінез-құлық нормалары мен этикеттік ұлттері; в) лингвомәдени бірліктер түрінде қолданылатын ұлттық-мәдени білім көзі.

Ұлттық-мәдени құндылық – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) түпкі рухани қажеттілігі мен қызығушылығын өтейтін ұлттық мәдениетінің өзегін қалыптастыратын жүйе [86]. Ол – этномәдени ұжым өмірінде айтарлықтай маңызды қызмет атқарған зат не құбылыс, рәсім не ғұрып, оқиға не жағдаятқа деген құндылықтық қатынасынан туындаған ұлттық-мәдени мәнді категория.

Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесі – дәстүрлі стереотипті танымына негізделген білімдер жүйесінен жинақталып, олардың құндылық бағдары мен дағдылы мінез-құлық нормаларын бір арнаға біріктіреді. Өз кезегінде, дәстүрлі стереотипті танымға негізделген білімдер жүйесі – әр этностың архетиптік түсінігі (архаикалық бейне) мен эталондық ұлгісінен, символдық белгісінен құралады. Яғни, дәстүрлі стереотипті таным – этномәдени ұжымның құндылық бағдарына қатысты ділдік (менталитет) ерекшелігін танытатын, ұлттық мәдениетінде таптаурындалған символдық, асоциативті-бейнелілік қасиетке ие түпкі тұрақты бейнелерден тұрады.

Ұлттық-мәдени құндылық – ғасырлар бойы тарих қойнауында сұрыпталған, этномәдени жадыда жатталған, ұлттық мәдениет кеңістігінде код түрінде өзектелген, этнос өкілдеріне ортақ аксиологиялық дүние бейнесі мен дүниетанымының іргетасын қалаған, этнотілде лингвомәдени құндылық түрінде таңбаланған, идеалданған бірегей жүйе. Ол – әр этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) дәстүрлі білімдер жүйесіне сүйеніп, қоршаған дүниеге берген бағасы арқылы жасалады. Ұлттық-мәдени құндылық пен бағалау категориясын өзара байланысты деуге болады.

Лингвоаксиология мен лингвомәдениеттану шегінде «бағалау» ұғымы – «ұлттық-мәдени құндылық» категориясының өмір сүру тұлғасы ретінде сипатталады. Мәселен, аксиолог-ғалым В.А.Блюмкин бағалауды ұлтты қоршаған дүниесімен байланыстырып қана қоймай, сонымен бірге олардың ұлттық-мәдени құндылықтарын объективтендіретін категория ретінде зерттей келе, оған мынандай түсініктеме береді: «ұлттық-мәдени құндылық бағасы – этностың танымдық іс-әрекеті негізінде жүзеге асатын ұжымдық қажеттіліктері мен зат не құбылыс қасиеттерінің ара қатынасы» [87, с. 6]. Бағалауды тілдік бірліктер мағынасының құндылықтық аспектісін білдіретін семантикалық ұғым және А (баға субъекті) мен Б (баға объекті) қатынасындағы «жақсы/жаман», «пайдалы/зиянды», т.б. сияқты құндылық мәнді пікірлерді білдіретін категория деп бағамдаған лингвист-ғалым Е.М.Вольфтың пайымдауынша, бағалау – этнос өкілдерінің ақиқат дүниеге деген құндылық бағдарын меңзейтін өлшем бірлік [88, с. 207]. Бағалауыштық семантиканың ұлттық-мәдени аспектісіне зерттеу жүргізген Т.В.Писанованың тұжырымынша, бағалау – этностың өзіне тән ұлттық-мәдени құндылық жүйесін сипаттайтын ұғым [89, с. 11]. С.А.Прищепчук бағалауды тілдік таңбалардың семантикалық қабатында орналасқан

бағалауыштық компонентті танытатын экстралингвистикалық категория ретінде қарастырса [90, с. 29], Е.П.Баярутова оны этностиң ұлттық-мәдени құндылық жүйесін этнотілінде бейнелеу әдісі ретінде анықтайды [91, с. 119].

Әлемдік тіл ғылымында жүргізілген зерттеудерден байқағанымыздай, бағалаудың тірегі ретінде ұлттық-мәдени түсініктің (стандартталған ұғымның тұжырымы) аксиологиялық негізі болып бекіген – ұлттық-мәдени құндылық қолданылады. Бағалау – ұлттық-мәдени құндылықтың ішкі өзегінде орналасқанымен, олардың міндеттері әр түрлі. Ұлттық-мәдени құндылық – этнос өкілдерінің қоршаған дүниені тануы, білуі, есте сақтауы арқылы түзілген дәстүрлі білімдер жүйесінің бастау бұлагы – дүниетанымдық міндет атқарса, бағалау – этнос өкілдері арасында сол дүниетаным туралы көзқарас, пікір қалыптастыруыштық, бағалауыштық, қатысымдық, реттеушілік міндеттерін атқарады.

Сонымен, ұлттық-мәдени құндылық – әр этнос (қазақ, орыс, ағылшын) үшін эталондық, символдық ұлгілерге айналған мәдени доминанттар (маңызды заттар мен құбылыстардың, рәсімдер мен ғұрыптардың, оқиғалар мен жағдаяттардың қасиеттері) мәндеріне бағытталса, бағалау – сол эталондық, символдық ұлгілердегі мәдени доминанттарға басқа объектілерді ұқсатудың, теңеудің, салыстырудың нәтижесі болып табылады. Сондай-ақ, бағалау – маңызды, бағалы, құнды болып саналатын объектілерге деген әр этностиң (қазақ, орыс, ағылшын) құндылықтың қатынасы жөнінде жағымды-жағымсыз көзқарасын мензейтін, дүниенің ұлттық-мәдени аксиологиялық бейнесімен тығыз байланысты көпөлшемді категория.

Этномәдени көзқарас пен пікір түріндегі бағалаудың қалыптасуына «бағалау субъектісі» – «бағалау объектісі» – «бағалауыштық құрылым элементтері» негіз болады.


Баға беру субъектісі – этномәдени ұжым (қазақ, орыс, ағылшын) мен бағалану объектісі – заттар пен құбылыстар, рәсімдер мен ғұрыптар, оқиғалар мен жағдаяттар – өзара байланысынан бағалаудың жалпы бағалау және жеке бағалау түрлері қалыптасады.

Бағалаудың жалпы түрі – бағаланатын объектіні бинарлық жұп құрайтын («жақсы/жаман», «жағымды/жағымсыз», «ұнамды/ұнамсыз», т.б.) бағалау өлшемдері бойынша жан-жақты бағаласа, оның жеке түрі – бағаланатын объектінің өзіне тән қасиеттері бойынша бағалауды көздейді.

Бағалаудың жеке түрін анықтаған Н.Д.Арутюнова оның: а) сенсорлық бағалау («дәмді/дәмсіз»); ә) психологиялық (зияткерлік «білімді/білімсіз» және эмоционалдық «көңілді/көңілсіз») бағалау; б) эстетикалық бағалау (сенсорлық және психологиялық бағалаулар «әдемі/ұсқынсыз»); в) этикалық бағалау («мейірімді/қатігез»); г) утилитарлық бағалау («пайдалы/зиянды»); ғ) нормативті бағалау («дұрыс/қате/теріс»); д) телеологиялық бағалау («сәтті/сәтсіз») секілді өлшемдерін ұсынса [92, с. 527-538], гастронимдік метафоралардың бағалауыштық табиғатын айқындаған А.В.Боровкова: а) этикалық бағалау; ә) зияткерлік бағалау; б) эстетикалық бағалау; в) гедонистік бағалау; г) валеологиялық бағалау; ғ) психологиялық бағалау; д) утилитарлық

бағалау; ж) параметрлік бағалау өлшемдерін атап көрсетеді [93, с. 7-11]. Тұрақты тілдік бірліктердің бағалауыштық компоненттерін зерттеген Е.И.Диброва: а) эмотивті бағалау; ә) этикалық бағалау; б) зияткерлік бағалау; в) нормативті бағалау; г) сапалық-сандық бағалау сияқты өлшемдерін қарастыrsa [94, с. 117], тілдегі аксиологиялық құбылыстарға талдау жүргізген Г.Ф.Гибатова: а) этикалық бағалау; ә) эстетикалық бағалау; б) утилитарлық бағалау; в) гедонистік бағалау өлшемдеріне сипаттама береді [95, с. 134].

Ұлттық-мәдени стереотиптің аксиологиялық әлеуетін айқындау үшін бағалаудың екі түрі де маңызды. Бұларды біріктіре отырып, ұлттық-мәдени код құраушы хрематонимдер мен скриптонимдер үйітқы болған аксиологемалық стереотиптерге (жің қайталану арқылы дәстүрлі аксиологемаларға айналған фразеологиязм, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) талдау жасау – олардың құндылықтық әлеуеті мен өзіндік ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізеді. Бұл орайда А.В.Боровкова ұсынған жеке бағалау өлшемдері мен С.К.Сәтенова [96], Г.А.Тұсінбекованаң [97] жалпы бағалау өлшемдеріне арналған ғылыми пікірлерін басшылыққа алғып, жалпы бағалаудың «жағымды/жағымсыз» бинарлық өлшемдерін жеке бағалау өлшемдеріне (а) этикалық бағалау – «мінез-құлықтық бағалау өлшемі»; ә) зияткерлік бағалау – «ой-өрісті, қабілетті бағалау өлшемі»; б) эстетикалық бағалау – «сыртқы келбетті бағалау өлшемі»; в) валеологиялық бағалау – «тән саулығын бағалау өлшемі»; г) гедонистік бағалау – «сенсорлық-сезімдік бағалау өлшемі»; ғ) психологиялық бағалау – «психоэмоционалдық күйді бағалау өлшемі»; д) утилитарлық бағалау – «әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды бағалау өлшемі»; параметрлік бағалау – «көлем, мөлшерді бағалау өлшемі») кіріктіре отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесін айшықтайтын аксиологемалық стереотиптерге (хрематонимді және скриптонимді) салғастырмалы контрастивті талдау жасаймыз.



Сурет 4 - Баفالау өлшемдері

Үлттық-мәдени құндылыққа арналған зерттеушілердің (Е.М.Вольф, М.Вебер, Г.В.Выжлецов, А.В.Голованова, Т.Н.Вендин, Н.Ф.Алефиренко, С.Ф.Анисимов, Е.Ф.Серебренникова, В.В.Крюков, В.В.Бабаянц, Н.Уәли, Г.И.Исина, З.К.Ахметжанова, А.О.Кәріпжанова, т.б.) еңбектерінен оның түрлері туралы біржақты жіктелімдерді кездестіре алмадық. Айталық, С.Ф.Анисимов құндылықты: а) жоғарғы құндылықтар (адамзат, адам); ә) материалдық құндылықтар (адамзат үшін қажетті табиғат ресурстары, еңбек құралдары, т.б.); б) рухани-мәдени құндылықтар (идеал, норма, ғылыми білім, ғылыми жаңалық, т.б.); в) әлеуметтік құндылықтар (отбасы, институт, ұлт, мемлекет, қоғамдық білім, т.б.) деп төртке бөлсе [98, с. 23], Е.Ф.Серебренникова құндылықты зерттеу аясына қатысты: а) ақырат аясы (құндылық «шындық/жалған» ұғымдары бойынша анықталады); ә) эстетика аясы (құндылық «әдемі/ұсқынсыз» ұғымдары бойынша анықталады); б) этика аясы (құндылық «жақсы/жаман» ұғымдары бойынша анықталады); в) қанағаттанарлық аясы (құндылық «ұнайды/ұнамайды» ұғымдары бойынша анықталады); г) тәжірибелік аясы (құндылық «пайдалы/пайдасыз/зиян» ұғымдары бойынша анықталады) деп беске топтастырады [99, с. 29], В.В.Бабаянц өмір сүру тәсіліне қарай: а) рухани және материалдық деп бөліп, рухани құндылықты идеалданған үлгі, ал материалдық құндылықты идеалданған үлгінің сыртқы формасы ретінде қарастырады [100, с. 34].

Демек, әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) қоршаған айналасына деген құндылықтың қатынасын белгілейтін «дәстүрлі» жүйесі, дүниені итеру

мақсатында қордаланған тәжірибесі мен сұрыптау, іріктеу, талдау нәтижесінде жинақтаған білімінің байырғы үлгілері байқалатын «этномәдени ұғымдары мен түсініктеріне» реконструкция жасап, қайта қалпына келтіру – бірегей аксиологиялық дүние бейнесінің үзіктерін (фрагмент) түсінуді және оның ұлттық-мәдени кодтарын анықтауды көздейді.

Ұлттық-мәдени құндылықтарды әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіне тән заттық-рухани код элементтері бойынша жіктеуге болады. Өйткені, ұлттық-мәдени код – дүниенің тілдік бейнесінде таңбаланған хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау) жиынтығынан құралатын символдық, эталондық жүйе.

Ұлттық-мәдени құндылықтар – аксиологиялық дүние бейнесін құраса, лингвомәдени құндылықтар – оларды дүниенің тілдік бейнесінде суреттейді. Бұған В.И.Карасиктің мына пікірі де айқын дәлел бола алады: «әр ұлттың өзіне тән аксиологиялық ерекшелігін көрсететін лингвомәдени құндылықтар – дүниенің тілдік бейнесінің жеке фрагменттері ретінде вербалданыш, тілдегі дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің ұлгіленген таңбаларына айналады» [102, с. 141-142].

Лингвомәдени құндылықтар – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) концептуалды дүние бейнесінің негізінде жатқан ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесін таңбалай отырып, тілдегі аксиологиялық дүние бейнесінің өзгешелігін сипаттайты.

Лингвомәдени құндылықтар – аксиологиялық компоненттерден (аксиологиялық мәндер мен бағалау өлшемдерге ие ұлттық-мәдени семантикалық матрица) тұратын, бастапқы және ассоциативті мәндерді жарыққа шығаратын тұрақты тілдік таңбалардың (фразеологизм, тұрақты тенеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) кең шоғыры ретінде этнос өкілдерінің ұлттық-мәдени кодтық жүйесін интерпретациялауға қатысады.

Лингвомәдени құндылықтарды отандық және ресей ғалымдары, атап айтқанда, З.К.Ахметжанова «аксиологиялық лингвомәдени бірліктер», Н.Н.Казыұб, А.А.Кретов, Е.В.Долбилова, Е.А.Нахимова «аксиологемалар» деп атауды ұсынады.

З.К.Ахметжанова аксиологиялық лингвомәдени бірліктерді белгілі бір ұлттың аксиологиялық дүние бейнесі мен этнотілдік санасының құндылықтық бағдарын, «жақсы/жаман» бағалау өлшемдерін белгілейтін вербалды және бейвербалды бірліктер ретінде түсіндірсе [65, с. 385], Н.Н.Казыұб оны этномәдени ұжымның тілдік жүйесінде аксиологема-сөз, аксиологема-тіркес, аксиологема-паремия және т.б. түрінде көрініс беретін құндылық мәнді презентатортар ретінде пайымдайды [103, с. 88]. Е.А.Нахимованың пікірінше, аксиологемалар – құндылық мәнді компоненттерден (ұнамды/ұнамсызы) құралған танымдық құбылыс [104, с. 27]. Осы тұжырымдарды саралай келгенде, аксиологемалар (лингвомәдени құндылықтар) – этностың ұлттық-мәдени аксиологиялық дүние бейнесі мен қоршаған айналасындағы материалдық-рухани мәдениетін құраушы заттар мен құбылыстарға, рәсімдер мен ғұрыптарға, оқигалар мен жағдаяттарға деген құндылықтық бағдарын және

олардың жағымды-жағымсыз аксиологиялық мәндерін таңбалайтын бағалауыштық сипаттағы вербалды және бейвербалды бірліктер.

Аксиологемаларға төмендегідей белгілер тән:

- аксиологемалар – ұлттық-мәдени құндылықтармен сәйкестену арқылы этномәдени деректердің жасалуын, түрленуін, сақталуын қамтамасыз ететін семиологиялық тетіктер қызметін атқарады;
- аксиологемалар – этномәдени ұжымның белгілі бір объекті туралы жағымды-жағымсыз аксиологиялық мәндерін білдіреді;
- аксиологемалар – денотативтік (затдеректік) және коннотативтік, пресуппозициялық, семантикалық және прагматикалық түрлі деңгейлі мағыналардың динамикалық байланысы нәтижесінде қалыптасады;
- аксиологемалар – дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің бөлігін (фрагмент) құрайтын этномәдени атаулар мен ассоциациялану негізінде қалыптасқан атауларды жүзеге асыратын ұлттық-мәдени атауыштық кеңістік түрінде рәсімделеді [103, с. 90].

Құрылымы мен танымы әртүрлі қазақ (түркі тілдерінің қыпшақ тілдер тобы), орыс (ұндіеуропа тілдерінің шығыс славян тілдер тобы) және ағылшын (ұндіеуропа тілдерінің батыс герман тілдер тобы) тілдерінің сөздік қорында сақталған аксиологемалардың (тұрақты теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, фразеологизм, паремия) тасасында жатқан ұлттық-мәдени стереотиптер арқылы әр этностың аксиологиялық дүние бейнесінің ерекшеліктері анықталады. Аксиологемалар – этномәдени сананың өзіндік құндылық табигатын сипаттайтын этнотілдік санадағы таптаурындалған ұлттық-мәдени бояуы қанық символдық, эталондық таңбалар болғандықтан, оларды отандық ғалым Г.И.Исина «аксиологиялық стереотиптер» қатарына жатқызыса [24, с. 239], Ресей ғалымы Е.А.Андреева «аксиологиялық фразеогештальттар» [105], Н.А.Сидорова «аксиологиялық коммуникативтік гештальт» ретінде қарастырады [106].

Тұжырымдай келгенде, аксиологемалық стереотиптердің ішкі тұлғасын хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау) құрайды. Хрематонимдер мен скриптонимдер – әр этномәдени ұжымның (қазақ, орыс, ағылшын) төл тарихымен бірге біте қайнасып, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан мұрағаттық қазынасы. Олар үйітқы болған осындағы таптаурынды таңбаларды (фразеологизм, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) аксиологемалық стереотиптер деп атауға болады. Себебі, кез келген этномәдени ұжымның аксиологемалық стереотиптері сол халықтың өзіне тән дүниесінің ұлттық-мәдени құндылық бейнесін айшықтайды және өзіндік даралығын танытады, ұлттық ділі мен мінезінен ақпарат беретін этнолингвоменталды таңба моделі болып табылады.

Этномәдени санада символдық, эталондық бейнелер түрінде қалыптасқан ұлттық-мәдени стереотиптер этнотілдік сана элементтері – аксиологемалық стереотиптерде фреймдер түрінде бекіп, хрематонимдер мен скриптонимдер негізінде айқындалады. Ұлттық-мәдени фреймдер – әр этностың (қазақ, орыс,

ағылшын) дәстүрлі санасында берік сақталған, эмотивті көңіл-күйіне қозғау салып, жан дүниесіне айырықша әсер еткен қоршаған айналасындағы зат пен құбылыс, рәсім мен ғұрып, оқиға мен жағдаят көріністерінің стереотиптелген ойсуреттері.

Хрематонимдер мен скриптонимдер – этномәдени ұжымның дәстүрлі стереотипті танымымен ұштасатындықтан, оларға таптаурындық сипат тән. Аксиолемалық стереотиптерде ұйытқы компоненттер ретінде уәжделген осындай ұлттық-мәдени кодтық таңбалар эталондық, символдық коннотацияларды түспалдай отырып, перцептивті бейне, менталды сурет түрінде жинақталған ұлттық-мәдени фреймдердің танылуын қамтамасыз ететін атрибуттар ретінде дүниенің аксиологиялық бейнесін кескіндеуге қатысады.

Аксиолемалық стереотиптер (фразеологизм, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) бес құрылымдық қабаттан құралады: 1) хрематоним мен түсінікті немесе скриптоним мен түсінікті байланыстыратын тұрақты тілдік таңбалардың өзегі; 2) тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін ұлттық-мәдени код; 3) тұрақты тілдік таңбаларда бекіген аялық білім көрсеткіші – ұлттық-мәдени фрейм; 4) тұрақты тілдік таңбалар семантикасы (тілдік және мәдени); 5) тұрақты тілдік таңбалардың ассоциативті бейне түзетін аксиологиялық мәндері (жағымды/жағымсыз этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, психологиялық, валеологиялық, параметрлік және т.б.). Аталмыш қабаттар тілдік қатысымда (коммуникация) аксиолемалық стереотиптердің тұтас жиынтық бейнесін презенттеуге қатысады.

Мәселен, «*табалдырықта тұру*», «*перепрыгнуть через порог*» (сөзбе-сөз ауд. *табалдырықтан секіру*), «*to carry over the threshold*» (сөзбе-сөз ауд. *табалдырықтан көтеріп өткізу*) фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени стереотиптер былай айқындалады: «*табалдырық*», «*порог*», «*threshold*» хрематонимінде (заттық-мәдениет деректі атау) әр этностың өзіне тән түсінігі сақталып, «баспана, үй» ұлттық-мәдени кодта вербалданады. Келтірілген аксиолемалық стереотиптерде қазақ, орыс және ағылшын халықтарының салт-жоралғыларына қатысты фреймдері берілген. Тарқатып айтқанда, байырғы қазақы ортада құн дауы шешілмей, құн сұраушы қарсы жақтың босағасын керіп, табалдырығында тұрган [25, б. 65]. Орыс ұлтының ежелгі некелесу ғүрпінда қалыңдығын алғып кетуге келген күйеу жігіт қыз үйінің табалдырығынан секіретін болған [107]. Ағылшын халқының көне үйлену жосыны бойынша күйеу жігіт өз қалыңдығын үйінің табалдырығынан көтеріп кіргізген [108]. *Табалдырық* – қазақ этномәдени санасында дүшпанның құтберекесін қашыруды, *порог* – орыс этномәдени санасында кедергіні женуді, *threshold* – ағылшын этномәдени санасында бақыт пен сәттілікті рәміздеген. Осы ұлттық-мәдени код құраушы хрематоним мен фреймдер түрінде бекіген аялық білімге қатысты ақпараттар фразеологизмдердің семантикасын ашуға және олардың аксиологиялық мәндерін түсінуге көмектеседі. Айталық, «*табалдырықта тұру*» фразеологизмінің семантикасы – жамандық шақыруды, аксиологиялық мәні – «берекесіздік» жайлы жағымсыз этикалық, психологиялық бағалауды білдірсе, «*перепрыгнуть через порог*»

фразеологизмінің семантикасы – кедергіден өтуді, аксиологиялық мәні – «жеңіс» туралы жағымды психологиялық бағалауды, **«to carry over the threshold»** фразеологизмінің семантикасы – сәтсіздікке ұшырамауды, аксиологиялық мәні – «бақыт» жайлы жағымды психологиялық бағалауды білдіреді.

«Қуанарлығы сол, Бибісі *аузына берік*» (А.Нұсіп. Тұтінің өшпесін, 10 б.).

«Дети как дети. Жена? Господи, *какая же у нее постная физиономия!*» (М.Метлицкая. Фиалки на десерт, 44 б.).

«*You little Jack-a-lent, have you been true to us?*» (William Shakespeare. Poems and Plays. V.8, 118 б.).

«*Аузы берік*», «*постная физиономия*», «*little Jack-a-lent*» фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени стереотиптер былай анықталады: «*ораза*», «*пост*», «*лент*» скриптонимінде (рухани мәдениет деректі атап) әр халықтың өзіне тән түсінігі сақталып, «діни рәсім» ұлттық-мәдени кодта сипатталады. Берілген аксиологемалық стереотиптерде қазақ, орыс, ағылшын ұлттарының діни ғұрыптарының перцептивті бейнелері (фрейм) көрініс берген. Атап айтқанда, қазақ халқы қасиетті рамазан айында Алла Тағала разылығы үшін таңыңғы атысынан күннің батысына дейін отыз күн ауыз бекітіп, ішіп-жеуден, өсек-ғайбаттан, барлық харам істерден тыйылып ораза ұстайды [109]. Православиелік христиандар жылына төрт рет ораза ұстайды. Олар: «Рождественский пост» (*Рождестволық ораза*), «Великий пост» (*Ұлы ораза*), «Петров пост» (*Петров оразасы*), «Успенский пост» (*Успенский оразасы*) деп аталады. Аталмыш оразаларда орыс халқы ауыз бекітпей, тек ет, сүт, майлы тағамдардан бас тартып, ораза тағамдарын (постная пища) ғана жейді [110]. Батыс христиан күнтізбесі бойынша ағылшын халқы көктем мезгілінде қырық күн ораза тұтады. Олар ораза күндері отбасылық мерекелерден (үйлену тойы, туған күн), ішімдік пен тәттілерден (шоколад), зәйтүн майынан жасалатын тағамдар мен ет тағамдарынан бас тартады. Байыргы ағылшын халқы оразаның алғашқы күнінде сабаннан жасалған **«Jack-a-lent»** атты қуыршақты алаңға орнатып, оған қырық күн бойы тас пен балшық атып, оны оразаның соңғы жексенбісінде өртейтін болған [111]. *Ораза* – қазақ діни санасында төзімділіктің, сабырлықтың, қайырымдылықтың нышаны ретінде рәмізделсе, *пост* – орыс діни санасында тазарудың белгісі, *лент* – ағылшын діни санасында жанның күнәдан арылуын ишаралаған. Осы ұлттық-мәдени код құраушы скриптонимдер мен фрейм түрінде сақталған аялық білімге қатысты деректер фразеологизмдер семантикасын ашуға және олардың аксиологиялық мәндерін түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, «*аузы берік*» фразеологизмінің семантикасы – құпия сақтауды, аксиологиялық мәні – сыршыл, құпияға берік, біртоға қыздың ұнамды этикалық бейнесін; «*постная физиономия*» фразеологизмінің семантикасы – тұңжырауды, аксиологиялық мәні – қабағы ашылмайтын, көңілсіз жүретін әйелдің ұнамсыз этикалық, психологиялық бейнесін; «*little Jack-a-lent*» фразеологизмінің семантикасы – кекету мен мазақтауды, аксиологиялық мәні – әркімнің қолшоқпарына айналған адамның ұнамсыз этикалық бейнесін суреттеген.


Қорыта келгенде, аксиологемалық стереотиптердің құндылықтық сипатын талдау арқылы бағалаудың негізі мен түрлерін анықтауға, образдар аналогиясын сипаттауға, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіктерін экспликациялауға мүмкіндік туады.

Аксиологемалық стереотиптерге: а) кешенділік (этномәдени сана мен этнотілдік сананың бірлігінен қалыптасқан интегралды туынды); ә) менталдық және вербалдық (этнолингвоменталды құбылыс); б) компоненттілік (а) ұлттық-мәдени құндылық негізді; ә) ұлттық-мәдени ұғымдық; б) ұлттық-мәдени ассоциативті-бейнелі); в) тұрақтылық; г) ықшамдылық; ғ) символдық; д) эталондық; ж) бейнелілік сияқты белгілер тән.

Аксиологемалық стереотиптер танымдық, ұлттық-мәдени кодтық, құндылықтық қызмет атқарады. Аталмыш қызметтері төмендегідей мәселелерді шешуге жол ашады:

- этномәдени ұжым өкілдерінің ойлау әрекетін жеңілдетеді;
- этномәдени ұжым өкілдеріне дүние бейнесін ықшамдауға көмектеседі;
- этномәдени санадағы бейнелер жүйесінің таңдалу себептерін анықтауға және дәстүрлі дүниетанымды интерпретациялауға жәрдемдеседі;
- этномәдени ұжымның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тарихи, мәдени, ұлттық, этникалық, әлеуметтік ерекшелігі туралы ақпарат береді;
- этномәдени ұжымдар арасында мәдениетаралық қатысымды жеңілдетеді;
- мағыналар тасасында жасырынған этномәдени деректерді ашуға мүмкіндік береді;
- ұлттық-мәдени құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін бірізді жүйе екенін бағамдауға жәрдемдеседі.

Тұжырымдай келгенде, аксиологемалық стереотиптер дегеніміз – әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) заттық және рухани құндылықтар дүниесін бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбалар болып табылады.



Сурет 5 - «Ұлттық-мәдени стереотип» ұғымы

#### 1.4 Аксиологемалық стереотип түрлері мен олардың жіктелімі

Аксиологемалық стереотип түрлерінің жіктелу алғышарты – тіл ғылымында стереотиптерді жіктеуге байланысты қалыптасқан қағидалардан бастау алады. Айталақ, стереотиптерді психолингвистикалық бағытта зерттеген Н.В.Уфимцева олардың екі түрін (мәдени және этникалық) атап көрсетеді. Зерттеушінің жіктелімі бойынша, мәдени стереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның өзге этномәдени ұжым өкілдеріне таныс стандартты мінез-құлқы мен тұрақты этикеттік нормаларының жиынтығы болса, этникалық стереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның санасынан тыс қалыптасқан, өзге

этномәдени ұжымға таныс емес, өзіне ғана тән атадан-балаға жалғасқан құндылықтары болыш табылады [112, с. 65-66].

Остандық және шетелдік ғалымдардың (Д.Кац, К.Брейли, О.Кленберг, Л.В.Цурикова, С.В.Гладких, Е.Л.Березович, Е.Л.Вилинбахова, Е.Е.Коптяков, А.Е.Некрасова, Ә.Қайдар, Х.А.Арғынбаев, А.Сейдімбек, Ә.Қ.Ахметов, Т.Жанұзақ, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, З.К.Ахметжанова, т.б.) еңбектеріне жүгінсек, біраз зерттеулер «этникалық стереотип» ұғымына арналғаны байқалады.

Е.Л.Березовичтің пайымдауынша, этникалық стереотип дегеніміз – белгілі бір этномәдени ұжымның мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайтын қарабайыр түсініктердің тұрақты кешені [113, с. 23]. Н.В.Сорокинаның түсінігінше, этникалық стереотип – белгілі бір этномәдени ортада өзі не өзге этнос туралы кең таралған, кескінделген, эмоционалды-бағалауыштық мәнге ие тұрақты бейне [114, с. 38].

«Этникалық стереотип» терминін В.А.Маслова, О.В.Белова, Р.В.Бухаева, т.б. «этномәдени стереотип», «этностереотип» терминдерімен мағыналас, мәндес ұғым ретінде қарастырып, оған мынандай анықтама береді: «этномәдени стереотип дегеніміз – кез келген ұлттың типтік ерекшеліктерін сипаттайтын түсініктер жиынтығы» [13, с. 13], «этномәдени стереотип – бұл бағалауыштық мәндегі бейне ғана емес, сонымен бірге дүние бейнесін құрайтын маңызды концепт» [11, с. 5], «этностереотип – белгілі бір этномәдени ұжым туралы этнотілдік санада тұрақты, стандартты ассоциациялар негізінде жинақталып, коннотациялық бояуы қанық тілдік бірліктер арқылы жарыққа шығатын пайымдаулар жиынтығы» [17, с. 99]. А.Қ.Таусоғарова этникалық стереотиптерде халықтың бағасы, құндылықтың бағдары беріліп, олардың тілдік бірліктер арқылы рәсімделетінін анықтайды [101, б.90] Демек, этникалық стереотип – этнотанбалық деректерде бейнеленген этномәдени ұжым туралы бағалауыштық мәндегі (жағымды-жағымсыз) жиынтық бейне ғана емес, сонымен бірге аксиологиялық дүниетаным арқылы туындаған ұлттық-мәдени стереотиптердің маңызды көрсеткіші.

Этникалық стереотипті С.В.Гладких мінез-құлық стереотипі және ойлау стереотипі деп екі санатқа жіктейді. Ғалымның тұжырымынша, мінез-құлық стереотипі – әлеуметтік-мәдени құрылымы жағынан стандартталған, сыртқы әсердің ықпалына ұшырамаған, ұрпақтан-ұрпаққа өнеге ретінде үзілмей жалғасып келе жатқан этникалық стереотип түрі. Яғни, этномәдени ұжымның дәстүрлі санасында жатталған мінез-құлық ерекшеліктерін, өзгелерге ұқсамайтын киім-киісі мен жүріс-тұрысын, сөйлеу әдебі мен табиғи болмысын тұтас танытатын жиынтық бейне. Ал ойлау стереотипі – этностиң экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасып, өмір сүру дағдысына айналған этникалық стереотип түрі [115, с. 60].

Этникалық стереотиптің бұл жіктелімінен бөлек, «өзім/өзге» бейнелеріне байланысты туындаитын автостереотип және гетеростереотип деген түрлері кездеседі. Автостереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның өзі туралы

өздерінің арасында кең тараған мінез-құлқын, ақыл-ой өрісін, құндылық бағдарын кескіндейтін тұрақты түсініктерінің тілдегі бейнесі болса, гетеростереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи қарым-қатынасына байланысты туындаған өзге этномәдени ұжым туралы тұрақты көзқарастарының тілдегі көрінісі болып табылады. Мысалы, «*Қазақтың ақылы көзінде, қасиеті сөзінде*» паремиясында аталы сөзді киелі культке балайтын қазақ халқының данагөйлік, ділмарлық қасиеттері автостереотиптесе, «*Русский в словах горд, в делах тверд*» паремиясында орыс халқының аз сөйлеп, көп іс тындыратын, өз ісіне адал, беріктігін айшықтайтын мінез-құлқы автостереотиптеген. «*An Englishman word is his bond*» паремиясында да ағылшын халқының ұстамдылығын, өз сөзіне беріктігін сипаттайтын автостереотипі көрініс берген. «*Bond*» (сөзбе-сөз ауд. байланыс) – ағылшын этномәдени кеңістігінде сенімнің, келісімнің, достықтың символы ретінде интерпретацияланады. Ал, «*Түрікмен төрін бермес*» паремиясында қазақ халқының көршілес түрікмен халқы туралы гетеростереотипі бейнеленген. Аталған гетеростереотиптің туындауына түрікмен жұртының салт-дәстүрі негіз болған. *Tөр* – атадан-балаға жалғасқан мұрагерге тиесілі сакральді орын санағандықтан, түрікмендер өзге, бөтен елдің азаматын төріне отырғызбайды [116]. «*Кивать как жид на молитве*» тұрақты теңеуінде орыс халқының еврей жұрты жайлы гетеростереотипі кескінделген. Аталмыш гетеростереотиптің қалыштасуына еврей халқының діни рәсім кезіндегі бас изеу ишарасы ықпал еткен. «*To have danced at an Irish wedding*» фразеологизмінде ағылшын халқының ирландықтар туралы гетеростереотипі суреттелген. Бұл гетеростереотиптің жасалуына ирландықтардың үйлену тойындағы дәстүрлі биі уәж болған.

Автостереотип пен гетеростереотип этномәдени ұжымның бағалау өлшемдері негізінде пайда болатындықтан, олардың мазмұны эмоционалды-бағалауыштық реңктерге бай келеді.

Кез келген этномәдени ұжым өзінің не өзгенің бейнесін жасау үшін визуалды көрген, таныған, ой елегінен өткізген ақиқат дүниелеріне сүйенеді. Сол ақиқат дүниелер туралы түсініктер мен пайымдаулардың ұнамды не ұнамсыз болуына қарай автостереотип пен гетеростереотиптің жағымды не жағымсыз коннотациялық мазмұны жасалады [35, б. 71].

Автостереотип пен гетеростереотипті басқа терминдік атаулармен (эндостереотип және экзостереотип) атап, оларды мәдениетаралық қатысымының парадоксы ретінде қарастырған О.А.Леонтовичтің пікірінше, эндостереотип – өзге этномәдени ұжым туралы сыртқы стереотипті мензесе, ал экзостереотип – этномәдени ұжымның өзі туралы ішкі стереотипті білдіреді [117, с. 240].

Зерттеуші-ғалымдар (К.Веннекер, Д.Вигболдус, П. ван Каппеллен, М.Б.Бергельсон, В.А.Маслова, Ю.Е.Прохоров, Р.В.Бухаева, Г.И.Исина, З.К.Ахметжанова, Ж.М.Уматова, С.Фурта, С.К.Сансызбаева, т.б.) этникалық стереотиптердің (автостереотип және гетеростереотип) төмендегідей қызметтерін атап көрсетеді:

- құндылықтың (өзінің және өзге этномәдени ұжымның дәстүрлі құндылықтар жүйесін сақтауға ықпал етеді);
- коммуникативтік (этномәдени ұжымның өз ішінде және өзге этномәдени ұжым ішінде ақпарат алмасуын қамтамасыз етеді);
- танымдық (этномәдени ұжымның жеке дүние бейнесі мен сыртқы дүние бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді).

А.В.Павловскаяның зерттеуінде, стереотип: астырт және үстірт стереотиптерге бөлінеді. Астырт стереотип – этномәдени ұжымның бірегей ақпараттар көзі ретінде сақталған тұрақты стереотип. Үстірт стереотип – этномәдени ұжым туралы ұлтаралық, саяси, тарихи оқиғалар мен уақытша факторлар негізінде қалыптасқан стереотип. Яғни, тарихи реалияларға байланысты туындаған бейнелі түсінік. Үстірт стереотип – өзгеріске бейім тұратындықтан, оның қызмет ету мүмкіндігі қоғамның тұрақтылығына тікелей қатысты. Астырт стереотиптің этномәдени ұжымның құнкеріс кәсібі мен тыныс-тіршілігіне қатысты пайда болған сыртқы стереотип деп аталатын түрі – ұлттық болмысты танытуға айырықша қызмет етеді. Сыртқы стереотип – этномәдени ұжым өмірінде жиі болып тұратын байланыстарға қарамастан, өзгеріске баяу түседі. Ол – этномәдени ұжым өмірінің ажырамас атрибуты саналады [118, с. 36-37].

Ю.Е.Прохоров өз зерттеуінде тілдесім (сөйленім) стереотиптерін белгілі бір ұлттың стандартты мәдени қарым-қатынас жағдаятына арналған нормативті-локальді ассоциация түрінде тілдік қатынаста жүзеге асырылатын этномәдени маркерлі лингвальді-ментальді кешен бірлігі ретінде қарастыра келе, оларды қатысым әрекетінің ішкі этномәдени және сыртқы этномәдени стереотиптері деп белуді ұсынады. Зерттеушінің көзқарасы бойынша, қатысым әрекетінің ішкі этномәдени стереотипі – тұлғаның әлеуметтенуінің коммуникативтік және әлеуметтік-реттеуші компоненті болса, ал қатысым әрекетінің сыртқы этномәдени стереотипі – мәдениетаралық қатысымды тиімді жүзеге асыру үшін әр этномәдени ұжымның коммуникативтік стереотиптерін басшылыққа алуға негізделген қатысымдық стратегияның өзіндік ұлттық бейнесі (ұлғі, концепт) [14, с. 84-101]. Сондай-ақ, ғалым тілдік тұлғаның вербалды коммуникация барысында: а) сөйлемдердің типтік құрылымдық сызбалары; ә) жеке және әлеуметтік «дүние бейнесінің» негізгі ерекшеліктерін бейнелейтін жалпы айтылыстар; б) прецедентті мәтіндер (атаулар, дәйексөз, кейіпкердің, автордың есімдері) сияқты үш түрлі тілдік стереотиптерге жүгінетінін атап көрсетеді [14, с. 149].

Т.М.Николаева өзінің «Речевые, коммуникативные и ментальные стереотипы: социолингвистическая дистрибуция» атты мақаласында стереотиптерді үшке (тілдесім (сөйленім) стереотипі, коммуникативтік стереотип және менталды стереотип) жіктең, оларға мынандай түсініктеме береді: тілдесім (сөйленім) стереотипі дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің сөйлеу әрекетінде тұтас айтылыс немесе айтылыс үзіндісі ретінде жұмсалатын бағалауыштық реңктең (жағымды-жағымсыз) бөгде сөз элементтері (өзге автордың қанатты сезі, афоризмі, т.б.). Коммуникативтік

стереотип дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің іскери қарым-қатынасында (жиналыс, конференция, кездесулер, т.б.) жіңі байқалатын мінез-құлық белгілерін және сез әдебін білдіретін этикеттік үлгілер мен сез оралымдар. Менталды стереотип дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің ұнамды не ұнамсыз мінез-құлық белгілерін сипаттауға байланысты қалыптасқан айтылыштар [119, с. 112-131].

В.В.Красных өз зерттеуінде стереотиптерді ментефактілер жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде айқындала, олардың стереотип-құлық және стереотип-түсінік деген түрлерін ажыратып жіктейді. Ғалымның тұжырымы бойынша, стереотип-құлық – белгілі бір жағдаятқа құрылған қатысымдық құлықты анықтайтын және канон түрінде көрініс беретін сана штампы (ассоциативті-формальді бірлік) болса, стереотип-түсінік – сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асатын, этalon түрінде сақталған сана клишесі болып саналады. Стереотип-түсінік екі түрге белінеді: а) стереотип-бейне (клише: ара – еңбеккор, есек – бірбеткей, қой – қырсық, т.б.) және ә) стереотип-жағдаят (клише/штамп: билет – компостер, кітапхана – тыныштық, тырна – орамжапырақ, т.б.) [15, с. 117].

Стереотиптердің мәдениетаралық қатысымдағы қызметін айқындаған И.Н.Жукова оларды жағымды және жағымсыз стереотиптерге бөледі. Зерттеушінің пайымдауынша, аталған стереотиптер – белгілі бір этномәдени ұжым мен әлеуметтік топ өкілдерінің діліне, тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқына, киім-киісіне, жүріс-тұрысына берілген оң және теріс пікірлерден қалыптасады [120, с. 396].

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы стереотиптерге дискурсивті талдау жүргізген А.Е.Некрасова оларды төрт ірі топқа жіктең, әр топқа жататын стереотиптерді айқындайды. Ғалым бірінші топтағы стереотиптерге: стереотип-топоним (қала, мемлекет атауларына қатысты стереотип) мен стереотип-этнонимді (белгілі бір этномәдени ұжым туралы стереотип); екінші топтағы стереотиптерге: стереотип-мінездемені (белгілі бір этномәдени ұжым мен әлеуметтік топ өкілдерінің мінез-құлқын, сыртқы келбетін сипаттауға қатысты туындаған стереотип); үшінші топтағы стереотиптерге: стереотип-сценарийді (белгілі бір этномәдени ұжымның ұлттық ділдік ерекшеліктеріне баға беруге қатысты туындаған стереотип); төртінші топтағы стереотиптерге: сыртқы стереотипті (белгілі бір этномәдени ұжымның өзіне тән материалдық құндылығына қатысты туындаған стереотип) жатқызады [121, с. 15-16]. Мысалы, стереотип-топонимге: «*Ұлы Дала елі*» (Қазақстан), «*Қызғалдақтар елі*» (Голландия), «*Таңғы балғындық елі*» (Оңтүстік Корея), «*Аспан асты елі*» (Қытай), «*Страна восходящего солнца*» (Жапония), «*Туманный Альбион*» (Ұлыбритания), «*The land of Cakes*» (Шотландия), «*The land of the Rose*» (Ұлыбритания), «*The land of the golden fleece*» (Австрия), т.б. стереотиптер жатса, стереотип-этнонимге: «*қарға тамырлы қазак*», «*кәрі орыс мұсылман болмайды*», «*русский человек без родни не живет*» (сөзбе-сөз ауд. орыс жүрті туыстарының өмір сүрмейді), «*галантный как француз*» (сөзбе-сөз ауд. француздай тым сипайы), «*an Englishman's privilege to grumble*» (сөзбе-сөз ауд. сөзуарлық – азылишынның артықшылығы), «*one Englishman can beat*

*three Frenchmen*» (сөзбе-сөз ауд. бір ағылшын үш французды жеңеді), т.б. автостереотиптер мен гетеростереотиптерді, стереотип-мінездемеге: «қаралық» (қазақ қызы), «қарадомалақ» (қазақ баласы), «голубоглазые» (орыстар), «узкоглазые» (қытайлар), «lily-white» (ағылшындар мен американдықтар), «yellow man» (қытайлықтар), т.б. секілді этномәдени ұжым өкілдерінің түр-әлпеті негіз болған стереотиптерді, стереотип-сценарийге: «Еру ел ерулік берер, көшпелі ел көмек берер», «Русский человек хлеб-соль водит» (сөзбе-сөз ауд. орыс жүртүнан мен тұз алып шығады), «When two Englishmen meet each other, their first talk is about weather» (сөзбе-сөз ауд. екі ағылшын кездессе, бірінші әңгімесі ауа-райына арналады) этномәдени ұжымның тұрмыс-тіршілігі мен ділін бейнелейтін стереотиптерді, сыртқы стереотипке: «киіз үй», «изба», «castle», т.б. артефактілерден туындаған стереотиптерді жатқызуға болады.

Н.В.Сарокина стереотиптерді антропостереотип, оқиғалық стереотип, заттық стереотип деп аталатын үш топқа топтастырып, оларды ішінде бірнеше түрге жіктейді. Мысалы, антропостереотипті жеке және әлеуметтік (гендерлік, жастық, кәсіптік, нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, аймақтық, саяси, т.б.) стереотиптерге, ал заттық стереотипті заттық және ұғымдық стереотиптерге бөледі. Зерттеушінің дәлелдеуінше, антропостереотип дегеніміз – жеке тұлға мен әлеуметтік топ өкілдерінен, этномәдени ұжымға бағытталған стереотип. Оқиғалық стереотип дегеніміз – тарихи оқиғалар негізінде пайда болған стереотип. Заттық стереотип дегеніміз – ақиқат дүниедегі заттар мен олардың символикалық мәніне байланысты туындаған стереотип [122, с. 124-125].

Бурят тіліндегі этномәдени тілдесім (сөйленім) стереотиптерін зерттеген Р.В.Бухаева оларды тілдік сана стереотипі және тілдесім (сөйленім) әрекетін ұйымдастыру стереотипі деп жіктейді. Ғалымның пікірінше, тілдік сана стереотипі – этномәдени ұжымның өзіне тән ұлттық ұғымдары таңбаланған лингво-менталды құрылым. Ол – менталды стереотиптер мен стереотип-концептілерден тұрады. Менталды стереотип дегеніміз – дүниенің концептуалды бейнесінің кейбір фрагменті, ұлттық-мәдени сөз-бейнелерден құралған менталды «сурет», вербалды «қабықша», зат пен жағдаят туралы этномәдени маркерлі тұрақты түсінік. Стереотип-концепт дегеніміз – этномәдени ұжымның ұлттық санасында фрейм, гештальт, скрипт, сценарий арқылы құрылымдалатын таптаурындалған этномәдени концептуалды жүйе. Тілдесім (сөйленім) әрекетін ұйымдастыру стереотипі деп – этномәдени ұжымның белгілі бір қатысымдық жағдаятында рәсімге айналған коммуникативтік-құлықтық стереотиптерін (кинесика, проксемика, сөз этикеті, сұхбаттық реплика, коммуникативтік, тілдік, тілдесім стереотиптері) айтамыз. Коммуникативтік стереотип – әлеуметтік, мәдени, психологиялық, қатысымдық мағыналарға ие этномәдени ұжымның стандартталған сөз этикеті [17, с. 70-77].

Остандық тіл ғылымында Б.Хасанұлы, Г.Шоқым, А.Байғұтова, Н.Өтеген гендерлік стереотиптерге, Н.Уәли менталды стереотиптерге, Г.Исина, Г.Имашева, А.Кәріпжанова ұлттық-мәдени стереотиптерге, З.Ахметжанова, Ж.Абильдинова этностереотиптерге, А.Әлметова әлеуметтік-мәдени

стереотиптерге, А.Әмірбекова, К.Құсманова, С.Сансызбаева стереотип-бейнелер мен стереотип-жағдаяттарға, Р.Омарова мәдениетаралық стереотиптерге айқындалалар беріп, талдау жасаған.

Ғалым Г.И.Исина өзінің докторлық диссертациясында стереотиптерді этникалық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік, кәсіби стереотиптерге бөледі. Зерттеушінің тұжырымыныша, аталған стереотиптер – белгілі бір этностың өзіне тән мінез-құлық белгілерін, этникалық, тарихи, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін (салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, діни нағым-сенімін, т.б.), әлеуметтік-саяси жағдайын білдіретін ассоциациялар кешенінен құралған жиынтық бейнелер болып саналады [24, с. 190].

Г.О.Сейдалиева стереотиптің 7 түріне (құлықтық стереотип, мінез стереотипі, дәстүрлі стереотип, этностереотип, ұлттық стереотип, әлеуметтік стереотип, саяси стереотип) анықтама береді. Зерттеушінің пікірінше, құлықтық стереотип дегеніміз – ұлт санасында тыйым ретінде стереотиптеген түсінік. Мінез стереотипі – ұлтқа не халыққа тән айшықты мінез үлгісі. Дәстүрлі стереотип – ұлт санасында стандартты норма күйінде сақталған салт-дәстүрлер жиынтығы. Этностереотип – белгілі бір этнос туралы, оның менталитеті мен стандартты құлықтары, мінезі, тұрмыс-тіршілігі туралы сыртқы (гетеростереотип) және жеке (автостереотип) таным-түсініктер көрінісі. Әлеуметтік стереотип дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік топ немесе әлеуметтік жағдай (байлық-кедейлік) туралы тұрақты бейне. Ұлттық стереотип – бір ғана ұлттың болмысына, таным-түсінігіне, жалпыадамзаттық дүниетанымға ортақ қолданыс. Саяси стереотип – саяси кеңістікті қалыптастыратын саяси түсініктің немесе әрекеттің тұрақты және бұқаралық болмысы [35, б. 67-113].

Жоғарыда ұсынылған әлемдік және отандық лингвист-ғалымдардың жіктелімдері жалпы стереотип ұғымына арналған. Ұлттық-мәдени стереотип – белгілі бір этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіне тән болмысын танытатын эталондық, символдық бейне; этноменталды және этновербалды құрылымдардан тұратын этнолингвоменталды құбылыс; этнос өкілдерінің аксиологиялық дүние бейнесін айшықтайтын ұлттық-мәдени кодтық бірлік; этномәдени сана мен этнотілдік сана бірлігінен қалыптасқан интегралды туынды; ұлттық ділдік (менталитет) құрал; тұрақты тілдік таңбалар арқылы таптаурындалған дүниенің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі; аялық білім көрсеткіші; хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атап) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атап) және олардың этноконнотациялары арқылы анықталатын белгі; тұрақты тілдік таңбаларда (фразеологизм, тұрақты тенеу, метафора, синекдоха, метонимия, паремия) ұлттық-мәдени фреймдер арқылы берілетін концептуалды дүние бейнесінің үзіндісі; ұлттық бояуы бар құндылық мәнді құбылыс болғандықтан, оны аксиологемалық стереотип ретінде қарастырамыз.

Сонымен, аксиологемалық стереотиптер дегеніміз – хрематонимдер мен скриптонимдерден уәжделген ұлттық-мәдени кодтық бірліктер, таптаурынды жағдаяттардың перцептивті бейнесін, ойсуретін, менталды көрінісін

тасымалдайтын аялық білім көрсеткіштері, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділерін кескіндейтін тұрақты тілдік таңбалар.

Аксиолемалық стереотиптер бес құрылымдық қабаттан тұрады. Осыған орай, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиолемалық стереотип түрлерін топтастыруда және олардың өзіндік даралығын айқындауда контрастивті әдіске сүйенеміз.


Аксиолемалық стереотиптердің бірінші құрылымдық қабатын хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау) құрайды. Олар ұйытқы компонентіне байланысты екі түрге бөлінеді: 1) Хрематонимді аксиолемалық стереотиптер; 2) Скриптонимді аксиолемалық стереотиптер.

Хрематонимді аксиолемалық стереотиптер – бір ғана ұлттың күнделікті тұрмысында жиі қайталану арқылы этнотілдік санасында фреймдер түрінде жатталған, заттық мәдениет деректі код құраушы хрематонимдері ұйытқы болған, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділері айшақталған тұрақты тілдік таңбалар.

Скриптонимді аксиолемалық стереотиптер – бір ғана ұлттың дәстүрлі тұрмысында үнемі қайталану нәтижесінде этнотілдік санасында фреймдер түрінде сақталған, ғұрыптық код құраушы скриптонимдері (рухани мәдениет деректі атау) негіз болған, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділері айшақталған тұрақты тілдік таңбалар.

Аксиолемалық стереотиптердің екінші құрылымдық қабаты хрематонимді топ пен скриптонимді топтан түзілетін ұлттық-мәдени кодтардан құралады. Хрематонимді аксиолемалық стереотиптер: а) «үй, баспана»; ә) «тұрмыстық зат»; б) «вестонимдік»; в) «гастронимдік»; г) «музыкалық аспап» ұлттық-мәдени кодтық аксиолемалық стереотиптер тобынан тұrsa, скриптонимді аксиолемалық стереотиптер: а) «салт-дәстүр»; ә) «діни рәсім»; б) «мереке»; в) «оыйн» ұлттық-мәдени кодтық аксиолемалық стереотиптер тобынан тұрады. Аксиолемалық стереотиптердің (хрематонимді және скриптонимді) үшінші құрылымдық қабатын аялық білім көрсеткіші – ұлттық-мәдени фрейм (таптаурынды жағдаяттың ойсуреті, перцептивті бейнесі, менталды көрінісі) құрайды. Аксиолемалық стереотиптердің (хрематонимді және скриптонимді) төртінші құрылымдық қабаты семантикадан (тілдік және мәдени) тұрады. Аксиолемалық стереотиптердің (хрематонимді және скриптонимді) бесінші құрылымдық қабаты ассоциативті бейне түзетін аксиологиялық мәндерден (жағымды/жағымсыз этикалық, эстетикалық, зияткерлік, утилитарлық, психологиялық, валеологиялық және т.б.) құралады.

Түйіндей келгенде, хрематонимді аксиолемалық стереотип пен скриптонимді аксиолемалық стереотип – әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) заттық және рухани мәдениетінің көріністері, ұлттық-мәдени код элементтері сақталған лингвомәдени құндылықтары. Осымен байланысты, аксиолемалық стереотиптердің төмендегідей жіктелімін ұсынуға болады.



Сурет 6 - Аксиологемалық стереотип түрлері мен олардың жіктелімі

Контрастивті әдістің үш ұстанымын негізге ала отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі хрематонимді аксиологемалық стереотиптер мен скриптонимді аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарының ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындауға болады.

### **1. Семантиканың ұлттық-мәдени өзгешелігі.**

Бұл ұстаным бойынша:

- тұрақты тілдік таңбалардағы этномәдени хрематонимдердің денотативті және коннотативті аяларының сәйкес келмеуі;

- тұрақты тілдік таңбалардағы скриптонимдердің денотативті және коннотативті аяларының сәйкес келмеуі;

- тұрақты тілдік таңбалардағы әмбебап хрематонимдердің коннотативті аяларының сәйкес келмеуі;

- тұрақты тілдік таңбалардағы әмбебап скриптонимдердің коннотативті аяларының сәйкес келмеуі;

### **2. Семантиканың ұлттық-мәдени концептуалдық өзгешелігі.**

Бұл ұстаным бойынша:

- тұрақты тілдік таңбалардағы перцептивті бейне, ойсурет, менталды көрініс түрінде орнықсан таптаурынды жағдаяттардың сәйкес келмеуі;
- аялық білімнің сәйкес келмеуі;

**3. Семантиканың ұлттық-мәдени аксиологиялық өзгешелігі.** Бұл ұстаным бойынша:

- дүниенің құндылық бейнесінің сәйкес келмеуі;
- тұрақты тілдік таңбалардағы аксиологиялық мәндердің сәйкес келмеуі;
- тұрақты тілдік таңбалардағы ассоциативті бейненің сәйкес келмеуі, т.б. мәселелер ескеріледі.

### **1.5 Аксиолемалық стереотиптің коммуникативтік табиғаты**

Ұлттық-мәдени стереотиптер – этнос өкілдерінің тілдік қатынасында (коммуникация) қалыптасып, жүзеге асады. Олардың мәдени-танымдық-құндылықтың негіздері аксиолемалық стереотиптер арқылы көрінеді.

«Коммуникатор – мәтін – коммуникант» байланысынан түзілетін тілдік қатынаста аксиолемалық стереотиптер – дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіндісін (фрагмент) тасымалдайтын тұрақты таңба ретінде жұмсалады. Олар – мәтінге (көркем мәтін, медиамәтін, т.б.) аксиологиялық мән үстей отырып, коммуникатор (автор) мен коммуникант (оқырман) арасындағы тілдік қатынасты ұйымдастыруға ықпал етеді. Яғни, аксиолемалық стереотиптер – мәтіннің ұлттық-мәдени компоненті ретінде автор мен оқырманның құндылықтар әлемін сабактастырады.

Қазіргі тіл ғылымында аксиолемалық стереотипті коммуникативтік бірлік ретінде айқындастырып, бірнеше пайымдау бар. Атап айтқанда, Ю.Е.Прохоров: «коммуникативтік стереотип – этностиң тілдік қатынасында жиынтық бейне түрінде ұйымдастырылатын бағалауыштық мәндегі тұрақты таңба» - деп түсіндірсе [14, с. 311], П. ван Каппелленнің зерттеуінде, этностиң мінез-құлық нормаларын, құндылық бағдарын таңбалайтын мәдени кодтың бірлік ретінде тұжырымдалады [123]. С.Е.Никитина: «коммуникативтік стереотип – этнос өкілдерінің тілдік қатынасында жиі қайталану арқылы қалыптасқан лингвомәдени бірлік», - десе [124], К.Веннекер мен Д.Вигболдус: «коммуникативтік стереотип – мінез-құлықтың ақпаратты этномәдени жадыда кодтайтын және оны тілдік қатынаста жүзеге асыратын сөз үлгісі», - дейді [125]. Ғалымдардың пікірлерін саралай келгенде, аксиолемалық стереотиптер – тілдік коммуникация барысында қатысым құралы ретінде жұмсалатын, коммуниканттар арасында ақпарат алмасу үшін қолданылатын ұлттық бірегейлікке ие тұрақты таңба.

«Ешкімнің ала жібін аттамайтын,

Бар еken қазақ деген адаптация (А.Қанапия. Қазақ спорты, m.vk.com).

«Здесь русским духом пахнет. Хлеб-соль водит!» (Л.Алексеева. В деревне, 49 б.).

«An Englishman loves a lord» (Montagu Slater. Englishmen with Swords, 24 б.).

Келтірілген мәтіндерде әр халықтың өзіндік мінез-құлық даралығын бейнелейтін аксиолемалық стереотиптері көрініс тапқан. Бұған әр ұлттың

өмір сұру қағидасы арқау болған. Мысалы, *ала жіп* – байырғы қазақ мәдениетінде қастерлі атрибут саналған. Оны баланың тұсауын кесерде, үйлену ғүрпінда, өлікті жөнелту рәсімінде, араздасқан адамды татуластыру жосынында кеңінен қолданған. Тарқатып айтқанда, үйлену ғүрпінда келе жатқан келіннің алдына ала жіп керіп, оның тектілігін тексерген. Өлікті жөнелту рәсімінде «құнәсі кешіріледі» деген сеніммен мәйіттің үстіне ала жіп артқан [126, б. 111]. Татуластыру жосынында билер араздасқан екі тараңқа ала жіп ұстасып, ортасынан қара ала киім киген қаршыққа (қарт ана) кестірген. Бұл – даудың әділ шешілгенін меңзеген [127, б. 86]. *Ала жіпке қатысты ұлттық-мәдени түсінік «Қазақ ешкімнің ала жібін аттамайды»* аксиологемалық стереотипінде орнығып, адам баласына қиянат жасамайтын, арамдық ойламайтын, жаны таза қазақ ұлттының жиынтық бейнесін айшықтауға түрткі болған.


*«Водить хлеб-соль»* (нан мен тұз алып шығу) жосыны – орыс ұлттық мәдениетінде қонақжайлышты тұспалдайды. Аталған жосын бойынша орыс халқы қадірлі мейманды нан-тұзбен қарсы алып, оған нан мен тұздан ауыз тигізеді [107, с. 792]. Осы жосының ұлттық-мәдени фреймі *«Русский человек хлеб-соль водит»* аксиологемалық стереотипінде бекіп, меймандос орыс ұлттының жиынтық бейнесін кескіндеуге уәж болған.

*Lord* (lord) – атадан-балага мұрагерлік жолмен берілетін ақсүйектік лауазымды білдіреді. Ағылшын қоғамында лорд мәртебесін иемденген тұлғалар жоғарғы лордтар палатасын басқарады. Ағылшын мәдениетінде мәртебеліктің, байлықтың, жомарттықтың өлшемі ретінде ұғынылатын *«lord»* титулы – *«an Englishman loves a lord»* аксиологемалық стереотипінде билік жүйесін құрметтейтін ағылшындардың жиынтық бейнесін ассоциациялауға негіз болған.

Мәтінде экспликацияланған осындай аксиологемалық стереотиптерді этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) ұлттық-мәдени дүние бейнесін танытуға қабілетті коммуникативтік бірлік ретінде қарастыруға болады. Себебі, олар – әр халықтың өмірү сұру бейнесінің өзегін құрайтын ұлттық-мәдени стереотиптерінің символдану тетігін көрсетеді.

Тілдік қатынастың аксиологиялық мазмұны «коммуникатор – мәтін – коммуниканттың» құндылық аясы бойынша қалыптасады.

Тілдік қатынасты жүзеге асыру үшін мәтінді түзуші коммуникатор мен мәтінді қабылдаушы коммуниканттың дүниеге құндылықтың көзқарасы ортақ болу керек. Бұл орайда отандық ғалым Н.Уәли: «Мәтін мен оқырман арасындағы диалог, яғни мәтін тасасында тұрған автормен диалог, олардың ақиқат өмір туралы, айнала қоршаған әлеуметтік ақиқат туралы, олардың санаасындағы әлеуметтік психологиялық стереотиптердің түйісуі шарт. Ал бұл түйісу стереотиптер жүйесі ортақ болғандаға жүзеге асады», - дейді [25, б. 39]. Демек, коммуникатордың ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесі мәтін арқылы коммуниканттың ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесімен сәйкес болуы шарт.



Сурет 7 - «Коммуникатор – мәтін – коммуникант» байланысы

Коммуникатор мәтін түзер алдында коммуниканттың танымы мен құндылықтар дүниесіне болжам жасап, оның коммуникативтік бейнесін өз санаасында бекітеді. Сол бейнесі арқылы мәтіннің құндылық өрісін күрастырады. Мәтіннің құндылық өрісі аксиологемалық стереотиптермен анықталады. Себебі, коммуникатордың аксиологемалық стереотиптерді іріктеп, талғап қолдануына және оларды кодқа салуына тілдік емес білімдер (дағдылы тұрмыс, дәстүрлі ұстаным, салт-жоралғы, әдет-ғұрып, т.б.) әсер етеді.

Коммуникатор мен коммуникант арасындағы тілдік қатынас танымдық-құндылықтық түсінікке құрылатын стратегия мен тактиканың көмегімен орындалады.

Е.В.Клюев: «стратегия – когнитивті білім, тактика – когнитивті білімді сөйлеу әрекетінде үйімдастыратын әдіс», - десе [128], О.С.Иссерс: «коммуникативтік стратегия – коммуникативтік мақсатқа жетуге бағытталған сөйлеу әрекетінің кешенді жоспары, коммуникативтік тактика – кешенді жоспарды жүзеге асыру арқылы коммуникативтік мақсатқа жету жолы», - дейді [129]. Н.Үәли: «Сөз тактикасы сөз стратегиясындағы амал-тәсілдердің орындалуын жүзеге асырады» - деп пайымдаса [25, б. 285], Ф.З.Жақсыбаева:

«Алдына белгілі бір нақтылы, немесе жалпы мақсат қоя отырып, коммуникант өз ойын білдіретін жағдаятқа ойша баға береді. Ол не жайында айтатынын біле отырып, барлық жағдайды ретімен, өз мақсатына сай жеткізуге тырысып, колданатын тілдік құралдардың ерекшеліктерін анықтайды. Сөйтіп

тілдік қарым-қатынас кезінде коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін коммуникативтік стратегия мен тактиканы қолданады» - деп түйіндейді [130, б. 19]. Зерттеушілердің тұжырымдарын саралай келгенде, вербалды қатынаста коммуникатор ақпаратты коммуникантқа әсерлі жеткізу үшін алдына коммуникативтік мақсат қояды. Коммуникативтік мақсатқа стратегия мен тактика арқылы қол жеткізеді. Коммуникативтік стратегия – вербалды қатынастағы тұтас жоспарланған танымдық-құндылықтық бағыт болса, коммуникативтік тактика – вербалды қатынастағы танымдық-құндылықтық стратегияны жүзеге асырудың нақты тәсілі болып табылады.

Коммуникатор мәтінде экспрессиялық, эмоционалды-бағалауыштық, асоциативті-бейнелі аксиологемалық стереотиптерді қолдану арқылы коммуниканттың ниеті мен сезіміне (психологиялық деңгей), дүниетанымы мен аялық біліміне (когнитивтік деңгей), мінез-құлышқ әрекетіне (аффектілік деңгей) қозғау салады. Сейтіп танымдық-құндылықтық стратегия мен тактиканы орындайды.

Танымдық-құндылықтық стратегияның ынтымақты және ынтымақсыз деген түрлері бар [25, б. 286]. Бұлар мәтіндегі ақпаратты түсінуге ықпал етеді.

Коммуникатор коммуникантқа жағымды реакция тудыру үшін ынтымақты стратегияны пайдаланады. Үнтымақты стратегия үйлесімді жағдаятты бейнелеуге бағытталады. Ол мақтау, қолпаштау, келісім, қамқорлық және т.б. такикалары арқылы жүзеге асады.

**«Қазақ – текті халық, батыр халық, дана халық»** ([vk.com](http://vk.com)).

**«Русский в поле не робеет»** (Н.В.Гоголь. Письма 1820-1835 годов, 12 б.).

**«One Englishman can beat three Frenchmen»** (Romance and Reality, 295 б.).

Аталмыш мысалдарда мақтау тактикасы арқылы этнос өкілдерінің автостереотиптері баяндалған. Айтальық, бірінші мысалда жеті атаға толмай қызы беріп, қызы алыспайтын, ержүрек, данагер қазақ ұлтының бейнесі, екінші мысалда жаудан қорықпайтын, тәуекелшіл орыс ұлтының бейнесі, үшінші мысалда ержүрек ағылшын халқының бейнесі дәріптелген.

**«Шаңырақты қөтерген,**

**Жүз түрлі ұлт –**

**Жүз уықтай»** (Ө.Ақылбекұлы. Тәуелсіз Қазақстан, 1 б.).

**«Мы единий русский народ»** ([t.you tube.com](https://www.youtube.com)).

**«An Englishman's word is his bond»** (Russell Deacon. Devolution in the UK, 27 б.).

Берілген сөйлемдерде келісім тактикасы орын алғып, татулығы жарасқан қазақ елінің, ымырашыл орыс ұлтының, достыққа берік ағылшын халқының автостереотиптерін бейнелеуге арқау болған.

Коммуникатор коммуникант санасында жағымсыз пікір қалыптастыру үшін ынтымақсыз стратегияны қолданады. Үнтымақсыз стратегия қорлау, кекесін, мысқыл және т.б. такикаларының көмегімен іске асады. Мәселен, қорлау тактикасы бойынша «**көшерін жел, қонарын сай білген жабайы халық», «русские – самый злой народ», «the Frenchman is a cowardly»**

гетеростереотиптері түзілген. Бұл гетеростереотиптер халықты кемсітуден, халыққа теріс мінездеме беруден туындаған.

**«Колга түскен қалмақтай ықтиярсыз,**

Төрт болар құлға барсаң екі көзі» (<https://massaget.kz>).

**«Гид бежал, как французы из Москвы»** (<https://ridus.ru>).

Келтірілген мысалдарда кекесін, мысқыл тактикасы бойынша ұнамсыз образдар айшықталған. Бұған қазақ пен қалмақ (1635-1652), орыс пен француз (1812) арасындағы шайқастан туындаған гетеростереотиптер ықпал еткен. Мысалы, **«колга түскен қалмақтай ықтиярсыз»** аксиологемалық стереотипінде әлжуаз, дәрменсіз адамның бейнесі кескінделсе, **«бежал, как француз из Москвы»** аксиологемалық стереотипінде қорқақ адамның бейнесі суреттелген.

Танымдық-құндылықтық стратегиялар (ынтымақты, ынтымақсыз) мен тактикалар (мақтау, қолпаштау, қамқорлық, келісім, әжуалау, мазақтау, кекесін) бағалау аргументтерінен туындағы. Осыған байланысты коммуникатор аксиологемалық стереотиптерді кодқа салып, мәтіндегі (көркем мәтін, медиамәтін) кейіпкер образын экспликациялайды. Мысалы,

**««Сұраса келе қарын бөле шығады» дейтін қарға тамырлы қазақпыз»** ([www.samituly.kz](http://www.samituly.kz)).

**«Но у нас, русских, душа нараспашку:** уж если в омут – так с головой!» (Тысяча и две ночи (сборник), 14 б.).

**«When two Englishmen meet each other, their first talk is about weather»** (Brian Gilliland. His gentle hand, 222 б.).

Қазақ халқы бір-бірімен кездескен, танысқан жерде жеті атасын, нағашы жұртын, құда-жекжатын, т.б. туыс болып шыққанға дейін сұраса, орыс халқы танысқан жерде ішкі жан дүниесін бүкпей, ашық-жарқын әңгіме-дүкен құрады, ал ағылшын халқының таныстығы ауа-райын тілге тиек етумен басталады. Осындағы бағалау аргументтері автостереотиптердің өзгешелігін экспликациялауға уәж болған. Мәселен, бірінші сөйлемде туысшыл қазақ халқының, екінші сөйлемде ашық мінезді орыс халқының, үшінші сөйлемде тез тілтабысқыш ағылшын халқының жиынтық бейнелері кескінделген.

Тұжырымдай келгенде, аксиологемалық стереотиптер мәтінде (көркем мәтін, медиамәтін) тәмендегідей коммуникативтік қызмет атқарады:

- ұлттық-мәдени стереотиптердің танымдық-мәдени-құндылық негіздерін бейнелейді;

- «коммуникатор – мәтін – коммуникант» байланысынан түзілетін тілдік қатынаста дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіндісін (фрагмент) тасымалдайды;

- экспрессиялық, эмоционалды-бағалауыштық, ассоциативті-бейнелі коммуникативтік бірліктер ретінде танымдық-құндылықтық стратегиялар мен тактикаларды жүзеге асырады;

- мәтінде бейнеленген образдарды экспликациялайды.

## **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Бірінші тарауда «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымын зерттеуге арқау болған әлемдік және отандық лингвист-ғалымдардың тұжырымдарына сараптама жүргізіліп, жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі орны сараланды.

Ұлттық-мәдени стереотиптің лингвомәдениеттану, лингвоаксиология, лингвокоммуникацияның метатілін құрайтын ұғымдармен байланысы бағамдалып, мәдени-тәнұмың-құндылықтық-коммуникативтік сипаттары анықталды. Ұлттық-мәдени стереотиптің қалыптасу жолы мен тұрақты тілдік таңбаларда (фразеология, метафора, паремия, т.б.) бейнелену тәсілі дәйектелді. Антрополингвистердің стереотиптерді жіктеу ерекшеліктері талданып, аксиологемалық стереотип түрлері мен оларды топтастыру ұстанымдары жүйеленді.

Ұлттық-мәдени стереотип – аксиологемалық таңба ретінде зерделеніп, құрылымдық қабаттары анықталды. Дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзігін тасымалдайтын аксиологемалық стереотиптердің жіктелімі жасалды. Аксиологемалық стереотиптер ұлттық-мәдени код құраушы компоненттеріне қарай хрематонимді (заттық мәдениет деректі) және скриптонимді (рухани мәдениет деректі) аксиологемалық стереотиптер деген түрлерге бөлініп, ішінара топтастырылды.

Аксиологемалық стереотиптердің «коммуникатор – мәтін – коммуникант» байланысынан түзілетін тілдік қатынастағы коммуникативтік табиғаты анықталды.

## **2 ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДУНИЕҢІЦ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОДЫ: АКСИОЛОГЕМАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ВЕРБАЛДЫ ҚАТЫНАСТАҒЫ БЕЙНЕЛЕНУ УӘЖІ**

### **2.1 Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер**

Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер – этнос өкілдерінің ежелгі дәуіріндегі тарихына бойлап, сол дәуірін айшықтаған заттық мәдениет деректі атаулары арқылы ұлттық болмысын таныту құралы. Олардың ішкі тұлғаларындағы бейнелі-уәжді компоненттерін құрайтын хрематонимдерді ұлттық-мәдени құндылықтарды рәміздейтін этномәдени және этнотілдік семиотикалық таңба деуге болады.

Хрематонимдер (этномәдени және әмбебап) – хрематонимді аксиологемалық стереотиптердің ұйытқы компоненттері ретінде мынандай функция атқарады:

- этномәдени бірегейлікке ие денотатативті және коннотативті аялардан құралып, ойсурет, менталды көрініс, перцептивті бейне түрінде тіркелген ұлттық-мәдени фреймдерді анықтайды;

- символдық,etalондық коннотацияларды тұспалдайды;


- ұлттық-мәдени код түзуші бірліктер ретінде аксиологиялық дүние бейнесінің үзіктерін кескіндейді.

Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер (фразеология, тенеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) бес құрылымдық қабаттан тұрады. Олар: 1) хрематонимдер (этномәдени және әмбебап) мен түсінікті байланыстыратын тұрақты тілдік таңбалардың өзегі; 2) тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін а) «үй, басмана»; ә) «тұрмыстық зат»; б) «вестонимдік»; в) «гастронимдік»; г) «музыкалық аспап» ұлттық-мәдени кодтар; 3) тұрақты тілдік таңбаларда бекіген аялық білім көрсеткіштері – ұлттық-мәдени фреймдер; 4) тұрақты тілдік таңбалар семантикасы (тілдік және мәдени); 5) тұрақты тілдік таңбалардың ассоциативті бейнелер түзетін аксиологиялық мәндері (жағымды/жағымсыз этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, психологиялық, валеологиялық, параметрлік және т.б.). Аталмыш құрылымдық қабаттар вербалды коммуникацияда хрематонимді аксиологемалық стереотиптердің тұтас жиынтық бейнесін құрайды.

Сонымен, хрематонимді аксиологемалық стереотиптер дегеніміз – әр халықтың (қазақ, орыс, ағылшын) құнделікті тұрмысында жиі қайталану арқылы этнотілдік санасында фреймдер түрінде жатталған, заттық мәдениет деректі код құраушы хрематонимдері ұйытқы болған, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіктері айшықталған тұрақты тілдік таңбалар. Олар – әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) заттық құндылық дүниесін бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды дереккөз болып саналады.

Зерттеуімізде хрематонимді аксиологемалық стереотиптерді ұлттық-мәдени код құраушы компоненттеріне байланысты: 1) «үй, басмана» тірек компонентті стереотиптер; 2) «тұрмыстық зат» тірек компонентті стереотиптер;

3) «вестонимдік» тірек компонентті стереотиптер; 4) «гастронимдік» тірек компонентті стереотиптер; 5) «музыкалық аспап» тірек компонентті стереотиптер деген түрлерге бөлдік.



Сурет 8 - Хрематонимді аксиологемалық стереотип түрлері мен олардың құрылымы

### 2.1.1 «Үй, баспана» тірек компонентті стереотиптер

Үй-жай – әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) табиғи-тұрмыстық жағдайымен байланысты қалыптасып, тарихи өмір жолымен өзектесе дамыған,

ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесінде символикалық кодтық таңбаға айналған сакральді хрематонимдердің бірі.

Остандық және Ресей тіл ғылымында «үй, баспана» ұжымына арналған іргелі зерттеулерді Ж.А.Манкеева, Ока Ардақ, Г.С.Исаева, Ш.М.Елемесова, С.В.Кончакова, Т.А.Зайцева, Е.В.Слепцова, т.б. сынды ғалымдар жүргізген. Зерттеушілердің еңбектерінде «үй» лингвомәдени бірлігі – «дүниенің тілдік бейнесінің маңызды бөлігін вербалдайтын архетиптік бейне», «тілдік жүйеде этностың рухани мәдениеті мен материалдық мәдениетін тұтас кескіндеуге қатысатын ұлттық-мәдени релевант» [131], «ұлттық-мәдени комоненттер» [51, б. 13] ретінде қарастырылған.

Қазақ, орыс, ағылшын этнотілдік санасында өзгеше құрылымдық қабат түзетін хрематонимді аксиологемалық стереотиптердің бір түрін таңбалайтын «үй, баспана» тірек компонентті стереотиптер – әр этностың дәстүрлі жүйесінде қалыптасқан, құндылық бағдарлы этнографиялық мұрасынан ақпарат беретін, ұлттық-мәдени фреймдермен өрілген уәжді-бейнелі хрематонимдер жиынтығынан тұрады. Мәселен, қазақ этномәдени ұжымының көшпенді мәдениетін айғақтайтын «*киіз үй*» бейнесін «*орда*», «*отау*», «*қараша үй*», «*шаңырақ*», «*уық*», «*кереге*», «*туырлық*», «*босага*», «*табалдырық*», «*кулдіреуіш*», «*есік*», «*төр*», «*түндік*», «*ошақ*», т.б. Орыс этномәдени ұжымының отырықшы мәдениетін дәйектейтін «*изба*» бейнесін «*терем*», «*печь*», «*бабий кут*», «*коник*», «*красный угол*», «*матица*», «*потолок*», «*крыша*», «*окно*», «*дверь*», «*порог*», «*двор*», «*ворота*», т.б. Ағылшын этномәдени ұжымының отырықшы мәдениетін сипаттайтын «*home*» бейнесін «*castle*», «*house*», «*roof*», «*wall*», «*fireplace*», «*window*», «*door*», «*threshold*», «*garden*», т.б. этномәдени хрематонимдер мен әмбебап хрематонимдер құрайды.

«Айдай сұлу келбетіңе ғашық еттің,  
*Киіз үйдегі мінезіңе тәнніті еттің,*  
Кеудеме махабbat отын жағып кеттің...» (Халық әндерінің жинағы. Т.1. 55 б.).

«*Киіз үйдегі мінез*» аксиологемалық стереотипіндегі «*киіз үй*» этномәдени хрематонимі – көшпенді қазақ халқының ағаштан құрастырылып (кереге, шаңырақ, уық), киіз жабындымен (туырлық, түндік, үзік) көмкерілген ежелгі жиналмалы баспасасын білдіреді [116, б. 284]. *Киіз үй* – Ұлы дала елінің табиғатпен үндескен төл туындысы, күмбезді ғимараты, әлем жаратылышының үлгісі, атадан-балаға мирас болған еншісі, әлеуметтік мәртебесі мен кісілігін белгілеген мекені, қасиет тұтар ордасы, көшіп-қонуға ыңғайлы құтты тұрағы. Қазақ этномәдени жүйесінде «*киіз үй*» хрематонимі – еркіндіктің, үйлесімділіктің, даналықтың, қонақжайлыштың, әсемдіктің, құт-берекенің символы ретінде рәмізделген. Коммуникатор мәтінде «*киіз үйдегі мінез*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы ынтымақты стратегияны жүзеге асырып, көркем мінезді, біртоға қыздың жағымды этикалық бағалау мәніндегі бейнесін айшықтай түскен.

«*Он не выносит сор из избы*» (Т.Веденская. Плохие девочки, 18 б.).

**«Не выносит сор из избы»** (сөзбе-сөз ауд. үйден қоқсық шыгармау) аксиологемалық стереотипіндегі «изба» этномәдени хрематонимі – орыс ұлтының ағаштан жасалған үй-жайын білдіреді [132, с. 634]. **Изба** – орыс халқының дәстүрлі жүйесінде зұлым күштерден қорғайтын сакральді қызмет атқарған. Халық тұрмысында избаның ішін сыйырған соң, оның қоқсығын далаға шығармай, пеште өртеген. Орыс этномәдени санасында қалыптасқан түсінік бойынша мұндай қоқсық – отбасы мүшелерін сиқырлау үшін пайдаланатын атрибуттың міндеттін атқарған. Халық дүниетанымында берік орнықсан «**не выносит сор из избы**» (үйден қоқсық шығаруға болмайды) қағидасы – бертін келе үйлену ғұрпының бір жосыны ретінде бекіп, жаңа түскен келінге айтылатын «отбасылық құпияны жариялауга болмайды» деген мағынадағы тыйым сөзге айналған [133, с. 228]. Орыс халқының күнделікті тіршілігі мен үйлену салтында жи қайталанған осында таптаурынды жағдаяттың ойсуреті жоғарыда берілген аксиологемалық стереотипте сақталған. Коммуникатор мәтінде келісім тактикасын орындау үшін «**он не выносит сор из избы**» аксиологемалық стереотипін қолданып, құпияшыл, сыршыл адамның жағымды этикалық бейнесін экспликациялаған.

**«An Englishman's home is his castle»** (Newton G. Thomas. The Long Winter Ends, 169 б.).

**«An Englishman's home is his castle»** (сөзбе-сөз ауд. ағылшының үйі – оның қамал-қорғаны) аксиологемалық стереотипіндегі «**home**» этномәдени хрематонимі – адамның туып-өсken үйі, баспанасы деген ұғымды білдіреді [134] **Home** – ағылшын халқының этнографиялық өмірімен сабактасқан тарихимәдени жәдігері, ұлттық ділімен өрілген жанға жайлы ошағы. Мұны «**there is no place like home**» (сөзбе-сөз ауд. үйден асқан жер жоқ), «**home is where the heart is**» (сөзбе-сөз ауд. жүргегің қайда болса, үйің сонда), «**home, sweet home**» (сөзбе-сөз ауд. үй – жайлы үй) секілді паремиялар да растайды. **«An Englishman's home is his castle»** аксиологемалық стереотипіндегі «**castle**» (қамал) хрематонимі – ағылшын халқының тастан тұрғызылған ежелгі зәулім сарайын білдіреді. **Ол** – Ұлыбританияның ұлттық символы болып саналады. **«Castle»** хрематонимі – ағылшын этномәдени кеңістігінде беріктік пен қауіпсіздіктің, жұмбақтық пен тыныштықтың нышаны ретінде ұғынылады. Британдық ғалым Джеймс О'Дрисколлдың пайымдауынша, қамалға телінген ағылшын үйінің образы – жеке меншік пен қоғамдық меншік арасындағы шекараны көрсетеді [135]. Яғни, «**an Englishman's home is his castle**» аксиологемалық стереотипінде берік қамал ретінде ассоциацияланған «**home**» (үй) хрематонимі – ағылшын халқының жүрегі, өзгелерден оқшауландыратын жұмбақ әлемі, жұмағына айналған рухани қорғаны ретінде кескінделіп, жағымды этикалық бағалау мәніндегі өз бейнесін (автостереотип) сипаттауға негіз болған.

**«Алты қанатты киіз үйдейсің»** (Бабалар сөзі. Т.99. 87 б.).

Аталмыш аксиологемалық стереотиптегі «**алты қанатты киіз үй**» этномәдени хрематонимі – ішкі сүйегі алты қанатты кереге мен сыртқы жамылғысы төрт-бес туырлықтан құралған ақ үйді білдіреді [116, б. 284]. Көшпендер тұрмысында киіз үйді кереге қанаты мен жабындысының түсіне

қарай ажыратқан. Айталық, үш керегеден құралған, қара киізбен көмкерілген үй – «үш қанатты қара үй», төрт керегеден құралған, қоңыр киізбен көмкерілген үй – «төрт қанатты қоңыр үй», бес керегеден құралған, сүр киізден көмкерілген үй – «бес қанатты боз үй», алты керегеден құралған, ақ киізден көмкерілген үй – «алты қанатты ақ үй» деп аталған. Қазақ халқының байырғы өмір салтында алты қанатты киіз үйді ауқатты, дәулетті отбасылар тіккен. Қазақ дүниетанымында молшылықтың белгісі ретінде символданған **«алты қанатты киіз үй»** хрематонимі – **«алты қанатты киіз үйдейсің»** аксиологемалық стереотипінде төрт түлігі сай, төрт түрманы түгел азаматтың жағымды утилитарлық, этикалық бағалау мәндеріндегі бейнесін ассоциациялауға ұйытқы болған.

«Жолаушы шынында да ұятты қонақ боп шықты. **Орда бұзар жастағы** күтың қаққан, сақа жігіт. Есіктен «Ассалаумағалейкум!» деп дауысын соза амандастып кірді» (О.Бекей. Ардақ. 28 б.).

**«Отызында орда бұзып, қырқында қамал алған»** ([www.old.aikyn.kz](http://www.old.aikyn.kz)).

**«Ақ ордадай көрінген**

Қай кісінің үйі екен?» (О.Асқар. Жарапазан, 5 б.).

**«Бадан – Тасбикенің қонақ келсе мұңаймас, ордадай келіні»** (<https://m.facebook.com>).

**«Орда бұзар жас», «отызында орда бұзған», «ақ ордадай көрінген үй», «ордадай келін»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«орда»** этномәдени хрематонимі – көп қанатты (он екі, жиырма төрт, отыз) керегеден құралған, ақ жабындымен көмкерілген еңсөлі үйді білдіреді [109,б. 137]. Ежелгі қазақ қоғамында **ақ орда** – хандардың билік жүргізетін, алқалы жиын өткізетін, би-үәзірлер мен қолбасшыларды, сұлтандар мен елшілерді қабылдайтын салтанатты сарайы саналған. Ақ ордада келелі мәселелер талқыға түскен, келушілердің қабілет-қарымы (білімі, әскери өнері) сыналып, топ жарғандары ел басқару ісіне араласқан [109,б. 137]. **«Ақ орда»** хрематонимі – қазақ этномәдени жадысында сән-салтанат пен ырыс-дәулеттің, қонақжайлық пен мейманостықтың нышаны ретінде рәмізделген. Таптаурынды этномәдени жағдаяттардың осындай перцептивті бейнелері жоғарыда аталған аксиологемалық стереотиптерде бекіп, түрлі образдардың репрезенттелуіне уәж болған. Мысалы, бірінші сөйлемде коммуникатор **«орда бұзар жас»** аксиологемалық стереотипі арқылы отыз жастағы жігіттің жағымсыз этикалық образын суреттесе, екінші сөйлемде **«отызында орда бұзған»** аксиологемалық стереотипі арқылы іскер, білімді тұлғаның ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін, үшінші сөйлемде **«ақ ордадай көрінген үй»** аксиологемалық стереотипі арқылы бай-бағланның жағымды утилитарлық бағалау мәніндегі образын бейнелеген. Ал төртінші сөйлемде мақтау тактикасын пайдаланып, **«ордадай келін»** аксиологемалық стереотипі арқылы сыйлы, қонақжай келіннің жағымды этикалық бейнесін экспликациялаған.

«Двор у него был как город, изба как терем» (В.П.Журавлев. Жили-были, 83 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*терем*» этномәдени хрематонимі – зәулім үй ұғымын білдіреді [132, с. 1996]. Орыс патша сарайларының тарихын зерттеген Л.В. Никифорованаң дәлелдеуінше, сарайдың архитектуралық ерекшелігі мұнара тәрізді үйге ұқсас болған. Онда тек ақсүйектер мен дәүлетті адамдар тұрған [136]. Демек, «*терем*» хрематонимі – орыс этномәдени кеңістігінде байлықтың өлшемі ретінде қабылданған. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын қолданып, «*двор у него был как город, изба как терем*» аксиологемалық стереотипі арқылы ауқатты байдың жағымды утилитарлық бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

«Like most of those old Scotsmen he had *a name built like a castle*» (Ruth Park. Power of Roses, 122 б.).

«*His name built like a castle*» (сөзбе-сөз ауд. оның есімі – тұрғызылған қамалдай) аксиологемалық стереотипіндегі «*castle*» этномәдени хрематонимі – көне мұнаралы бекініс ұғымын білдіреді» [134, р. 72]. Ежелгі британ елінде тастан тұрғызылған зәулім сарайлар «*castle*» (қамал) деп аталған. Мұндай сарайларда ел билеуші – карольдер мен лордтар тұрған. *Castle* – Тұманды Альбион елінің мақтанышына айналған тарихи жәдігерлерінің бірі. Бұған «Тауэр», «Уорик», «Рочестер», «Корф», «Лидс», «Хайлор», «Эйдон», т.б. қамалдары айқын дәлел бола алады. Коммуникатор мақтау тактикасына сүйеніп, сөйлемде «*his name built like a castle*» аксиологемалық стереотипі арқылы есімі әйгілі тұлғаның жағымды этикалық бейнесін айшықтай түскен.

««Шаншар» театрының әртісі Нұржан Төлендиев *бөлек отау тігін*, жеке шаңырақ құрды» (<https://qazaquni.kz>).

«*Бөлек отау тікті*» аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының үйлену ғұрпымен байланысты ұлттық-мәдени фреймі көрініс тапқан. Байырғы қазақ салты бойынша үйленетін ұлға еншісін беріп, әке үйінің оң жағына отауын тігіп, бөлек шығарған. Бұл жосын – «*отау көтеру*» деп аталған. *Отау көтеру* – қазақ танымында одаша бас болуды, яғни отбасылы болуды меңзеген. Коммуникатор сөйлемде «*бөлек отау тікті*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы «Шаншар» театрынан (әке үйінен) жас отау ретінде бөлініп шықкан «Алдараспан» театры туралы ақпаратты сипаттаған.

«*Без четырех углов изба не рубится*» (В.И.Даль. Избранные пословицы русского народа, 116 б.).

«*Без четырех углов изба не рубится*» (сөзбе-сөз ауд. төрт бұрышсыз изба шабылмайды) аксиологемалық стереотипіндегі «*угол*» әмбебап хрематонимі – үй қабырғаларын түйістіретін бұрышты білдіреді [132, с. 2070]. Ежелгі орыс тұрмысында қыс мезгіліне төтеп беретін избаны тұрғызу үшін қарағай мен шырша ағаштарын пайдаланған. Үй шеберлері ең алдымен, шабылып, кептірілген жуан ағаштарды көлденең қойып, төрт бұрышты етіп құрастырган. Содан кейін, избаны шегесіз балтамен салған [137]. Орыс ұлттының осындай үй салу жағдаятының менталды көрінісі аталған аксиологемалық стереотипте сақталып, адамның мақсатқа жету жолында барлық міндеттерді толық орындау керектігі жайлы ақпараттың мазмұндалуына түрткі болған. *Төрт бұрышты изба* – орыс дүниетанымында төрткүл дүниенің

байланысын меңзейтін, тылсым күштерден қорғайтын, «өзгениң» кеңістігінен, «өзінің» кеңістігін бөліп тұратын үй ретінде интерпретацияланған.

«*Build one's house upon a rock*» (P.R.Wilkinson. Thesaurus of traditional English metaphors, 535 б.).

«*Build one's house upon the sand*» (P.R.Wilkinson. Thesaurus of traditional English metaphors, 535 б.).

«*Build one's house upon a rock*» (сөзбе-сөз ауд. үйін жартасқа салған), «*build one's house upon the sand*» (сөзбе-сөз ауд. үйін құмға салған) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*house*» әмбебап хрематонимі – бір отбасына арналған ғимарат ұғымын білдіреді [134, р. 226]. Тұманды Альбион еліндегі биік мұнаралы қамалдар тау шатқалдарына тұрғызылған. Бұған британ халқының діни түсінігі негіз болған. Інжілдегі аңыз желісі бойынша Құдай екі адамға бірдей құрал-сайман беріп, үй салуды әмір етеді. Біреуі – жартасты, біреуі – құмды жерді таңдал, үйлерін тұрғызады. Құндердің бір күнінде қатты дауыл тұрып, толассыз жаңбыр жауады. Қатты дауыл мен толассыз жаңбырдан құмға салынған үй күйреп, жартасқа салынған үй күйремейді [138]. Осындай ойсурет келтірілген аксиологемалық стереотиптерде орнығып, түрлі образдардың ассоциациялануына арқау болған. Мәселен, бірінші аксиологемалық стереотипте жағымды зияткерлік бағалау реңкін меңзейтін ақылды адамның бейнесін ассоциацияласа, екінші аксиологемалық стереотипте жағымсыз зияткерлік бағалау реңкін үстейтін ақымақ адамның бейнесін ассоциациялаған.

«Ақжарқын, сенгіш, әзілкеш қызы жең өтіндегі *жалғыз қараша үйдей* өзінен қымтанаңып, бастырынып бітті» (Ж.Нәжімеденов. Шындық немесе кесілген бұрым. <https://zhumeken.kz>).

«*Қараша үй, қам көңіл* қара бұқара...» (<https://e-history.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «*қараша үй*» этномәдени хрематонимі – іші ағаштан құралып, сырты қоңыр түсті киізбен жабылатын, үш қанатты киіз үй түрін білдіреді [116, б. 178]. Байырғы қазақ тұрмысында қараша үйде жалшылар мен жағдайы төмен отбасылар тұрған. «*Қараша үй*» хрематонимі – қазақ этномәдени санасында ескіліктің, кедейліктің нышаны ретінде таптаурындалған. Бірінші мысалда коммуникатор «*жалғыз қараша үйдей*» аксиологемалық стереотипі арқылы ғашықтық сезімін білдіре алмай, іштей аласұрган, көңілі құлазып, жабырқаған қыздың жағымсыз психоэмоционалды күйін суреттесе, екінші мысалда «*қараша үй, қам көңіл*» аксиологемалық стереотипі арқылы қарапайым халықтың жүдеу тұрмысын бейнелеген.

«Только эти две избушки на курьих ножках торчат как памятник татаро-монгольскому нашествию» (Затерянный дозор. Лучшая фантастика, 11 б.).

Ежелгі орыс елінде үй іргесінің ағашы шірімеу үшін оны ысталап, күйдірген. Иргесі ысталған мұндай үйді «*избушка на курьих ножках*» (сөзбе-сөз ауд. тауық аяқты үй) деп атаған. Аталған үйдің бейнесі орыс халық ертегілерінде де кездеседі. Ертегі желісі бойынша тауық аяқты үйді мыстан кемпір (Баба-Яга)

мекендейді. *Избушка на курьих ножках* – орыс мифологиялық түсінігінде өлілер патшалығы ретінде ұғынылады. Коммуникатор аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы сөйлемде ескі, жұпның үйлердің образын айшықтай түскең.

««Шаншар» театрының әртісі Нұржан Төлендиев бөлек отау тігіп, жеке *шаңырақ құрды*» (<https://qazaquni.kz>).

«...*Ақыл-парасат жағынан болсын, кіслік, сән-салтанат, байлық жағынан болсын, қазақтар көшпендердің бәрінен, тіпті Жонғар қалмақтарынан да жоғары тұр.* ... *Қазақ елін – бәрінің қара шаңырагы* десек, үш мың жылға созылған түркі-монғол мәдениетінің алтын сандығы осыларда қалған секілді» (К.Жұмаділов. Дарабоз, 162 б.).

«*Шаңырақ құрды*», «*қазақ елі – көшпендердің қара шаңырагы*», «*алтын шаңырақ*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*шаңырақ*» этномәдени хрематонимі – күлдіреуіш, кепілдік, тоғын, бақалық, қаламдық секілді бөліктерден тұратын киіз үйдің дөңгелек пішіндес, күмбезді төбесін білдіреді [139, б. 188]. *Ол* – қазақ этномәдени ұжымының архаикалық наным-сенімі мен космологиялық-философиялық таным-түсінігін таңбалайтын, атабаба аманатын арқалаған, ұлы дала тарихымен үндескен, төртқул дүниені байланыстыратын рәмізді хрематоним. Көшпенді қазақ тұрмысында киіз үйдің ескірғен есік, уық, кереге, т.б. секілді бөліктерін ауыстырғанмен, шаңырағын ауыстырмаған. Елге жау шапса да, шаңырағын дүшпанына қалдырмаған. Әулеттің соңғы ұрпағы өмірден озғанда, оның қабірінің басына шаңырағын қойған. *Шаңырақ* – үйлену ғұрпында да символикалық функция атқарған. «*Қазақ халқы «екі жастың шаңырагы берік болсын»* деген ақ тілеумен отау үйдің шаңырағын бақанға ақ мата байлап, елге сыйлы адамға көтерткен» [139]. Таптаурынды жағдаяттың осындағы перцептивті бейнесі «*шаңырақ құрды*» аксиологемалық стереотипінде бекіп, сөйлемде жаңа құрылған театр туралы ақпараттың мазмұндалуына тұрткі болған.

«*Қазақ елі – көшпендердің қара шаңырагы*» аксиологемалық стереотипіндегі «*қара шаңырақ*» хрематонимі – әulet пен әулетті ұйыстыратын, ағайын-туысты жақындастыратын, ел-жүргіттың бүтіндігі мен бірлігін сақтайтын, атадан-балаға мирас болған әке үйін білдіреді. Қазақ халқының «енші беру» салты бойынша қара шаңырақ кенже ұлға тиесілі. Кенже ұл – әulet мұрагері, атадан-әкеге, әкеден-балаға үзілмей жалғасқан киелі шаңырақ аманатын орындаушы [139, б. 209]. Осындағы фрейм аталмыш мысалда өзектеліп, қазақ елінің түркі-монголдардың ақыл-парасатын, кіслігін, байлығын, сән-салтанатын бойына сіңірген мұрагері ретінде гетеростереотипелуіне уәж болған.

Қазақ этнотілдік санасында «*алтын шаңырақ*» аксиологемалық стереотипі атамекен, отан ұғымын білдіреді. Бұған елтаңбамыздағы шаңырақтың бейнесі ұйытқы болған.

«*Конь и курица на крыше – в избе тишие*» (В.Даль. Пословицы русского народа. Т.4.127 б.).

«*У него крыша поехала*» (А.Орлов. Экзамен для героев, 81 б.).

«Здесь у тебя по крайней мере есть работа и *крыша над головой*» (А.Молчанов. Газетчик, 92 б.).

«Без угла, *без крыши над головой*» (Э.Володарский. Пьесы, 254 б.).

«*Конь и курица на крыше – в избе тише*» (сөзбе-сөз ауд. *ат пен тауық шатырда – избада тыныштық*), «*крыша поехала*» (сөзбе-сөз ауд. *шатыры кетті*), «*крыша над головой*» (сөзбе-сөз ауд. *басында шатыры бар*), «*без крыши над головой*» (сөзбе-сөз ауд. *басында шатыры жоқ*) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*крыша*» әмбебап хрематонимі – үйдің шатырын білдіреді.

Орыс үйінің төбесі *екі құламалы шатырмен* жабылған. *Екі құламалы шатыр* – орыс халқының архаикалық-мифтік рәміздері ретінде аспан мен жердің үйлесімділігін, мәңгілік өмір ағашы мен құс қанаттарын тұспалдаған. Оның этномәдени кеңістікте ғұрыптық-семиотикалық таңбаға айналуына ат пен тауық мұсіндері негіз болған [140]. Демек, орыс үйінің екі құламалы шатырының төбесін біріктіретін жуан ағаш ұшындағы *ат пен тауық мұсіндері* – халық санасында үйді қауіп-қатер мен зұлым күштерден қорғайтын сакральді белгілер ретінде рәмізделген. Бұл деректің іздерін «*конь и курица на крыше – в избе тише*» аксиологемалық стереотипінен де кездестіреміз.

Байырғы орыс үйінің шатыры қамыс және сабаннан жасалған. Мұндай шатырлар алапат дауылға төтей бермеген. Дауылдың екпініне шыдамаған шатырдың ойсуреті «*крыша поехала*» аксиологемалық стереотипінде таңбаланып, мәтінде жағымсыз зияткерлік бағалау мәнін тұспалдайтын ойлау қабілеті төмен адамның образын кескіндеуге негіз болған.

Орыс дәстүрлі жүйесінде *үй шатыры* – отбасының әлеуметтік жағдайын көрсеткен. Мәселен, *шатырмен жабылған үй* – жағдайы бар отбасын мензесе, ал *шатырмен жабылмаган үй* – жағдайы жоқ отбасын тұспалдаған. Этномәдени санада орныққан аталмыш түсініктер «*крыша над головой*», «*без крыши над головой*» аксиологемалық стереотиптерінде сақталып, сейлемдерде *үй бар адам мен үй жоқ адамның* әлеуметтік деңгейін бейнелеуге ықпал еткен.

«Jove consider that *my mask is like the thatched roof of a poor man's cottage – it conceals a god!*» (William Shakespeare. Much Ado about nothing, 120 б.).

Қарамен берілген мысалдағы «*roof*» хрематонимі – ғимараттың төбесін білдіреді [134, р. 406]. Ортағасырлық ағылшын мәдениетінде үй шатыры отбасының әлеуметтік мәртебесін белгілейтін символдық функция атқарған. Айталық, сабан шатырлы үй (*thatched roof of a cottage*) – әлеуметтік тұрмысы төмен отбасын тұспалдаса, шифер шатырлы үй (*slate roof of a cottage*) – әлеуметтік тұрмысы орташа отбасын, ал қыш шатырлы үй (*tile roof of a cottage*) – әлеуметтік тұрмысы жоғары отбасын мензеген. Бұған «*my mask is like the thatched roof of a poor man's cottage*» (сөзбе-сөз ауд. *бетпердем – кедей үйінің сабан шатырындаи*) мысалы да айқын дәлел бола алады. Бұл мысалда сабан шатырлы үйге теңелген бетперде арқылы қарапайым адам кейпіндегі құдай бейнесі экспликацияланған.

«Шаңырақты көтерген,

**Жүз түрлі үлт –**

**Жұз уықтай»** (Ө.Ақыпбекұлы. Тәуелсіз Қазақстан, 1 б.).

**«Жұз түрлі ұлт – жұз уықтай»** аксиологемалық стереотипіндегі «уық» этномәдени хрематонимі – кереге мен шаңырақтың арасын біріктіретін, шаңырақты көтеріп тұратын киіз үй сүйегін білдіреді [139, б. 188]. Қазақ киіз үйінің уық саны – кереге қанатына қарай 16-204 аралығында болған. Киіз үй шаңырағының мықтылығына уықтарының беріктігі жауап берген [141]. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм «жұз түрлі ұлт – жұз уықтай» тұрақты теңеуінде орнығып, мәтінде Қазақстан туралы автостереотиптің вербалдануына ықпал еткен. Келтірілген мысалда «уық» хрематониміне – тату тұратын ұлт өкілдері (қазақ, орыс, татар, қырғыз, түрік, неміс, т.б.) баланып, ауызбіршілігі жарасқан мемлекеттің бейнесін ассоциациялауға өзек болған.

**«Мужик в семье, что матери в избе»** (Н.Уваров. Энциклопедия народной мудрости, 38 б.).

**«Уходя из дома в дорогу, обязательно подержи за матери»** (Губернский дом, 27 б.).

**«Я пойду свататься, приду, сяду под материю»** (Русская деревня в рассказах ее жителей, 395 б.).

**«Мужик в семье, что матери в избе»** (сөзбе-сөз ауд. ер адам – үйдің мәткесіндегі), **«поддержать за материю»** (сөзбе-сөз ауд. мәткені ұстай), **«сидеть под материей»** (сөзбе-сөз ауд. мәтке астында отыру) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«материца»** (мәтке) этномәдени хрематонимі – орыс үйінің төбесін тіреу үшін көлденең жүргізілген жуан, төртжақты арқалықты білдіреді. **Мәтке** – орыс халқының тұрмыс-салтында үй іші кеңістігінің маңызды классификаторы ретінде жоғарғы және төменгі, ішкі және сыртқы әлемді байланыстыратын конструктивті-семиотикалық рөл атқарған. **Ол** – адамзаттың сүйеніші – ана сияқты үйдің негізгі тірегі саналған [140, с. 83]. Орыс ұлттық дүниетанымында беріктік пен мықтылықтың өлшемі ретінде қабылданған **мәткеге** – **«мужик в семье, что матери в избе»** паремиясындағы ер адамның болмысы ұқсатылып, ассоциацияланған.

**Мәтке** – орыс этномәдени ұжымының ғұрыптық жоралғыларында рәміздік атрибут есебінде қолданылған. Мысалы, **«поддержать за материю»** аксиологемалық стереотипінде орыс халқының жолға шығарда атқарылған көне ырымы туралы ойсурет берілген. Байырғы ортада **мәтке** – бақыт пен сәттіліктің, әке үйінің белгісі саналғандықтан, кез келген отбасы мүшесі жол жүрерде оны ұстайтын болған. Мұндай ырым – үйге аман-есен оралу мен сәтті сапар тілеуден туындаған. **«Сидеть под материей»** фразеологизмінде орыс ұлтының құдаласу рәсімінде орындалған жоралғысы жайлы ойбейне кескінделген. Орыс халқының ежелгі әдет-ғұрпы бойынша қыз айттыруға келген болашақ құдалар үй иесімен амандақан соң, үйдің кіреберісіндегі мәтке астында тұрған орындыққа отырған. **Мәтке астында отыру** – құда түсудің нышанын мензеген [137, с. 36].

**«Керегеміз – агаши, Ұранымыз – Алаши»** деп өскен көшпелі елдің ұрпағымызы («Өскен өңір» газеті. 24.11.2018).

**«Керегесі кең, босағасы берік ел»** (<https://egemen.kz>).

«Мендей боп малың-басың бірдей өссе, *ақ тимей керегене негып жүрсің*» (Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры. <https://kitap.kz>).

«Былайғы сәттегі күйініш-ренішің де, нала-мұның да ұлы Біржанның *керегеге таңылған* кездегі қайғылы халінің қасында түкке тұрмайды» (<https://massaget.kz>).

*«Керегеміз – агаши, ұранымыз – алаши», «керегесі кең ел», «керегесіне ақ тимеген», «керегеге таңылған»* аксиологемалық стереотиптеріндегі *«кереге»* этномәдени хрематонимі – талдан жасалған киіз үйдің негізін құрайтын шеңбер пішіндес, жиналмалы, тор көзді қабырғасын білдіреді [139, б. 187]. Қазақ киіз үйінің кендігі мен беріктігі – керегесінің қанатына байланысты [141, б. 41]. *Кереге* – қазақ дәстүрлі мәдениетінде қонақжайлыштың, кеңпейілділіктің, тұтастықтың, дархандықтың, құт-берекенің өлшемі ретінде бағаланады. Мысалы, *«Керегеміз – агаши, ұранымыз – алаши», «керегесі кең ел»* тұрақты тілдік таңбаларында *«кереге»* хрематонимі – қонақжай, кеңпейіл, төзімді, бауырмал қазақ халқы туралы автостереотиптің қалыптасуына негіз болған.

Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ этномәдени ұжымы сүт пен қымызды, шұбат пен сүт өнімдерін (айран, қатық, қаймақ, іркіт, құрт, ірімшік, т.б.) «ақ» деп атайды. Халқымыздың күн-көріс тіршілігінде молшылық пен тоқшылықтың белгісі саналатын «ақ» киіз үйдің сол жақ босағасындағы мес пен сабада, кубі мен кебежеде, асадалда тұрған. Дәстүрлі ортада үй керегесінің бұл бөлігі құт пен ырыстың нышаны ретінде қабылданған. Коммуникатор мысқыл, кекесін тактикасына сүйеніп, сөйлемде *«керегесіне ақ тимеген»* аксиологемалық стереотипі арқылы төрт түлік малы жоқ, аузы аққа жарымаған жарлының бейнесін суреттеген.

Ежелгі қазақ қоғамында киіз үй керегесін тәртіптік-құқықтық жазаға тарту ісінде жиі пайдаланған. Күнә жасаған айыпкерді (ұры, зинақор, бұзақы) билер мен ауыл ақсақалдарының ұйғарымы бойынша керегеге байлас, ас-су бермей жазалаған. Керегеге керілген айыпкердің ұтыы бүкіл рулы елдің бетіне қара қүйе болып жағылған. «Жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ үшін мұндай жаза түрі өліммен бірдей саналған [142]. Ежелгі құқықтық жазалаудың осындай ойсуреті *«керегеге таңылған»* аксиологемалық стереотипінде бекіл, мәтінде ұялтан өртөнген ақынның жағымсыз психоэмоционалды күйін экспликациялауға тұрткі болған.

*«Writing on the wall»* (Judith Siefring. The Oxford Dictionary of Idioms, 320 б.). Берілген аксиологемалық стереотипте ағылшын халқының діни танымына қатысты ойсуреті фрагментtelген. Інжілдегі оқиға желісі бойынша Бабыл патшасы той-думандатып, ас-жиын өткізіп жатқанда, сарай қабырғасына кенеттен құпия сөздер жазыла бастайды. Қабырғаға жазылған құпия сөздерді түсінбеген патша сарайына пайғамбарды шақыртып, олардың мағынасын түсіндіріп беруді сұрайды. Пайғамбар құпия сөздердің мағынасын ашып, патшаның тақтан құлайтынын және оның патшалығы парсылардың қоластына өтетінін мәлімдейді [111, р. 1027]. Осыған орай, *writing on the wall* (сөзбе-сөз ауд. қабырғага жазу) – ағылшын этномәдени түсінігінде жамандықтың нышаны ретінде ұғынылған.

«Бұл ғасырдың екінші жартысында *тұндік көтеріп, тұтін тұметкен барша қазақ шаңырагының* бар қызығы Шәмші көкірегінен төгілген саздың саясында өтіп еді» (Ә.Кекілбаев. Мақалалар, ой-толғамдар, 55 б.).

«Анамның айтудынша, *аштықтан тұндігі түрілмей, есігі ашилмай қалған отбасылар* да бар екен» (<https://aqmeshit-aptaalygy.kz>).

«*Тұндік көтеріп, тұтін тұметкен барша қазақ шаңырагы*», «*тұндік ашар*», «*тұндігі кеш ашилатын келін*», «*аштықтан тұндігі түрілмей қалған отбасылар*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*тұндік*» этномәдени хрематонимі – шаңырақтың бетін жабатын төрт баулы киізді білдіреді [141, б. 51]. Қазақ киіз үйіне жарық сәуле түсіретін, үйдегі ошақ тұтінін сыртқа шығаратын «*тұндік*» хрематонимі – дәстүрлі тіршілікте рәсімдік атрибуттың қызметін атқарған. Мұны этномәдени санада таптаурындалған «*тұндігің тұтінді болсын!*» (ырысың асып, берекең тасыған отбасы бол), «*бір тұндік астында тұтін тұмету*» (бір шаңырақ астында өмір сүру), т.б. сияқты этнотілдік деректерден де көреміз. Мысалы, «*тұндік ашар* – күйеу мен қалыңдықтың жүздесуі алдында істелер рәсімдердің барлығы атқарылып біткен соң, күйеу үйге кірген бетте қолына бақан ұстасып, тұн ортасында отаудың жабулы тұрған тұндігін ашқызу дәстүрі» [109, б. 495]. Бұл жоралғының астарында «*жеке отау үй болдың, өз тұндігінді өзің ашип, тұтініңді тұмет*» деген түсінік жатыр. Яғни, тұрмыс құрған күннен бастап, ерте тұрып шаңырақ тұндігін онынан ашу – келіннің күнделікті атқаратын негізгі жосыны саналған. Қазақ мәдениетінде киіз үйдің *ашулы тұндігі* – жақсылықтың нышаны ретінде қабылданса, *жабулы тұндігі* – жамандықтың белгісі ретінде түсінілген. Осындай таптаурынды жағдаяттардың перцептивті көріністері жоғарыда аталған аксиологемалық стереотиптерде сақталып, «*тұндік көтеріп, тұтін тұметкен барша қазақ шаңырагы*» фразеологизмінде қазақ отбасыларының бақытты тұрмысын бейнелеуге уәж болса, «*тұндік ашар*» фразеологизмінде пысық әйелдің образын айшықтауға, «*тұндігі кеш ашилатын келін*» фразеологизмінде олақ әйелдің образын кескіндеуге, «*аштықтан тұндігі түрілмей қалған отбасылар*» фразеологизмінде қайтыс болған жанұялар жайлы қаралы хабардың репрезенттелуіне тұрткі болған.

«Хозяйка пекла блины, и *первый, еще горячий блин, помазав медом, клала на окно*» (Е.Левкиевская. Мифы русского народа, 82 б.).

«*В окно подать – богу подать*» (В.Даль. Пословицы русского народа. Т.2. 127 б.).

«Ну, думаю, *Бог дает – в окно подает*» (С.Гадиев. Произведения, 122 б.).

«Много старцев, и вдов, и сирот

*Под окошками ходит* с сумою,

Христа ради на помощь зовет» (И.Никитин. Сочинения, 235 б.).

«*Класть первый блин на окно*» (сөзбе-сөз ауд. бірінші құймақты терезеге қою), «*в окно подать – богу подать*» (сөзбе-сөз ауд. терезеден беру – құдайга беру), «*бог дает – в окно подает*» (сөзбе-сөз ауд. құдай терезеден де береді), «*ходить под окошком*» (сөзбе-сөз ауд. терезелер астында жүрү) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*окно*» әмбебап хрематонимі – бөлмеге

жарық түсіріп, таза аяу кіргізетін әйнегі мен жақтауы бар, қабырғада орналасқан үйдің терезесін білдіреді [132, с. 1117]. *Терезе* – орыс мифтік санасында үйдің көзіне баланып, көпқырлы символикалық мәндерге ие болған. Мысалы, «*классь первый блин на окно*» фразеологизмінде «*терезе*» – тірілер мен өлілерді байланыстыратын орын ретінде рәмізделген. Байырғы орыс халқы масленица мерекесінде бірінші піскен құймақты терезеге қойған. Терезеге қойылған құймақ – ата-баба рухына бағышталған сакральді тағам саналған [143].

«*В окно подать – богу подать*», «*бог дает – в окно подает*», «*ходит под окошком*» аксиологемалық стереотиптерінде «*терезе*» – адамды құдаймен жақындастыратын ғұрыптық орын ретінде жұмсалған. Ежелгі орыс тұрмысында жетім-жесірлер мен жағдайы жоқ қарт кіслер діни мейрамдарда үй-үйдің терезелерін арапап, күнтізбелік-ғұрыптық әндерді орындаған. Үй иелері оларға садақаны терезеден берген [137, с. 40]. Аталмыш діни ғұрыптың менталды бейнелері тіркелген «*в окно подать – богу подать*» паремиясы – «*терезеден берілетін садақа құдайга тез жетеді*» деген сенімді аңғартса, «*бог дает – в окно подает*» паремиясы – «*құдай жолында еңбектенсен, тілегің тез орындалады*» деген түсінікті танытады, ал «*ходит под окошкам*» фразеологизмі – «*қайыр тілеу, садақа сұрау*» деген мәдени семантиканы білдіреді.

«He *comes in at a window*» (Dick Wilkinson. Concise Thesaurus of Traditional dictionary, 684 б.).

«Pictures reappeared on the walls, which her sister had *windows walled up to avoid the window-tax*» (M.D.Conway. Travels in South Kensington, 5 б.).

Ағылшын үйі терезе санының көптігімен өзгешеленеді. *Window* (*терезе*) – ағылшын дәстүрлі мәдениетінде үміт пен арманның, жаңа өмірдің жаршысы ретінде интерпретацияланады. Мәселен, «*be came in at a window*» (сөзбе-сөз ауд. *терезеден кіру*) аксиологемалық стереотипінде ағылшын халқының діни нанымымен байланысты ұлттық-мәдени фреймі берілген. *Терезе* – британ халқының архаикалық діни түсінігінде Иса пайғамбардың анасы – Мәриямды, ал одан түскен жарық – Құдайдың нұрын білдірген [144]. Келтірілген фразеологизмнің тасасында жатқан Иса пайғамбардың дүниеге келуі туралы ойсурет – адамның өмірге келу сәтін меңзейтін мағынаның жасалуына арқау болған.

«*Walled up window*» (сөзбе-сөз ауд. *терезелерді бекіту*) аксиологемалық стереотипінде ағылшын халқының XVII ғасырдағы «*терезе салық*» оқиғасының перцептивті бейнесі таңбаланған. Ұлыбританияда 1697 жылы енгізілген терезе салығы үйдегі терезелер санына қарай мөлшерленген. Осының салдарынан үйінің терезесі көп ағылшындар терезелерін кірпішпен қалап бекіткен [138, р. 112]. Табиғи жарық көзінен шектеген *window-tax* (*терезе салық*) – берілген фразеологизмде жағдайы жоқ отбасын ассоциациялауға мұрындық болған.

«Бірақ киіз туырлықты қазақ түгел қарайтын Ұлы орданың баяғы айдыны қазір жоқ, хан жарлығының да дуасы кете бастаған» (К.Жұмаділов. Дарабоз, 7 б.).

«Гасырлар бойы бодандықтан бас иелігі болмаған, одан кешегі 90-шы жылдары бұрынғы әбден қалыптасқан экономикалық байланыстардың үзілуінен *туырлығы тозып, ағашы азған киіз үйдеген елімізді* дағдарыстан алғып шығып, әлемге танымал жаңа мемлекет деңгейіне көтерген Елбасының халқына етene жақындығына қалай таңғалмайсың?» («Егемен Қазақстан» газеті, 01.12.2016).

«Алпауыт күшке ие державалар саяси ойын тақтасындағы көпе-көрнеу озбырлық пен жымысқы жүрістері арқылы *бірнеше жүргіттың туырлығын тіліп*, өз тұтастықтарын өздеріне ойран еткізді» (<https://adisteme.kz>).

«*Киіз туырлықты қазақ*», «*туырлығы тозған киіз үйдеген ел*», «*туырлығы тілінген жүргіттар*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*туырлық*» этномәдени хрематонимі – уықтың қарын асырып, үзіктің етегін ала керегенің аяғына дейін жабылатын киіз үй жабындысын білдіреді [139, б. 186]. Көшпелі қазақ өмірінде туырлықты ақ қойдың жұні мен қоңыр қойдың жұнінен басылған қалың киізден дайындаған. Оның екі түрін қолданған. Бірі – жай туырлық, екіншісі – көтерме туырлық. Жай туырлық – уықтың орта беліне дейін жабылса, көтерме туырлық – шаңыраққа дейін жабылған. Қазақ киіз үйі туырлықтың түсі мен сапасына қарай «*ақ үй*», «*боз үй*», «*қараша үй*» деген түрлерге бөлініп, үй иесінің әлеуметтік деңгейін аңғартқан. Қазақ этномәдени жадысында береке-байлыштың өлшемі ретінде символданған «*туырлық*» хрематонимі арқылы «*киіз туырлықты қазақ*» фразеологизмінде көшпелі халық туралы автостереотип туындаса, «*туырлығы тозған киіз үйдеген ел*» фразеологизмінде жағымсыз утилитарлық бағалау реңкін үстейтін экономикасы құлдыраған мемлекеттің автостереотипі жасалған.

«*Туырлығы тілінген жүргіттар*» аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының жаугершілік заманынан елес беретін фреймі бекіген. Ежелгі ғұрып бойынша жауласқан жақ дүшпанының туырлығын тілгілеп, өзінің бәтусызы өшпендейтілгін білдірген [142]. Этномәдени санаға сіңген осындағы ойбейне арқылы алпауытты елдердің саяси ойыншығына айналып, өз ішінде есігі ойран, төрі талқан болған мемлекеттер жайлы жағымсыз гетеростереотип қалыптасқан.

«Қасқыrbай – «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала, *шаңырақтың үш күлдіреуішінен, ошақтың үш бұтынан тіле!*» дегенде тілін алмадым...» (С.Мұқанов. Суалмас сауын, 22 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*кулдіреуіш*» этномәдени хрематонимі – үш-үштен қылышып, шаңырақтың шеңберін төрт бөлікке бөлетін және оның үстіндегі тұндікті кетеріп тұратын иінді ағашты білдіреді [141, б. 38]. Қазақ архаикалық мәдениетінде *шаңырақ* – жоғарғы әлемнен ырыс пен құт жаудыратын хрематоним ретінде ырымдалған. Ал, *шаңырақтың күлдіреуіші* – төрт құбыланы түйістіретін, жоғарғы әлем мен төменгі әлемді тоғыстыратын символдық мағынаға ие болған. Көне ырымның менталды

көрінісі «шанырақтың үш күлдіреуішінен тілеу» фразеологизмінде тіркеліп, сөйлемде несібенің атажұрттан бұйыратының интерпретациялауға тұрткі болған.

«Қасқырбай – «калыстан арбалағанша, жақыннан дорбала, шаңырақтың үш күлдіреуішінен, ошақтың үш бұтынан тіле!» дегенде тілін алмадым...» (С.Мұқанов. Суалмас сауын, 22 б.).

«*Ошақтың үш бұтындаій бол бір шанырақтағы үшеуі* ертеңгі шайға отырды» (Оралхан Бекей. Ардақ. 28 б.).

«Өз *ошагының басы аман*» (Ә.Кекілбаев. Аңыздың ақыры, 17 б.).

«*Үш бұтынан ошақтың шетке шықпай,*

Үйде отырып жасытар гауһар тасты» (М.Дулатұлы. Өлеңдері, 32 б.).

«*Ошақтың үш бұтынан тілеу*, «*үшеуі – ошақтың үш бұтындаій*», «*ошагының басы аман*», «*ошақтың үш бұтынан шықпайды*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*ошақ*» этномәдени хрематонимі – үстіне қазан қою үшін жасалған үш аяқты тұғырды білдіреді [116, б. 291]. Қазақ киіз үйінің қақ ортасына құрылыш, туған-туысты ұйыстырыш, маңайына отырғызған, қара қазаннан дәм татқызыған «*үш бұтты ошақ*» артефактісі – халық танымында құт пен ырыстың, татулық пен ауызбіршіліктің бейнесі ретінде дәйектелген. Дәстүрлі қазақы ортада ошақ тұрғызылып, қазан асылған орынды аттауға, басуға тыйым салған. Ошақты бұзғанға тәртіптік-құқықтық жаза белгілеген. Қазақ үшін ошақтың күйреуі – ағайын-туыстың, ел-жүрттың қазасын астарлаған. *Үш бұтты ошақ* – көне ғұрыштарда қауіп-қатерден, бәләжаладан сақтайтын күлтік атрибут есебінде қолданылған. Көне нағымның мұндай сарқыншақтарын «*ошақтың үш бұтынан тілеу*» аксиологемалық стереотипінен де байқаймыз. Қазақ мәдениетінде қастерлі мүлікке айналған «*ошақ*» хрематонимі – келтірілген аксиологемалық стереотипте ел-жүрттың образын кескіндесе, «*үшеуі – ошақтың үш бұтындаій*» аксиологемалық стереотипінде «*әке – ана – бала*» бірлігінен құралған тату-тәтті отбасының бейнесін, «*ошагының басы аман*» аксиологемалық стереотипінде ағайын-туыстың бүтіндігін экспликациялаған, ал «*ошақтың үш бұтынан шықпайды*» аксиологемалық стереотипінде үй тіршілігін ғана білетін қыздың образын ассоциациялаған [145].

««Легко на печи лежать и плевать в потолок» - сказал мэр Саранска Петр Тултаев» ([www.adm-saransk.ru](http://www.adm-saransk.ru)).

«Ну, у меня, слава богу, не семеро по лавкам, *не семь на печи*» (В.Смирнов. Водополь, 97 б.).

«И решили мы тогда все-таки *танцевать от печки*» (А.Ермак. Большие, 98 б.).

«*Из одной вы печи, да не одни калачи*, - раздумчиво сказал Степунин» (А.Марченко. Возвращение, 367 б.).

«Но тут в широко зевнувшей изяной двери показалось *широкая, как русская печь, старуха* – не позавидуешь деду» (А.Макаров. На той стороне, 124 б.).

**«Ну, полезай, полезай на печь. Я сейчас чайку...»** (М.Н.Алексеев. Молодая гвардия, 80 б.).

**«Лежать на печи»** (сөзбе-сөз ауд. *пештің үстінде жату*), **«не семь на печи»** (сөзбе-сөз ауд. *пеш үстінде жетеу емес*), **«танцевать от печки»** (сөзбе-сөз ауд. *пеш жақтан бастап билеу*), **«из одной вы печи, да не одни калачи»** (сөзбе-сөз ауд. *бір пеште піссеніздер де, әр түрлі қалаш екенсіздер*), **«широкая, как русская печь, старуха»** (сөзбе-сөз ауд. *кең, орыс пешіндегі кемпір*), **«полезай, полезай на печь»** (сөзбе-сөз ауд. *пештің үстіне шық*) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«печь»** (*пеш*) этномәдени хрематонимі – кірпіштен не саз балшықтан жасалған, ұзындығы – 1,8-2 м, ені – 1,6-1,8 м, биіктігі – 1,7 м құрайтын, үйді жылдытуға, тағамды пісіруге, ұйықтауға арналған куб пішіндес ошақ ұғымын білдіреді [132, с. 1286]. Избаның кіреберіс есігінің сол жақ кеңістігінде орналасқан *пеш* – орыс халқының тыныс-тіршілігінде айырықша ғұрыптық-символикалық рөл атқарған. Мәселен, жаңа туылған нәрестені пештің үстінде жатқызған. Дәстүрлі некелесу салтында қыз айттыруға келген құдалар жыл мезгілдеріне қарамастан, пешке қолдарын жылдытып, одан: **«Печка, печка, дай нам человечка»** (сөзбе-сөз ауд. *пеш, пеш, бізге адам бер*) деп сұраған. Пеш орналасқан бұрышты ата-баба, әке-шеше үйінің нышаны деп түсінген орыс жұрты болашақ қалындықты **«қыз кору»** рәсімі орындалғанға дейін сол жерде отырғызған. Некелесу салтында атқарылатын қүйеу жігіттің өз қалындығын пеш орналасқан бұрыштан, қызыл бұрышқа алып шығу жосыны – қыздың туған үйімен қоштасуын және өзге үйге келін атанғанын білдірген [143, с. 729].

Орыс халқы қыс мезгілінде пештің астыңғы бөлігін – от жағатын, тағам пісіретін, үй жылдытатын, ал үстінгі бөлігін – ұйықтайтын, демалатын орын есебінде пайдаланған. Орыс этномәдени кеңістігінде жылулық пен тыныштықтың символы ретінде бағаланған пештің үстінгі бөлігінде тек қарт кіслер мен балалар ұйықтаған. Осымен байланысты орыс халқы көпбалалы отбасын **«семь на печи»** (сөзбе-сөз ауд. *пеш үстінде жетеуі*), ал аз балалы отбасын **«не семь на печи»** (сөзбе-сөз ауд. *пеш үстінде жетеу емес*) деп астарлап айтқан. **«Пеш үстінде жату»** жағдаяты – халық дүниетанымында еріншектік пен енжарлықтың да белгісі санаған. Бұған халық ertegілеріндегі Емеля мен Иван бейнелері айқын мысал бола алады. Осындағ фреймдік ұлғі **«лежать на печи»** аксиологемалық стереотипінде де тіркелген. **«Танцевать от печки»** аксиологемалық стереотипінде орыс ұлтының мәдени өмірін кескіндейтін ойбейне берілген. Орыс тіліндегі фраземалардың шығу төркінін айқындаған В.В.Виноградовтың түсіндіруінше, ежелгі орыс елінде ақсүйек отбасынан шыққан балаларға би билеуді пеш орналасқан аймақтан бастап үйрететін болған [146]. Дағдылы тұрмыста қайталанған **«пештен бастап билеу»** жағдаяты – орыс этномәдени түсінігінде **«қандай істі бастасаң да, бәрін үйренешікті, қарапайым істен бастау керек»** деген мағынаның бекі түсүіне ықпал еткен. **«Из одной вы печи, да не одни калачи»** аксиологемалық стереотипінде орыс халқының күнкөріс тіршілігі мен наным-сеніміне байланысты перцептивті бейне сакталған. Дәстүрлі тұрмыста орыс әйелдері нан

тағамдарын (қалаш, бәліш, т.б.) пешке саларда: «*матушка-печка, укрась своих детушек*» (сөзбе-сөз ауд. *пеш-анашиым, өз балаларыңды безендір*) деп айтатын болған [143, с. 220]. Орыс ұлттық-мәдени жүйесінде ананың бейнесі ретінде интерпретацияланған *пеш* – «*из одной вы печи, да не одни калачи*» аксиологемалық стереотипінде де көрініс тауып, апалы-сіңілілердің түрлі мінез-құлқын бейнелеуге ұйытқы болған. Яғни, бір пеште әртүрлі болып піскен қалаш (сақина пішіндес нан) нандарға, бір анадан туылған балалардың бір-біріне ұқсамайтын мінез-құлқытары баланып, ассоциативті бейнелердің жасалуына өзек болған.

«*Пеш*» хрематонимі – орыс этномәдени санасында кеңдіктің, іріліктің, биіктіктің эталондық өлшемі ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасына сүйеніп, «*широкая, как русская печь, старуха*» аксиологемалық стереотипі арқылы ірі денелі, ұзын бойлы, кең иықты қарт әйелдің жағымсыз эстетикалық бейнесін кескіндеген.

«*Полезай, полезай на печь*» аксиологемалық стереотипінде орыс қонақ құту әдебінің ойсуреті бекіген. Ежелгі орыс халқы үйге кірген мейманға жылы шырай танытып, оны пеш үстіне шығарған. Орыс дәстүрі бойынша пеш үстіне шығарылған мейман – отбасының ең жақын адамы болып есептелген. Коммуникатор мәтінде ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін «*полезай, полезай на печь*» аксиологемалық стереотипін қолданып, қадірлі адамның жағымды этикалық образын бейнелеген.

«*The fireplace is the heart of the British home*» (<https://www.hearthandhome.co.uk>).

«The woman has the babies and *keeps the home fires burning*» (Gardner D. The best of the best, 160 б.).

«*The fireplace is the heart of the British home*» (сөзбе-сөз ауд. камин – ағылшын үйінің жүрегі) аксиологемалық стереотипіндегі «*fireplace*» этномәдени хрематонимі – бөлмедегі от жағуға арналған тік мұржалы, алды ашық ошақ үғымын білдіреді [134, р. 177]. *Fireplace* – ағылшын халқының тұрмыс-тіршілігінде айырықша мәнге ие болған хрематонимі. *Ол* – ағылшын үйінің орталық қонақ бөлмесінде орналасқандықтан, отбасылық татулықты тұспалдайды. Нақты айтқанда, британ халқының жан-дүниесімен ерекше құрметтейтін, отбасымен бірге демалатын орны. Мұны аталмыш аксиологемалық стереотиптен де көреміз.

Ежелгі ағылшын қоғамында ерлер ауыл болып аңға кеткенде, сол ауылдың бір үйі оттары мен шамдарын сөндірмей, келгенше күтетін болған. Үйдің осындаған перцептивті көрінісі «*keep the home fires burning*» (сөзбе-сөз ауд. үйдің отын сақтай) аксиологемалық стереотипінде бекіп, отбасын асыраушы әйелдің жағымсыз этикалық образын ассоциациялауға уәж болған [147].

«Тәуелсіздік дәүірі: *Қазақстанның бітімгерлік миссиясы БҰҰ-ның төріне шыгарды*» (<http://khabar.kz>).

«*Дәстүрін сыйлаган төрге шыгады*» (Бабадан қалған байлығым, 106 б.).

«*БҰҰ-ның төріне шыққан Қазақстан*», «*дәстүрін сыйлаган төрге шыгады*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*төр*» этномәдени хрематонимі –

қазақ киіз үйінің есікке қарама-қарсы жоғарғы жағын қамтитын киелі де иелі орынды білдіреді. *Төр* – ақ сақалды қария мен отағасының қастерлі орны. Қазақ дәстүрлі жүйесінде төрде отырғанға «*төрелік айту*» мәртебесі бұйырған. Қонақ күту әдебінде қадірлі қонақта төрден орын беріп, сый-құрмет көрсету – қазақ салтының үзілмес көрінісі, бұлжымас қағидасы болып саналады [148]. Сыйластық пен мәртебеліктің этикеттік үлгісін танытатын «*төр*» хрематонимі арқылы «*БҰҰ-ның төріне шыққан Қазақстан*» мысалында халықаралық саяси аренада беделі артқан ымырашыл мемлекетіміздің автостереотипі бейнеленсе, «*дәстүрін сыйлаган төрге шығады*» аксиологемалық стереотипінде елге сыйлы адамның образы айшықталған.

«Генералы один за другим входят в избу и *рассаживаются в красном углу на широких лавках под образоми*» (Л.Толстой. Война и мир, 84 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*красный угол*» этномәдени хрематонимі – орыс үйінің пешке қарама-қарсы бұрышын білдіреді [132, с. 745]. Орыс халқының дағдылы өмір-салтында кез келген іс осы бұрыштан басталған. *Красный угол* – христиан дінінің ұстанымдарына сәйкес, шығысқа қарай бағытталып, құлышылық жасайтын орынның қызметін атқарған. Избаның киелі орны саналған бұл бұрышта иконалар (құлышылық жасауға арналған бейнелер) тұрса, ал оның астыңғы жағында үстел мен орындықтар тұрған. Орыс этномәдени кеңістігінде қасиетті, сыйлы орынның белгісі ретінде таптаурындалған *красный угол*, яғни аталмыш бұрышқа тек лауазымды, беделді адамдар отырған [149]. Орыс ұлтының дүниетанымы мен тұрмыстық этикеттінен көрініс беретін осындай ұлттық-мәдени фреймді жоғарыда берілген аксиологемалық стереотиптен де байқаймыз. Коммуникатор мәтінде *аталмыш* аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы лауазымды тұлғалардың образын айшықтай түскен.

«*Есік көрген демей*, қыздай қосылған Зәурешті ұмытып, ынтызар көңілмен құлағаны...» (М.Мағауин. Көкбалақ. 116 б.).

«Астаналық өнер әлемінің өкілдері *өз шеберханаларының есік-төрін көрсетті*» ([www.astana-akshamy.kz](http://www.astana-akshamy.kz)).

«*Есік көрген*», «*есік-төрін көрсеткен шеберхана*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*есік*» хрематонимі – көшпелі халықтың жылжымалы баспанасы – киіз үйдің кіріп-шығуға және ашып-жабуға арналған негізгі бөлігін білдіреді. Қазақ мәдениетінде есік ұғымына қатысты кең таралған жосын-жоралғылардың бірі – «*есік көрсету*». «Жаңа түскен келінді күйеуінің ағайынтыстары үйлеріне «есік көрсетіп», дәм татуға арнайы шақыру рәсімі» [150, б. 98]. Бұл жосын – босағаны аттаған жас келінге туыстық қарым-қатынас орнату мен сыйластықты, ізеттілік пен кішіпейілділікті, әдеп пен ибаны, бауырмалдық пен ағайыншылдықты ұғындыру мақсатында атқарылады. *Есік көру* – этномәдени түсінікте қыздың тұрмысқа шыққанын және ерінің ел-жүртynna келін атанғанын айғақтайды. Осындай таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі «*есік көрген*» аксиологемалық стереотипінде орнығып, күйеуде бұрын болған әйелдің образын вербалдауға ықпал еткен.

Қазақ этномәдени ұжымының үйлену ғүрпіндағы адамгершілік-этикалық ұстанымдарды белгілеуге бағытталған рәсімдердің қатарына «*есік-төр көрсету*» салтын да жатқызуға болады. «*Есік-төр көрсету*» салты бойынша күйеу жігіт жағы қалындық жағын арнайы қонаққа шақырады. Мұндай салт «*құдаласу*» рәсімінен кейін орындалып, құда-құдағилар арасындағы мыңжылдық татулық пен таныстықты шегелей түседі [150]. Аталмыш салттың ойсуреті «*есік-төрін көрсеткен шеберхана*» аксиологемалық стереотипінде бекіп, өз туындыларын көрме қонақтарына таныстыру мақсатында ұйымдастырған суретшілердің іс-шаралары жайлы ақпаратты мазмұндауға арқау болған.

Ежелгі орыс халқы үй есігін сыртқы қауіп-қатерден сақтайды деп сеніп, көптеген рәсімдерді есік жанында атқарған. Сондай рәсімдердің бірі – «*присесть на дорожку*» (*сөзбе-сөз* ауд. жол жүрерде отыру) деп аталған. Орыс ұлты алыс жолға шығардың алдында есік жанында тұрған орындыққа отырып, дұғасын оқиды. Мұның астарында архаикалық-мифтік түсінігі жатыр. Тарқатып айтқанда, әр избаның иесі (домовой) болады. Сол иесі жолаушымен бірге ілесіп, сапарын бөгеп, кедергі келтірмес үшін «іште қалсын» деген ырыммен есік жанына отырған. *Есік* – орыс этномәдени қеңістігінде ішкі әлем мен сыртқы әлем арасындағы шекараны белгілеген [149, с. 25].

«A lot of people *hang holly wreaths on their front doors at Christmas*» (Easier English student dictionary, 1002 б.).

«*Fortune knocks once at least at every man's door*» (*сөзбе-сөз* ауд. бақыт – әр адамның есігін бір рет болса да қагады) деп түйген ағылшын халқы үшін *door* (*есік*) – бақыт пен қуаныштың хабаршысы ретінде ұғынылады. Дәстүршіл ағылшын халқы жаңа жыл мерекесінде де холлиды есікке іледі. Бұл ғұрыптың фрагменттерін «*hang holly wreaths on their front doors*» (*сөзбе-сөз* ауд. *есіктердің алдына холли ілу*) аксиологемалық стереотипінен де кездестіреміз. *Холли* – жаңару мен мәңгілік өмірдің белгісін меңзейтін өсімдік түрі. Ағылшын этномәдени жүйесінде бұл өсімдіктің жапырақтары – Иса пайғамбардың тәжін бейнелесе, қызыл жемістері – Иса пайғамбардың жапыраққа тамған қанын білдіреді. Жаңа жылдың символы ретінде есікке ілінетін *холли* – ағылшын танымында отбасына бақыт пен шаттық әкелетін атрибут саналады [111, р. 125].

«Керегесі кең, *босағасы берік ел*» (<https://egemen.kz>).

«Сол, мойынға бүршақ салып құдайдан тілеп, *қара шаңырақтың босағасына ақтық байлан алған бала*, осы өз достарың Таңдай» (<https://adebiportal.kz>).

«*Оң босағада отырып қалған отандық жұлдыздар* тойдың ауылы әлі алыс екенін айтты» (НТК телеарнасы. «Ревью» жаңалықтары. 2017).

«Несібелі әжей қолындағы еріп тұрған сары маймен *жсанға отаудың босағасын майлады*» (<https://aqmeshit-aptalygy.kz>).

«Ақсопы-Ағанас батырды ел-жүрті жиналышп, қаралы ту тігіп, *босағасына шеге қагып*, атын тұлдап, қазақтың бейбіт күндегі дәстүр-салтымен арулап жерледі» (Б.Шалғынбай. Аққожа би, 42 б.).

«Босагасы берік ел», «қара шаңырақтың босагасына ақтық байлан алған бала», «оң босагада отырып қалған отандық жүлдүздар», «жасаң отаудың босагасын майлау», «босагага шеге қагу» аксиологемалық стереотиптеріндегі «босага» хрематонимі – киіз үй есігінің қос жақтауы мен керегесінің оң және сол қанатындағы кеңістікті білдіреді. **Ол** – қазақ этномәдени санасында адам ғұмырының тал бесіктен жер бесікке дейінгі айтулы сәттерін тұспалдайтын сакральді белгі ретінде рәмізделген.

Қазақ киіз үйінің мықтылығы – босағаларының (оң және сол) беріктігімен өлшенген. Көшпелі тұрмыста киіз үйдің оң босағасы – ер адамның, ал сол босағасы – әйел адамның кеңістігі саналып, оң жақ кеңістікте – ер кісілер қолданатын құрал-жабдықтар (ат әбзелдері, қару-жарап, т.б.), ал сол жақ кеңістікте – әйел кісілер тұтынатын мұліктер тұрған. Қазақ халқының отау көтеру ғұрпында «екі жастың босагасы берік болсын!» деген ақ тілеумен отау үйдің оң босағасын ақсақалды қария, сол босағасын ақжаулықты ана керегеге байлаған. Бұл ғұрып – отбасының тұтастықта, ауызбіршілікте өмір сүруін тұспалдаған. Осы рәміздік мағына «босагасы берік ел» аксиологемалық стереотипінде де сақталып, ынтымағы жарасқан мемлекетіміздің автостереотипін экспликациялауға уәж болған.

«*Қара шаңырақтың босагасына ақтық байлан алған бала*» аксиологемалық стереотипінде «босага» хрематонимі – күльтік символикалық таңба ретінде жұмсалған. Бұған ежелгі нағым-сенімнің ойсуреті арқау болған. Байырғы кезде енесі аяғы ауыр келінің «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сеніммен үлкен әuletтің шаңырағына апарып, босағасына ақтық байлатқызыған. Бұл жоралғы – ата-баба әруағын сыйлау мақсатында атқарылған [109, б. 522]. «*Босагага ақтық байлау*» жоралғысының фрагменті аталған аксиологемалық стереотипте бекіген. Коммуникатор «*қара шаңырақтың босагасына ақтық байлан алған бала*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы мәтінде ата-баба разылығын алғаннан кейін өмірге аман-есен келген нәресте жайлы деректі интерпретациялаған.

«*Оң босагада отырып қалған отандық жүлдүздар*» аксиологемалық стереотипінде көне салттың перцептивті бейнесі таңбаланған. Ежелгі қазақ салты бойынша қыз бала балиғат жасқа келгенде, оған киіз үйдің оң жақ босағасынан арнайы шымылдық құрып, киім-кешегі мен жататын орнын әзірлеп берген. «*Қызды оң босагага отырғызу*» деп аталағын бұл рәсім – ұқыптылық пен тазалықтың, бойжеткендік пен әдептіліктің үлгісі саналған. **Оң босага** – дәстүрлі некелесу ғұрпында да қыздың ұзатылатын орны болып айғақталған. Осындағ ұлттық-мәдени фрейм арқылы аталмыш аксиологемалық стереотипте бойжетіп, тұрмыс құрмай жүрген кәрі қыздардың жағымсыз бейнесі ассоциацияланған.

«*Жаңа отаудың босагасын майлау*» аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының некелесу ғұрпына қатысты менталды түсінігі берілген. Отау көтеру рәсімінде «екі жастың босагасына құт пен ырыс дарысын» деген ырыммен ауылдың ақжаулықты анасы отау үйдің босағасына май жағады [109, б. 523].

«Босаға майлау» жосынының ойбейнесі келтірілген аксиологемалық стереотипте де «берекелі отбасы болсын» деген ұғымды экспликациялаған.

«Босагага шеге қазу» аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының өлікті жөнелту ғүрпімен байланысты менталды түсінігі көрініс берген. Ежелгі өлікті жөнелту ғүрпі бойынша әulet отағасының сүйегі шығарылғаннан кейін мәйітпен бірге «шаңырақтың ырысы мен құты кетпесін» деп, киіз үйдің босағасына шеге қақкан. Коммуникатор мәтінде «босагага шеге қазу» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы «әuletтің құт-берекесін сақтау» деген ақпаратты ишаралаған.

«Сижу вот я после ярмарки-то *в своем бабьем углу*» (С.Максимов, С.Плеханов. По русской земле, 46 б.).

«Я уселся *в переднем углу на конике* с твердой решимостью не спать до утра...» (Д.В.Григорович. Николай Успенский, 24 б.).

«*Сидеть в своем бабьем углу*» (сөзбе-сөз ауд. өзіме тиесілі әйел бұрышында отыру), «*сидеть в переднем углу на конике*» (сөзбе-сөз ауд. алдыңғы бұрыштағы ат үстінде отыру) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*бабий угол*», «*коник*» этномәдени хрематонимдері – төрт қабырғалы орыс үйінің бұрыштарын білдіреді. Құндылықтың мәнге ие болған избаның әр бұрышы – дәстүрлі ортада отбасы мүшелерінің өзіндік тұрмыстық қағидалары мен ұстанымдарын белгілеуге ықпал еткен. Мәселен, пеш орналасқан бұрыш – *бабий угол* немесе *бабий күт* деп аталған. Аталмыш бұрыш – әйелдің үй ішіндегі от жағу, тағам әзірлеу, жіп иіру секілді шаруаларын атқаруға арналған кеңістігін мензеген. Таптаурынды жағдаяттың ойсуреті «*сидеть в своем бабьем углу*» аксиологемалық стереотипінде де орнығып, әйел кісінің бейнесін ассоциациялауға ұйытқы болған.

«*Сидеть в переднем углу на конике*» аксиологемалық стереотипіндегі «*коник*» хрематонимі – ағаштан жасалған, жақтауы ат мүсінді, кең, ерлер орындығын білдіреді. Орыс үйінде *коник* – кіреберіс есіктің сол жағын тұластай қамтығандықтан, ол бұрыш – ер кеңістігі деп аталған. Этнограф-ғалым А.К.Байбуриннің дәйектеуінше, орыс үйінің әйел кеңістігі – ішкі ортамен қарым-қатынасын тұспалдаса, ал ер кеңістігі – сыртқы ортамен байланысын мензеген [140, с. 125]. «*Сидеть в переднем углу на конике*» аксиологемалық стереотипінде де ер кісінің бейнесін вербалдаған.

«*Табалдырықта тұрма, босаганы керме!*» ([www.qazdauiri.kz](http://www.qazdauiri.kz)).

Аталмыш аксиологемалық стереотипте ежелгі құн сұрау салтының перцептивті көрінісі бекіген. Байырғы қазақы ортада құн дауы шешілмей, құн сұраушы қарсы жақтың табалдырығын аттамаған, босағасын керіп тұрған. Бұл салт – дүшпанның құт-берекесін қашыру дегенді білдірген [25, б. 65]. Қазақ мәдениетінде табалдырық – киіз үйдің қастерлі бөлігі ретінде бағаланады. Дәстүрлі тұрмыста табалдырыққа отырмайды. Адам аяғы табалдырыққа сүрінсе, жақсылық келеді деп ырымдайды.

«*Класть ребенка на порог*» (И.И.Шангин. Русский традиционный быт, 119 б.).

*«Гостя встречай за порогом и пускай наперед себя через порог»* (В.Бойко, В.Ефименко. Очерки истории строительства сухопутных путей, 101 б.).

«Старик потащил из угла льки и сказал: - *Без бога не до порога.* - Да! - отвечал сосед» (Н.В.Успенский. Пропажа, 91 б.).

«Он *не перешагивал через порог, а перепрыгивал*» (М.Нестеров. Особо охраняемый объект, 206 б.).

«Ведь прежде *гроб трижды с силой ударяли о порог избы...*» ([www.kommersant.ru](http://www.kommersant.ru)).

**«Класть ребенка на порог»** (сөзбе-сөз ауд. баланы табалдырыққа қою), **«гостя встречай за порогом и пускай наперед себя через порог»** (сөзбе-сөз ауд. қонақты табалдырықтың алдында қарсы алып, өзінен бұрын табалдырықтан аттатқызы), **«без бога не до порога»** (сөзбе-сөз ауд. құдайсыз табалдырықтан да өтпейсің), **«перепрыгнуть через порог»** (сөзбе-сөз ауд. табалдырықтан секіру), **«ударить гробом о порог»** (сөзбе-сөз ауд. табалдырықты табытпен соғу) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«порог»** (табалдырық) хрематонимі – есіктің еденге тиіп тұратын бөлігін білдіреді [132, с. 1409]. **Табалдырық** – орыс этномәдени жүйесінде адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірімен біте қайнасқан ғұрыптық орын саналған. Айталық, **«класть ребенка на порог»** аксиологемалық стереотипінде баланың дүниеге келуімен байланысты ұлттық-мәдени фрейм бейнеленген. Байыргы кезде, орыс халқы жаңа туылған сәбиді шоқындырған соң, табалдырыққа қойып, оны лезде көтеріп алған. **«Нэрестені табалдырыққа қою»** жосыны – сәбидің жаңа әлемге қабылдануын тұспалдаған [110, с. 184].

**«Гостя встречай за порогом и пускай наперед себя через порог»** аксиологемалық стереотипінде орыс қонақ күту этикетінен көрініс беретін ойсурет берілген. **Табалдырық** – орыс мәдениетінде сыртқы ортадан ішкі органды қорғайтын шекара ретінде символданған. Ежелгі орыс ортасында үй иесі келген қонақты табалдырығының алдында күтіп алып, оны өзінен бұрын табалдырығынан өткізетін болған. Дәстүрлі этикеттік рәсімге сәйкес, келген қонақ та өзгенің үйіне кірмей тұрып, оның табалдырығының алдында құдайға сиынатын болған [110, с. 185]. Орыс өмір-салтында қайталанған осындай жағдаяттың перцептивті бейнесі **«без бога не до порога»** аксиологемалық стереотипінде сәуленген.

**«Перепрыгнуть через порог»** аксиологемалық стереотипінде орыс үйлену ғұрпына қатысты ұлттық-мәдени фрейм көрініс тапқан. Орыс халқының дәстүрлі некелесу ғұрпында қалындығын алыш кетуге келген күйеу жігіт қыздың үйінің табалдырығынан секіретін болған. Қалындық та күйеу жігіттің үйіне келгенде оның табалдырығының алдында тұрған. **Күйеу жігіттің табалдырықтан секіруі** – кедергіні жеңуін тұспалдаса, қалындықтың табалдырық алдында тұруы – күйеу жігіт үйімен танысуын астарлаған [110, с. 185]. Аталмыш жосынының ойсуреті аталмыш аксиологемалық стереотипте сақталып, мансап жолындағы кедергіні жеңген ер адамның бейнесін ассоциациялауга түрткі болған.

«*Ударить гробом о порог*» аксиологемалық стереотипінде орыс халқының өлікті жөнелту рәсімінің ойсуреті сақталған. Ежелгі орыс елінде мәйітті үйден шығаратын кезде оның табытын үш мәрте табалдырыққа соғатын болған. Бұл жосын – мәйіттің үйімен қоштасуын білдірген.

«*To carry over the threshold*» (сөзбе-сөз ауд. табалдырықтан көтеріп өткізу) аксиологемалық стереотипіндегі «*threshold*» хрематонимі – есіктің тақтайдан не тастан жасалған табалдырығын білдіреді [134, р. 498]. Ағылшын мәдениетінде *threshold* (табалдырық) – символдық-ғұрыптық орынның функциясын атқарған. Мұны «*to carry over the threshold*» аксиологемалық стереотипі де растайды. Аталмыш аксиологемалық стереотипте британ халқының көне некелесу ғұрпына қатысты ойсурет көрініс берген. «It is an old custom for a newly married woman to be carried across the threshold of her new house by her husband» [108, р. 84]. Яғни, байырғы ағылшын халқы «қалыңдықтың аяғы табалдырыққа шалынса, жаңа отбасына бақытсыздық әкеледі» деп иланған. Соңдай келенсіздікке душар болмау үшін күйеу жігіт өз қалыңдығын үйінің табалдырығынан көтеріп кіргізген. Бұл рәсім – бақыт пен сәттілікті рәміздеген.

«Ни детей, ни семей, **ни кола ни двора...**» (О.Верещагин. Клятва разведчика, 29 б.).

«Она просто-напросто даст Барсукову **от ворот поворот**» (М.Серова. Агент возмездия, 91 б.).

«**Ни кола ни двора**» (сөзбе-сөз ауд. бағаны жоқ, ауласы жоқ), «**от ворот поворот**» (сөзбе-сөз ауд. қақпадан кері бұрыл) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*кол*», «*двор*», «*ворота*» хрематонимдері – орыс үйінің сыртқы кеңістігін білдіреді. *Кол* – ені екі сажынды (3, 658 м) егістік жерді білдіретін көнерген атау [132, с. 690]. *Двор* (аула) – қажетті шаруашылық құрылыштары (қора, амбар, монша, т.б.) бар үйдің қоршалған айналасы [132, с. 361]. *Ворота* (қақпа) – үйдің қоршаулы ауласына кіріп-шығуға арналған жаппалы есік [132, с. 217]. Орыс халқының отырықшы тұрмысында егістік жер мен үй ауласы маңызды рөл атқарған. Айталақ, егістік алқабында жерін жырттып, дәнді-дақылдарын есірсе, бау-бақшасында жеміс-жидегін, көкөнісін отырғызыған. Ал, ауласында құс (қаз, тауық, үйрек, т.б.) асырап, мал шаруашылығымен (жылқы, сиыр, қой, шошқа, т.б.) айналысқан. Сонымен, *аула*, *бау-бақша*, *егістік жер* – орыс этномәдени кеңістігінде байлықтың өлшемі ретінде бағаланған. Мұны «**ни кола ни двора**» аксиологемалық стереотипінен де байқаймыз. Берілген аксиологемалық стереотипте байлық ұғымына қарама-қарсы түсінік бейнеленіп, жағымсыз утилитарлық бағалау мәнін үстейтін үйсіз-күйсіз адамның образын суреттеуге негіз болған.

Орыс халқының дағдылы тіршілігінде үйдің сыртқы қақпасы – «өзім/өзге» кеңістіктерін белгілеген шекара ретінде рәмізделген. *Ол* – орыс дүниетанымында ғұрыптық локустың да міндетін атқарған. Мысалы, «**от ворот поворот**» аксиологемалық стереотипінде құдаласу жосынымен байланысты ойбейне бекіген. Ежелгі орыс ортасында қызға ата-анаы атастырган жігіт ұнамаған жағдайда, қыздың құрбылары құдаласу күні қақпаға

қуыршақ қойған. Бұл қуыршақ – бас тарту қуыршағы деп аталған. Қақпадан қуыршақты көрген жігіт қыздың үйіне кірмей, теріс айналып кететін болған [133, с. 280]. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін «*от ворот поворот*» аксиологемалық стереотипін пайдаланып, бас тартатын адам жайлы ақпаратты мазмұндаған.

«*Let me lead you up the garden path*» (Bernard Veale. A very bad virgin, 123 б.).

Ағылшын халқы – бағбан халық болғандықтан, олардың үйін баубақшасыз елестету мүмкін емес. *Garden* (бау-бақша) – ағылшын мәдениетінің үлгітің көрсеткіші. *Ол* – табиғи сұлулық пен экзотикалық әсемдіктің үлгісі, бақытты өмірдің символы. Мұны «*if you would be happy all your life plant a garden*» (сөзбе-сөз ауд. бақытты өмір сүргіңіз келсе, өмір бойы бау-бақша өсіріңіз) паремиясы да дәйектейді.

«*Lead up the garden path*» (сөзбе-сөз ауд. бау-бақшага кіргізу) аксиологемалық стереотипінде ағылшын қонақ құту этикетінің ойбейнесі тұжырымдалған. Британ халқы өзіне ұнамаған мейманды үйге кіргізбей, бақ ішінде қабылдайды. Келген мейманмен бақта әңгіме-дүкен құрып, көңілін аулауга тырысады. Осындай таптаурынды жағдаяттың фрагменті аталмыш аксиологемалық стереотипте қатталған. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны орындау үшін «*lead up the garden path*» аксиологемалық стереотипін пайдаланып, жалған үміт сыйлас, алдан-арбайтын адамның ұнамсыз этикалық бейнесін айшықтаған.

### 2.1.2 «Тұрмыстық зат» тірек компонентті стереотиптер

XIX-XX ғасырларда Э.Сепир мен Б.Уорфтың еңбектерінен бастау алған тұрмыстық зат атауларын зерттеу Д.Х.Хаймс, Ч.О.Фрейк, К.Рисагер, Г.Д.Томахин, Ю.Н.Караулов, С.И.Влахов пен С.П.Флориннің еңбектерінде одан әрі дамып, жалғасын тапса, отандық тіл ғылымиында тұрмыстық хрематонимдерді арнайы талдаған Б.Б.Абығалиеваның «Бытовая лексика казахского языка», Ж.А.Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» еңбектерінде негізі қаланды. Осы ғылыми үрдістің жалғасы қазақ тіл білімінде А.Қ.Сейілханның «Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні («Қызы жібек», «Баян сұлу» жырлары бойынша)», Қ.Т.Каирбаеваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні», Ж.Т.Ибраимованың «Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканың қатысымдық сипаты (М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде)», А.Ә.Молдасанованың «Тұрмыс лексикасындағы әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі (ыдыс-аяқ атауларының қазақ және ағылшын тілдері негізінде зерттелуі)», т.б. зерттеулері арқылы дамып келеді. Осыған байланысты тіл ғылымиында «тұрмыстық лексика», «заттық мәдениет лексикасы», «этнографизм», «этномәдени атау», «этнографиялық реалия» сияқты терминдік атальмдар жарыса қолданылып жүр. Біздің зерттеуімізде тұрмыстық зат атаулары этномәдени және әмбебап хрематонимдер ретінде қарастырылады.

Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өмір-салтында тұтынған заттарын бейнелейтін хрематонимдер – «тұрмыстық зат» ұлттық-мәдени кодтық элементтер ретінде дүниенің құндылық бейнесінің бір бөлігін сипаттайды. Олар – символдық, эталондық коннотацияларға ие бірліктер ретінде дәстүрлі мәдениетпен ассоциацияланады. Сол себепті, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «тұрмыстық зат» тірек компонентті аксиологемалық стереотиптерді салғастыра талдаудың мәні зор.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі «тұрмыстық зат» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің уәжді компоненттерін «*киіз*», «*тұсқиіз*», «*сырмак*», «*текемет*», «*алаша*», «*құрак*», «*абажа*», «*әбдіре*», «*кебеже*», «*қазан*», «*дастарқан*», «*саба*», «*мес*», «*торсық*», «*кубі*», «*табақ*», «*аяқ*», «*тостаган*», «*қасық*», «*половик*», «*лавка*», «*поставец*», «*посудник*», «*скатерть*», «*стол*», «*котел*», «*горшок*», «*туес*», «*бочка*», «*кадушка*», «*кубышка*», «*самовар*», «*блюдо*», «*братаина*», «*ложска*», «*carpet*», «*chair*», «*tableclooth*», «*table*», «*cupboard*», «*platter*», «*rap*», «*cirp*», «*spoon*», т.б. секілді этномәдени хрематонимдер мен әмбебап хрематонимдер құрайды.

«Сол-ақ екен, былайғы жұрт та құдалар жағының кешіккен нөкері десе керек, *ақ киізге салып, хан көтергендей қол-аяқтарын жерге тигізбей әкетті*» (К.Ысқақ. Өткен күннің екініші, 57 б.).

«*Ақ киізге салып, хан көтергендей*» аксиологемалық стереотипіндегі «*ақ киіз*» хрематонимі – қойдың ақ күзем жүнінен қалың, тығыз етіп басылған киіз үйді жабуға, үй ішіне төсеуге арналған қажетті бұйымды білдіреді [116,б. 284]. *Ақ киіз* – қазақ этномәдени ұжымының ежелгі хан сайлау рәсімінде ғұрыптық атриуттың функциясын атқарған. Ежелгі рәсім бойынша дүйім жұрттың ортасында ақ киізді жайып, ханды отырғызған. Елдің игі жақсылары (сұлтандар, билер, батырлар, рубасылар) хан отырған ақ киіздің төрт шетінен ұстап, «Хан! Хан! Хан!» деп жар салып, ханды үш мәрте көтеріп, оны дүйім жұртқа табыстаған. Дүйім жұрт хан отырған ақ киізді жерге тигізбей, жынынды аралап шыққан. Бұл рәсім – хан мен халық билігі адаптациясынан туғандаған. Осындай ұлттық-мәдени фрейм «*ақ киізге салып, хан көтергендей*» аксиологемалық стереотипінде бекіген. Коммуникатор мәтінде келісім тактикасына сүйеніп, «*ақ киізге салып, хан көтергендей*» аксиологемалық стереотипі арқылы сыйлы қонақтың жағымды этикалық бейнесін кескіндеген.

«Ей надо, чтобы я *расстился перед нею, как половик, а я не хочу расстилаться перед нею!*» (А.Чистяков. Боковой ход, 139 б.).

«*Перед ней не расстилаться как половик*» (сөзбе-сөз ауд. оның алдында еден төсөнішіндей жайылмау) аксиологемалық стереотипіндегі «*половик*» хрематонимі – еденге жайылатын түрлі-түсті мата жіптерімен тоқылған төсөнішті білдіреді [132,с.1385]. Орыс халқы күнделікті тұрмыста үй еденіне ұзын және дөңгелек пішінді төсөніштерді пайдаланған. Әр түрлі мата жіптерінен тоқылған «*половик*» хрематонимі – орыс этномәдени кеңістігінде қарапайымдылықтың нышаны ретінде рәмізделген. Коммуникатор мәтінде

аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы менмен, өзімшіл адамның жағымсыз этикалық образын суреттеген.

««I have had Fletcher *on the carpet for it!*» said Craddock» (Agatha Christie. A Murder is Announced, 372 б.).

«Joe isn't good enough for you now... not grand enough *now this school teacher has come on the carpet*» (A.J.Cronin. The Stars Look Down, 712 б.).

«*On the carpet*» (сөзбе-сөз ауд. кілем үстінде), «*come on the carpet*» (сөзбе-сөз ауд. кілем үстіне келу) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*carpet*» хрематонимі – еденге төсөлеттін қалың, жұмсақ, тегіс кілем ұғымын білдіреді [134, р. 71]. *Carpet* (кілем) – ағылшын халқының әлеуметтік-мәдени өмірінде маңызды рөл атқарған. *Ол* – ағылшын дәстүрлі жүйесінде қонақ қабылдаудың және жазаға тартудың үлгісі ретінде интерпретацияланған символдық хрематоним. Мұны «*on the carpet*» және «*come on the carpet*» аксиологемалық стереотиптерінен де көреміз. Аталған аксиологемалық стереотиптерде британ патша сарайларының тыныс-тіршілігімен байланысты ұлттық-мәдени фрейм орныққан. Байырғы британ патша сарайларында тақтан есікке дейін ұзыннан-ұзын кілем төсөліп, оның үстінде мәртебелі елшілер мен беделді қонақтар қабылданған. Сондай-ақ, сарай ішінде келеңсіз жағдай туындағанда, күтушілер кілем үстіне шақырылып, жазаға тартылған [135, р. 78]. Таптаурынды жағдаяттардың осындай көріністері бірінші аксиологемалық стереотипте қателігі үшін жазаға тартылған адамның бейнесін кескіндеуге негіз болса, екінші аксиологемалық стереотипте жұмысқа жаңа қабылданған қызметкердің бейнесін кескіндеуге уәж болған.

«*Omay үйдің оң жағына құрылған тұсқиіздей бірлігі баянды ел*» (<https://www.zharar.com>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*тұсқиіз*» этномәдени хрематонимі – керегеге іletін жұннен басылған ою-өрнекті кілемшені білдіреді [116, б. 286]. Қазақ халқы «*екі жастың некесі тұрақты болсын*» деген ырыммен тұсқиізді отау үйдің оң қанатына ілген. Осындай таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі аталған аксиологемалық стереотипте сақталып, тату елдің жағымды этикалық бағалау мәніндегі бейнесін экспликациялауға тұрткі болған.

«Сол мекенім кәрі жұрты қу қақтай,

«*Құлпырынты-ау оюланған сырмақтай*» (Қ.Бекхожин. Таңдамалы шығармалары, 503 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*сырмақ*» этномәдени хрематонимі – киізден сырып жасалған тұсқиіз ұғымын білдіреді [116, б. 286]. Қазақ тұрмысында сырмақты ақ киізге түрлі түсті киізден ойылған ою-өрнекті сырға арқылы жасаған. *Ол* – қазақ киіз үйінің керегесіне ілінетін сөнді бүйім саналғандықтан, этнодүниетанымда әсемдіктің эталоны ретінде бағаланған. Коммуникатор мақтау тактикасын қолданып, «*оюлы сырмақтай құлпырган мекенім*» аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде тұған жердің әсем табиғатын, сұлулығын бейнелеген.

«Ошақбайдың жанында үш жау қалыпты; *текемет басқандай ұмаржұмар жауқемдең батырды есөңгіретіп, қайыра матады*» (Д.Досжан. Жібек жолы, 24 б.).

«Қалихан ағаның қара сөзі оюлы текеметтей, келісті тоқылған терме алашадай кітабын ашып оқығаннан-ақ сізді өзіне тартып, «шіркін ай» дегізбей қоймайды» (Г.Сайынқызы. Кіслік пен кішілік, 130 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «*текемет*» этномәдени хрематонимі – ақ киіз бетіне түсті киізben ою-өрнек салынып басылған тұрмыстық бұйымды білдіреді [116, б. 286]. Қөшпелі қазақ салтында текемет басу ісіне әйел кіслер қатысқан. Текемет басу үшін сабалған жұнді шиге тегістеп төсеп, шыбықтап жаймалаған. Содан кейін шыбықталған жұннің үстіне түрлі түсті жұнмен бет тартып, су сепкен. Су себіле бастасымен басылыш жатқан жұнді қабаттай шырыршықтап, шиді ширатып ораған. Оралған шидін сыртынан жіппен жұмырлап байлап, ортан белінен арқан өткізген. Жұн салынып оралған, сыртынан байланған шиді ыстық су құя отырып, ары-бері домалатып тепкен. Текеметті бір сағаттай домалатып тепкен соң шидің орауын қайта жазып, текемет бетіндегі ою-өрнекті түзетіп, қайта орап, қайта домалатып теуіп шыққан. Текемет тебу ісі үш-төрт сағатқа созылған [151, б. 42-44]. Текемет тебу жағдаятының ойсуреті бірінші аксиологемалық стереотипте тіркеліп, мәтінде жаудан қысым көрген адам жайлы деректі интерпретациялауға ықпал еткен. Екінші аксиологемалық стереотипте ою-өрнегі айшықты шыққан текеметке жазушының қара сөзі баланып, көркем сөз шеберінің ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін кескіндеуге мұрындық болған.

«Қалихан ағаның қара сөзі оюлы текеметтей, *келісті тоқылған терме алашадай кітабын* ашып оқығаннан-ақ сізді өзіне тартып, «шіркін ай» дегізбей қоймайды» (Г.Сайынқызы. Кіслік пен кішілік, 130 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі «*алаша*» этномәдени хрематонимі – әр түрлі тұске боялған жұн жіптерінен тоқылған кілемше ұғымын білдіреді [139, б. 187]. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде алаша екі түрлі әдіспен тоқылып, қақпа алаша және *терме алаша* деген түрлерге бөлінген. *Қақпа алаша* – әр тұске боялған жіптерді жарыстыра жолақтап тоқу әдісі арқылы дайындалса, *терме алаша* – әр тұске боялған жіптерді санай отырып, көп мәнерлі өрнектер тұсіріп, теріп тоқу әдісі арқылы жасалған [109, б. 191]. Қазақ этномәдени санасында әсемдіктің үлгісі ретінде бекіген «*терме алаша*» хрематонимі – аталмыш аксиологемалық стереотипте сөзбен өрнек тоқып, мағыналы ой өрген, сөздің көркемдік қуаты мен бейнелеу құдыретін терең менгерген жазушының туындысы жайлы ақпараттың ассоциациялануына септігін тигізген.

«*Қырық құраққа орагандай*» (Т.Қоңыров. Тұрақты тенеулер сөздігі, 280 б.).

«Махаббатымыз маздан, жүрегіміз бірге соғып, *көңіліміз құрақ көрпедей жарасып-ақ тұр*» (<https://baq.kz>).

**«Қырық құраққа орагандай», «құрақ көрпедей жарасқан көңіл»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«құрақ көрпе»** этномәдени хрематонимі – түсті мата қыындыларынан қиуластырып, сегіз жапырақ, тұмарша секілді ұлттық нақыштағы ою-өрнектерден құралатын тұрмыстық бұйымды білдіреді [139,б. 236]. **Құрақ көрпе** – қазақ архетиптік түсінігінде тіл-көзден сақтайтын ғұрыптық бұйым болып есептелген. Байырғы қазақ шаңырағында баласы шетіней берген отбасы сәбиін аман-есен алғы қалу үшін қырық жыртыстан құралған құрақ көрпеге ораған. Осындай ғұрыптың көрінісі **«қырық құраққа орагандай»** аксиологемалық стереотипінде бекіт, бағалы затты сақтау, жасыру дегенді білдірген.

Қазақ ортада құрақ көрпені қыз жасаудың да қосқан. **Ол** – қазақ этномәдени санасында өмір мен өлімнің, күн мен түннің, жақсы мен жаманның, ер мен әйелдің, яғни екі әлемнің жарасымдылығы мен үйлесімділігін тұспалдаған. Осы ұлттық-мәдени түсінік **«құрақ көрпедей жарасқан көңіл»** аксиологемалық стереотипінде де сақталған. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы жарасымды жүптың жағымды психоэмоционалдық күйін кескіндеген.

«Как начать свой бизнес, когда есть муж и *семеро по лавкам*» (А.Кондратьева. Как начать свой бизнес? 380 б.).

**«Ходить по лавке»** (А.А.Московина. Народная празднично-обрядовая культура, 35 б.).

**«Прыгнуть с лавки в сарафан»** (А.А.Московина. Народная празднично-обрядовая культура, 35 б.).

**«Быть на сторонней лавке»** (О.Колпакова. Почему рассердилась кикимора, 12 б.).

**«Сташить с лавки»** (О.Колпакова. Почему рассердилась кикимора, 12 б.).  
**«Семеро по лавкам»** (сөзбе-сөз ауд. орындықтарда жетеуі), **«ходить по лавке»** (сөзбе-сөз ауд. орындық айналасында жүру), **«прыгнуть с лавки в сарафан»** (сөзбе-сөз ауд. орындықтан сарафанга секіру), **«быть на сторонней лавке»** (сөзбе-сөз ауд. артқы орындықта болу) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«лавка»** этномәдени хрематонимі – отыруға, ұйықтауға, керек-жарақты сақтауға арналған ұзын, кең, жылжымайтын тақтайшалы орындық ұғымын білдіреді [132,с. 779]. Төрт қабырғалы орыс үйінің үштен бір бөлігінде пеш орналасса, қалған бөліктерінде орындықтар тұрған. Орыс үйінің маңызды атрибутын құрайтын **лавка** (орындық) – балалардың тізіліп отыратын орны саналған. Дәстүрлі тіршілікте көп балалы үйде мұндай орындықтар үнемі бос бола бермеген. Осындай таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі **«семеро по лавкам»** аксиологемалық стереотипінде қатталып, көп балалы отбасының бейнесін ассоциациялауға ұйытқы болған.

Орыс үйінің негізгі элементі саналған **«лавка»** (орындық) хрематонимі – адамның дүниеге келуінен бастап, ақтық сапарға аттануына дейінгі ғұмыр жолымен астасқан символикалық-ғұрыптық таңбаға жатады. Айталақ, орыс халқының әдет-ғұрпы бойынша үй иесі ұзақ жолға шығарда кіреберіс есіктің он жағында тұрған орындыққа отырып, құдайдан сапарының он болуын тілеген.

Қызға құда түсуге келген қонақтар орындықта тек үй иесінің рұқсатымен ғана жайғасқан. «Ходить по лавке», «прыгнуть с лавки в сарафан» аксиологемалық стереотиптерінде де орыс ұлтының дәстүрлі некелесу ғүрпінда атқарылған рәсімдерінің ұлттық-мәдени фреймдері берілген. Мысалы, бірінші аксиологемалық стереотипте қыздың орындықты айналып жүру рәсімі бейнеленсе, екінші аксиологемалық стереотипте қыздың орындықтан сарафанға секіру жосыны суреттелген. Тарқатып айтқанда, той күні қыздың ата-анасы мен кіндік шешесі оған орындықтан үш рет айналу рәсімі мен орындықтың үстінен сарафанға (әйелдерге арналған ұлттық көйлек түрі) секіру жосының орындарынан. Орыс ұлттық танымында *лавка* (орындық) – қыздың өз үйін тұспалдаса, ал одан секіру – өзге үйге келін атанғанын меңзеген [107, с. 629].

«*Быть на сторонней лавке*, «*стащить с лавки*» аксиологемалық стереотиптерінде орыс халқының өлікті жөнелту ғүрпіна қатысты ойсуреті таңбаланған. Ежелгі рәсім бойынша қайтыс болған адамды иконалар (бейнелер) астында тұрған орындықта жатқызып, оны жерлейтін кезде орындықтан көтеріп, табытқа салып шығарған [107, с. 629]. Аталмыш аксиологемалық стереотиптер арқылы коммуникатор мәтінде қайтыс болған адам жайлы ақпаратты мазмұндаған.

«*New Chair of the Court* of the Bank of England appointed» ([www.gov.uk](http://www.gov.uk)).

«Lord Lawson is named *chairman of a group* campaigning for the UK to leave the EU» ([www.bbc.co.uk](http://www.bbc.co.uk)).

«British politics: *the musical chairs of the parties*» (Public Affairs information service bulletin. V.50. 376 б.).

*Chair* (орындық) – ағылшын этномәдени ұжымының үйде, мекемеде, сот орындарында, кеңселерде кеңінен қолданылатын тұрмыстық бұйымы болып саналады. *Ол* – ағылшын халқының дәстүрлі санасында биліктің символы ретінде рәмізделген. Келтірілген аксиологемалық стереотиптерде де «*chair*» хрематонимі арқылы британдықтардың билікке қатысты ойсуреті репрезенттелген. Мысалы, «*new Chair of the Court*» (сөзбе-сөз ауд. соттың жаңа орындығы) аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор жаңа тағайындалған сот төрағасының образын ассоциацияласа, «*chairman of a group*» (сөзбе-сөз ауд. мекеме орындығының адамы) аксиологемалық стереотипі арқылы мекеме басшысының бейнесін айшықтаған. «*Musical chairs of the parties*» (сөзбе-сөз ауд. сазды орындықтар) аксиологемалық стереотипінде ағылшын халқының ұлттық ойынына қатысты фрейм берілген. «*Musical chairs*» (сөзбе-сөз ауд. сазды орындықтар) ойын шарты бойынша бала санынан орындық саны кем болады. Ойынға қатысушы балалар әуен басталысымен орындықтарды айналып жүреді. Әуен кенет тоқтағанда орындықтарға жылдам отырып ұлгермеген бала ойыннан шығарылады. Коммуникатор ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін кекесін тактикасын қолданып, «*musical chairs of the parties*» аксиологемалық стереотипі арқылы билікке таласқан партиялардың образын кескіндеген.

**«Абажадай үлкен үйдің** есігінен төріне шейін сірескен жүк» (Б.Майлин. Бес томдық шығармалар жинағы, 14 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«абажа»** этномәдени хрематонимі – ұзындығы – 132 см, ені – 61,5 см, биіктігі – 52 см құрайтын сандықтың үлкен түрін білдіреді [116,б. 284]. Қазақ тұрмыс-салтында абажада көлемді заттар (бағалы маталар, тұсқиіздер, қыстық киімдер, т.б.) сақталған. **«Абажа»** хрематонимі – қазақ мәдениетінде байлықтың өлшемі ретінде ұғынылған. Коммуникатор мәтінде **«абажадай үлкен үй»** аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы ауқатты отбасының утилитарлық бейнесін суреттеген.

**«Әбдіредей құпиямды сақтаған,**

Қын сәттің ешбірінде сатпаған.

Ілтипатты досым бар,

Үмітімді ақтаған» (<https://bilim-all.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«әбдіре»** этномәдени хрематонимі – бағалы киімдер мен асыл бұйымдарды сақтауға арналған, сырты ою-өрнектермен әшекейленген үлкен сандық түрін білдіреді [109,б. 390]. **«Әбдіре»** хрематонимі – қазақ этномәдени жүйесінде қазына-байлықты сақтаудың өлшемі ретінде интерпретацияланған. Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін мәтінде келісім тактикасын пайдаланып, **«әбдіредей құпиямды сақтаған»** аксиологемалық стереотипі арқылы сыр сақтай алатын, құпияға берік адамның жағымды этикалық бейнесін суреттеген.

«Сын косторезчика – Феодор!

**Он поставец, резьбой украшен»** (В.Шенталинский. Проза, поэзия, документы, 378 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«поставец»** этномәдени хрематонимі – биіктігі – 70 см, ені – 50-60 см құрайтын, есіктері бар, ағаштан өрнектеліп жасалған сәнді үй жиназын білдіреді [132,с. 1423]. **Поставец** – орыс үйінің қасиетті бұрышына (красный угол) жақын тұрған. Онда ыдыс-аяқтан бастап, үй тұрмысына қажетті заттар, шағын қобдишалар сақталған. **«Поставец»** хрематонимі – орыс этномәдени санасында әдеміліктің эталоны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін мақтау тактикасына сүйеніп, мәтінде **«сын как поставец, резьбой украшен»** аксиологемалық стереотипі арқылы келбетті жігіттің ұнамды эстетикалық бейнесін айшықтаған.

**«Әкең сенің Сырымды,**

**Кебеже қарын, кең құрсақ,**

**Iші толған білім-ді»** (Бабалар сөзі. Т.90. 34 б.).

**«Кебежедей бәйбішесі** жер жебіріне жетіп, тірі өлікке айналдырды» (<https://zhasalash.kz>).

**«Кебеже қарын», «кебежедей бәйбіше»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«кебеже»** этномәдени хрематонимі – ас, тағам салу үшін ағаштан жасалған сырлы, оюлы үлкен сандықты білдіреді [116,б. 284]. Көшпелі қазақ тұрмысында кебежеде ас-тағам сақталған. **«Кебеже»** хрематонимі – қазақ

танимында семіздіктің эталоны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор бірінші аксиологемалық стереотип арқылы білімді ер кісінің ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін суреттесе, екінші аксиологемалық стереотип арқылы тоғышар әйелдің ұнамсыз мінез-құлқын бейнелеген.

«Теперь я «*черный посудник* или «*кухонный мужик*»» (М.Горький. Детство, 412 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «*посудник*» этномәдени хрематонимі – ағашпен өрнектеліп жасалған, үш не төрт сөрелі үй мүлкін білдіреді [132, с. 1426]. *Посудник* (ыдыс сөресі) – орыс үйінің ас даярлайтын бөлігіндегі қабырғасына қағылған жылжымайтын жиһазға жатады. Дағдылы тіршілікте оған ыдыс-аяқтар қойылған. Коммуникатор «*черный посудник*» аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде асхана қызметкерінің образын суреттеген.

«Not that there was any *cupboard love* in his little sweet – she was a bundle of affection» (J.Galsworthy. The Forsyte Saga, 265 б.).

«The next Morning *poor Taffey's belly cries Cupboard*» (London Jests, 44 б.).

*Cupboard* (сөре) – ағылшын халқының құнделікті тіршілігінде ас-тағам, ыдыс-аяқ, т.б. сақтау үшін жиі қолданатын тұрмыстық бұйымы. *Ол* – британ этномәдени санасында тоқшылық пен пайдакорлықтың өлшемі ретінде орнықсан. Коммуникатор мәтінде «*cupboard love*» (сөзбе-сөз ауд. сөре маҳаббат) аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы пайдакүнем адамның ұнамсыз этикалық бейнесін экспликацияласа, «*poor Taffey's belly cries Cupboard*» (сөзбе-сөз ауд. кедей Таффейдің қарын сөресі жылайды) аксиологемалық стереотипі арқылы әлеуметтік тұрмысы төмен, қарны аш адамның жағымсыз утилитарлық бағалау мәніндегі бейнесін айшықтаған.

«Талғар тұргындарының өкпесі қара қазандай» (<https://almaty.tv>).

«*Қара қазан байдың* бірі – осы Асылжан» ([www.vk.com](http://www.vk.com)).

«Шығыс Қазақстанда Кеңестер Одағының кең шекпенінің ішінде өскен аудандардың *жарысқазан жасагандай* бірінен соң бірінің 80 жылдық тойы болды» (М.Мұхамадиұлы. Өнері өрістеген жарма, 1 б.).

«*Қырық қазаның құлагын тістеген*» (Ә.Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік, Т.2. 294 б.).

«*Қазан төңкерісі талай қазақтың қазанын төңкеріп-ақ кетті*» (<https://aikyn.kz>).

«*Қазаның қақпағын ұстагандар* материалдық игілікті бірінші орынға шығарды» (<https://egemen.kz>).

«*Қазаны оттан түспеген*» (<https://okg.kz>).

«*Тұргындардың өкпесі қара қазандай*», «*аудандардың жарысқазан жасагандай отken тойы*», «*қырық қазаның құлагын тістеген*», «*талай қазақтың қазанын төңкерген – Қазан төңкерісі*», «*қазаның қақпағын ұстагандар*», «*қазаны оттан түспейді*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*қазан*» этномәдени хрематонимі – шойыннан не мыстан жасалған, ошактың үстіне қойылатын, ас-тағам пісіруге арналған ыдысты білдіреді [116, б. 294]. Қазақ тұрмысында барлық тағам қазанда пісіріліп, дастарқанға қойылады.

**«Шаңырақтан қара қазан кетсе, үйден ырыс кетеді»** дейтін қазақ үшін **ол – қастерлі мұлік**. Қазақ халқы **қара қазанды** – құт пен ырыстың, ауызбіршілік пен ынтымақтастықтың символы санаған. **Қазанның бутіндігі** – отбасының, ағайын-туыстың, ел-жүрттың амандығын білдірген. Осыған орай, тілімізде **«қазан-ошағың аман ба?»** деген этикеттік сөз қолданысы да кездеседі. Көшпелі қазақ мәдениетінде **«қазанның қарасы, ошақтың киесі атады»** деп сеніп, оны түнде бос қалдырмай, ішіне май немесе су тамызып қойған. Сондай-ақ көршіден қазан алса, **«қара қазан өкпелейді»** деп, құлағына ақтық байлап, ішіне тоқаш, бауырсақ, ет, құрт-ірімшік, т.б. салып қайтаратын болған [139, б. 117]. Осы ырымның перцептивті бейнесі **«тұргындардың өкпесі қара қазандай»** аксиологемалық стереотипінде сақталып, мәтінде қала халқының жағымсыз психологиялық күйін суреттеуге уәж болған.

Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін қолпаштау тактикасын пайдаланып, **«қара қазан бай»** аксиологемалық стереотипі арқылы қарапайым отбасынан шыққан байдың жағымды утилитарлық образын бейнелеген.

Байырғы қазақы ортада айы-күні жетіп, толғағы қысқан әйелдің абысын-ажындары **«сәби пісетін тағамнан бұрын өмірге келсін»** деген ақ тілеумен қазан көтеріп, сүрленген еттен тез пісетін тағам әзірлеп жарысатын болған. Бұл жосын – **«жарысқазан»** деп аталған. Аталмыш жосынның фрагменті **«аудандардың жарысқазан жасағандай өткен тойы»** аксиологемалық стереотипінде тіркелген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы қалалардың іле-шала қабаттасып, жарыса өткізілген іс-шараларын репрезенттеген.

**«Қырық қазанның құлагын тістеген»** аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының қонақжайлышына қатысты ойдерегі сипатталған. **«Қонақ келсе, құт келеді»** деп есептейтін қазақ халқы қыдырып келген мейманнның бетін қайтармай, оған қара қазаныңда піскен, ақ дастарқанына қойылған тағамнан ұсынған [148, б. 246-253]. Келтірілген аксиологемалық стереотипте **«қырық қазан»** бейнелі-уәжді компоненті – **«көп үй»** мағынасында жұмсалып, әр шаңырақтың қазанынан дәм татқан қыдырымпаз адамның ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндеуге тұрткі болған.

**«Талай қазақтың қазанын төңкерген – Қазан төңкерісі»** аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының көне нанымын бейнелеген ұлттық-мәдени фреймі сақталған. Қазақ этномәдени ұжымының архетиптік түсінігінде **төңкерілген қазан** жаман ырымды мензеген. **Ол** – жаугершілік заманда кек алуудың, масқаралаудың белгісін білдірсе, көшпелі тұрмыста бір әulet мүшелерінің тегіс қаза болуын тұспалдаған. Осындағанда менталды түсінік аталған аксиологемалық стереотипте бекіген. Коммуникатор мәтінде **«талай қазақтың қазанын төңкерген – Қазан төңкерісі»** аксиологемалық стереотипін пайдаланып, ашаршылықтан қырылған қазақ отбасылары туралы жағымсыз психологиялық ақпаратты вербалдаған.

**«Қазанның қақпагын ұстагандар»** аксиологемалық стереотипінде **«қазан»** хрематонимі – байлық пен дәүллеттің рәмізі ретінде ассоциацияланып,

жағымсыз утилитарлық, этикалық бағалау мәндеріндегі байлыққа құмартқан, ашкөздердің жағымсыз образын айшықтауға үйіткі болған.

Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін мақтау тактикасын пайдаланып, «*қазаны оттан түспеген*» аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде қонақжай адамның ұнамды этикалық бейнесін бейнелеген.

«Они в «общем котле» вариться» (Политика и экономика. РФ. №11 (496) 24.02.2016).

«*Без ума голова – пивной котел!*» (Радио Свобода.Ру. 23.11.2018).

«- Видать совсем у тебя котелок не варит, - тюкнул Аська пальцем» (В.Жуков. Паутина, 18 б.).

«*Вариться в общем котле*» (сөзбе-сөз ауд. жалпы қазандықта қайнау), «*без ума голова – пивной котел*» (сөзбе-сөз ауд. санасыз бас – сыра қазандығындаи), «*котелок не варит*» (сөзбе-сөз ауд. қазандық қайнамайды) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*котел*» этномәдени хрематонимі – астагам қайнатуға арналған, мыстан жасалған қазандықты білдіреді [132, с. 738]. Дәстүрлі орыс тұрмысында қазандыққа жеміс-жидек шырыны мен тосабын, сыра сусының қайнатқан. *Котел* (қазандық) – орыс этномәдени түсінігінде молшылықтың символы саналған.

«*Вариться в общем котле*» аксиологемалық стереотипінде орыс халқының ұжымдық мәдениетіне қатысты ойсуреті бейнеленген. Ежелгі орыс ортасында қорға ақша жинау үшін деревня тұрғындары бірге жиналған, қазандыққа сыра қайнатып, үлкен ас-жиын ұйымдастырған. Содан түскен қараждатты ортақ қажеттіліктеріне жұмсаған. Коммуникатор ынтымақты стратегияны орындау үшін келісім тактикасын пайдаланып, «*вариться в общем котле*» аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде ойы бір жерден шығатын адамдардың бейнесін суреттеген.

«*Без ума голова – пивной котел*», «*котелок не варит*» аксиологемалық стереотиптерінде «*котел*» бейнелі-уәжді компоненті – ақымақтықтың, топастықтың өлшемі ретінде түсіндіріліп, жағымсыз зияткерлік бағалау мәнін үстейтін санасыз адамның ассоциативті бейнесін кескіндеуге өзек болған.

«*Баба, что глиняный горшок: вынь из печи, он пуше шипит*» (Даль В.В. Пословицы и поговорки, 18 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*горшок*» этномәдени хрематонимі – саз балшықтан жасалып, ас-тағам пісіруге арналған құмыра пішіндес ыдысты білдіреді [132, с. 327]. Дағдылы тұрмыста бұл ыдыстың 200-300 г. ботқа сиятын түрінен бастап, 2-3 шелек су сиятын түріне дейін қолданылған. Зерттеуші В.С.Бузиннің айқындауынша, «*горшок*» хрематонимі – орыс халқының тұрмыстық-рәсімдік бұйымы саналған. *Ол* – жер мен пешті рәміздейтін байлық пен берекенің нышанын тұспалдаған [152]. «*Баба, что глиняный горшок: вынь из печи, он пуше шипит*» аксиологемалық стереотипінде орыс ұлтының өмір-салтын бейнелейтін ойсурет берілген. Орыс әйелдері ас пісіру үшін құмыра пішіндес ыдысты пештегі шоққа қойған. Тағам дайын болғанда оны сабы ұзын қышқашпен көтеріп, сыртқа шығарған. Басқа

ыдыстарға қарағанда бұл ыдыстан піскен тамақтың бүркүлдаған дыбысы қатты естілген. Дәстүрлі тіршілікте қайталаңған осындаи көрініске – әйел адамның мінез-құлқы баланып, жағымсыз этикалық бағалау мәніндегі бейнесін вербалдауға ықпал еткен.

«Is she *a little pot soon hot?*» (D.Defore. With a Memoir of His Life and Writings, 102 б.).

«He has *to take potluck* with his mounts» (Art&Science of Picking Wining Horses, 22 б.).

«*A little pot soon hot*» (сөзбе-сөз ауд. *тез таситын кішкентай қазандық*), «*to take potluck*» (сөзбе-сөз ауд. *сәттілік қазандығына ие болу*) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*pot*» этномәдени хрематонимі – «a deep, usually round, container» дәңгелек, шұңғыл қазандықты білдіреді [134, р. 359]. Ағылшын халқы күнделікті тұрмыста ас-тағам қайнату үшін шағын қазандықты пайдаланған. «*Pot*» (қазандық) хрематонимі – ағылшын дәстүрлі жүйесінде сәттіліктің, қазына-байлықтың, ашушаңдықтың нышаны ретінде интерпретацияланған. Мысалы, «*a little pot soon hot*» аксиологемалық стереотипінде жылдам қайнайтын қазандыққа адамның қызба мінезі ұқсатылып, жағымсыз этикалық бағалау мәніндегі образың түзілуіне тұрткі болса, «*to take potluck*» аксиологемалық стереотипінде «*pot*» – сәттілік пен бақыт сыйлайтын хрематоним ретінде бағаланып, жолы болғыш адамның образын ассоциациялауға уәж болған. Бұған британ халқының XVI ғасырдағы қонақ күту салты негіз болған. Байырғы ағылшын ортасында үйге күтпеген жерден келген қонаққа қазандықтан тағам берген. Бұл – сәттілік тағамын мензеген.

«Әсіреле, жазда жайлауда отырғанда жылқышы үйінің **дастарқаны жиналмайды**, сары тегештен қымызы құрғамайды» (К.Мырзабеков. Жылқышы Тойлыбай, 399 б.).

«Тойда **дастарқандас болғанбыз**» (<https://www.egemen.kz>).

«**Дастарқан аттаган**» (І.Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік, 647 б.).

«**Дастарқаны жиналмайды**» «**дастарқандас болған**», «**дастарқан аттаган**» аксиологемалық стереотиптеріндегі «**дастарқан**» хрематонимі – ас-тағам қою үшін жерге жайылатын немесе үстел бетіне төселетін теріден, бөз, шыт, жібек тәрізді маталардан тігілген шаршы пішінді ас жабдығын білдіреді [116, б. 298]. **Дастарқан** – қазақ үшін дастарқан жаюдан бастап, дастарқан қайыруға дейінгі ас-тағамға қатысты жосын-жоралғылар мен этикеттік ұстанымдар белгіленген сакральді мүлік саналады. Бұған дәстүрлі мәдениетте қалыптасқан «**дастарқанды аттама**», «**дастарқанды меріс жайма**», «**дастарқанды қима**», «**дастарқан байлығын берсін**», «**ақ дастарқаның жиылмасын**», «**дастарқаның аққа толсын**», т.б. ырым-тыйымдар мен баталектер айқын дәлел бола алады.

«**Дастарқанда дәм тұрса, үйде мән тұрады**» деп түйген қазақ халқы оны – құт пен берекенің белгісі ретінде қабылдап, келген қонаққа әрқашан кең дастарқанын жайған [148, б. 246-253]. Қазақ этномәдени санасында орнықсан осындаи ойбейне «**дастарқаны жиналмайды**» аксиологемалық стереотипінде

көрініс берген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдаланып, қонақжай адамның ұнамды этикалық бейнесін ассоциациялаған.

Қазақ өмір-салтында «*дастарқан*» хрематонимі – ел мен елдің дәм-тұзын жаразтыратын, араздасқанды татуластыратын, ақсақалды қариялардың аталы әңгімелері мен келелі кеңестері айтылатын, бата жасалатын бұйым ретінде қастерленген [139,б. 110]. Осындай менталды түсінік «*дастарқандағас болған*» аксиологемалық стереотипінде бекіп, сыйлас адамның ұнамды этикалық бейнесін айшықтауға негіз болған.

Қазақы ортада «*дастарқанның киесі бар*» деп сеніп, қойылған дәмнен міндетті түрде ауыс тиген. Халқымыз дастарқанға шақырганда келмеген, дәмнен ауыс тимегенге «*дәмнен үлкен емес*», «*дастарқаннан аттан, дәмін арамдады*» деп нальш, ол адаммен барлық байланысын үзген [148,б. 246-253]. Осы таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі «*дастарқан аттаган*» аксиологемалық стереотипінде сақталып, опасыз адамның жағымсыз этикалық бейнесін кескіндеуге арқау болған.

*«Я, как скатерть-самобранка, перед вами расстелилась и все выложила»* (В.Андреева. Лопнувшее колесо фортуны, 29 б.).

Орыс тұрмыс-салтында *дастарқан* – ас қабылдар алдында және мерекелік іс-шаралар кезінде жайылған. *Ол* – тоқшылық пен меймандастықтың белгісін рәміздеген [110,с. 418]. «*Расстелилась как скатерть-самобранка*» аксиологемалық стереотипінде орыс халық ертегісінің фрагменті бекіген. *Скатерть-самобранка* – кейіпкерлерді қалаған асымен тамақтандырып, тілегін орындаитын, өздігінен жайылатын ертегі әлемінің дастарқаны. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы ашықауыз әйелдің образын экспликациялаған.

*«Making sure you haven't left a white tablecloth on a table overnight»* (<https://www.thesun.co.uk>).

Дәстүрлі ағылшын қоғамында ақ дастарқанды түнге қалдырмай, үстелден жинап тастайды. Бұған ағылшын халқының көне нанымы арқау болған. Байырғы ағылшын ортасында қайтыс болған адамды ақ дастарқан жайылған үстелге жатқызатын болған. Аталған нанымға сәйкес «*white tablecloth*» (сөзбе-сөз ауд. ақ дастарқан) – өлімнің нышанын меңзеген. Осындай ұлттық-мәдени фрейм «*making sure you haven't left a white tablecloth on a table overnight*» (сөзбе-сөз ауд. түнде үстелге ақ дастарқан жаймаганыңызға көз жеткізіңіз) аксиологемалық стереотипінде сақталған.

*«Хлеб на стол, так и стол престол, а хлеба ни куска – и стол доска»* (В.Даль. Пословицы русского народа. Т.2. 262 б.).

*«Хлеб на стол, так и стол престол, а хлеба ни куска – и стол доска»* (сөзбе-сөз ауд. наны бар үстел – тақтай, наны жоқ үстел – тақтайдаі) аксиологемалық стереотипіндегі «*стол*» хрематонимі – ағаш тақтайдан жасалған, төрт аяқты негізі бар үй жиһазын білдіреді [132,с. 1930]. *Үстел* – дәстүрлі тұрмыста орыс үйінің киелі бұрышында (красный угол) орналасып, қастерлі жиһаздың функциясын орындаған. Этнограф А.Байбуриннің пікірінше, ежелгі орыс халқы үстелді – құдайдың алақаны деп қасиет тұтып, оған әрқашан

нан мен тұз қойған. Үстел – байлық пен берекенің символын тұспалдаған [140, с. 153]. Берілген аксиологемалық стереотипте де наны бар үстел – таққа теңелген.

«*Turning the tables* produces a reversal in fortunes for opponents» (H.Oliver.Flying by the Seat of Your Pants, 34 б.).

Ағылшын этномәдени ұжымы «*table*» (үстел) бейнесін Артур патша жайлы аңызбен байланыстырады. Аңыз желісі бойынша Артур патшаның сенімді жиырма төрт сарбазы болған. Олар дөңгелек үстелге айнала отырып, ел ісіне қатысты мәселелерді патшамен бірлесіп талқылаған. *Table* (үстел) – британ халқының этномәдени түсінігінде бауырмалдықтың, қайсарлықтың рәмізі ретінде символданған [153]. Коммуникатор мәтінде «*turning the tables*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы жеңіс туралы ақпаратты мазмұндаған.

«*Әжем бес биенің сабасындаң жалпақ, қараторы кісі*» (С.Мұқанов. Адасқандар, 100 б.).

«*Сабасы қаймақты, піспегі салмақты*» (К.Мырзабеков. Жылқышы Тойлыбай, 127 б.).

«*Бес биенің сабасындаң кісі*, «*сабасы қаймақты, піспегі салмақты*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*саба*» этномәдени хрематонимі – бір не бірнеше жылқының тұтас терісінен жүнін қырып илең, ыстап жасалған, қымыз ашытуға арналған үлкен ыдысты білдіреді [116, б. 296]. Көшпелі қазақ түрмисында «*қымыз – көптің асы*» саналғандықтан, оны бірнеше биенің сүті сиятын үлкен сабада пісіп, бабына келтірген [25, б. 61]. «*Саба*» хрематонимі – қазақ этномәдени көкжиегінде молшылық пен кеңпейілділіктің, іріліктің эталондық үлгісі ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын пайдаланып, «*бес биенің сабасындаң кісі*» аксиологемалық стереотипі арқылы ірі денелі, толықтау келген қарт әйелдің ұнамды эстетикалық бағалау мәніндегі бейнесін айшықтаса, «*сабасы қаймақты, піспегі салмақты*» аксиологемалық стереотипі арқылы дәuletті адамның жағымды утилитарлық бағалау мәніндегі бейнесін кескіндеген.

«Мой отец был *толст*, как *бочка*» (А.Грановский. Властелин видений, 26 б.).

«*Толст, как бочка*» (сөзбе-сөз ауд. бөшкедей семіз) аксиологемалық стереотипіндегі «*бочка*» хрематонимі – ағаштан жасалған үлкен цилиндр ыдысты білдіреді [132, с. 114]. Орыс халқының күнделікті тіршілігінде сүйық затты (су, бал, квас, сыра, т.б.) құйып, қыс азығын (балық, көкөніс, т.б.) тұздап, сақтау үшін қолданған «*бочка*» хрематонимі – ұлт санасында семіздіктің эталоны ретінде тіркелген. Коммуникатор мәтінде «*толст, как бочка*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы семіз адамның жағымсыз эстетикалық бейнесін суреттеген.

«*Үрген месстей тар кеудесі құр keyін,*

Сүрінгенді кетуге бар бір теуіп» (Т.Дәрерұлы. Қараулық пен жақсылық <https://anatili.kz>).

**«Құдайменде іркіт құйған местей, лықылдан майга бөккен денесін әрібері шайқап, ырқ-ырқ күлді»** (Ә. Нұрпеис. Қан мен тер, 100 б.).

Қазақ тұрмысында малдың (ешкі немесе тана) бүтін сұлынған, ысталған терісінен мес жасап, оны әбден кепкенше іліп қойған. Таптаурынды жағдаяттың осындай перцептивті бейнесі «*үрген местей кепкен тар кеуде*» аксиологемалық стереотипінде бекіген. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасына сүйеніп, «*үрген местей кепкен тар кеуде*» аксиологемалық стереотипін қолданып, меммен, тәкаппар адамның жағымсыз этикалық бейнесін репрезенттеген.

Көшпелі ортада місте іркіт, айран, шұбат сияқты сусындар құйып сақтаған. Осындай ойсурет «*іркіт құйған местей, лықылдан майга бөккен дене*» аксиологемалық стереотипінде орныққан. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасын қолданып, «*іркіт құйған местей, лықылдан майга бөккен дене*» аксиологемалық стереотипі арқылы тоғышар, семіз адамның ұнамсыз этика-эстетикалық бейнесін экспликациялаған.

«Без нее *он, как туес берестяный* без dna: сколько ни лей в него, а все впусте» (Наш современник № 1-3, 216 б.).

**«Он, как туес берестяный»** (сөзбе-сөз ауд. ол – қайың қабықты туестей) аксиологемалық стереотипіндегі «*туес*» этномәдени хрематонимі – 10-12 литрлік сүйық зат сиятын қайың қабығынан жасалған цилиндр пішіндес ыдысты білдіреді [132, с. 2047]. *Туес* – орыс халқының суын сақтауға арналған көне хрематонимі. *Ол* – орыс танымында жеңілдік пен салмақсыздықтың өлшемі ретінде бағаланған. Коммуникатор әжуалау тактикасын пайдаланып, мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотип арқылы санасыз адамның жағымсыз зияткерлік бағалау мәніндегі образын айшықтаған.

«Бұрын *торсықтай томпышып, үнделей салбырап*, уһілеп қоятын Сандыбай Күңшеге «сүтін басыңқырай құйсаныз – тағы бір шыны аяқ ішер едім», - деді» (F.Мұсірепов. Таңдамалы үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. 52 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «*торсық*» этномәдени хрематонимі – малдың ысталған терісінен жасалған, бүйірі дөңгелек, мойны жіңішкелеу келген ыдысты білдіреді [116, б. 297]. Көшпелі ортада торсықты қымыз, іркіт, шұбат секілді сүт тағамдарын құю үшін пайдаланған. Оны жол азығын сақтайтын мүлік ретінде аттың қанжығасына байлап жүрген. Осы менталды картина жоғарыда берілген аксиологемалық стереотипте тіркелген. Коммуникатор мәтінде мысқыл тактикасына сүйеніп, «*торсықтай томпышып, үнделей салбырап жүретін*» аксиологемалық стереотипі арқылы аузынан сез шықпайтын, үнемі тымырайып жүретін адамның жағымсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

«На углу продуктового магазина *кругленькая как кубышка старуха*, одетая в теплую шубу и валенки, продавала из мешка семечки» (В.Жуков. Кукушка, 17 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «*кубышка*» этномәдени хрематонимі – ағаштан жасалған дөңгелек, шағын ыдысты

білдіреді [132,с. 765]. *Ол* – орыс халқының жол жүргенде сусын ішү үшін пайдаланған бұйымы. «*Күбышка*» хрематонимі – орыс дүниетанымында семіздіктің эталоны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде «*кругленькая как кубышка старуха*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы толық, аласа бойлы қарт әйелдің естетикалық образын суреттеген.

«Жұртым бар өнерінді байқас деген,

*Кубісін қара өлеңнің шайқас деген*» (Д.Кәпұлы. Шертолғақ, 12 б.).

«*Қара өлеңнің кубісін шайқау*» аксиологемалық стереотипіндегі «*кубі*» этномәдени хрематонимі – іркіт пісетін, көже ашытатын, ағаштан жасалған үлкен ыдысты білдіреді [116,б. 293]. Қазақ халқы дағдылы тіршілікте күбіні кеңінен қолданып, оған сүт өнімдерін (айран, шұбат, қымыз, май) пісіп, шайқаған. Берілген аксиологемалық стереотипте сөз өнері күбідегі қорға баланып, оның ақындық айтыста құнарлана, нәрлене, айшықталған түсептіні мазмұндалған.

«*А голова вот – как кадушка, пустая...*» (А.Грин. Караптин, 98 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*кадушка*» этномәдени хрематонимі – емен ағашынан жасалған, қақпақты, цилиндр пішіндес үлкен ыдысты білдіреді [132,с. 632]. *Кадушка* (*кубі*) – орыс халқының күнделікті тіршілігінде көкөністерді тұздаپ, сақтау үшін қолданылған тұрмыстық бұйымы. Таптаурынды жағдаяттың осындағы үзігі «*голова как кадушка, пустая*» аксиологемалық стереотипіндегі сақталған. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасын пайдаланып, «*голова как кадушка, пустая*» аксиологемалық стереотипі арқылы есерсөк, ақылы таяз адамның жағымсыз зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

«*Он весь кипит, как самовар,*

Иль как отверстие вулкана...» (Б.Голлер. Возвращение в Михайловское, 16 б.).

«*Вы, как холодный самовар!*» (Я.Питерский. Падшие в небеса, 117 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптердегі «*самовар*» этномәдени хрематонимі – шайға су қайнатуға арналған мыстан, жезден, күмістен жасалған ыдысты білдіреді [132,с. 1738]. Батыс Европада сорпаны жылтыратын құрал саналған *самаурын* – Ресей жеріне ХVIII ғасырда әкелінген. Оны XIX ғасырдан бастап, Тула қаласында су қайнататын ыдыс ретінде өндірген. Ресей жеріне кең тараған *самаурын* – орыс халқының ұлттық-мәдени символына айналған. Ол – татулықтың, мейманостықтың нышаны ретінде белгіленген [154]. «*Кипит, как самовар*», «*как холодный самовар*» аксиологемалық стереотиптерінде орыс ұлтының самаурынмен шай ішү әдебіне қатысты ойсуреті таңбаланған. Дағдылы тіршілікте орыс халқы үстел үстінде қайнап тұрған самаурыннан асықпай отырып, сорапташ шай ішкен. Халық түсінігінде *қайнап тұрған самаурын шайы* – ағзага құш-қуат беретін сусын, ал *суып кеткен самаурын шайы* – салқын сусын ретінде ұғынылған. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны орындау үшін мысқыл тактикасын қолданып, «*кипит, как самовар*» аксиологемалық стереотипі арқылы қызба, ашуланшақ адамның ұнамсыз этикалық бейнесін суреттесе, «*как холодный самовар*»

аксиологемалық стереотипі арқылы салқынқанды адамның жағымсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

«Қой сойылып, *табақ тартылды*» (А.Сейдімбек. Шығармалары, 472 б.).

«Ел аралап, домбыра тартып жүрген шағында неше тұрлі адамды көрді, талай мұртпен мәжілістес, *табақтас болды*» (М.Мағауин. Көкбалақ, 57 б.).

«*Табаққа сәлем салған*» (І.Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік, 647 б.).

*Табақ* – қазақ халқының этикеттік-ғұрыптық хрематонимі. Қазақ салты бойынша сыйлы қонаққа қой сойып, ет асады. Оның жас шамасын ескере отырып, асылған етті мүшелеп, кәделі сыбағасын табақпен тартады. *Табақтарту* – қазақ мәдениетінде сый-құрмет көрсетудің үлгісін рәміздейді. Аталмыш таптаурынды жағдаяттың перцептивті суреті «*табақтарты*» аксиологемалық стереотипінде қатталып, қонақжайлық пен сыйластыққа қатысты ақпаратты мазмұндауға мұрындық болған.

Қазақ дәстүрі бойынша төрде отырған қадірлі қонақ тартылған табақтан дастарқан басындағыларға өз сыбағаларын үлестіріп береді. Сыйластық пен ауызбіршілікті айғақтайтын бұл жосынның үзігі «*табақтас болған*» аксиологемалық стереотипінде орнықкан. Коммуникатор мәтінде келісім тактикасын орындау үшін «*табақтас болған*» аксиологемалық стереотипін қолданып, қадірлес адамдардың жағымды этикалық бейнесін презенттеген.

Қазақ халқының «*табақ*» хрематонимімен байланысты тағы бір рәсімі – «*табаққа сәлем салу*» деп аталады. Аталған рәсім бойынша ет желініп, ас ішіліп болған соң әulet келіні төрде отырған қонақ қолынан табақ аларда иіліп сәлем салады. Қонақ келінге өз батасын беріп, табақты ұсынады. Әдептіліктің белгісін дәйектейтін бұл рәсімнің көрінісі «*табаққа сәлем салған*» аксиологемалық стереотипінде бейнеленіп, ибалы келіннің образын айшықтауға арқау болған.

«От вершины, как на блюдечке с золотым яблочком, видны все окрестные земли» (Н.Рерих. Врата в будущее, 119 б.).

«Только вот ему все приносили *на блюдечке с голубой каемочкой*, а мне в свободное от учебы время приходилось работать в нотариальной конторе» (Т.Корсакова. Полное погружение, 306 б.).

«*Край земли видно как на блюдечке с золотым яблочком*» (сөзбе-сөз ауд. жердің қыры алтын алмасы бар табақтай көрінеді) аксиологемалық стереотипінде орыс халық ертегісінің сиқырлы сөздердің көмегімен табақ шетін жағалай жүріп, көрікті жерлерді көгілдір экрандағыдан көрсететін алма туралы фрагменті тіркеліп, *анық, айқын көрінген жер шеті* жайлы ақпаратты тұжырымдауға негіз болған.

Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін даттау тактикасын пайдаланып, «*на блюдечке с голубой каемочкой*» аксиологемалық стереотипі арқылы олжаға онай кенелетін жалқау адамның жағымсыз этикалық бейнесін экспликациялаған. Бұған Е.П.Петров пен И.А.Ильфтің «Алтын бұзау» романының фрагменті арқау болған.

«*Everything you ever desired has been given to you on a silver platter*» (Ch.Manheartst.Double Lines, 30 б.).

Ағылшын халқының дағдылы тұрмысында күміс пен алтыннан жасалған табақ – сән-салтанат пен дәулеттің нышанын тұспалдаса, қыш пен саз балшықтан жасалған табақ – қарапайымдылықтың белгісін астарлаған. Осындай ұлттық-мәдени түсінік сақталған «*you ever desired has been given to you on a silver platter*» (сөзбе-сөз ауд.сізге қалауыңыздың бері күміс табақпен берілген) аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор мәтінде жағымды утилитарлық бағалау реңкін меңзейтін бай, ауқатты адамның образын бейнелеген.

«- Қайран Қорғанбайдың апасы, *сырлы аяқтың сырлы кетсе де, сыны кетпейді деген осы-ау*, - деп Айша мені көк есекке қолтығымнан көтеріп мінгізбек болып еді, көнбей өзім-ақ қарғып міндім» (Ш.Мұртаза. Таңдамалы, 20 б.).

«*Асы бар аяқтан аттамаган*» (І.Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік, 150 б.).

Дәстүрлі қазақ тұрмысында сырлы аяқпен сузынды да, асты да ішкен. Халық түсінігінде ас құйылған ыдыс қасиетті мүлік болып есептелген. Ондай ыдыс ескірсе де лақтырмай, жерге көміп тастаған. Демек, аяқты – дастарқанның сәнді әрі қастерлі бұйымына жатқызған. Осындай менталды түсінік жоғарыда аталған аксиологемалық стереотиптерде де сақталып, түрлі образдардың жасалуына түрткі болған. Мәселен, «*сырлы аяқтың сырлы кетсе де, сыны кетпейді*» аксиологемалық стереотипінде сұлулығы мен күш-қайратын жоғалтпаған егде жастағы әйелдің жағымды эстетикалық, валеологиялық бағалау мәндеріндегі бейнесі айшықталса, «*асы бар аяқтан аттамаган*» аксиологемалық стереотипінде әдепті адамның жағымды этикалық бейнесі сипатталған.

«Ат жақтылау келген ақшыл жүзінде ай сәулесі ойнап, *тостагандай мөлдіреген бота көздері* түпсіз тұңғиық қара судай тұна қалған» (І.Есеберлин. Көшпенділер, 11 б.).

*Тостаган* – қазақ этномәдени ұжымының сусын (айран, қымыз, сұт, шұбат, іркіт) ішу үшін құнделікті тіршілігінде жиі тұтынған хрематонимдерінің бірі. *Ол* – қазақ этномәдени санасында әдеміліктің, сұлулықтың, ойлылықтың эталоны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын қолданып, «*тостагандай мөлдіреген бота көз*» аксиологемалық стереотипі арқылы қазақ қызының ұнамды эстетикалық, зияткерлік бағалау мәндеріндегі бейнесін айшықтаған.

«И они переходили из рук в руки, как братины на стародавних пирах» (Дружба №7, 86 б.).

«*Переходить из рук в руки, как братины на стародавних пирах*» (сөзбе-сөз ауд. ежелгі ас-жиындағы братиналар сияқты қолдан-қолға өту) аксиологемалық стереотипіндегі «*братина*» этномәдени хрематонимі – ағаштан не металдан (күміс, мыс, алтын, т.б.) жасалған, шарап ішуге арналған ыдысты білдіреді [132, с. 117]. Байырғы орыс халқы ас-жиын мен тойтомалактарда братинаға құйылған шарапты үстел бойымен қолдан-қолға ұсынатын болған. Бұл рәсім – сый-құрмет көрсетудің белгісін мензеген [107, с.

131]. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм аталған аксиологемалық стереотипте сақталып, мұрагерлік жолмен берілген құнды заттар жайлы деректі экспликациялауға уәж болған.

«If there'd been *a Loving Cup* in either place, King Reynard had it now» (D.Stanley.The cup and the Crown, 22 б.).

«*She wasn't really my cup of tea*» (C.P. Snow.The Conscience of the Rich, 217 б.).

*Cup* (тостаган) – ағылшын халқының рәміздік-ғұрыптық ыдысы. *Ол* – ынтымақтастық пен сүйіспеншіліктің символы саналады. Мұны қарамен берілген аксиологемалық стереотиптер де дәйектейді. Мәселен, «*a loving cup*» (сөзбе-сөз ауд. сүйікті тостаган) аксиологемалық стереотипінде ағылшын ұлттының көне мерекелік рәсіміне қатысты ұлттық-мәдени фрейм көрініс берген. Ағылшын халқының көне мерекелік рәсімі бойынша үстел басында отырғандарға «*жүрекке маҳаббат сыйлайды*» деген үмітпен шарабы бар тостаган ұсынған. «*Cup of love*» деп аталатын тостаганмен шарап ішер кезде екі адам орнынан тұрып, біреуі – шарап ішсе, екіншісі – соны қолдайтын болған. Коммуникатор мәтінде ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін қолпаштау тактикасын қолданып, «*a loving cup*» аксиологемалық стереотипі арқылы адамның жағымды психоэмоционалдық қүйін бейнелеген.

«*She wasn't really my cup of tea*» (сөзбе-сөз ауд. ол – менің шайға арналған тостаганым емес) аксиологемалық стереотипінде британ халқының «шай ішу» рәсімін кескіндептің ойсурет таңбаланған. Британдықтардың «five o'clock tea» дәстүрі бойынша шай мен тостаган бір-бірімен үйлесім табуы тиіс. Тостаганымен үйлескен шай – талғампаздықтың нышанын көрсетеді. Коммуникатор аталмыш аксиологемалық стереотипте *тостаганымен үйлеспеген шайға* ер жігіттің талғамына сай келмеген қыздың бейнесін балап, ассоциациялаған.

«Продюсер ханымның «*дайын асқа тік қасық*» болуды көздел жүргендеге айтары бар» (<https://www.ntk.kz>).

«Әжем үлкен қасықпен өлшеп, *қырық қасық су қүйіп*, баланы шомылдыра бастады» (<https://bilm-all.kz>).

«*Дайын асқа тік қасық*», «*қырық қасық су қую*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*қасық*» хрематонимі – ас алып ішуге арналып жасалған, жіңішке сапты бұйымды білдіреді [116, б. 294]. Қазақ халқы дәстүрлі тұрмыста ожауға ұқсас, көлемі шағын, оюланға и ағаш қасықты қолданған. Аталған аксиологемалық стереотипте «*қасық*» бейнелі-уәжді компоненті – арамтамақтықтың белгісі ретінде рәмізделіп, өзінің еңбегімен емес, біреудің тапқанымен өмір сүретін жатыпшердің ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндеуге тірек болған.

«*Қырық қасық су қую*» аксиологемалық стереотипінде баланы қырқынан шығару жосынының ойсуреті берілген. Қазақы ортада сәбиді қырқынан шығару жосынына ақжимешекті әжелер мен ақжаулықты аналар қатысып, «*иткөйлелегін шешу*», «*қырық қасық су қую*», «*қырын шашын алу*», «*қырық қадам аттай*» сияқты өзіндік символикалық мәні бар жоралғыларды атқарады. Айталақ,

«қырық қасық су қю» жоралғысы бойынша ыдысқа күміс заттарды немесе қойдың қырық құмалағын салып, қасықпен қырық рет өлшеп, су құяды. Сол қырық қасық суды әрқайсысы қырық тілек айтып, сәбиге құйып шығады. Күміс заттар – «адал, ақ болсын» дегенді меңзесе, қырық құмалақ – «бай болсын» дегенді тұспалдайды [139, б. 241].

Қазақ халқы қырық қасық суды емшілік ғұрпында да пайдаланған. Аталмыш ғұрып бойынша қырық үйден қырық қасық су алыш, тіл тиген, көз тиген баланы емдеген.

«- Раз! - раздалось громко по казарме, и парень, крошивший говядину, влепил **звуковой удар ложкой по лбу старика**» (В.Гиляровский. Москва и москвичи, 14 б.).

**Қасық** – орыс халқының дәстүрлі жүйесінде этикалық нормаларды реттеудің функциясын атқарған. Ежелгі орыс ортасында ұстел басында өзін дұрыс ұстай алмаған баланың маңдайына қасықпен дүре соққан. Осы менталды картина **«ударить ложкой по лбу»** аксиологемалық стереотипінде бейнеленген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдаланып, жазықты адамның бейнесін суреттеген.

«I was hardly *born with a silver spoon in my mouth*» (Kristin Hannah. Fly away, 191 б.).

Ағылшын тұрмысында қасықтың күмістен, алтыннан, мыстан, ағаштан жасалған түрлері қолданылған. **Ол** – ағылшын ортасында жасалу түріне (күміс қасық, алтын қасық, ағаш қасық, т.б.) қарай түрлі символикалық-ғұрыптық мәнге ие болған хрематоним. Мысалы, **«silver spoon»** (күміс қасық) – британдықтардың **«christening»** (шоқындыру) рәсімінде бағалы сыйлықтың функциясын атқарған. Шоқындыру ғұрпы бойынша баланың дәулетті кіндік ата-анасы оған **«сәттілік әкелсін»** деген ырыммен күміс қасық сыйлаған [155]. Осымен байланысты **күміс қасық** – ағылшын этномәдени кеңістігінде байлықтың, сәттіліктің символы ретінде таптаурындалған. Аталмыш этномәдени жағдаяттың көрінісі **«born with a silver spoon in my mouth»** (сөзбе-сөз ауд. аузымда күміс қасықпен туылғанмын) аксиологемалық стереотипінде сақталған. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын пайдаланып, **«born with a silver spoon in my mouth»** аксиологемалық стереотипі арқылы ауқатты адамның жағымды утилитарлық бағалау мәніндегі образын кескіндеген. Ал **«wooden-spoon dude»** (сөзбе-сөз ауд. ағаш қасық) аксиологемалық стереотипінде ежелгі британ халқының **«агаш қасық сыйлау»** жосынына қатысты ұлттық-мәдени фреймі берілген. Кембридж университетінің көне салты бойынша математика пәнінен екілік алғандарға ағаш қасық сыйлаған. **«Wooden spoon»** хрематонимі – мешеулік пен топастықтың өлшемі ретінде ұғынылған. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасына сүйеніп, **«wooden-spoon dude»** аксиологемалық стереотипі арқылы санасыз адамның жағымсыз зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін айшықтаған.

### 2.1.3 «Вестонимдік» тірек компонентті стереотиптер

Ұлттық киім – семиотикалық әрі символикалық қызмет атқаратын этномәдени таңба. С.М.Толстаяның пікірінше, киім – дәстүрлі ғұрыштық ресімдерде адамды алмастыратын метонимиялық рөлге енеді. Оның таңбалық-рәміздік функциялары арқылы адамның жас, жыныс ерекшеліктері, отбасылық жағдайы, әлеуметтік тұрмысы, мәртебесі, діни көзқарасы, мінез-құлқы белгіленіп, символдық жүті артады [156]. Ж.А.Манкееваның тұжырымынша, «киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік ұдерістер туралы ақпарат беріп қана қоймайды, олар – тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы» [51, б. 91]. Ю.Сливчикованың пайымдауынша, вестиалды бейне этнотілдік ұжымның стереотиптік танымына негізделіп, этностиң әлеуметтік-тарихи даму ұдерісін суреттейді [157]. Ә.Б.Алмауытованың зерттеуінше, вестоним – этностиң тарихи шығармашылығы мен стереотиптік қабылдауын таңбалайтын лексема [158]. Түйіндей келгенде, этномәдени ұжымның тұрмыстық болмысымен біте қайнасқан ұлттық киімі – ұлттық-мәдени кодтық таңба түрінде вестонимде бейнеленеді. Вестонимдер (лат.vestis – «киім-кешек») аксиологемалық стереотиптерде бейнелі компоненттер ретінде уәжделіп, ұлттық-мәдени фреймнің айқындалуына жол ашады.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі вестонимдік аксиологемалық стереотиптердің бейнелі-уәжді компоненттері «ton», «шапан», «ішік», «иткөйлек», «кебенек», «кебін», «мұрак», «жыға», «қалпақ», «бөрік», «тымақ», «тақия», «сәлде», «саукеле», «қарқара», «кимешек», «жаулық», «орамал», «ақбұркей», «етек», «етік», «кебіс», «шарық», «шуба», «охабенъ», «кафтан», «рубаха», «сарафан», «понева», «ряса», «клобук», «шапка», «сорока», «поварник», «кокошник», «венец», «лапти», «башмак», «валенки», «coat», «cloak», «shirt», «robe», «tie», «petticoat», «skirt», «apron», «crown», «bearskin», «cap», «bell», «hat», «stocking», «shoes», т.б. хрематонимдерден тұрады.

«Бір елдің іші, онда барғаннан ешкім сенің *ат-тоныңды сынырып тартып алмайды!*» («Халық» газеті, 18.03.2016).

«*Әттің, тоңның келтесі-ай демекіi*, материалдық жағдайдың мүшкілдігі, қаражаттың қалтадағы тапшылығына байланысты арнайы шақырған жоғары театр институтына оқуға да бара алмады» («Ақиқат» газеті, 01.02.2017).

«...Жай өмірде жай әншейін көкірегінде жаны бар *жалба тондыға* (қайыршыға) істеген сәл әділетсіздігің абыройыңды айрандай төгеді» (Ә.Кекілбайұлы. Он екі томдық шығармалар жинағы. Т.3. 12 б.).

«Қызылорда әуежайында топырлаған құндыз бөрікті, *қамқа тонды*, шеншекпенділер мен сорпаның бетіне шығар Сырдың марғасқалары облысқа бірінші хатшы болып келе жатқан Еркін Нұржанұлы Әуелбековті арнайы тізілген Волгалар кортеджімен, бар сән-салтанатымен күтіп тұрады» («Түркістан» газеті, 18.04.2019).

«Жақында Қаржы полициясы *тонын теріс айналдырып киген* полиция қызметкерін қолға түсірді» (<https://qazaqstan.tv.news>).

«Ат-тоныңды сыптырған тартып алмайды», «тоны келте», «жалба тонды», «қамқа тондылар», «тонын теріс айналдырып киген» аксиологемалық стереотиптеріндегі «тон» вестонимі – қойдың терісінен тігілетін қыстық жылы киімді білдіреді [116, б. 728]. Қазақ өмір сүру салтында тон – адамның әлеуметтік дәрежесі мен мінез-құлқын ишаралайтын утилитарлық, этикалық таңбалар міндетін атқарған. Мысалы, «ат-тоныңды сыптырған тартып алмайды» аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының хандық дәуірінде қолданылған жазалау ғұрпын бейнелейтін ұлттық-мәдени фрейм бекіген. Байырғы кезде хан ордасына баса-көктеп кіргенниң үстіндегі тонын сыптырған, астындағы атын тартып алған. Осы жазалау ғұрпының ойсуреті келтірілген аксиологемалық стереотипте қарама-қарсы мәннің жасалуына ықпал етіп, жазаға тартпайды дегенді білдірген.

«Тоны келте», «жалба тонды» аксиологемалық стереотиптерінде қазақ халқының тұрмыстық жағдайға байланысты ұлттық-мәдени түсінігі вербалданған. Ежелгі қазақ қоғамында етегі қысқа, женсіз, көнетоз тонды әлеуметтік тұрмысы төмен адамдар киген. Осыған орай, «келте тон», «жалба тон» вестонимдері – ұлттық санада кедейліктің нышаны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотиптерді қолдану арқылы кедей адамның жағымсыз утилитарлық бағалау мәніндегі бейнесін айшықтаған.

«Қамқа тондылар» аксиологемалық стереотипінде де әлеуметтік жағдайға қатысты перцептивті бейне көрініс берген. Қамқа тон – бағалы аң терілерінен (бұлғын, құндыз, т.б.) тігілгендейдікten, оны хан, сұлтан, төре, би, мырза, бай секілді әлеуметтік тұрмысы жоғары, беделді адамдар киген. Қазақ этномәдени кеңістігінде байлық пен мәртебеліктің белгісі ретінде бағаланған «қамқа тон» вестонимі – аталған аксиологемалық стереотипте де лауазымды, дәүлетті адамдардың образын суреттеуге уәж болған.

«Тонын теріс айналдырып киген» аксиологемалық стереотипінде қазақ халқының көне жазалау салтына қатысты ойбейнесі кескінделген. Ежелгі қазақ қоғамында қылмыс жасаған айыпкерді би үкімі бойынша халық алдына шығарып, оның бетіне қара күйе жағып, тонын теріс кигізіп масқаралаған. Мұндай жазаға ел-жүртіна опасыздық, сатқындық жасаған қылмыскерлер тартылған. «Теріс тон» вестонимі – қазақ этномәдени жүйесінде екіжүзділіктің нышаны ретінде белгіленген. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасына сүйеніп, «тонын теріс айналдырып киген» аксиологемалық стереотипі арқылы қылмыскердің жағымсыз этикалық образын экспликациялаған.

«Молодых сажали за стол на шубу, вывернутую мехом вверх» (Русский фольклор. Т.23. 219 б.).

Тон – орыс ұлтының архаикалық үйлену ғұрпында символдық атрибут ретінде жүмсалған. Көне некелесу ғұрпы бойынша екі жасты аюдың терісінен тігілген тоның үстіне отырғызған. Бұл жосын – жас отбасына бақ пен дәүлет тілеуді мензеген [159]. Осы ғұрыптың үзігі «сажать на шубу» аксиологемалық стереотипінде сақталған.

«Сырымды қонақ қылыш, *ат-шапан жауып шыгарып салады*» (Бабалар сөзі, Т.88. 21 б.).

«Бір кездері той-томалақтың көрігін қыздырған «Шоқ қыздар» әнін рұқсатсыз орындағаны үшін Бейбіт Қорған да қырғыз әншісі Иляз Абыразақовқа *ат-шапан айыбын төлеген еді*» («Түркістан» газеті, 14.03.2016).

«Олар өз жаушыларының үстіндегі *шеге шапанды көріп*, шашуын шашып қарсы алды» (Б.Аққузинова. Өмірім – өлеңім, 193 б.).

«Аз уақыттың ішінде қазақ елі *алашапанды агайын елінен* ағылатын жеміс-жидек пен көкөніске қарық болмақ» (<https://www.Almaty.kz>).

«*Ат-шапан жапты*», «*ат-шапан айыбын төледі*», «*шеге шапан*», «*ала шапанды агайын елі*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*шапан*» вестонимі – астарына жүн не мақта салып сырый тігілген сырт киімді білдіреді [116, б. 269]. Қазақ дәстүрлі жүйесінде *шапан* – сыйлы, қадірлі адамға тарту етілетін рәміздік-ғұрыптық вестоним саналады. Айтальық, «*ат-шапан жапты*» аксиологемалық стереотипінде қазақ қонақ күту әдебінің ұлттық-мәдени фреймі берілген. Қазақ қонақ күту әдебі бойынша үйге ақсақалды қария, би, ақын сияқты елге сыйлы тұлғалар келгенде, олардың иығына міндетті турде шапан жауып, ат мінгізіп, шығарып салған. Қазақ мәдениетінде сый-құрмет көрсетудің үлгісін айғақтайдын «*ат мінгізіп, шапан жабу*» рәсімінің көрінісі аталған аксиологемалық стереотипте де жағымды этикалық бағалау мәнін түспалдаған.

«*Ат-шапан айыбын төледі*» аксиологемалық стереотипінде далалық әдет-ғұрып заңының ұлттық-мәдени фреймі тіркелген. Ежелгі қазақ заң жүйесі бойынша айыпкерге біреудің ар-намысына тіл тигізгені үшін, қалыптасқан моральдық-этикалық және құқықтық нормаларды бұзғандығы үшін ат-шапан айып салынған. *Ат-шапан айып* – айыптың жеңіл түрі болып есептелген [109, б. 326]. Ат-шапан айыптың перцептивті бейнесі аталмыш аксиологемалық стереотипте орнықан. Коммуникатор мәтінде «*ат-шапан айыбын төледі*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы айып-пұл төлеген әншінің образын суреттеген.

«*Шеге шапан*» аксиологемалық стереотипінде құда түсу салтының ұлттық-мәдени фреймі таңбаланған. Дәстүрлі қазақы ортада құда болуға баталасқан екі жақ келіскеннен кейін бір-біріне келісім ретінде сый-сияпат ұсынады. Жігіт жағы «қарғыбау» ұсынғаннан кейін қыз әкесі «жаушыға» шеге шапан жабады [139, б. 367]. «*Шеге шапан*» вестонимі – қазақ дүниетанымында келісім мен уағдаластықтың нышаны ретінде қабылданған. Коммуникатор мәтінде келісім тактикасына сүйеніп, «*шеге шапан*» аксиологемалық стереотипі арқылы құданың бейнесін ассоциациялаған.

«*Ала шапанды агайын елі*» аксиологемалық стереотипінде қазақ ұлттының көршілес өзбек жұрты туралы ұлттық-мәдени түсінігі бейнеленген. *Ала шәйі шапан* – өзбек халқының ұлттық киімін рәміздейтін вестоним ретінде қазақ этномәдени санасында гетеростереотипін қалыптастырған.

«Он одет как боярин в охабень» (А.Чапыгин. Исторический роман, 110 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*охабень*» вестонимі – биік жағасы мен қолтығында ойығы бар, етегі мен жеңі ұзын бағалы сырт киімді білдіреді [132, с. 2314]. Байырғы орыс қоғамында охабенъді мырзалар мен бай-манаптар киген. «*Охабень*» вестонимі – орыс дүниетанымында байлық пен әсемдіктің эталоны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде «*одет как боярин в охабень*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы бай, сымбатты ер азаматтың жағымды утилитарлық, эстетикалық образын кескіндеген.

«*A purple robe, a royal ivory chair*» (The works of the British poets. Vol. 12, 6 б.).

«The farmer returned at the hour appointed, and with him came Christy Wilson, their difference having been fortunately settled without an appeal to *the gentlemen of the long robe*» (Walter Scott. Waverley novels Vol. 9, 5 б.).

«This is the fourth attempt our people have made to contact *Black Robes* to ask them to come to us» (George Bishop. Black Robe and Tomahawk, 32 б.).

«*A purple robe*» (сөзбе-сөз ауд. күлгін шапан), «*the gentlemen of the long robe*» (сөзбе-сөз ауд. ұзын шапанды мырзалар), «*black robes*» (сөзбе-сөз ауд. қара шапандар) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*robe*» вестонимі – жеңі мен етегі ұзын шапанды білдіреді [134, р. 404]. *Robe* (шапан) – байырғы ағылшын тұрмысында патшалар мен патшайымдардың, лордтар мен зангерлердің, мырзалар мен шіркеу қызметкерлерінің дәстүрлі киімі саналған. Британдықтар оның түсі мен матасына қарап, иесінің әлеуметтік мәртебесін айқындаған. Мәселен, «*a purple robe*» аксиологемалық стереотипінде «*purple robe*» (күлгін шапан) вестонимі – биліктің нышаны ретінде символданып, билеушінің образын кескіндеуге мұрындық болса, «*the gentlemen of the long robe*» аксиологемалық стереотипінде «*long robe*» (ұзын шапан) вестонимі – сот қызметкерлерінің бейнесін айшықтауға өзек болған. Ал, «*black robes*» аксиологемалық стереотипінде шіркеу дінбасыларының образы суреттелген.

«*Қасқыр ішік* солға қарай икемсіз аюша қисайып, шананың алдына қолын созды» (С.Жұнісов. Жапандағы жалғыз үй, 13 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*ішік*» вестонимі – іш жағына аңыңың терісі салынып, сырт жағы бағалы матамен тысталған жылы сырт киімді білдіреді [116, б. 270]. Қазақ тұрмысында ішіктің «*қасқыр ішік*», «*тұлқи ішік*», «*бұлғын ішік*», «*жсанат ішік*», «*күзен ішік*» деген түрлері кездескен. Аталған ішік түрлерін әлеуметтік дәреже мен жас ерекшелікке байланысты киген. Мәселен, *қасқыр ішік* – елуден асқан ел ағалары кисе, *тұлқи ішік* пен *бұлғын ішік* – қырық жастан асқан ер-азаматтар, ал *жсанат ішік* пен *күзен ішік* – отыздан асқан ер-жігіттер киген. Осыған орай, коммуникатор мәтінде «*қасқыр ішік*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы елу жастан асқан, ауқатты ер адамның образын бейнелеген.

«*Кафтан-то ал, да в кафтане-то мал*» (В.В.Даль. Пословицы русского народа, 37 б.).

**«У него кафтан с подкладкой»** (В.В.Даль. Пословицы русского народа, 37 б.).

**«Кафтан-то ал, да в кафтане-то мал»** (сөзбе-сөз ауд. алқызыл кафтан, дегенмен кафтанда аздай), **«у него кафтан с подкладкой»** (сөзбе-сөз ауд. оның кафтаны астарымен) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«кафтан»** вестонимі – барқыт, зығыр, жібек, т.б. сияқты маталардан тігілген, жеңі мен етегі ұзын ерлердің сырт киімін білдіреді [132, с. 660]. Ежелгі орыс халқы кафтаның түсі мен матасына қарап, ерлердің әлеуметтік деңгейін айқындаған. Айталық, қызыл түсті барқыттан тігілген кафтанды патша әскерлері кисе, көк түсті барқыттан тігілген кафтанды дәuletті отбасынан шыққан ер жігіттер, ал зығыр матадан тігілген ақ түсті кафтанды қарапайым шаруалар киген [159]. **«Кафтан»** вестонимі – **«кафтан-то ал, да в кафтане-то мал»** аксиологемалық стереотипінде сырт келбеті – әдемі, парасат-пайымы – таяз патша әскерінің образын айшықтаса, **«у него кафтан с подкладкой»** аксиологемалық стереотипінде дәuletті ер кісінің образын кескіндеген. Бұған орыс байларының кафтан астарына ақша салу әдеті түрткі болған.

«Вот уж истинно: **ни кафтан ни ряса!**» (П.Мельников-Печерский. В лесах, 111 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«ряса»** вестонимі – православиялық шіркеу қызметкерлерінің жеңі мен етегі ұзын киімін білдіреді [132, с. 1731]. **Кафтан** – орыс дүниетанымында қайсарлықтың, өжеттіліктің белгісін рәміздесе, **ряса** – кісліліктің, руханилықтың нышанын символдаған. Осыған орай, коммуникатор әжуалау тактикасын пайдаланып, мәтінде **«ни кафтан ни ряса»** (сөзбе-сөз ауд. не кафтан емес, не ряса емес) аксиологемалық стереотипі арқылы ез, қорқақ, рухы төмен ер адамның образын экспликациялаған.

«When 120 *redcoats* held off four or five thousand Zulus with minimal losses» (Nigel Cawthorne. The Beastly Battles of Old England, 102 б.).

**«Our black-coat read and explain to us the Great Spirit's words»** (The Church of England Magazine Vol.20, 216 б.).

«Oh, **the gentleman in the velvet coat!**» (The Galaxy Vol.22, 382 б.).

**«The Purple Coat»** (Amy Hest. The Purple Coat, 1 б.).

**«Redcoats»** (сөзбе-сөз ауд. қызыл шекпендер), **«black-coat»** (сөзбе-сөз ауд. қара шекпен), **«the gentleman in the velvet coat»** (сөзбе-сөз ауд. барқыт шекпенде мырза), **«the Purple Coat»** (сөзбе-сөз ауд. күлгін шекпен) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«coat»** вестонимі – киім (жейде, көйлек, т.б.) сыртынан киетін жеңі ұзын шекпенді білдіреді [134, р. 89]. **Coat** (шекпен) – ағылшын этномәдени ортасында түсі мен матасына қарай түрлі символикалық мағынаға ие болған вестоним. Мысалы, **«Redcoats»** аксиологемалық стереотипінде британ әскери жүйесінің ұлттық-мәдени фреймі таңбаланған. **Red coat** – ағылшын әскерлерінің дәстүрлі киімі. **Ол** – ағылшын этномәдени аясында биліктің, әскери күштің белгісі ретінде рәмізделген. Коммуникатор мәтінде аталған аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы ержүрек, қайсар сарбаздардың ұнамды этикалық бейнесін айшықтаған.

«*Black-coat*» аксиологемалық стереотипінде ағылшын діни жүйесінің перцептивті бейнесі берілген. Ағылшын дінбасыларының негізгі киімі саналатын «*black coat*» вестонимі – аталмыш аксиологемалық стереотипте де шіркеу қызметкерінің бейнесін экспликациялауға өзек болған.

«*The gentleman in the velvet coat*» аксиологемалық стереотипінде ағылшын жұртының әлеуметтік жүйесіне қатысты ойсуреті сақталған. Британ халқының дағдылы тұрмысында лауазымды тұлғалар, бай-мырзалар барқыттан тігілген шекпендер киген. *Velvet coat* – ағылшын дүниетанымында дәulet пен атақтың нышаны ретінде символданған [135, р. 102]. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, «*the gentleman in the velvet coat*» аксиологемалық стереотипі арқылы елге танымал, беделді тұлғаның ұнамды этикалық образын бейнелеген.

«*The Purple Coat*» аксиологемалық стереотипінде ағылшын билік жүйесінің ойбейнесі сақталған. Байырғы ағылшын қофамында патшалар мен патшайымдар күлгін түсті барқыт пен жібектен тігілген шекпендер киген. *Purple Coat* – ағылшын этномәдени жүйесінде ақсүйектің, бекзадалықтың, мәртебеліктің белгісі ретінде таптаурындалған [135, р. 104]. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы ақсүйектердің бейнесін кескіндеген.

«Әжесі Ержанның үстіндегі *итжейдесін шешіп*, оған неше түрлі тәтті, құрт салып, асықпай түйіп, таяу тұрған көрші үйдің баласын шақырып, қойнына салып берді» (<https://bilim-all.kz>).

«Оның немересі Серікбол Шәріпқанның жартыны жарып жейтін жандосы, *иткөйлекті бірге тоздырган ұяласы*» (<https://erjanibek.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «*иткөйлек*» вестонимі – жаңа туылған нәрестенің алғашқы киімін білдіреді [116, б. 178]. Қазақы ортада иткөйлекті «*тіл-көзден сақтайды*» деп ырымдап, қырық көршінің құрағынан құрап, сәбиге кигізеді. Мұны «*иткөйлек кигізу*», «*иткөйлек шешу*», т.б. жоралғылары да растайды. Бұл жоралғылардың астарында «*баланың гұмыр жасы ұзақ болсын*» деген сенім жатыр. «*Иткөйлек кигізу*» жоралғысы – сәби өмірге келгенде орындалса, «*иткөйлек шешу*» жоралғысы – сәби қырқынан шығарылғанда атқарылады. Аталмыш жоралғы бойынша сәбидің иткөйлегін шешіп, оған тәттілерді түйіп, иттің мойнына байлап жібереді. Ауыл балалары сол итті қуып жүріп ұстап, мойнындағы иткөйлекті шешіп, тәттілерді бөлісіп алады [139, б. 178]. Осы менталды көрініс берілген аксиологемалық стереотиптерде де тіркелген. Бірінші аксиологемалық стереотипте қырқынан шығарылған сәбидің бейнесі ассоциацияланса, екінші аксиологемалық стереотипте түйдей құрдастардың образы экспликацияланған.

«Выбелишь холст, тут уж только *кроить рубаху* время приходит...» (С.Ф.Каратов. Приметы русского народа, 130 б.).

«*Кроить рубаху*» (сөзбе-сөз ауд. жейде тігу) аксиологемалық стереотипіндегі «*рубаха*» вестонимі – ерлер мен әйелдердің түрлі матадан (барқыт, зығыр, сәтен, шыт, жібек) тігілген, жеңі ұзын жейдесін білдіреді [132, с. 1717]. *Жейде* – орыс үйлену салтында рәсімдік атрибут ретінде

жұмсалған. «*Кроитъ рубашку*», «*рубашку мерить жениху*» деп аталағын жосын бойынша қалындықтың құрбылары күйеу жігіттің үйіне арнағы барған. Оларды күйеу жігіттің анасы жылы шыраймен қарсы алғып, ұлттың жейдесін орамалға орап берген. Қалындық құрбылары экелген жейденің пішінін үлгіге алғып, күйеу жігітке арналған той жейдесін тігетін болған [159]. Осындай ұлттық-мәдени фрейм аталаған аксиологемалық стереотипте көрініс тауып, үйленетін жігіттің бейнесін кескіндеуге ықпал еткен.

«*The Blackshirts*» (Ashley Jackson. The British Empire and the Second World War, 171 б.).

«*The Brownshirts* split their sides laughing at this» (John Lawton. Second Violin, 83 б.).

«He was *a stuffed shirt*» (J.D.Patterson. Letters from a Rocking Chair, 41 б.).

*Shirt* (жейде) – ағылшын халқының тарихи-саяси өмірінде рәміздік мәнге ие болған вестоним. Мысалы, «*the blackshirts*», «*the brownshirts*» аксиологемалық стереотиптерінде британ халқының екінші дүниежүзілік соғыспен байланысты ұлттық-мәдени түсінігі бейнеленген. 1935-1945 жылдарды қамтыған екінші дүниежүзілік соғыста италияндық фашистер қара түсті жейде кисе, неміс фашистері қоңыр түсті жейде киген. Яғни, «*black shirt*» (қара жейде) вестонимі – «*the blackshirts*» аксиологемалық стереотипінде италияндық фашистердің гетеростереотипін тұспалдаса, «*brown shirt*» (қоңыр жейде) вестонимі – «*the brownshirts*» аксиологемалық стереотипінде неміс фашистерінің гетеростереотипін меңзеген.

«*A stuffed shirt*» аксиологемалық стереотипіндегі «*stuffed shirt*» (жырым-жырым жейде) вестонимі – мылжың, тәқаппар адамның жағымсыз этикалық бағалау мәніндегі образын айшықтаған. Бұған бау-бақшаға қойылған тұлыштың шұрық тесік жейдесі уәж болған.

«*Кебін киген келмес, кебенек киген келер*» дейді ғой қазақ. Қане, не айтыпты?» (М.Мағаун. Көкбалак, 198 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*кебін*» вестонимі – адамның ақырет киімін білдірсе [116,б. 267], «*кебенек*» вестонимі – жүқа әрі тығыз киізден иығын тұтас әрі кең етіп тігілген, жауын-шашыннан сақтайтын киімді білдіреді [116,б. 127]. Қазақ халқының дәстүрлі өлікті жөнелту ғұрпында рәсімдік атрибут ретінде қолданылған кебінмен қайтыс болған адамды орап, ақтық сапарға шығарып салады. Дағдылы тіршілікте кебенекті малшылар мен батырлар киген. Қазақ этномәдени кеңістігінде «*кебін*» вестонимі – өмірден өткен адамның образын астарласа, «*кебенек*» вестонимі – тірі адамның образын меңзеген.

«*So cloak-and-dagger discussions began*» (Andrew Marr. A History of Modern Britain, 12 б.).

*Cloak* (жадағай) – ағылшын халқының тарихи өмірінде айырықша қызмет атқарған. Оны ежелгі британ елінде рыцарлар киген [160]. Ағылшын ұлттық танымында құпиялыштың, жұмбақтықтың белгісі ретінде ұғынылған «*cloak*» вестонимі – «*cloak-and-dagger*» (сөзбе-сөз ауд. жадағай мен қылыш)

аксиологемалық стереотипінде барлаушы-тыңшының образын бейнелеуге мұрындық болған.

«Аңсайды бүкіл ақындар

**Мажсанның киген мұрагын»** (Есдәulet Ұ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. 317 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі «*мұрак*» вестонимі – қайырмасының арт жағы иіліп, қошқар мүйізделген қалпақ түрін білдіреді [116, б. 263]. Байырғы қазақ қоғамында *мұрак* – қастерлі, сәнді басқиім саналғандықтан, оны хандар, сұлтандар, билер сияқты мәртебесі биік тұлғалар киген. «*Мұрак*» вестонимі – қазақ этномәдени қеңістігінде атақ-даңқтың, сәнсалтанаттың эталондық үлгісі ретінде бағаланған.

Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, «*Мажсанның киген мұрагын аңсайтын ақындар*» аксиологемалық стереотипі арқылы қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген Мағжан Жұмабаевтың ақындық мәртебесін бейнелеп, өзге ақындарға үлгі-өнеге боларлық дара жолын айшықтай түскен.

«*Ox, тяжала ты, Шапка Мономаха!*» (А.С.Пушкин. Борис Годунов, 49 б.).

Берілген аксиологемалық стереотипте орыс халқының көне билік жүйесіне қатысты ойсуреті берілген. Тарихшы Р.Г.Скрынниковтың пікірінше, Византия императоры – Константин Мономах алтын бөркін XII ғасырда немересі – Киев князі Владимир Мономахқа сыйға тартқан. Владимир Мономах алтын бөркіті «*княздік таққа отыру*» рәсімінде киген. Осы кезден бастап, *алтын бөркі* – «*Мономахтың бөркі*» аталып, патшалардың таққа отыру рәсімінде киетін салттық бас киіміне айналған [161]. «*Шапка Мономаха*» артефактісі – орыс дүниетанымында билік пен күштің символын рәміздеген. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасын пайдаланып, «*тяжала ты, Шапка Мономаха*» аксиологемалық стереотипі арқылы биліктің жауапкершілік жүгі ауыр болатынын интерпретациялаған.

«*The Military of the Crown*» (Charles M.Clode.Their Administration and Government, 1 б.).

*Crown (тәж)* – британ этномәдени ұжымының символикалық-ғұрыптық артефактісі. Ежелгі британ елінде билік басына келген патша мен патшайымға «*таққа отыру*» рәсімінде тәж кигізген. Мұндай жосын – «*the ceremony of a crown-wearing*» (сөзбе-сөз ауд. тәж киу) деп аталған [162]. «*Crown*» вестонимі – ағылшын этномәдени көкжиегінде монархиялық биліктің нышаны ретінде таптаурындалған. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, «*the military of the crown*» (сөзбе-сөз ауд. тәждідің әскери күштері) аксиологемалық стереотипі арқылы әскери жасағы – мықты, төрт құбыласы тең патшаның жағымды этикалық, утилитарлық образын айшықтаған.

«Сыр бойындағы отыз қала Бұхар ханы Абдолланың қанжығасында кетті, *жығасы қисая бастаган жұрт* Жайықтан асып, Еділ бойына емінген қайран қоныстан қапияда тағы айырылды» (<https://qamshy.kz>).

«Арман жоқ. *Жау жығасын жығып өлдім*» (<https://www.aksuoniri.kz>).

**«Жыгасы қисая бастаган жүрт», «жсау жыгасы жығылды»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«жыға»** хрематонимі – хандардың соғыста киетін баскиімін білдіреді [116, б. 262]. Ежелгі дәуірде қазақ хандары алтынмен апталған жыға кисе, қолбасшы батырлары құс қауырсыны тағылған дұлыға киген. **«Жыға»** хрематонимі – халық дүниетанымында билік пен бақ-дәулеттің символы ретінде ұғынылған. Коммуникатор мәтінде **«жығасы қисая бастаган жүрт»** аксиологемалық стереотипі арқылы басынан билігі кетіп, бағы тайған халықтың образын суреттесе, **«жсау жыгасы жығылды»** аксиологемалық стереотипі арқылы жеңілске ұшыраған жаудың бейнесін сипаттаған.

«Үйдің іші абыр-сабыр. Қауқылдаған әңгіме көбейді. **Қалпақтылар** қайта-қайта қарқ-қарқ күледі» (Ә.Кекілбаев. Бәйгеторы, 16 б.).

**«Айыр қалпақтылар** біздегі құны төмен тауарға қызығып, өнімдерімізді өздеріне жаппай тасып жатыр» (<https://www.zakon.kz>). **«Қалпақтылар»** аксиологемалық стереотипіндегі **«қалпақ»** вестонимі – ақ қозының күзем жүнінен жұқа етіп басылған киізден жасалыш, матамен әдіштелген, қайырма етегінің алды-арты жырық келетін, төбесі төрт сай болып тігілген, тысы түсті барқытпен көмкерілген баскиімнің түрін білдіреді [142, б. 102]. Қазақы ортада ерлердің дәстүрлі бас киімі саналған қалпаққа қарап, адамның жас мөлшері мен әлеуметтік мәртебесін аңғарған. Мәселен, қалпақтың қайырма етегінің алдыңғы бөлігі – байлықтың нышанын түспалдаса, артқы бөлігі – биліктің белгісін меңзеген. Ал матасының түсі мен ою-өрнегі ер кісінің жас мөлшерінен ақпарат берген. Коммуникатор мәтінде **«қалпақтылар»** аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы ер кісілердің жиынтық бейнесін экспликациялаған. **«Айыр қалпақтылар»** аксиологемалық стереотипіндегі **«айыр қалпақ»** вестонимі – қырғыз халқының ақ киізден тігілген ұлттық бас киімін білдіреді. **Ол** – қазақ этномәдени жадысында қырғыз ұлтын бейнелейтін вестоним ретінде қатталып, гетеростереотиптің жасалуына арқау болған.

«He's *a bad hat* altogether apparently» (Laurence Meynell. The creaking chair, 17 б.).

«*The old hat* raised to move with the ringing shout of encouragement» (The Land We Love, 39 б.).

«You are *a feather in the cap of society*» (The British Prose Writers. T.23, 151 б.).

**Hat** (қалпақ) – ағылшын өмір-салтында кеңінен қолданылған баскиім түрі. Аталмыш вестоним – **«a bad hat»** (сөзбе-сөз ауд. жаман қалпақ) аксиологемалық стереотипінде озбыр, залым адамның бейнесін айшиқтаса, **«the old hat»** (сөзбе-сөз ауд. көне қалпақ) аксиологемалық стереотипінде ескішіл, кертартпа адамның жағымсыз этикалық бейнесін кескіндеген. **«A feather in the cap of society»** (сөзбе-сөз ауд. қоғам қалпағының қауырсыны) аксиологемалық стереотипінде ағылшын халқының соғыс алаңындағы көне дәстүрімен байланысты ойсуреті таңбаланған. Ежелгі ағылшын ортасында жауды жеңген рыцардің қалпағына құс қауырсының қадаған. **Ол** – ерлік пен қайсарлықтың белгісін білдірген [135, р. 124]. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын қолданып, **«a feather in the cap of society»** аксиологемалық

стереотипі арқылы лауазымды тұлғаның жағымды этикалық бейнесін суреттеген.

**«Бөрі согар жігіттің,**

**Бөрігінен белгілі»** (Қазақ мақал-мәтелдері 357 б.).

**«Бөріктің намысы бір»** (<https://www.el.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі **«бөрік»** вестонимі – жиегіне теріден әдіп басылған, жүрындалған, жұқа жүн немесе жібек матамен тысталған құлақсыз маусымдық бас киімді білдіреді [109, б. 537]. Қазақ тұрмысында бөрікті ер жігіттер киген. **Ол** – тігілген аң терісіне қарай: «*сусар бөрік*», «*құндыз бөрік*», «*тұлқі бөрік*», «*кәмшат бөрік*», «*жсанат бөрік*» деген тұрлерге бөлінген. **«Бөрік»** вестонимі – қазақ дүниетанымында ерліктің, өжеттіліктің, ар-намыстың белгісі ретінде айғақталған [109, б. 206]. Мәселен, **«бөрік»** вестонимі арқылы бірінші аксиологемалық стереотипте ақылды, іскер жігіттің ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесі суреттелсе, екінші аксиологемалық стереотипте ар-намысшыл жігіттердің ұнамды этикалық бейнесі ассоциацияланған.

**«Bearskin does nothing but give away his money in exchange for prayers»** (Gareth Hinde. Bearskin, 25 б.).

**Bearskin** – ағылшын гвардия әскерлері киетін, аю терісінен тігілген шошақ басқиім [163]. Коммуникатор мәтінде ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін қамқорлық тактикасын пайдаланып, **«bearskin»** аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде гвардия әскерінің ұнамды этикалық бейнесін айшықтаған.

**«Нағайбілді қырық қундей тымаққа салып керегеге іліп қояды»** (С.Мұқанов. Адасқандар, 111 б.).

«Қара санынан келетін саптама етік, сыртын кеңірек қара барқытпен тыстаған **тұлқі тымақтының** бетіндегі жалпақ қал анадайдан көрінеді» (С.Жұнісов. Жапандағы жалғыз үй, 6 б.).

«- Осы сен мені **малма тымақ**, тұтін танымас қараның бірі деп жүрсің бе?» («Қармақшы таңы» газеті, 30.05.2018).

**«Тымаққа салып, керегеге іліп қою», «тұлқі тымақты», «малма тымақ»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«тымақ»** вестонимі – биік төбелі, мандайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етектен тұратын, аңың, малдың терісінен тігілген ерлердің қысқы басқиімін білдіреді [142, б. 344]. **Тымақ** – қазақ этномәдени жүйесінде рәсімдік-символикалық рөл атқарғандықтан, оны бөтен адамға бермей, атадан-балага мирас түрінде қалдырып отырған. **«Тымақ»** вестонимі – қазақ этномәдени санасында бақ пен құттың, мәмілегерліктің нышаны ретінде орныққан. Мұны **«тымақ тастау»**, **«тымаққа салу»** сияқты жосын-жоралғылардан да байқаймыз. Айталық, **«тымақ тастау»** жосыны – бітімге, мәмілеге шақыру үшін атқарылса, **«тымаққа салу»** салты – шала туған нәрестені адам қатарына қосу үшін орындалған. Тарқатып айтқанда, бұрынғы кезде айыпкер жақтың жөн білетін, жасы үлкен ақсақалы құнықердің алдына кешірім сұрап келгенде, басындағы тымағын ортага тастан, екі жақты бәтуага, ымыраға шақырған. Ал **«тымаққа**

**салу»** салты бойынша шала туған сәбиді ай-күні толғанша тымаққа салып, кереге басына іліп қойған. Оны ай-күні толғаннан кейін тымақтан алыш, нәрестеге арналған рәсімдерін жасаған [142,б. 344]. Осы салттың перцептивті бейнесі **«тымаққа салып, керегеге іліп қою»** аксиологемалық стереотипіндегі көрініс тапқан. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы шала туған сәбидің бейнесін суреттеген.

**«Тұлқі тымақ»** вестонимі – қазақ мәдениетінде ерлердің бағалы бас киімі саналған. Коммуникатор мәтінде **«тұлқі тымақты»** аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы дәүлетті ер кісінің утилитарлық бағалау мәніндегі образын интерпретациялаған.

**«Малма тымақ»** аксиологемалық стереотипіндегі **«малма»** лексемасы – мал терісін илеу үшін қолданылатын ашытқыны білдіреді. Малмаға салынған тері білтеленіп, ұйысып қалатындықтан, оны кепкеннен кейін шыбықпен сабап ажыратады. Қазақы ортада малма теріден тымақ, тон, етік, т.б. киімдер тіккен [116,б. 263]. Коммуникатор ынтымақсыз стратегияны орындау үшін әжуалау тактикасын қолданып, **«малма тымақ»** аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде іі түскен, ынжық, жігерсіз ер адамның жағымсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

**«Просватал дочерей за шапку»** (В.М.Мокиенко. Большой словарь русских пословиц, 297 б.).

«Лишь перед смертным часом покаялся отцу духовному, что пьяный **бросил шапку с молитвой**, которую он дал ему» (И.И.Лажечников. Князь Никита Федорович, 554 б.).

Ежелгі орыс елінде **тымақ** – ғұрыптық жосындарды жүзеге асыратын рәміздік атрибуттың міндетін атқарған. Айталақ, бірінші аксиологемалық стереотипте көне құдаласу салтының ұлттық-мәдени фреймі бекіген. Байырғы орыс ортасында қызға құдаласуға келген күйеу жігіттің ата-анасы ұлдарының тымағын әкелетін болған. Демек, **«шапка»** вестонимі – **«сватать за шапку»** (сөзбе-сөз ауд. тымаққа құдаласу) аксиологемалық стереотипінде күйеу жігіттің бейнесін экспликациялаған. Екінші аксиологемалық стереотипте де ежелгі орыс рәсімінің фрагменті сақталған. Бұрынғы орыс қоғамында бала өмірге келе салғанда, әкесі шіркеуге барып, баласына арналған дүғаны тымаққа оқытқызыған. Дүғасы бар тымақты жылдам үйіне әкеліп, **«жын-періден қорғайды»** деген сеніммен нәрестенің үстіне сілкіген. Бұл рәсім – **«молитва в шапку»** (сөзбе-сөз ауд. тымаққа дүға) деп аталған [159,с. 104]. Коммуникатор айыптау тактикасын пайдаланып, **«бросил шапку с молитвой»** аксиологемалық стереотипі арқылы жазықты, кінәлі адамның ұнамсыз этикалық бейнесін айшықтаған.

«...one is bound to speak the truth as far as one knows it, whether one mounts **a cap and bells** or a shovel hat» (William Makepeace Thackeray. Vanity Fair, 150 б.).

**«Dunce's cap»** (Nick Robinson. Origami kit for Dummies, 22 б.).

«She saw the judge's old hands **put the black cap** on his head» (Agatha Christie. And Then There Were None, 120 б.).

*Cap* (қалтақ) – ағылшын халқының түрлі рәміздік мәнге ие болған вестонимі. Мысалы, патша сарайлары мен жәрменкелерде саҳналық қойылым көрсеткен сайқымазақ әртістерінің қоңыраулы қалпағы – «*a cap and bells*» (сөзбе-сөз ауд. қалтақ пен қоңыраулар) аксиологемалық стереотипінде сол өнер иелері жайлыштың бейненің кескінделуіне негіз болса, мектепте екілік алған оқушыға кигізген «D» әрпі таңбаланған, қағаздан жасалған конус пішіндес қалпақ – «*dunce's cap*» (сөзбе-сөз ауд. дұнстық қалпағы) аксиологемалық стереотипінде жағымсыз зияткерлік бағалау мәнін тұспалдайтын сауатсыз, білімсіз адамның образын бейнелеуге өзек болған. «*Put the black cap*» (сөзбе-сөз ауд. қара қалтақ кио) аксиологемалық стереотипінде тәртіптік-құқықтық жазаға тарту ісінің ойсуреті берілген. Ежелгі британ елінде сот төрағалары қылмыскерлерді өлім жазасына кесерде қара түсті қалпақ киетін болған [135, р. 82]. Келтірлген аксиологемалық стереотипте де қара түсті қалпақ – өлім жазасының белгісі мен сот төрағасының бейнесін интерпретациялаған.

«Әншінің отбасында *тақия тігер* дүниеге келді» (<https://nur.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*тақия*» вестонимі – кестелеп, сырый тігілген дөңгелек жеңіл баскиімді білдіреді [116, б. 263]. «*Тақия тігер*» аксиологемалық стереотипінде баланың өмірге келуіне қатысты ұлттық-мәдени түсінік вербалданған. Дәстүрлі тұрмыста қазақ қыздары кесте, тақия тігумен айналысқандықтан, халқымыз дүние есігін ашқан қызы баланы «*тақия тігер келді*», «*кесте тігер келді*» деп астарлап, сүйінші сұрайды.

«*Aк сәлделілер* текемет үстінен қаптай жайғасыпты» (Д.Досжан. Қайрауық күйші. <https://kitap.kz>).

Берілген аксиологемалық стереотиптегі «*сәлде*» вестонимі – мұсылман дін басыларының ақ матадан қабаттай жасалған басқа орайтын салмасын білдіреді [116, б. 263]. Коммуникатор мәтінде «*ак сәлделілер*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы молдалардың жиынтық бейнесін суреттеген.

«Получив благословение отца наместника, я стал пробираться к выходу, затерявшись в густой толпе черных клубков, мантий и простых послушнических подрясников» (В.М.Зоберн. Граждане неба, 512 б.).

«*Черные клубуки*» (сөзбе-сөз ауд. қара қалтақтар) аксиологемалық стереотипіндегі «*клубук*» вестонимі – монахтар киетін желегі бар баскиімді білдіреді [132, с. 680]. Христиан дінінің православия бағытында қара клубукты кіші схима (рәсімдік ант) қабылдаған монахтарға киеді. Коммуникатор мәтінде «*черный клубуки*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы кіші схима қабылдаған дін өкілдерінің образын ассоциациялаған.

«...one is bound to speak the truth as far as one knows it, whether one mounts a cap and bells or *a shovel hat*» (William Makepeace Thackeray. Vanity Fair, 150 б.).

«*A shovel hat*» (сөзбе-сөз ауд. күрекше қалтақ) аксиологемалық стереотипінде дін өкілі туралы ақпарат мазмұндалған. Бұған Англияның ортағасыр мәдениетінде шіркеу дінбасылары киген күрекше қалпақ себеп болған [164].

«*Сәукеле кигізу*», «*сәукеле байгазысын беру*», «*сәукелелі*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*сәукеле*» вестонимі – қыздардың ұзатыларда, келін болып

түсерде киетін көп әшекейлі, қымбат бағалы, сәнді баскиімін білдіреді [116, б. 265]. **Сәукеле** – қазақ халқының дәстүрлі некелесу ғұрпында айырықша мәнге ие болған салттық-рәміздік вестоним. Қазақ салты бойынша құда-құдағиларды арнайы шақырып, ақ батамен ұзатылатын қызға сәукеле кигізіп, шашу шашқан. Жиналған туған-туыстар мал атап, сәукеле байғазысын берген [116, б. 280]. Қазақ мәдениетінде «**сәукеле**» вестонимі – байлыштың, сән-салтанаттың, сұлулықтың эталоны ретінде бағаланған. Осында ұлттық-мәдени фреймдер жоғарыда берілген аксиологемалық стереотиптерде сақталып, қалыңдықтың жиынтық бейнесін айшықтай түскен.

«Но ты и вправду *в этом венке очень красивая*. Девочка – дай бог на Пасху! - Не говори глупостей. Давай лучше *бросим венки в воду, наглядим, куда они плывут*» (В.Шефнер. Сестра печали, 293 б.).

«**В венке**» (сөзбе-сөз ауд. гүлтәжінде), «**бросить венки в воду**» (сөзбе-сөз ауд. гүлтәжін суға тастау) аксиологемалық стереотиптеріндегі «**венок**» вестонимі – ағаш жапырақтарынан, гүлдерден өрілген сакина тәріздес гүлтәжін білдіреді [132, с. 156]. Ежелгі орыс елінде гүлтәжін бойжеткен қыздар киген. **Ол** – ғұрыптық жоралғыларда атрибуттық функция атқарған. Дәстүрлі ортада бойжеткен қыздар «Троица», «Іван Купала» секілді мерекелерде бастарындағы гүлтәждерін шешіп, суға жіберген. Олар гүлтәждерінің жүзген бағытына қарап, қай жерге тұрмысқа шығатынына болжам жасаған. Мұндай жосын – «**пускание венков по воде**» деп аталған [159, с. 34]. Осы жосынның перцептивті көрінісі жоғарыда аталған аксиологемалық стереотиптерде бекіп, бойжеткен қыздың бейнесін сипаттауға уәж болған.

«Бопай ханым – заманында аузын айға білеген **қарқарадай ханның** сүйікті жары болған» ([www.makala.kz](http://www.makala.kz)).

«**Қарқарадай хан**» аксиологемалық стереотипіндегі «**қарқара**» вестонимі – құс қауырсынымен сәнделген, мильтын айнала құндыз тұтылған, биік төбелі баскиімді білдіреді [109, б. 558]. Көшпелі ортада қарқараны лаузазымы бар әйелдер мен ақсүйектердің қыздары киген. Ежелгі қазақ мәдениетінде биік мәртебенің символы ретінде дәйектелген «**қарқара**» артефакті – берілген аксиологемалық стереотипте де даңқты ханның бейнесін ассоциациялауға арқау болған.

«*На голове – кокошник, не сумевший прикрыть торчащие косички*, а может, она и не старалась их спрятать» (Перекресток, 155 б.). Берілген аксиологемалық стереотиптегі «**кокошник**» вестонимі – қайың тозынан жасалып, жібек, атлас, барқыт, шыт, т.б. секілді маталармен тысталған, әшекей тастармен безендірілген, шаш жинауға арналған желегі бар, доғал тәріздес әйелдер баскиімін білдіреді [132, с. 690]. Орыс тұрмысында кокошникті ақсүйек, бай отбасынан шыққан қыздар тұрмыс құрған күннен бастап, тұңғыш сәбиін өмірге әкелгенге дейін киген. **Ол** – орыс мәдениетінде тұрмыс құрудың белгісі мен тектіліктің нышанын ишарагаған. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін кекесін тактикасын қолданып, «*на голове – кокошник, не сумевший прикрыть торчащие косички*»

аксиологемалық стереотипі арқылы әдепсіз келіншектің ұнамсыз этикалық образын бейнелеген.

«*Үй қыдырган көлең-көлең ақ жаулық*» (Ж.Аймауытов. Әңгімелер мен пъесалар, 34 б). Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*ақ жаулық*» вестонимі – әйелдердің басқа салатын орамалын білдіреді. Ежелгі қазақ салтында ақ жаулықты тек тұрмысқа шыққан жас келіншектер салған [116,б. 264]. Ақ жаулық күлтік бас киім саналғандықтан, оны «*бастағы бақ кетеді*» деген наныммен бөтен адамға бермеген. Дәстүрлі дүниетанымда қыздың жаңа әлеуметтік мәртебесін бекіткен «*ақ жаулық*» вестонимі – аталмыш аксиологемалық стереотипте де тұрмыс құрған жас келіншектердің образын айшықтауға ұйытқы болған.

«Прыгает, видно, девка по-козьему, а *как косу-то под повойник подберут*, станет ходить серой утицей, - подумал Чапурин, когда вышла из горницы Аграфена Петровна» (П.И.Мельников-Печерский. На горах, 100 б.).

«*Такая девка как косу-то под повойник подберут*» (сөзбе-сөз ауд. мұндаидай қыз шашын қалай повойникке жинаиды) аксиологемалық стереотипіндегі «*повойник*» вестонимі – түрлі түсті қалың матадан тігілген әйелдер басқиімін білдіреді [132,с. 1319]. Орыс өмір-салтында повойникті тұрмыс құрған әйелдер киген. *Ол* – шашты жауып тұратын, орамал астынан киілетін этикалық-эстетикалық мәні бар артефакті саналған. Орыс этномәдени кеңістігінде *повойникті орамалсыз кию* – тексіздіктің, тәрбиесіздіктің, олақтықтың белгісін ишаралаған [159,с. 34]. Осы менталды түсінік бекіген аксиологемалық стереотип арқылы коммуникатор мәтінде болашақта тәрбиелі, тексті келіншек бола алмайтын женілтекті қыздың жағымсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

### «*Кимешектер кітап оқып*,

Малма тымақ мылтық алды» (І.Жансүгіров. Бүгінгі даала. Т.1. 260 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «*кимешек*» вестонимі – ақ матадан тігілген, омырау мен арқаны жауып тұратын, беті ойылып жасалған әртүрлі үлгідегі бас киімді білдіреді [116,б. 264]. Қазақ тұрмыс-салтында кимешекті тұрмыс құрған, балалы болған әйел кісілер киген. *Ол* – рәсімдік-символикалық функция атқарған. Мұны «*кимешек кигізу*» рәсімі де негіздейді. «Жас келін тұңғыш баласын өмірге әкелген соң ауыл әйелдері, бәйбішелер арнайы жиналып келіп, келіннің басындағы желегін шешіп, кимешек кигізеді» [139,б. 182]. «*Кимешек*» вестонимі – қазақ этномәдени кеңістігінде ана атанудың нышаны мен даналықтың белгісін тұспалдаған. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын қолданып, «*кітап оқыған кимешектер*» аксиологемалық стереотипі арқылы қазақ әйелдерінің ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін экспликациялаған.

### «*Надевала сороку*» (Доброречье: поэзия народного творчества, 10 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*сорока*» вестонимі – әр түрлі маталардан (шыт, жібек, барқыт, торғын, шәйі, атлас) тігілген әйелдердің басқиімін білдіреді [132,с. 1880]. Ежелгі орыс елінде сороканы тұрмыс құрған келіншектер киген. Ол саусақтанға ұқсас екі қанаты мен артқы жағы ұзынша келгендейдікten, «*сорока*» аталып кеткен. *Сорока* – орыс халқының дәстүрлі

жүйесінде ғұрыптық баским саналған. Оны қалыңдыққа күйеу жігіттің анасы той өткеннен кейін кигізген. Халық арасында **«надевать сороку», «окручивание молодой»** деген атаулармен белгілі болған мұндай рәсім – қыздың келіншек атанғанын астарлаған [159, с. 37]. Коммуникатор аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы мәтінде түрмисқа шыққан қыздың бейнесін ассоциациялаған.

**«Ақ бүркей салдым** басыма,

Жер ортаға келген шағымда» (Бабалар сөзі. Т.90. 114 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі **«ақ бүркей»** вестонимі – ұлken ақ орамалды білдіреді [116, б. 264]. Байырғы қазақ қоғамында ақ бүркейді жесір қалған әйел ерінің жылы толғанға дейін басына салып жүрген. **«Ақ бүркей»** вестонимі – қазақ этномәдени аясында азаның, қайғы-қасіреттің белгісін рәміздеген. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм **«ақ бүркей салған»** аксиологемалық стереотипінде орнығып, жесір қалған әйелдің бейнесін интерпретациялауға мұрындық болған.

**«Не төмен етектіден** жеңіп мал әкетесің, не тастап кетесің!» (А.Сейдімбек. Шығармалары, 95 б.).

**«Төмен етекті»** аксиологемалық стереотипіндегі **«етек»** вестонимі – көйлектің төменгі бөлігін білдіреді. Қазақ әйелінің киім үлгісін – көшпенде түрмисқа негізделіп, эстетикалық-этикалық талғамға сай тігілген, әлеуметтік-мәдени мәнге ие, ғұрыптық-рәміздік вестоним деуге болады. Сондай вестонимнің бірі – **«көйлек»**. Қазақ әйелінің көйлегі – тік жағалы, жәнді, ұзын етекті болған. Етегі қосымша маталармен бүрмеленіп тігілуіне байланысты оны қос етекті көйлек деп атаған. Қос етекті көйлек – қазақ әйелінің бүйрекшіктерінің киімі саналған [116, б. 271]. Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі **«етек»** синекдохасы – көйлектің негізгі атрибуты ретінде уәжделіп, ер адамнан бір саты төмен тұратын қазақ әйелінің образын ассоциациялауға өзек болған.

**«Сарафан за кафтаном не бегает»** (Э.П.Зорин. Богатырское поле, 111 б.).

**«Сарафан-то ал, да в сарафане-то мал»** (В.В.Даль. Пословицы русского народа, 49 б.).

**«Сарафан за кафтаном не бегает»** (сөзбе-сөз ауд. сарафан кафтанның артынан жүгірмейді), **«сарафан-то ал, да в сарафане-то мал»** (сөзбе-сөз ауд. алқызыл сарафан, дегенмен сарафанда аздау) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«сарафан»** вестонимі – әйелдердің жейде сыртынан киетін жеңсіз көйлегін білдіреді [132, с. 1747]. Орыс халқының күнделікті өмірінде сарафанды қыздар ғана кигендіктен, **ол** – дәстүрлі санада бойжеткендіктің, әдеміліктің эталоны ретінде тіркелген. Мәселен, **«сарафан»** вестонимі арқылы бірінші аксиологемалық стереотипте жігіттің артынан жүгірмейтін, тәрбиелі, әдепті қыздың ұнамды этикалық образы айшықталса, екінші аксиологемалық стереотипте **«сырт келбеті – сұлу, ақылы таяз** бойжеткеннің жағымсыз зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесі айшықталған.

**«В поневу не вскочила, а уже пытается тут распоряжаться»** (Е.Красницкий, И.Кузнецова. Сотник, 51 б.).

**«В поневу не вскочила»** (сөзбе-сөз ауд. поневаға секірмеген) аксиологемалық стереотипіндегі «**понева**» вестонимі – әйелдердің қалың матадан тігілген немесе жүннен тоқылған белдемшесін білдіреді [132, с. 1399]. Байырғы орыс ортасында поневаны тұрмыс құрғандар киген. **Понева** – орыс этномәдени жүйесінде рәсімдік қызмет атқарған. Бұған ежелгі үйлену ғұрпында орындалған «**впрыгнуть в поневу**» рәсімі айқын дәлел бола алады. Аталған салт бойынша той күні қалыңдықтың анасы мен кіндік шешесі қызына орындық үстінен поневаға секіру жосынын атқарғызған. **Понева** – қыздың келін атанғанын тұспалдаған [143, с. 330]. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм атальыш аксиологемалық стереотипте көрініс тауып, тұрмысқа шықпаған қыздың образын кескіндеуге тұрткі болған.

«*The Petticoat in Politics: Women and Authority*» (Kathryn Gleadle, S. Richardson. Women in British Politics, 1780-1860.).

**«The petticoat in politics»** (сөзбе-сөз ауд. саясаттағы белдемше) аксиологемалық стереотипіндегі «**petticoat**» вестонимі – әйелдердің не қыздардың көйлек ішінен киетін белдемшесін білдіреді [134, р. 344]. **Petticoat** (белдемше) – ағылшын халқының дәстүрлі тұрмысында кеңінен қолданылған вестонимнің бірі. **Ол** – британ ұлттық-мәдени көкжиегінде «**әйел**» образын интерпретациялайды. Коммуникатор ынтымақты стратегияны орындау үшін қолпаштау тактикасын пайдаланып, «*the petticoat in politics*» аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде саясаткер әйелдің ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі образын экспликациялаған.

**«The skirt»** (сөзбе-сөз ауд. белдемше) аксиологемалық стереотипіндегі «**skirt**» вестонимі – қыздардың не әйелдердің киімін білдіреді [134, р. 442]. **Skirt** (белдемше) – британдық әйелдердің көйлектен кейінгі сәнді киімі саналған. Ағылшын этномәдени жадысында сәндік пен әсемдіктің эталоны ретінде таптаурындалған «**skirt**» вестонимі – келтірілген аксиологемалық стереотипте де келбетті, тартымды ағылшын әйелінің ұнамды эстетикалық бейнесін ассоциациялаған.

«*To all blue aprons in the town*» (Bell and Murray. Hudibras. Vol.2, 271 б.). Берілген аксиологемалық стереотиптегі «**apron**» вестонимі – киімнің алдын таза ұстай үшін киілетін алжапқыш ұғымын білдіреді [134, р. 22]. Ежелгі Викториан дәуірінде дүнгіршек пен базар саудагерлері көк түсті алжапқыш киген. Яғни, ағылшын танымында сауда-саттықтың нышаны ретінде қабылданған «**blue apron**» (көк алжапқыш) вестонимі – «*to all blue aprons in the town*» аксиологемалық стереотипінде де қала саудагерлерінің образын бейнелеуге ықпал еткен.

«This was *an old-school-tie*» (William S. Burroughs. The place of dead roads, 207 б.).

«*An old-school-tie*» (сөзбе-сөз ауд. ескі мектеп галстуғи) аксиологемалық стереотипіндегі «**tie**» вестонимі – жайде жағасының астынан байланатын мата жолағын білдіреді [134, р. 500]. **Ол** – Ұлыбританияның арнайы мектептерінде оқытын оқушылар тағатын негізгі киім болып есептеледі. Ағылшын мәдени кеңістігінде достықтың өлшемі ретінде ұғынылған «**old tie**» (ескі галстук)

вестонимі – аталған аксиологемалық стереотипте бір сыныпта оқыған, бір мектепті бітірген тұлектің бейнесін сипаттауға уәж болған.

**«Көн етіктіні көзге ілмей, көк етіктіні күткендер** саны 350 мың» (<https://www.minber.kz>).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі **«көк етік»** вестонимі – жақсы иленіп көк бояуға салынған, сапалы былғарыдан тігілген қымбат, бағалы етікті білдірсе, **«көн етік»** вестонимі – көннен тігілген етікті білдіреді [116, б. 273]. Дәстүрлі қазақ тұрмысында елге сыйлы, ауқатты тұлғалар көк етік кисе, қарапайым адамдар көн етік киген. Қазақ мәдениетінде **«көк етік»** артефактісі – әлеуметтік тұрмысы жоғары ер адамның образын интерпретацияласа, **«көн етік»** артефактісі – әлеуметтік тұрмысы төмен ер адамның образын интерпретациялаған. Осындай ойсурет **«көн етіктіні көзге ілмей, көк етіктіні күткендер»** аксиологемалық стереотипінде сақталып, мәтінде тұрмысқа шықпай қалған қыздардың бейнесін репрезенттеуге мұрындық болған.

**«Службу нести – не лапти плести»** ([www.gubkin.city/news.ru](http://www.gubkin.city/news.ru)).

**«А жениться тоже не лапоть надеть»** (Мир в чугунке, 74 б.).

**«Ты кого дундуком назвал, лапоть деревенский?»** (В.Бычков. Рассвет над Деснянкой, 12 б.).

**«Службу нести – не лапти плести»** (сөзбе-сөз ауд. қызмет ету – лапти тоқу емес), **«жениться это не лапоть надеть»** (сөзбе-сөз ауд. үйлену – лапти кию емес), **«деревенский лапоть»** (сөзбе-сөз ауд. ауылдың лапти), **«бросать лапти»** (сөзбе-сөз ауд. лаптиді лақтыру), **«разжечь лапти»** (сөзбе-сөз ауд. лаптиді жасагу) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«лапти»** вестонимі – қайың, жөken ағаштарының қабығынан тоқылған аяқ киімді білдіреді [132, с. 184]. Ежелгі орыс тұрмысында **«лапти»** – қарапайым ауыл адамдарының жылдам тоқылатын, баумен айқастырылып байланатын, шаруашылыққа қолайлы аяқ киімі санаған. Осы менталды түсінік аталмыш аксиологемалық стереотиптерде де бекіт, **«лапти»** вестонимінің түрлі рәміздік мағынасын аша түскен. Мысалы, **«лапти»** вестонимі – бірінші аксиологемалық стереотипте жеңіл істің белгісі ретінде түсініліп, әскери қызметтің үстірт қарайтын іс емес екенін интерпретациялауға өзек болса, екінші аксиологемалық стереотипте үйленудің оңай шаруа емес екенін вербалдауға түрткі болған. Ал үшінші аксиологемалық стереотипте дөрекіліктің, қарабайырлықтың нышаны ретінде символданып, ақымақ адамның бейнесін суреттеуге ұйытқы болған. Сондай-ақ, **«лапти»** вестонимі – орыс халқының отбасылық рәсімдерінде де маңызды рөл атқарған. Байырғы кезде лаптиді **«құдаласу сәтті өтсін»** деген ниетпен қызға құда түсуге бара жатқан құдағидың артынан лақтырса, жастардың некелесу салтынан кейін **«жасас отбасы бақытты, бай болсын»** деген тілеумен отқа жағатын болған [159, с. 66]. Аталған рәсімдердің көріністері **«бросать лапти»**, **«разжечь лапти»** аксиологемалық стереотиптерінде сақталған.

**«Мен көк кебісті тамамын,**

Марықтың ұлы Шорамын» (Бабалар сөзі. Т. 45. 464 б.).

Ертеректе көк сауырдан тігілген, оюмен өрнектелген, әшекей тастармен сәнделген бағалы көк кебісті батырлар, сал-серілер, ақындар киген [142, б. 34]. Бұл таптаурынды жағдаяттың ойбейнесі «*көк кебісті тамамын*» аксиологемалық стереотипінде орныққан. Коммуникатор мәтінде ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін маңтау тактикасын қолданып, «*көк кебісті тамамын*» аксиологемалық стереотипі арқылы тама руынан шыққан әйгілі батырдың образын суреттеген.

«*Тупой и примитивный, как сибирский валенок*» (Ю.Алейникова. Кузнец человеческих судеб, 71 б.).

«- Мотя *прост, как сибирский валенок*» (В.Жуков. Женская интуиция, 87 б.).

«*Тупой и примитивный, как сибирский валенок*» (сөзбе-сөз ауд. *сібір пимасындаи ақымақ, қарабайыр*), «*прост, как сибирский валенок*» (сөзбе-сөз ауд. *сібір пимасындаи қарапайым*) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*валенки*» вестонимі – қой жүнінен басылған киізден жасалған, өкшесіз, ұзын қонышты пиманы білдіреді [132, с. 140]. Ресейдің қақаған қысына төтеп беретін *пима* – ХVІІ ғасырдың ортасынан бастап Сібірде шығарылған [152, с. 247]. «*Валенки*» вестонимі – орыс этномәдени жадысында ақымақтық пен қарапайымдылықтың символы ретінде тіркелген. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны орындау үшін әжуалау тактикасына сүйеніп, «*тупой и примитивный, как сибирский валенок*» аксиологемалық стереотипі арқылы санасыз, надан адамның ұнамсыз зияткерлік, этикалық бағалау мәндеріндегі бейнесін кескіндесе, «*прост, как сибирский валенок*» аксиологемалық стереотипі арқылы қарапайым адамның бейнесін суреттеген.

«Білімдінің беті – жарық, *білімсіздің беті – көн шарық*» (Бабалар сөзі. Т.65. 194 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*шарық*» вестонимі – иленбеген шикі теріден тігілген қарадұрсін аяқ киімді білдіреді [116, б. 273]. Қазақ дүниетанымында ақымақтық пен надандықтың белгісін ишаралаған «*көн шарық*» вестонимі – келтірілген аксиологемалық стереотипте де сауатсыз адамның жағымсыз зияткерлік бағалау реціндегі бейнесін экспликациялауға себеп болған.

«И весь старый новый год, вместо того чтобы лепить вареники и *бросать башмачки за ворота*, депутаты слушали выступления потенциальных спикеров, анализировали их программы, определяли самого достойного» ([www.Rapsinews.ru](http://www.Rapsinews.ru)).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*башмак*» вестонимі – теріден тігілген қонышсыз бәтеңкені білдіреді [132, с. 66]. Бұрынғы орыс ортасында қыздар ескі жаңа жыл мерекесінде аяқ киімдерін шешіп, дарбазадан лақтырған. Олар жерге түскен аяқ киімдерінің басына қарап, тұрмысқа шығатын жағын болжаған. Бұл жосын – «*бросать башмачки за ворота*» деп аталған [165, с. 143]. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм бекіген аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы коммуникатор мәтінде спикерлерге болжам жасамаған депутаттардың образын аша түскен.

«I didn't want to *wait for dead men's shoes*» (Martha Finley. Elsie's Young Folks, 29 б.).

«*Wait for dead men's shoes*» (сөзбе-сөз ауд. қайтыс болған кісінің бәтеңкесін күтү), «*the shoes hidden in home*» (сөзбе-сөз ауд. үйге жасырылған бәтеңке) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*shoes*» вестонимі – аяққа киуге арналған бәтеңке ұғымын білдіреді [134, р. 433]. *Shoes* (бәтеңке) – ағылшын өмірінде рәсімдік атрибут ретінде қолданылған. Байырғы ағылшын тұрмысында о дүниелік болған кісінің аяқ киімін ағайын-туыстарына берген. Осы салттың ойсуреті бірінші аксиологемалық стереотипте орнықкан. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін мысқыл тактикасына сүйеніп, «*wait for dead men's shoes*» аксиологемалық стереотипі арқылы биліккүмар, ашқөз адамның жағымсыз этикалық образын айшықтаған.

Ежелгі ағылшын халқы бәтеңкені «*зұлым күштерден қорғайды*» деген ырыммен үйдің ешкім білмейтін құпия жеріне жасырып қойған. Аталмыш ырымның перцептивті бейнесі екінші аксиологемалық стереотипте бекіген.

«Oh, mother, I took some of my *Christmas stocking* money» (Chronicles of Four Little Christmas Stockings, 59 б.).

«She was *a blue stocking*» (Regina Scott. The bluestocking on his Knee, 107 б.).

«*Christmas stocking*» (сөзбе-сөз ауд. рожdestволық шұлық), «*a blue stocking*» (сөзбе-сөз ауд. көк шұлық) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*stocking*» вестонимі – аяққа киуге арналған шұлықты білдіреді [134, р. 470]. *Stocking* (шұлық) – ағылшын этномәдени аясында символикалық-ғұрыптық мәнге ие болған киім түрі. Мысалы, бірінші аксиологемалық стереотипте британ халқының отбасылық дәстүріне байланысты ойбейнесі тіркелген. Ағылшын отбасылық дәстүрі бойынша ата-аналар «*қуаныш пен сәттілік әкелсін*» деген сеніммен балаларына арналған рождестволық сыйлықтарды шұлықтардың ішіне салып, каминге іліп қояды. Бұл сыйлықтарды балалар рождествоның таңында ашады [155, р. 125].

Екінші аксиологемалық стереотипте ағылшын халқының ХVIII ғасырдағы әлеуметтік-мәдени өміріне қатысты ойсуреті бекіген. 1689-1762 жылдар аралығында өмір сүрген британдық жазушы Мэри Уортли Монтегюдің эйелдер қауымдастығынан құрылған әдеби шығармашылық салоны болған. Бұл салонға сөз өнерін жоғары бағалайтын тыңдармандар келген. Солардың бірі – белгілі ғалым Бенжамин Стеллингфлит. Ол – Монтегюдің салонына үнемі көк шұлық киіп келетін болған [166, р. 110]. Осыған орай, «*blue stocking*» (көк шұлық) вестонимі – ағылшын этномәдени санасында зияткерліктің, білімпаздықтың белгісі ретінде таптаурындалған. Коммуникатор ынтымақты стратегияны орындау үшін мақтау тактикасын қолданып, «*a blue stocking*» аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде білімді эйелдің жағымды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін кескіндеген.

#### 2.1.4 «Гастронимдік» тірек компонентті стереотиптер

Тағам – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) табиғи, тарихи, әлеуметтік-мәдени өмір жолымен қатар дамыған, материалдық құндылықтар

жүйесінде айтулы орны бар аксиологиялық әлеуеті жоғары гастроним. Ол – этнотілде «гастронимдік» (грек. gaster – «асқазан», «дәм», опома – «атау») ұлттық-мәдени код құраушы таңбалардан тұрады. Тағам атауларын қарастырған отандық және шетелдік Ж.А.Манкеева, А.Ш.Жылқыбаева, В.В.Ощепкова, А.И.Леонова, М.А.К.Холлидей, М.Дуглас сынды лингвист-ғалымдар өз зерттеулерінде гастронимдердің этнотілдің образдық жүйесіндегі ұлттық-мәдени кодтың аксиологиялық-символикалық табиғаты мен таптаурынды жағдаяттарды сипаттау қарқыны басым болатынын атап көрсетеді. Осыған орай, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тағам атаулары тірек болған стереотиптерге салғастырмалы-талдау жүргізуді жөн санаймыз.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «гастронимдік» аксиологемалық стереотиптердің бейнелі-уәжді компоненттері «*бауырсақ*», «*жеті нан*», «*тұз*», «*женті*», «*согым*», «*ет*», «*құырдақ*», «*сыбага*», «*сорпа*», «*қазы-қарта*», «*жасал-жая*», «*жасаубұйрек*», «*қүйрық-бауыр*», «*қалжаса*», «*мипалау*», «*атау кере*», «*наурыз көжесе*», «*сүт*», «*уыз*», «*қатық*», «*малта*», «*ірімішік*», «*айран*», «*қаймақ*», «*іркіт*», «*сары май*», «*қымыз*», «*саумал*», «*шұбат*», «*калач*», «*каравай*», «*блины*», «*хлеб-соль*», «*пряники*», «*пирог*», «*закваска*», «*размазня*», «*каша*», «*иши*», «*молоко*», «*сыр*», «*масло*», «*грибы*», «*сморчок*», «*тиюря*», «*кутья*», «*сахар*», «*мед*», «*пиво*», «*квас*», «*сбитень*», «*кисель*», «*bread*», «*pudding*», «*pancake*», «*salt*», «*pie*», «*cake*», «*butter*», «*cheese*», «*beefcake*», «*porridge*», «*sandwich*», «*roast beef*», «*egg*», «*becon*», «*lettuce*», «*toast*», «*milk*», «*juice*», «*pastry*», «*beer*», «*ale*», «*tea*», т.б. этномәдени хрематонимдер мен әмбебап хрематонимдерден құралады.

«Сапта тұрған – түгел қазақ. Бидай өнді, қара көз. *Бауырсақ мұрын*, жалпақ бет. Тұр-тұлға, болмыс-бітісі етене туыс» (М.Мағауин. Қасқыр. 55 б.).

«Туар ма енді бала Балғынға ұқсан?!»

Қарағым, айналайын, қандай еді,

*Бауырсақ майға піскен, нандай еді*» (Мәшін Жұсіп Көпейұлы. Балғынды жоқтау. <https://bilim-all.kz>).

«Текеметтің үстінде ойнаушы едік,

*Бауырсақтай шашылып бала кезде*» (Ұ.Есдәulet. Үш томдық шығармалар жинағы, 392 б.).

*«Бауырсақ мұрын», «майға піскен бауырсақ нандай», «шашылған бауырсақтай»* аксиологемалық стереотиптеріндегі *«бауырсақ»* гастронимі – қазақ халқының дастарқан мәзірінде кеңінен қолданылатын, ұнан жасалып, майға пісірілетін дәстүрлі тағамын білдіреді. Бауырсақ жасалу пішініне қарай «*иши бауырсақ*», «*бармақ бауырсақ*», «*домалақ бауырсақ*», «*сопақша бауырсақ*», «*уши бұрышты бауырсақ*», «*төрт бұрышты бауырсақ*», т.б. деп аталады [109, б. 593]. Қазақ ас-тағам мәдениетінде қонақжайлыштың, береке-бірліктің белгісі ретінде рәмізделген *«бауырсақ»* гастронимі – бірінші аксиологемалық стереотипте қазақ жігіттерінің ұнамды эстетикалық бейнесін кескіндесе, екінші аксиологемалық стереотипте көпшіл баланың, үшінші аксиологемалық стереотипте тату балалардың ұнамды этикалық бейнесін ассоциациялаған.

**«Счастливый – что калач в меду»** (В.В.Даль. Пословицы русского народа. Т.1. 91 б.).

**«- Суравейкин – тертый калач,** - заметила я. - Вероятно, он предусмотрел различное развитие событий и подстраховался» (М.Жукова-Гладкова. Царское наследство, 224 б.).

**«Счастливый – что калач в меду»** (сөзбе-сөз ауд. бақытты адам – бал қосылған қалаштай), **«тертый калач»** (сөзбе-сөз ауд. үгітілген қалаш) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«калач»** гастронимі – жоғары сортты ұннан жасалатын сақина пішіндес нанды білдіреді [132, с. 636]. **Калач** (қалаш) – орыс ортасында мерекелік ас саналып, бақыт пен қуаныштың нышанын меңзеген. Осы менталды түсінік бірінші аксиологемалық стереотипте қатталып, жағымды психологиялық бағалау реңкін үстейтін бақытты адамның образын бейнелеуге арқау болған.

**Тертый калач** (үгітілген қалаш) – ежелгі орыс ас мәзірінде кеңінен қолданылған қалаштың түрі. Байырғы орыс тұрмысында қалаш көтеріліп пісу үшін оның қамырын әбден үгіп, ұзақ илейтін болған. Таптаурынды жағдаяттың осындай перцептивті көрінісі екінші аксиологемалық стереотипте орныққан. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, **«тертый калач»** аксиологемалық стереотипі арқылы тәжірибелі, білімді көреген адамның ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

«My dear Jerold, **as half a loaf is better than no bread**, so I hope that half a sheet of paper may be better than none at all, coming from one who is anxious to live in your memory and friendship» (Letters of Charles Dickens: 1833-1870, 125 б.).

**«Female breadwinners»** ([www.telegraph.co.uk](http://www.telegraph.co.uk)).

**«As half a loaf is better than no bread»** (сөзбе-сөз ауд. жарты нан – жоқ наннан жақсырақ), **«female breadwinners»** (сөзбе-сөз ауд. әйел – нан жеңімпаздар) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«bread»** – ұн мен судан ашытылып дайындалатын нанды білдіреді [134, р. 57]. **Bread** (нан) – ағылшын халқының ас мәзіріндегі қадірлі тағамдардың бірі. Ежелгі британ елінде нан – байлықтың символын тұспалдап, жосын-жоралғыларда атрибуттық функция атқарған. Сондай жоралғылардың бірі – қоныс тоймен тікелей байланысты. Аталмыш жоралғы бойынша британ халқы көшіп келген жаңа үйіне наннның жарты бөлігі мен бір шөкім тұз алып кіретін болған. Бұл жоралғының перцептивті бейнесі **«as half a loaf is better than no bread»** аксиологемалық стереотипінде сақталған. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы шынайы көңілмен жазылған жарты парапатты ақпаратты интерпретациялаған.

XIX ғасырда Ұлыбритания елінде нан – табыс көзі саналғандықтан, қарапайым жұмысшыларға жалақының орнына нан берген. Кімнің жалақысы көп болса, сол үйіне көбірек нан әкелетін болған. Осындай ойсурет **«female breadwinners»** аксиологемалық стереотипінде бекіген. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, аталған аксиологемалық стереотип арқылы отбасын асыраушы әйелдердің жағымды этикалық образын бейнелеген.

«Қазақ неге жиған-терген ырысын,

**Жеті нандай үлестірді маңайға?**» (<https://arka-azhary.kz>).

«Жеті бұлбұл – жеті қайқы ән салып,

Ел жадында **жеті нандай сақталған**» («Ана тілі» газеті, 03.09.2015).

**«Жиган-терген ырысын жеті нандай үлестірғен қазақ», «ел жадында жеті нандай сақталған қайқылар»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«жеті нан»** гастронимі – қазақ халқының ұннан өзірленіп, майға пісірілетін рәсімдік тағамын білдіреді. Дәстүрлі қазақы ортада жеті нанды жұма күндері пісіріп, құран оқытып, **«аруақтарға тие берсін»** деген ниетпен көрші-қолаңға үлестіреді. **«Жеті нан»** гастронимі – қазақ этномәдени кеңістігінде құдайы садақа ретінде рәмізделген. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін әжуалау тактикасын пайдаланып, **«жиган-терген ырысын жеті нандай үлестірғен қазақ»** аксиологемалық стереотипі арқылы қолы ашық, аңғал қазақ халқының ұнамсыз этикалық бейнесін айшықтаса, екінші мәтінде ынтымақты стратегияны орындау үшін мақтау тактикасына сүйеніп, **«ел жадында жеті нандай сақталған қайқылар»** аксиологемалық стереотипі арқылы халық арасында өнері қастерленген жеті сал-серінің бейнесін экспликациялаған.

**«Каравай принимай, а наших молодых не оставляй»** (В.В.Даль. Пословицы русского народа. Т.2. 222 б.).

**«Лицо Поварешкина – благодушное, сытое – всегда было похоже на красно-пропеченный круглый каравай»** (Н.Гайдук. Святая грусть, 79 б.).

Қарамен берілген мысалдардағы **«каравай»** этномәдени хрематонимі – орыс халқының ұннан өзірленетін дәңгелек пішінді нанын білдіреді [132, с. 648]. **Каравай** – орыс үйлену салтында ғұрыптық атрибут ретінде қолданылған символикалық мәнге ие гастроним. **Ол** – жас отбасының белгісін рәміздеген. Ежелгі орыс салты бойынша екі жастың некесі қылған соң, ата-анаы оларды караваймен қарсы алып, **«Каравай – Құдайдың сыйы»** деп оны екі жастың мандай тұсында ұзіп, баталарын берген. Той күні каравайды екі жастың алдына қойып, одан ауыз тиген соң, каравайдың қалған бөлігін бәріне үлестіріп берген» [107, с. 517]. Бұл рәсімнің көрінісі **«каравай принимай, а наших молодых не оставляй»** аксиологемалық стереотипінде беріліп, орыс ұлтының ұжымдық мәдениеті жайлы түсінігін вербалдауға негіз болған. Коммуникатор мәтінде **«лицо похоже на красно-пропеченный круглый каравай»** аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы жылы шырайлы, келбетті адамның жағымды эстетикалық бейнесін айшықтаған.

**«I find a ring in the pudding»** (Holidays and customs. V.9.153 б.).

**«It is somewhat like finding a coin in the Christmas pudding»** (W.Tomm.Bodied Mindfulness, 124 б.).

**«A man with a pudding face is very powerful»** (William Valentine. A Budget of wit and Humour, 106 б.).

**«He is a pudding-heart»** (Georgette Heyer.Lady of Quality, 21 б.).

**«Pudding Head was circling to my left, my exposed side, his knife held low in front of him»** (Tim Severin.The Emperor's Elephant, 203 б.).

«*Found a ring in the pudding*» (сөзбе-сөз ауд. пудингтен сақина тапқан), «*like finding a coin in the Christmas pudding*» (сөзбе-сөз ауд. пудингтен тыын тапқандай), «*putting a button in the pudding*» (сөзбе-сөз ауд. пудингке түйме салу), «*a pudding face*» (сөзбе-сөз ауд. пудинг-бет), «*a pudding-heart*» (сөзбе-сөз ауд. пудинг-жүрек), «*a pudding head*» (сөзбе-сөз ауд. пудинг-бас) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*pudding*» этномәдени хрематонимі – ұннан, күріштен немесе нан мен майдан, жұмыртқадан жасалатын тәтті пудингті білдіреді [134, р. 373]. *Pudding* – британ халқының жаңа жылдық ас мәзіріндегі ұлттық тағамдарының бірі. Оны қараша айының 25-нен бастап әзірлейді. «*Stir-up Sunday*» деп аталатын жексенбіде пудинг нанын ұлкен ыдысқа илеп, оған түрлі жеміс-жидек қақтарын, мускат жаңғағын, даршын мен лимон қабығының үгіндісін қосады. Ағылшын дәстүрі бойынша отбасының әр мүшесі іштерінен тілектерін айтып, пудинг нанын бір реттен илеп шығуы қажет. Көне ырымға сәйкес жаңа жылдық пудингке тыын, сақина, оймақ, түйме салған. Бұлар – түрлі символикалық мағынаны меңзеген. Мәселен, тыын – байлышты, сақина – үйлену тойын, оймақ – бойдақ өмірді, түйме – бақыт пен сәттілікті астарлаған. *Pudding* – ағылшын мәдениетінде ауызбіршіліктің символы ретінде ұғынылған [167]. Аталмыш ұлттық-мәдени фреймдер «*found a ring in the pudding*», «*like finding a coin in the Christmas pudding*», «*putting a button in the pudding*» аксиологемалық стереотиптерінде тіркелген.

«*Pudding*» гастронимі – «*a pudding face*» аксиологемалық стереотипінде бет-әлпеті ұқынсыз, семіз адамның жағымсыз эстетикалық бейнесін айшықтаса, «*a pudding-heart*» аксиологемалық стереотипінде қорқақ адамның жағымсыз этикалық бейнесін, ал «*a pudding head*» аксиологемалық стереотипінде санаңыз, ақымақ адамның ұнамсыз зияткерлік бағалау мәніндегі образын суреттеуге уәж болған.

«- Все может случиться. Видать, московский упырь не успокоится, покуда весь род наш не переведет. Сила у него теперь большая. К хану он **блином масленым в рот лезет**, а хан ему верит во всем» (М.Каратеев. Русь и Орда, 87 б.).

«*Сияет весь, как блин на масленицу*» (И.Потехина. Соловки, 88 б.).

«- А что **ты, блин горелый**, на меня свои проблемы вешаешь?» (Н.Александрова. Бегемот и муга, 99 б.).

«Ну, чего расселся? **Не у тещи на блинах**» (В.Горшков. Под чужим именем, 84 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «**блины**» гастронимі – табада жылдам пісетін, ұн мен сүт, жұмыртқа қосылған құймақты білдіреді [132, с. 99]. **Блины** (құймақ) – орыс халқының ас мәзіріндегі бірнеше ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқан сакральді тағамы. **Ол** – орыс архетиптік түсінігінде күннің белгісін рәміздел, құдайларға құрбандық ретінде берілетін культтік тағамның функциясын атқарған [107, с. 99]. Қазіргі орыс ортасында құймақты масленица мерекесінде пісіреді. Мұны «*без блина не Масленица*» (сөзбе-сөз ауд. құймақсыз масленица болмайды) паремиясы да растайды. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасын пайдаланып, «**блином масленым в**

*ром лезет*» майлы құймақтай ауызга түседі) аксиологемалық стереотипі арқылы жағымпаз адамның ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндесе, мақтау тактикасын қолданып, «*сияет, как блин на масленицу*» (сөзбе-сөз ауд. масленица мерекесіндегі құймақтай жарқырайды) аксиологемалық стереотипі арқылы бақытты адамның психологиялық бейнесін, мысқылдау тактикасына сүйеніп, «*блин горелый*» (сөзбе-сөз ауд. күйген құймақ) аксиологемалық стереотипі арқылы білімсіз, қабілетсіз адамның ұнамсыз зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін ассоциациялаған.

Орыс халқы масленица мерекесін дүйсенбіден бастап, жексенбіге дейін жеті күн тойлайды. Сол жеті күннің сәрсенбісі – «*день тещиных блинов*» (сөзбе-сөз ауд. қайын ененің құймақ күні) деп аталады. Бұл күні қайын енелер арнайы құймақ пісіріп, қүйеу балаларын қонаққа шақырады. Осындай ұлттық-мәдени фрейм «*не у тещи на блинах*» (сөзбе-сөз ауд. қайын ененің құймағында емессің) аксиологемалық стереотипінде бекіген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы жайбарақаттыққа салынған адамның бейнесін суреттеген.

«I was secretly jealous because *I was skinny and flat as a pancake*» (G.M.Vanderpol.Tales from a Southern Madhouse, 31 б.).

«That his *answer is as fit as a pancake for Shrove Tuesday*» (The Literary Panorama.Vol.7, 731 б.).

Британ халқы құймақты «*Shrove Tuesday*» (майлы сейсенбі) деген мерекемен байланыстырады. Бұл мерекені – «*Pancake Day*» (құймақ күні) деп те атайды [168]. Ағылшын этномәдени жүйесінде құймаққа қосылатын ұн – өмірдің, жұмыртқа – жаңарудың, тұз – денсаулықтың, сұт – тазалықтың белгісін рәміздейді [169]. Коммуникатор мәтінде «*I was flat as a pancake*» (сөзбе-сөз ауд. құймақтай жұқа) аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы арық адамның жағымсыз эстетикалық бейнесін суреттесе, «*answer is as fit as a pancake for Shrove Tuesday*» (сөзбе-сөз ауд. жауабы майлы сейсенбіде пісірілген құймақтай) аксиологемалық стереотипі арқылы білгір адамның жағымды зияткерлік бағалау реңкіндегі образын айшықтай түскен.

«*Дәм-тұзы жарасқандар*» (<https://m.sputniknews.kz>).

«*Дәмдес-тұздас адамым*» (<https://proza.kz>).

«Кесібінен тауы шағылып, *тұзы төгілгендерге* мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі» (<https://24kz>).

*Дәм-тұз* – қастерлі құндылықтардың бірі. Қазақ дәстүрлі жүйесінде дәм-тұзға байланысты өзіндік қағидалар белгіленген. Өтіп бара жатқан көшке, жолаушыға, шақырылған қонаққа, дәм үстіне түскен көршіге ас-тағамнан дәм татқызу – қазақ халқының бұлжымас заңы саналған. «*Дәм-тұз*» гастронимі – қазақ мәдениетінде татулық пен сыйластықтың өлшемі ретінде бағаланған. Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін келісім тактикасын пайдаланып, «*дәм-тұзы жарасқандар*» аксиологемалық стереотипі арқылы ауызбіршілігі жарасқан жұптардың ұнамды этикалық бейнесін айшықтаса, «*дәмдес-тұздас болғандар*» аксиологемалық стереотипі арқылы қадірлес, сыйлас адамдардың бейнесін интерпретациялаған.

«*Тұзы төгілгендер*» аксиологемалық стереотипінде көне наным-сенімнің үзіктері көрініс берген. Байырғы қазақ тұрмысында тұзды сакральді асқа балаған. Ол төгілсе – «*үйден құт-береке кетіп, ырыс қашады*», «*тұз ерігение қарғайды*», «*тұзды төккен адам тұздай аиы өмір суреді*» деп сенген. Осы менталды түсінік аталмыш аксиологемалық стереотипте бекіген. Коммуникатор мәтінде «*тұзы төгілгендер*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы шығынға ұшыраған адамдардың әлеуметтік жағдайын бейнелеген.

«- *Милости просим хлеба-соли кушать...* - ласкова ответила застолица» (И.Ф.Наживин. Кремль, 245 б.).

«*У него жена хлебосольная*» (А.Чапыгин. Гулящие люди, 18 б.).

«*Милости просим хлеба-соли кушать*» (нан-тұздан жеуді սրаймыз), «*хлебосольная жена*» (сөзбе-сөз ауд. әйелі – нан мен тұздай) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*хлеб-соль*» гастронимі – орыс халқының нан мен тұзға қатысты этикеттік жосынын білдіреді [132, с. 2168]. «*Хлеб-соль*» жосыны – орыс дәстүрлі мәдениетінде мейманостықты ишараптайты. Аталмыш жосын бойынша орыс халқы сыйлы қонақты нан-тұзбен қарсы алғып, оған нан мен тұздан ауыз тигізеді. «*Хлеб-соль*» жосынының көрінісі сақталған аксиологемалық стереотиптерді қолдану арқылы коммуникатор мәтінде қонақжай әйелдің образын айшықтаған.

«*You really are a bread and butter miss*» (Guy Culling ford, 240 б.).

«*A bread-and-cheese marriage*» (British heritage, 68 б.).

«*A bread and butter miss*» (сөзбе-сөз ауд. нан мен сары май ханишаймы) аксиологемалық стереотипіндегі «*bread*» және «*butter*» гастронимдері – жастықтың, сұлулықтың эталоны ретінде рәмізделіп, көрікті бойжеткеннің образын айшықтаса, «*a bread-and-cheese marriage*» (сөзбе-сөз ауд. нан мен ірімшиктиң некесі) аксиологемалық стереотипіндегі «*bread*» және «*cheese*» гастронимдері – кедейліктің өлшемі ретінде түсініліп, әлеуметтік тұрмысы төмен адамның бейнесін кескіндеуге ықпал еткен.

«*They sat with the host above the salt*» (Growing up in Medieval London, 98 б.).

«*Lesser guests sat below the salt, a reminder of their own paltry worth*» (Kathryn Miles. Adventures with Ari, 280 б.).

«*Salt*» (тұз) гастронимі – ағылшын мәдениетінде сыйластық пен қадірлестіктің нышанын тұспалдаған. Ағылшын халқының ежелгі қонақ құту салты бойынша тұзды үстелдің ортасына қойған. Тұз тұрған үстелдің жоғарғы бөлігі сыйлы орын санағандықтан, ол бөлікке мәртебелі қонақтарды, ал төменгі бөлігіне қарапайым қонақтарды отырғызыған. Осында ұлттық-мәдени фреймдер жоғарыда берілген аксиологемалық стереотиптерде орныққан. Коммуникатор мәтінде «*sat above the salt*» (сөзбе-сөз ауд. тұздың жоғары жағында отыру) аксиологемалық стереотипі арқылы беделді, сыйлы адамдардың ұнамды этикалық бейнесін суреттесе, «*sat below the salt*» (сөзбе-сөз ауд. тұздың төмен жағында отыру) аксиологемалық стереотипі арқылы беделі төмен, қадірі жоқ адамдардың ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

«Жақсы қатын жігіттің,

### *Сары майга былғаган*

*Алуа, шекер, жентіндей»* (Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Жақсы болса жүбайың, 27 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*жентін*» гастронимі – қазақ халқының талқан (тары, бидай, жарма) мен қызыл ірімшік, сары май қоспаларынан жентектеліп жасалған дәстүрлі тағамын білдіреді [150,б. 308]. Коммуникатор мәтінде ізгілік тактикасына сүйеніп, «*сары майга былғаган алуа, шекер, жентіндей*» аксиологемалық стереотипі арқылы жақсы әйелдің ұнамды этикалық бейнесін экспликациялаған.

«Но он ломался, словно тульский пряник вызывая во мне досаду и раздражение» (М.Чижов. В знакомых улицах, 106 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*пряник*» гастронимі – ұннан жасалған кондитерлік өнімді білдіреді [132,с. 1575]. *Пряник* – орыс ұлтының бірнеше ғасырдан бері ас мәзірінен үзілмей келе жатқан жұмсақ, тәтті тағамы. *Ол* – кондитерлік өнім ретінде алғаш рет Тула қаласында өндірілген. Мұны «*ломался, словно тульский пряник*» аксиологемалық стереотипінен де көреміз. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасын қолданып, аталмыш аксиологемалық стереотип арқылы икемі жоқ, ебедейсіз, епсіз адамның ұнамсыз этикалық бейнесін интерпретациялаған.

«*Her heart was as warm as toast*» (Ronald B.S.Skylar and Papa, 32 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*toast*» гастронимі – отқа қақталған нанды білдіреді [134,р. 502]. Тостер – ағылшын халқының тосаппен бірге ыстық күйінде жейтін таңғы асы. Коммуникатор мәтінде мейірімділік тактикасын пайдаланып, «*heart was as warm as toast*» (сөзбе-сөз ауд. *жүрегі – жылды тостердей*) аксиологемалық стереотипі арқылы қайырымды жанның ұнамды этикалық бейнесін суреттеген.

«*You look as pale as pastry, Jack*» (Stephen King, Peter Straub.The Talisman, 28 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*pastry*» гастронимі – ұннан, судан, майдан әзірленіп, жайылған қамырдан жасалатын кондитерлік өнімді білдіреді [134,р. 335]. Ағылшындар дүние жүзіне кондитерлік өнімдерімен әйгілі болған халық. Олардың қатпарлы жұқа қамырдан дайындалған алғашқы кондитерлік өнімдері (печенье, жеміс-жидек бәліші) XYI ғасырда шығарыла бастаған [167]. Коммуникатор «*look as pale as pastry*» (сөзбе-сөз ауд. *қатпарлы жұқа қамырдай аппақ*) аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы өні жүдеу, сырқат адамның жағымсыз валеологиялық бағалау мәніндегі бейнесін айшықтай түскен.

«*Без пирога – не именинник*» (В.В.Даль. Пословицы русского народа. Т.2. 257 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*пирог*» гастронимі – жайылған қамырдан оралып жасалатын, құс еті не балық, саңырауқұлақ, орамжапырақ қосылған бәлішті білдіреді [132,с. 1291]. *Ол* – орыс халқының отбасылық ғұрыптары мен мерекелерінде кеңінен қолданылған рәсімдік тағамы. Ежелгі орыс елінде баланың есімін діни күнтізбеге сәйкестендіріп,

шіркеуде қойған. Есім қойылған күн – баланың заңды тұған күні ретінде белгіленіп, жыл сайын сол күні тұған күн иесіне арналған бәліш пісіретін болған [110, с. 134]. Осындай ғұрыштың перцептивті бейнесі – аталмыш аксиологемалық стереотипте көрініс тапқан.

«*Some days she'd be as nice as pie, and the next day she'd be a holy terror from morning till night*», said Calvin» (Jon Hassler. The new woman, 224 б.).

«*Darling old sweetie pie liked us*» (Shulte, V. English for Children, 187 б.).

Ағылшын халқының ас мәзірінде «*sherard's pie*» (шопанның бәліши), «*cottage pie*» (ауыл бәліши), «*fisherman's pie*» (балықшының бәліши), «*mince pie*» (тәтті бәліши), «*christmas pie*» (жаңа жылдық бәліши) сияқты бәліш түрлері кездеседі [169]. «*Pie*» гастронимі – ағылшын дүниетанымында жақсылық пен қуаныштың белгісі ретінде рәмізделген. Коммуникатор «*as nice as pie*» (сөзбе-сөз ауд. бәліштей жақсы) аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде көнілді адамның жағымды психоэмоционалдық қүйін бейнелесе, «*old sweetie pie*» (сөзбе-сөз ауд. көне тәтті бәліш) аксиологемалық стереотипі арқылы мейірімді қарт кісінің образын суреттеген.

«I can *send a piece of wedding cake* to the girls at work and a few other friends» (R. Clarke. Emma, 393 б.).

«We *saving the top tier of a wedding cake*» (<https://finaltouchcakes.co.uk>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «*cake*» гастронимі – ұн мен май, жұмыртқа мен қант, т.б. өнімдерден жасалған тортты білдіреді [134, р. 66]. *Cake* – ағылшын халқының мерекелік тағамы. Оның «*wedding cake*» (сөзбе-сөз ауд. үйлену тойдың торты), «*christening cake*» (сөзбе-сөз ауд. шоқындыру торты) деген түрлері бар. Ағылшын халқының жеміс-жидек қосылған үйлену той торты үш қабаттан тұрады. Оның үстіңгі қабаты – «*christening cake*» деп аталағы. Бұл қабатты тұңғыш сәбіи өмірге келгенге дейін сақтап, шоқындыру рәсімінде жейді. Сондай-ақ, тойға келе алмай қалған меймандарға үйлену той тортының бір тілімін қорапшаға салып, поштамен арнайы жібереді. Мұндай салт-жоралғылар – бақыт пен сәттілік тілеуді меңзейді [155, р. 504]. Осындай таптаурынды жағдаяттардың көріністері «*send a piece of wedding cake*» (сөзбе-сөз ауд. үйлену той тортының бір тілімін жіберу), «*saving the top tier of a wedding cake*» (сөзбе-сөз ауд. үйлену той тортының үстіңгі қабатын сақтаяу) аксиологемалық стереотиптерінде сақталған.

«*He was a beefcake*» (William Coles. The woman who made men cry, 76 б.).

Қарамен берілген мысалдағы «*beefcake*» гастронимі – ұн мен тұздан, сиыр етінен жасалатын тағамды білдіреді [134, р. 41]. *Ол* – британ халқының Викториан дәуірінде «*the happy food*» (бақытты тағам) деген бағалауға ие болған, мерекелік дастарқанына қойылатын бәліш түрі [167, р. 19]. Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін мақтау тактикасын қолданып, «*he was a beefcake*» аксиологемалық стереотипі арқылы шымыр денелі, сымбатты жігіттің жағымды валеологиялық, эстетикалық бейнесін айшықтаған.

«Согым басы – елдің асы,

Наурыз асы – жердің асы» (Қазақ мақал-мәтеддері, 342 б.).

«Желтоқсанның соңына жақын ағайынның біразын *согымның басына шақырганбыз*» (М.Мағауин. Көкбалақ, 195 б.).

*Согым сою* – қазақ халқының ертеден келе жатқан ата салты. Қазақы тұрмыста соғымға ірі қара мал (жылқы, сиыр, т.б.) сойып, «*согымның басында береке болады, оны көппен бірге жесе, шаңыраққа құт қонып, ырыс дариды*» деп ырымдап, ағайын-туысты, құда-жекжатты, көрші-қоланды соғым басына шақырып, дәм татқызады, ақсақалды қариялардан бата алады. Қазақ ұжымдық мәдениетін айғақтайтын осы менталды түсінік жоғарыда аталған аксиологемалық стереотиптерде де бейнеленген.

«Бес құндік фәни жалғанда шүкіршілік еткен әр үйдің көңілі Сахарадай ыстық, *сыбагасын сақтаган саф алтындаі пейілдің* жарқылы ұлылығын асырып тұратын-ды» (<https://adebiportal.kz>).

«Сол соғыс – хан Абылай келген кезі,

*Қалмақтың сыбагасын берген кезі*» (Ш.Кұдайбердіұлы. Еңлік-Кебек, 5 б.).

*«Сыбагасын сақтаган саф алтындаі пейіл», «қалмақтың сыбагасын берген»* аксиологемалық стереотиптеріндегі *«сыбага»* гастронимі – соғымның кәделі ет мүшелерін білдіреді. Дәстүрлі қазақы ортада соғым басына келе алмай қалған қарт кісілерге, алыстағы ағайынға тиесілі сыбағасын сақтап, беріп жібереді [139,б. 290]. Қазақ халқының бауырмалдығы мен сыйластығын танытатын *«сыбага беру»* салтының перцептивті бейнесі аталмыш аксиологемалық стереотиптерде қатталып, түрлі образдардың кескінделуіне негіз болған. Мысалы, коммуникатор бірінші мәтінде ізгілік тактикасына сүйеніп, *«сыбагасын сақтаган саф алтындаі пейіл»* аксиологемалық стереотипі арқылы рақымшыл, қайырымды жандардың ұнамды этикалық бейнесін кескіндесе, екінші мәтінде жазалау тактикасына сүйеніп, *«қалмақтың сыбагасын берген»* аксиологемалық стереотипі арқылы жеңіліске ұшыраған халықтың ұнамсыз этикалық бейнесін ассоциациялаған.

«Жұрынбай болса *қу бастан қуырдақ ет алатынның өзі*» (З.Иманбаев. Қыран, 411 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі *«қуырдақ»* гастронимі – қазақ халқының соғым, мал сойылғанда еттен, өкпе-бауырдан қуырылып, әзірленетін ұлттық тағамын білдіреді [139,б. 129]. *Ол* – жеңсік, дәмді астың түріне жатады. Коммуникатор мыскылдау тактикасын пайдаланып, *«қу бастан қуырдақ ет алатын»* аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде сараң, қу, айлакер адамның жағымсыз этикалық бейнесін экспликациялаған.

«- Что дрожишь, Аркадий? Сегодня я не собираюсь тебя убивать... Нет, но ты какой-то кислый. *Как сморчок маринованный...*» (А.Галкин. Принц на белом кане, 104 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі *«сморчок»* гастронимі – көктем мезгілінде өсетін, қалпақшасы бүріскең саңырауқұлақты білдіреді [132,с. 1847]. Құнделікті тұрмыста орыс халқы саңырауқұлақтың жиырмаға жуық түрінен тағамдар (сорпалы, қуырылған) әзірлейді. Оны қысқы азық

ретінде кептіріп, тұздалап, маринадтап сақтайды. Осындай таптаурынды жағдаяттың ойсуреті сақталған «*кислый как сморчок маринованный*» (сөзбес-сөз ауд. маринадталған саңырауқұлақтай қышқыл) аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор мәтінде зәресі ұшып, қорыққан адамның жағымсыз психологиялық күйін суреттеген.

«Sir Arthur Wing Pinero, the author of The Second Mrs him as *a solid piece of the roast beef* of Old England between two Irish japesters» (Arthur Wing Pinero. The Second Mrs, 7 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі «*roast beef*» гастронимі – қуырылған сиыр етін білдіреді [134, р. 404]. Британ асханаы еттен (сиыр, қой, тауық), беконнан әзірленетін тағамдарымен де ерекшеленеді. Сондай тағамдарының бірі – ростбиф. **Ол** – ағылшын халқының ХVІІІ ғасырдан бері дастарқан мәзірінен үзілмей келе жатқан, сиырдың лоқ етінен қуырылатын дәстүрлі жексенбілік тағамы [167, р. 28]. Тіпті, «*roast beef*» (*фр.Rosbifs*) гастронимі – француз ұлттық-мәдени кеңістігінде ағылшын халқы туралы гетеростереотипін қалыптастырыған.

«*A solid piece of the roast beef*» (сөзбе-сөз ауд. *ростбифтің тұмас бөлігі*) аксиологемалық стереотипінде «*roast beef*» гастронимі – қыыншылықтың белгісі ретінде уәжделіп, екі оттың ортасында қалған адамның жағымсыз психологиялық күйзелісін экспликациялауға себеп болған.

«– Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,

Болғанда қыздар қарта, жая-жалмын» (Қазақ әндері, 153 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі «*қазы*», «*қарта*», «*жал*», «*жая*» гастронимдері – қазақ халқының кәделі тағамдарын білдіреді. **Қазы** – жылқының белдемесі мен қабырғасындағы майлар, құнарлы еттен әзірленетін, ішекке айналдырып салынған тағам. **Қарта** – жылқының тұздалған жуан тік ішегі. **Жал** – жылқының мойын омыртқасына біткен майы. **Жая** – жылқының жамбас сүйегіне біткен майлар, шұрайлы еті [139, б. 130]. Қазақ халқының «қонақ күту» этикеті бойынша *қазы-қарта* мен *жал-жаяны* сый табақ, қос табақ, бас табақ сияқты табақтарға салып, қадірлі меймандарға тартады. Дастиарқанның мәртебесі мен байлығын көрсететін жылқы етінің таңдаулы мүшелері – қазақ этномәдени санасында құт пен ырыстың белгісі ретінде тіркеліп, аталған аксиологемалық стереотипте қылышты қыздар мен өнерлі, сері, мырза жігіттің бейнесін кескіндеуге өзек болған.

«- *Құйрық-бауыр жесін, құдай атынан берген антымыз бар*» (Н.Сералиев. Махаббат туралы хикая, 5 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*құйрық-бауыр*» гастронимі – қойдың құйрық майы мен бауырынан әзірленетін қазақ халқының ұлттық тағамын білдіреді. Қазақ құдаласу салты бойынша құдаларға құйрық-бауыр жегізеді. Құда болуды дәйектейтін *құйрық* пен *бауыр* – рәміздік-рәсімдік тағам ретінде ырыс пен дәүлеттің, бауырластық пен ынтымақтастықтың нышанын тұспалдайды. Яғни, «*құйрық-бауыр асату*» ғұрпы – екі жактың «*құанышта да, қайғыда да бірге боламыз*» деген мың жылдық сертін ишаралайды [116, б. 341]. Коммуникатор келісім тактикасын қолданып, мәтінде

**«құйрық-бауыр жесіп, құдай атынан ант берген»** аксиологемалық стереотипі арқылы құдалардың ұнамды этикалық бейнесін айшықтай түсken.

**«Етпен қайнап, сорпамен сіңген»** (І.Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік, 222 б.).

**«Елдің сорпа бетіне шыгарлары** бас қосып, кеңес құрған алты қанат ақ орданың сыртына келген Бағышай анамыз: «мені іздең келген кісілер қандай адамдар екен, көрейінші», - деп үйдің жабығынан сығалайды» (<https://massaget.kz>).

**Асылған ет** – қазақ халқының дәстүрлі тағамы. Оны «қазақша ет» деп те атайды. Қазақша етті асу үшін қазанға суық су құйып, етті (жылқы еті, сиыр еті, қой еті) мүшелеп салып, көбігін ала отырып, бабымен қайнатады. Қазақ дастарқанына етпен бірге сорпа қойылып, ет желінгеннен кейін сорпа ішіледі. Осындай таптаурынды жағдаяттың ойсуреті **«етпен қайнап, сорпамен сіңген»**, **«елдің сорпа бетіне шыгарлары»** аксиологемалық стереотиптерінде орнығып, бірінші мысалда әдетке айналған мінез-құлықты бейнелеуге уәж болса, екінші мысалда беделді, сыйлы адамдардың бейнесін кескіндеуге тұрткі болған.

**«- Фраер дешевый! Профессор кислых щей!»** (Э.Володарский. Дневник самоубийцы, 368 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі **«щи»** гастронимі – орыс халқының қырыққабаттан дайындалатын сорпалы тағамын білдіреді [132,с. 2273]. Дәстүрлі орыс тұрмысында щидің оннан астам түрі әзірленіп, қышқыл щи (тұздалған қырыққабат қосылған), көк щи (қалақай мен қымыздық қосылған), жұмсақ щи (картоп қосылған) деген атауларға ие болған. Ежелгі орыс елінде **қышқыл щи** тұздалған қырыққабаттан жасалған тағамды білдірмеген. **Ол** – бидай мен қара құмық ұннынан, ашытқы мен қанттан дайындалған квас тәрізді ұлттық сусынын білдірген. Мұндай сусынды қөніл көтеру мақсатында ішкен [170]. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын қолданып, **«профессор кислых щей»** (сөзбе-сөз ауд. қышқыл щи профессоры) аксиологемалық стереотипі арқылы шала сауатты, білімсіз адамның жағымсыз зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

**«You and Me together like egg and bacon»** (Bryce Journal, 1 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«egg»** гастронимі – тауықтың не үйректің тағам ретінде пайдаланатын жұмыртқасын білдірсе, **«bacon»** гастронимі – шошқаның тұздалған не ысталған етін білдіреді [134,р. 33]. Ағылшын халқының күнделікті таңғы асы қуырылған бекон мен жұмыртқадан тұрады. Коммуникатор ынтымақты стратегияны орындау үшін келісім тактикасын пайдаланып, **«you and me together like egg and bacon»** (сөзбе-сөз ауд. екеуміз – жұмыртқа мен бекондаймыз) аксиологемалық стереотипі арқылы татулығы жарасқан ерлі-зайыптының образын бейнелеген.

«Алғыр алмас сапсысын,  
Күміс қыннан суырды.  
Жауының алып ашысын,  
**Жаубұйректей қуырды»** (Ж.Жабаев. Толық шығармалар жинағы. Т.3. 110 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «жаубайрек» гастронимі – қой мен ешкінің екі бүйрегін майымен бірге істекке түйреп, отқа қақтап пісіретін қазақ халқының ұлттық тағамын білдіреді [139,б. 133]. Истекке түйреліп, отқа қақталып, қуырылатын жаубайрекке – шайқаста бүйіріне қылыш тиіп, жараланған, женілген жаудың образы ұқсатылып, ассоциацияланған.

«He's always *as jolly as a sandwich*» (Mary Carter, etc. No place like home, 10 б.).

«Jonjo looked over at Bozzy for confirmation that *Mr. Quality was one sandwich short of a picnic*» (William Boyd. Ordinary thunderstorms, 255 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «sandwich» гастронимі – екі нанның ортасына ет немесе ірімшік, салат салынған сэндвичті білдіреді [134,б. 413]. **Ол** – британ халқының тез дайындалатын, пикникке бірге алып шығатын сүйікті асы. Осында таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі сақталған «*as jolly as a sandwich*» (сөзбе-сөз ауд. сэндвичтей көңілді) аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор өмірде ұнемі көңілді жүретін адамның жағымды психологиялық образын айшықтаса, «*one sandwich short of a picnic*» (сөзбе-сөз ауд. пикниксіз бір сэндвич) аксиологемалық стереотипі арқылы ессіз, ақымақ адамның жағымсыз зияткерлік бағалау реңкіндегі бейнесін кескіндеген.

«Әліқұл ер-азаматтан ғөрі, кеше гана босанып, қалжа жеп, сорпаланып жатқан әйелге көбірек ұқсайтын» (Оралхан Бекей. Құм мінезі, 141 б.).

Қарамен берілген мысалдағы «қалжа» гастронимі – арнайы сойылған жас малдың етінен өзірленетін, ағзага күш-қуат беретін сорпалы ет тағамын білдіреді [116,б. 390]. **Қалжа жегізу** – бағзыдан келе жатқан қазақ салттарының бірі. Қазақы ортада қалжаны «*белі бекіп, тез сауықсын*» деген ниетпен жаңа босанған әйелге жегізеді [139,б. 117]. Осында ұлттық-мәдени фреймнің көрінісі – жоғарыда келтірілген мысалда фрагментtelіп, мәтінде қауқарсыз, әлжуаз ер адамның ұнамсыз этикалық, valeologиялық образын суреттеуге ықпал еткен.

«Миым *есеп-қисаптан мипалау жасауга дерек кірісті*» (F. Қабышұлы. Өзгеден – өзімізге, 217 б.). Мысалдағы «*мипалау*» гастронимі – қойдың пісірілген басының миы мен құйқасын, көзін, желке-жүйдесін бірге араластырып жасайтын қазақ халқының құнарлы тағамын білдіреді. Қазақы ортада *мипалау* – қадірлі, кәделі ас саналатындықтан, оны қариялар мен сыйлы қонақтарға ұсынады [139,б. 119]. «*Mипалау*» гастронимі – атальыш мысалда шапшаң ойлайтын зерек адамның бейнесін кескіндеуге уәж болған.

«- *Ты, тюря!* Думала мужик, *а ты – редька с квасом*» (Б. Тучин. Сибирские Афины, 488 б.). Қарамен берілген мысалдағы «*тюря*» гастронимі – орыс халқының ұсақталған, кептірілген наннан не көкөністерден жасалатын, квас қосылған сорпалы тағамын білдіреді [132,с. 2056]. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын қолданып, «*тюря*» аксиологемалық стереотипі арқылы сылбыр, жігерсіз ер адамның ұнамсыз этикалық бейнесін суреттеген.

«Her men *friends were as limp as last week's lettuce*» (Colleen McCullough. The Ladies of Missalonghi, 15 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі «*lettuce*» гастронимі – салатқа қолданылатын жапырақтары үлкен бақша өсімдігін білдіреді [134, р. 266]. Британдықтар тұскі асқа бір сағат уақыттарын арнайды. Халықтың басым көпшілігі шағын мейрамханалар мен дәмханаларда тамақтанады. Мұндай орындарда дайындалатын кейбір салат түрлері талапқа сай келе бермейді. Осындағандаурынды жағдаяттың перцептивті көрінісі «*friends were as limp as last week's lettuce*» (сөзбе-сөз ауд. достары – бір апта бұрын жасалған салаттай жұмсақ) аксиологемалық стереотиптің сақталған. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы жалқау адамдардың жағымсыз этикалық бейнесін айшықтаған.

**«Наурыз көжедей бір қазанда қайнап, араласқан мемлекет»** (<https://inform.kz>).

**Наурыз көжесе** – Ұлыстың ұлы күні – наурыз мерекесінде дайындалады. **Ол** – жеті түрлі (су – өмірдің, ет – тоқшылықтың, дәнді-дақылдар – өсіп-өнудің, ақ (қатық, құрт) – молшылықтың, тұз – ырыстың символдары) символикалық мәні бар ғұрыптық тағам. Қазақ дәстүрінде наурыз көжеден ағайын-туысқа, көрші-қолаңға ауыз тигізу парыз саналады [139, б. 257]. «**Наурыз көжесе**» гастронимі – қазақ этномәдени жүйесінде тұтастық пен бүтіндіктің белгісі ретінде қастерленген. Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін келісім тактикасын пайдаланып, «**наурыз көжедей бір қазанда қайнап, араласқан мемлекет**» аксиологемалық стереотипті арқылы татулығы жарасқан Қазақ елінің жиынтық бейнесін кескіндеген.

«Жәкей көрші-қолаңға жайсыздығымен, малшы-жалшыға қаталдығымен, пейілінің тарлығы, **қу сүйектен көжесе қайнатқан** шықбермес шығайбайлығымен жұртқа тегіс жеккөрінішті болып бітіп еді» (М.Мағаун. Көкбалақ, 52 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотиптегі «**көжесе**» гастронимі – ет пен ұннан, дәнді-дақылдардан жасалатын сорпалы тағамды білдіреді. **Көжесе** – қазақ халқының әмбебап асы. Оның «ашытылған көжесе», «ақ көжесе», «қара көжесе» деген түрлері бар. «**Көжесе**» гастронимі – қазақ дәстүрлі мәдениетінде түрлі символдық коннотацияда тұспалданған. Мысалы, *ашытылған көжесе* – бірліктің, *ақ көжесе* – молшылықтың, *қара көжесе* – жоқшылықтың белгісін меңзейді. Коммуникатор кекесін тактикасын қолданып, «**қу сүйектен көжесе қайнатқан**» аксиологемалық стереотипті арқылы мәтінде сараң адамның ұнамсыз этикалық образын ассоциациялаған.

«Кстати, на твоем месте я бы пионерскую работу Грачеву не доверила. **Он размазня**» (Л.Ковалева, В.Равкин. Сын идет на медаль, 47 б.).

Қарамен берілген мысалдағы «**размазня**» гастронимі – дәнді дақылдардан жасалатын сұйық ботқаны білдіреді [132, с. 1623]. **Размазня** – орыс халқының байырғы күнкөріс тіршілігінде құнарсыз тағам саналғандықтан, дәстүрлі мәдениетінде ынжықтықтың нышаны ретінде интерпретацияланған. Коммуникатор мәтінде келемеждеу тактикасын пайдаланып, «**размазня**»

аксиологемалық стереотипі арқылы болбыр, маубас адамның ұнамсыз этикалық бейнесін экспликациялаған.

«Я командира роты пытался найти, но не смог. *С ними кашу не сваришь*» (А.Драбкин. Из адов ад, 31 б.).

«Пил ужасно, разговаривать ни с кем не любил, а князя своего хоть и обожал всей душою, но был с ним груб и заносчив, *за что иногда свою порцию березовой каши и получал*» (А.Куприн. Картина, 36 б.).

Қарамен берілен аксиологемалық стереотиптердегі «*каша*» гастронимі – түрлі дәнді дақылдар (қара құмық, бидай, тары, арпа, сұлды, т.б.) мен сүттен жасалатын ботқаны білдіреді [132,с. 661]. *Ботқа* – орыс ұлтының тал бесіктен, жер бесікке дейінгі ғұрыптарында кеңінен қолданылған рәміздік-рәсімдік тағамы. Атап айтқанда, баланың өмірге келу салтында босанған әйелдің толғағы ашты болғанын сезіндіру үшін оның күйеуіне тұз бен бұрыш қосылған «*бабкина*» деп аталатын ботқаны жегізген. Үйлену салтында күйеу жігіт пен қалыңдық бірлесіп, ботқа пісірген. Өлікті жөнелту салтында көңіл айтып келгендеге ботқа берген [170,с. 160]. Көне үйлену салтының фрагменті «*с ними кашу не сваришь*» (*сөзбе-сөз* ауд. олармен бірге ботқа қайната алмайсың) аксиологемалық стереотипінде көрініс тапқан. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы ауызбіршілігі жоқ адамдардың образын сипаттаған.

«*Получил березовой каши*» (*сөзбе-сөз* ауд. қайың ботқасын алған) аксиологемалық стереотипінде орыс халқының архетиптік түсінігімен байланысты ойбейнесі таңбаланған. Ежелгі орыс елінде *қайың* – қара күшке қарсы тұратын сакральді ағаш саналғандықтан, оның собықтарымен мектептерде екілік алған, бұзакы, сотқар балаларды жазалаған. Коммуникатор мәтінде жазалау тактикасын қолданып, «*получил березовой каши*» аксиологемалық стереотипі арқылы жазықты адамның образын суреттеген.

«*Her company's staff as like swimming through porridge*» (Jude James. More time, 87 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*porridge*» гастронимі – сұлыдан жасалатын қою ботқаны білдіреді [134,р. 357]. *Porridge* – ағылшын халқының таңғы асқа ішетін дәстүрлі тағамы. Коммуникатор мәтінде «*company's staff as like swimming through porridge*» (*сөзбе-сөз* ауд. сұлу ботқасында жүзгендей) аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы қыншылыққа душар болған қызметкерлердің бейнесін экспликациялаған.

«*Атаяу керенди іши*» (С.Иманасов. Өткірдің жүзі, 12 б.).

*Атаяу кере* – ғұрыптық ас. Байырғы қазақ дәстүрі бойынша әл үстіне жатқан адам жақын адамының қолынан дәм татқан. Бұл – оның соңғы, ақырғы асын білдірген. Осы менталды бейне келтірілген мысалда сақталып, арам ниетті адамға айтылатын «*өлім қүши*» деген қарғысты мазмұндауға негіз болған.

«Грустна ты, словно панихида,

И молчалива, как кутъя» (Л.Павлищев. Мой дядя – Пушкин, 87 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*кутъя*» гастронимі – дәнді-дақылдан (күріш немесе бидай) жасалатын, кептірілген жүзім мен бал

қосылған ботқаны білдіреді [132, с. 777]. **Кутъя** – орыс этномәдени ұжымының қайтыс болған адамды жерлеу және оны еске алу ғұрыптарымен байланысты сакральді тағамы. Дәстүрлі ортада бұл асты қөңіл айтып келген адамдарға береді. Кутъя құрамындағы дәнді-дақыл – о дүниелік болған адамның қайта тірілуін, бал мен жүзім – жаны жұмақта болуын ишааралаған [170]. Осындай таптаурынды жағдаяттың көрінісі «**молчалива, как кутъя**» аксиологемалық стереотипінде бекіген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотип арқылы қайғылы, қаралы адамның жағымсыз психологиялық образын бейнелеген.

«Біздің ойраттан табылмайтын қазақтың кең пейілі, үйіне кірген жыланның да басына ақ құйып шыгаратын қайырымдылығы оны алыстарга апарады» (Қ.Жұмаділов. Дарабоз, 87 б.).

Келтірілген мысалда қазақ халқының ұнамды этикалық болмысын айшықтайтын гетеростереотип берілген. Бұл гетеростереотиптің туындауына халқымыздың «**ақ құйып іргеден шыгару**» жосыны негіз болған. Ежелгі қазақ жосыны бойынша «**жамандықтың бетін жақсылық қайтарады**» деген сеніммен киіз үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ (сүт, айран) құйып, іргеден шығарған [109, б. 110].

«Жол бойында кең жайлау төріне ерте кеп, ақ шағаладай қоныстанған ауылдың іргесінен өте бергенімізде, **сол ауылдың көзқарақты үлкендері көш алдынан ақ алып шығатын**» (Ә.Жәлил. Кестелі тақия, 4 б.).

«Бәтес **сүттен ақ, судан таза періште**, жаңа гүлденіп келе жатқан қызғалдақ!...» (С.Мұқанов. Адасқандар, 28 б.).

««Аспаннан киіз жауса, кедей байқұсқа ұлтарақ бұйырмайды» демекші, жалпақ елдің ішінде **аузы аққа жарымай отырган – Топқайың**» (Қ.Ысқақ. Келмес күндер елесі, 104 б.).

Қазақ тұрмысында төрт түлік малдың сүті мен сүттен жасалатын өнімдерді (құрт, ірімшік, айран, қатық, іркіт, малта, қаймақ) «**ақ**» деп атап, оны дастарқаннаның ырысы деп қадірлең, ас мәзірінде кеңінен қолданған [139, б. 12]. Көшпелі ортада «**тату-тәтті болайық**» деген ақ тілеумен өтіп бара жатқан көштің алдынан ақ алып шығып, дәм татқызыған. Осындай ұлттық-мәдени фрейм «**ақ алып шыққан ауылдың көзқарақты үлкендері**» аксиологемалық стереотипінде сақталып, қадірлес адамдардың жағымды этикалық образын айшықтауға ықпал еткен. Қазақ этномәдени көкжиегінде тазалық пен адалдықтың, ырыс пен дәулеттің өлшемі ретінде символданған «**ақ**» гастронимі – «**сүттен ақ, судан таза періште**» аксиологемалық стереотипінде адал, пәк қыздың ұнамды этикалық бейнесін айшықтаса, «**аузы аққа жарымаган**» аксиологемалық стереотипінде кедей адамның ұнамсыз утилитарлық бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

«Ты посмотри на себя, какой ты у нас хлопчик удался – крепкий, статный, **кровь с молоком...**» (М.Александрова. Кольцо странника, 14 б.).

Орыс халқы сүттің шикі, қайнаған, ашыған түрінен сұзбе (байырғы кезде ірімшік деп аталған), қаймақ, сары май өндірген. **Сүт** – орыс архаикалық мәдениетінде қасиетті тағамның функциясын атқарған. Мәселен, масленица

(масленая неделя (сөзбе-сөз ауд. майлы апта), сырная неделя (ірімшікті апта)) мен пасханы (творожная пасха (сөзбе-сөз ауд. сүзбелі пасха)) сүтті тағамдар мерекесі деп атап, бұл мерекелерде құймақпен бірге сүт өнімдерін (ірімшік, сүзбе, қаймақ, сұт, сары май) қолданған [170, с. 200]. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасын пайдаланып, «**кровь с молоком**» аксиологемалық стереотипі арқылы денсаулығы мықты адамның жағымды valeologyялық бағалау реңкіндегі бейнесін кескіндеген.

«I am stuck fast, and I can't get away; and you silly, smooth-faced, **milk-and-water girls** just stand and laugh!» (Andrew Lang. The blue fairy, 77 б.).

«Jenny was a sweet-faced, **milk-and-roses blonde**, swirling skirts» (Nina Bawden. Circles of deceit, 224 б.).

Ағылшын халқы құнделікті өмірде сүт қатылған шай ішіп, сүттен балмұздақ, сары май, ірімшік өнімдерін алады. Ағылшын дүниетанымында **сұт** – сұлулықтың нышаны ретінде түсініледі. Байырғы британ патша сарайларының қызметкерлері ханшайымдарды сүт пен раушан гүлі қосылған суға шомылдыратын болған. Осында таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі жоғарыда аталған мысалдарда сақталған. Коммуникатор «**milk-and-water girls**» (сөзбе-сөз ауд. сұт пен су қыздар) аксиологемалық стереотипі арқылы жігерсіз, төзімсіз қыздардың жағымсыз этикалық бейнесін экспликацияласа, «**milk-and-roses blonde**» (сөзбе-сөз ауд. сұт пен раушанды аққұба) аксиологемалық стереотипі арқылы көрікті, аққұба қыздың жағымды эстетикалық бейнесін айшықтаған.

«**Уыздай жас**. Иегінде бір тал қыл жоқ. Қалың қабақты, құшық шеке, биік мандайлы ақсүр жігіт» (М.Мағаунин. Көкбалақ, 56 б.).

«**Ұйыған** сүт пен **уыздай тату**

Бақай, Қарабас екі ауыл еді» (К.Мырзабеков. Поэмалар. Т.2. 99 б.).

«**Уыздай жас**», «**уыздай тату**» аксиологемалық стереотиптеріндегі «**уыз**» гастронимі – жаңа төлдеген сиырдың алғашқы сүтінен жасалатын қазақ халқының кәделі асын білдіреді. Көшпелі қазақ тұрмысында мал төлдегендеге «ақ мол болсын» деген ниетпен туған-туыстар мен көршілерді **уыздан дәм татуға** шақырған [139, б. 120]. «**Уыз**» гастронимі – қазақ этномәдени санасында жастық пен ауызбіршіліктің белгісі ретінде бағаланған. Коммуникатор мәтінде «**уыздай жас**» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы ержеткен жігіттің ұнамды эстетикалық бейнесін суреттесе, «**уыздай тату**» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы ынтымағы жарасқан ауылдардың ұнамды этикалық бейнесін кескіндеген.

«**Айрандай ұйып отырған елміз**» (<https://egemen.kz>).

Аталмыш аксиологемалық стереотиптегі «**айран**» гастронимі – сүттен алынатын тағамды білдіреді. Қазақ тұрмысында айранды піскен сүтке ашытқы салып, ұйытып жасайды. Дәстүрлі мәдениетте бүтіндік пен ынтымақтың символы ретінде таптаурындалған «**айран**» гастронимі – берілген мәтінде де татулығы мен бірлігі жарасқан Қазақ елінің жағымды этикалық бағалау мәніндегі автостереотипін айшықтай түсken.

«Геннадий Николаевич – **человек крепкой закваски**» (Север, 35 б.).

**«Человек крепкой закваски»** (сөзбе-сөз ауд. мықты ашытқының адамы) аксиологемалық стереотипіндегі «закваска» гастронимі – нанды, квасты, сыраны ашытуға арналған қышқыл ашытқыны білдіреді [132, с. 497]. Орыс тұрмысында ашытқыны құлмақ пен кебектен жасап, оны сақталу мерзіміне қарай «слабая закваска» (әлсіз ашытқы), «крепкая закваска» (мықты ашытқы), «старая закваска» (ескі ашытқы) деген түрлерге бөлгөн [170, с. 108]. Осымен байланысты «крепкая закваска» гастронимі – келтірілген аксиологемалық стереотипте қайратты, төзімді адамның бейнесін ассоциациялауға мұрындық болған.

«- Ақымақ не нәрсені естісе, естігеніне қанағат қылады. **Қатықтай қатып, сүттей үйып жүре береді!**» (Мәшіүр Жүсіп Көпейұлы. «Шора батыр» поэмасы. <https://literbook.com>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «қатық» гастронимі – қайнатылған, қаймағы алынбаған сүттен үйытылатын тағамды білдіреді. Дәстүрлі тұрмыста қатықты көжеге қосып, одан құрт жасайды. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын пайдаланып, «**қатықтай қатып, сүттей үйып жүре беретіндер**» аксиологемалық стереотипі арқылы ойсыз, санасыз адамдардың жағымсыз зияткерлік бағалау реңкіндегі бейнесін интерпретациялаған.

**«Бетіне құрт жағылған құда шығады»** (М.Әуезов. «Айман-Шолпан» пьесасы, 5 б.).

«Оның бейіші... желі басында жусап жатқан айғыр үйір жылқысы мен бір сайды азан-қазан қып жүрген сиырлары, **ақ құрт, қызыл ірімшіктей қоралы қойы**» (<https://baq.kz>).

Қарамен берілген мысалдардағы «құрт», «ірімшік» гастронимдері – қазақ халқының сүт тағамдарын білдіреді. Дағдылы тіршілікте құртты қатық пен іркітten әзірлеген. Иркітten алынатын құртты қайнатса, қатықтан алынатын құртты қайнатпай жасаған. **Құрт** – байырғы құдаласу рәсімінде ғұрыптық атрибуттың қызметін атқарған. Ежелгі жосын бойынша құда түсуге келген құдаларға құйрық-бауыр жегізген соң, олардың **беттеріне құрт жағатын** болған. **Құрт жағу** – «береке-бірлігіміз, әзіл-қалжыңымыз жарапсын» деген ырымды тұспалдаған. Осындай жоралғының перцептивті бейнесі – **«бетіне құрт жағылған құда»** аксиологемалық стереотипінде бекіген.

Халқымыз ірімшікті қайнату әдісіне қарай екіге бөледі: **ақ ірімшік** және **қызыл ірімшік**. Ақ ірімшікті шикі сүтке айран құйып, ірітіп аз қайнатса, қызыл ірімшікті пісіп тұрған сүтке мәйек салып, іріткеннен кейін ұзақ қайнатады [109, б. 145]. Қазақ дастарқанының байлығы саналатын «**құрт**» пен **«ірімшік»** гастронимдері – «**ақ құрт, қызыл ірімшіктей қоралы қой**» аксиологемалық стереотипінде жағымды утилитарлық бағалау реңкін меңзейтін дәuletті адамның тұрмысын бейнелеуге арқау болған.

«Ему в Голубкине хорошо он там устроился, как царь Салтан. **Живет – как сыр в масле катается!**» (Н.Александрова. Тъма над Петроградам, 54 б.).

**Ірімшік** – орыс этномәдени ұжымының ас мәзіріндегі қастерлі тағамы. **Ол** – діни мерекелерде атрибуттық функция атқарған. Православиялық дінді

ұстанатын орыс халқы оразаның (великий пост) алдындағы жексенбіде, яғни масленица мерекесінде міндettі түрде ірімшік пен сары май жейді. Байырғы орыс елінде ірімшік деп, сары май қосылған сұзбені айтқан. **Ол** – ауқатты үйдің дастарқанында ғана кездескен [170, с. 217]. Коммуникатор «*как сыр в масле катается*» (сөзбе-сөз ауд. *ірімшік секілді сары майдың жүреді*) аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы мәтінде бай, ауқатты адамның жағымды утилитарлық бағалау мәніндегі бейнесін экспликациялаған.

«*He is a big cheese*» ([www.independent.co.uk](http://www.independent.co.uk)).

«*He's the whole cheese*» (Edward Marshall. *The family*, 145 б.).

«*Groaning cheese for a new born*» ([www.mobsea.com](http://www.mobsea.com)).

*Iрімшік* – ағылшын халқының дастарқан мәзіріндегі бағалы астың бірі. Байырғы ағылшын тұрмысында оны қой мен сиыр сүтінен әзірлеген. Ирімшіктің «*fresh cheese*» (балғын *ірімшік*), «*soft cheese*» (жұмсақ *ірімшік*), «*semi-soft cheese*» (жартылай жұмсақ *ірімшік*), «*hard cheese*» (қатты *ірімшік*), «*blue cheese*» (көк *ірімшік*) деген түрлері дайындалған.

Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, «*a big cheese*» (сөзбе-сөз ауд. үлкен *ірімшік*), «*the whole cheese*» (сөзбе-сөз ауд. бүтін *ірімшік*) аксиологемалық стереотиптері арқылы елге сыйлы, беделді тұлғаның жағымды этикалық бейнесін суреттеген.

«*Groaning cheese for a new born*» (сөзбе-сөз ауд. жаңа туылған нәрестеге арналған *ірімшік*) аксиологемалық стереотипінде ағылшын халқының көне дәстүрімен байланысты ұлттық-мәдени фреймі орныққан. Ежелгі британ халқы бала өмірге келгенде оны «*өмір жасы ұзақ болсын*», «*бақытты болсын*» деген ырыммен айналып тұрған ортасы ойық дәңгелек ірімшіктен өткізген.

«Бұрқанған бура мінездім,

Бұлқынтып бұла жүректі.

*Малтасын езген мың ездің,*

Қоясын аршып жыр етті» (<https://aqjol.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*малта*» гастронимі – суға езілген құрттан қалған тағамды білдіреді. Байырғы қазақ тұрмысында көже мен сорпаға езілген құрт қосып, одан қалған малтасын кептіріп, жеңсік ас ретінде пайдаланған. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын қолданып, «*малтасын езгендер*» аксиологемалық стереотипі арқылы ез, мылжың адамдардың жағымсыз этикалық бейнесін ассоциациялаған.

«Сыртқы күштердің илеуіне түсіп, *іркіттей іріген*, іргетасы шіріген талай мемлекетті көріп жүрміз» (<https://qazaqstan.tv>).

Қазақ халқының құнқөріс тіршілігінде іркітті күбіде пісілген, майы ажыратылған айраннан алған. Ол үшін айранды күбіде майы бөлінгенше піскен. Бөлінген майын алған соң, одан қалған іртік-іртік сұйықтығынан, яғни іркітінен құрт қайнатқан. Коммуникатор «*іркіттей іріген мемлекеттер*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы мәтінде береке-бірлігі қашып, ыдырауга айналған елдердің жағымсыз этикалық бейнесін экспликациялаған.

«Подле стоял помещик, широкий, мягкий, сладкий – **настоящий Сахар-Медович**» (И.С.Тургенев. Записки охотника, 79 б.).

«Заживут теперь – *одна рука в меду, а другая в сахаре!*» (В.Язвицкий. Иван III, 129 б.).

**Қант пен бал** – X-XIII ғасырлардан бері орыс дастарқанынан үзілмей келе жатқан бағалы тағамдардың бірінен саналады. Дәстүрлі ортада бал мен қантты мерекелік-рәсімдік тағамдардың (бәліш, бублик, пряник, кутья, т.б.) барлық түріне қосқан [170, с. 233]. **Қант пен бал** – орыс этномәдени жадысында бақ пен дәулеттің нышаны ретінде қабылданған. Коммуникатор кекесін тактикасына сүйеніп, «**настоящий Сахар-Медович**» (сөзбе-сөз ауд. нағыз Қант Балұлы) аксиологемалық стереотипі арқылы бірінші мәтінде жағымпаз адамның ұнамсыз этикалық бейнесін айшықтаса, екінші мәтінде қолпаштау тактикасын қолданып, «**одна рука в меду, а другая в сахаре**» (сөзбе-сөз ауд. бір қолы – балда, бір қолы – қантта) аксиологемалық стереотипі арқылы бай адамның бейнесін суреттеген.

**«Қазақылықтың қаймагы бұзылмаган өлке»** («Ана тілі» газеті, 05.05.2017).

«Бірақ шынайы дарын иелері өздері-ақ сүт бетіне шыққан қаймақ секілді іркіліп көрінеді» (<https://osken-onir.kz>).

«Ең жақсы қорғанысты шабуыл деп,

**Қысылмай қара судан қаймақ алған қу екенсің**» (<https://aqjol.kz>).

Дәстүрлі ортада қаймақты піскен сүттің бетіне қабыршақтанып жиналған негізгі құнарынан алады. **Ол** – дәрумендерге бай қадірлі астың бірі. Коммуникатор мәтінде «**қазақылықтың қаймагы бұзылмаган өлке**» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы ата дәстүрін берік ұстанған ауылдың ұнамды этикалық бейнесін суреттесе, «**шынайы дарын иелері сүт бетіне шыққан қаймақ секілді**» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы талантты, зерделі адамдардың жағымды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін, «**қара судан қаймақ алған қу**» аксиологемалық стереотипі арқылы жылпос, айлакер адамның ұнамсыз этикалық бейнесін сипаттаған.

«Жеке тұлғалар төл валютамен **сары майдай сақталған депозиттеріне** етемақы алу үшін банкке барып, өтініш жазу қажет» (<https://almaty.tv>).

**«Көңілім-ай, сары майдай еріген,**

Сыбызығының үні шықты шерімнен» («Ана тілі» газеті, 25.04.2013).

«Болып тұр бұл заманың бәрі қайфы,

**Күтпейік тек өмірден сары майды»** (Д.Кәпұлы.Шертолғақ, 47 б.).

**Сары май** – қазақ дастарқан мәзіріндегі сыйлы, қастерлі тағамның бірі. **Ол** – этномәдени аяда байлықтың өлшемі ретінде ұғынылады. Дәстүрлі тұрмыста сары майды шайқалған кілегейден алып, тұздап, оны үрген қарынға сақтайды. Үрген қарында сақталған сары майдың құнары мен сапасы жоғары болады [175, б. 145]. Осында таптаурынды жағдаяттың ойсуреті «**сары майдай сақталған депозиттер**» аксиологемалық стереотипінде орнығып, банкте сақталған қаржы туралы ақпараттың вербалдануына ұйытқы болған. Ал «**сары майдай еріген көңіл**», «**өмірдің сары майы**» аксиологемалық стереотиптерінде қазақ халқының көне ырымына қатысты ойсуреті тұжырымдалған. Көшпелі ортада **сары май** киелі тағам саналған. Оның «**жолы ауыр**» деп, сары майды

жол жүргенде алмаған. Үйге келген мейман да «*саргайып қалмайын*» деген ырыммен сары майдан міндettі түрде ауыз тиген. Этноархаикалық танымда қайғы-қасіреттің белгісі ретінде рәмізделген «*сары май*» гастронимі – аталмыш аксиологемалық стереотиптерде де жағымсыз психологиялық бағалау мәнін меңзейтін адамның бақытсыз сәттерін, өкпе-назын сипаттауға мұрындық болған.

«Подумаешь, классный журнал! *Чепуха на постном масле!*.. Нашла из-за чего плакать!» (И.Пиварова. Тройка с минусом, 179 б.).

«Японская вежливость не приторна и потому симпатична, я как бы много ее ни было перепущено, она не вредит, по пословице – *масло каши не портит*» (А.П.Чехов. Остров Сахалин, 121 б.).

Дағдылы тіршілікте орыс халқы майдың үш түрін (өсімдік майы, жануар майы, сары май) де қолданған. Орыс жұрты масленица мерекесін майлар құймақпен қарсы алса, ораза күндері (великий пост) өсімдік майын ғана пайдаланады. Бұл май – «*постное масло*» (*ораза майы*) деп аталады. Ежелгі орыс елінде аталмыш майдың құны сары май мен сиыр майына қарағанда арзанырақ болған. Мұндай маймен (постное масло) қарапайым тағамдарды әзірлеген [170, с. 196]. «*Постное масло*» гастронимі – бірінші аксиологемалық стереотипте де түкке тұрғысыз, болмашы нәрсе жайлышты ақпаратты вербалдауда негіз болса, екінші аксиологемалық стереотиптегі «*масло*» гастронимі – жапон халқының сыпайылығын интерпретациялауда өзек болған.

«She is a poor good-natured simpleton, *as soft as butter*» (The British Novelists. Vol.30, 16 б.).

«*A man as fat as butter*» (The Plays and Poems Vol.XYI, 300 б.).

Британ халқының ас мәзірі қуырылған майлар тағамдарымен ерекшеленеді. Айталық, ростбиф, сэндвич, пудинг, поридж секілді ұлттық тағамдары сары маймен жасалады. Коммуникатор мыскыл тактикасына сүйеніп, «*as soft as butter*» (сөзбе-сөз ауд. сары майдай жұмсақ) аксиологемалық стереотипі арқылы көңілшек, жасық адамның ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндесе, «*as fat as butter*» (сөзбе-сөз ауд. сары майдай семіз) аксиологемалық стереотипі арқылы ірі денелі, толық адамның ұнамсыз эстетикалық бейнесін айшықтаған.

«Бір Найманнан бастау алған екі жұрт тау басындағы сұлудың жанарындағы мөлдіреген көлді тел еміп, тату-тәтті дегендей, бұрын келгені кейінгілерін ерулікке, *қымызмұрындыққа шақырысын*, жаз қызығын бөле-жара ортақ қызықтасатын» (К.Сегізбай. «Беласқан» романы, 148 б.).

«Сүр шал жай шал емес, шығармашылық кемеліне келген, *cірге мөлдіретер қымыздай бабындағы шал*», деп бір жағы әзіл араластыра ақжарма тілек те айтқан едік сонда» («Егемен Қазақстан» газеті, 26.05.2016).

«*Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға,*

Жігіттер, бәріңізде-ақ сұқтанарсыз» (І.Жансүгіров. Құлагер, 230 б.).

«Осы көңіл күйзелісіне қайдағы-жайдағы қасіреттердің қоры жиналып, тап *бір бесті қымыздай қыжылдан қызды*» (<https://old.hamit.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «*қымыз*» гастронимі – саумалдан аштылып әзірленетін қазақ халқының дәстүрлі сусынын білдіреді.

**Ол** – қазақ дастарқанының байлығын, сән-салтанатын, кеңдігін айғақтайдын мәртебелі сусынның бірі. **Қымыз** – қазақ этномәдени ортасында «*көптің асы*» ретінде бағаланып, салттық атрибут есебінде жүмсалған [25, б. 61]. Ежелгі қазақ салты бойынша бие байлағаннан кейін және бие ағытар күні көрші-қолаң, ағайын-туыс бір-бірін алғашқы қымыздан және ақырғы қымыздан дәм татуға, яғни қымызмұрындық пен сірге мөлдіретерге шақырған. Осы салттардың менталды көріністері «*қымызмұрындықта шақырысты*», «*сірге мөлдіретер қымыздай бабындағы шал*» аксиологемалық стереотиптерінде сақталып, бірінші мысалда сыйлас ауылдардың ұнамды этикалық бейнесін суреттеуге ықпал етсе, екінші мысалда кеменгер тұлғаның жағымды зияткерлік бағалау мәніндегі образын айшықтауға уәж болған.

Көшпелі қазақ тұрмысында қымызды әзірлеу тәсілі мен сақталу мерзіміне, қадір-қасиетіне байланысты бал қымыз, жас қымыз, бесті қымыз, құнан қымыз, т.б. түрлерге бөлген. Айталық, қойдың майын не жылқының сүр қазысын бойына сіңірген, сабада післеген жұмсақ, қою қымызды **бал қымыз** десе, сабада бес күн тұрып, бабына келіп, әбден ашыған қымызды **бесті қымыз** деп атаған. Осыған орай, коммуникатор мәтінде «*балға ашытқан қымыздай тәтті қыз*» аксиологемалық стереотипі арқылы қылышты қыздың ұнамды этикалық бейнесін сипаттаса, «*бесті қымыздай қыжылдан қызған көңіл*» аксиологемалық стереотипі арқылы қайғыдан жаны күйзелген адамның жағымсыз психоэмоционалдық күйін бейнелеген.

«- А ты пасть-то свою раствори, Тарас! - огрызнулся Кишкин. - О Пронькиной вышке своя речь... Ах, ботало коровье!... **C тобой пиво не сваришь...**» (Д.Мамин-Сибиряк. Золото, 29 б.).

Ежелгі орыс жұрты сыраны үтілген қара бидай мен құлмақталған ашытқыдан қайнатқан. **Ол** – мерекелік (отбасылық, құнтізбелік, т.б.) дастарқаның басты атрибуты саналған. Бұған «*праздник любить – пиво варить*» (сөзбе-сөз ауд. мереке сыра қайнатуды жақсы көреді) паремиясы айқын дәлел бола алады. Сондай-ақ, орыс халқы егін егуге қатысты іс-шараларда бірге жиналып, ұлken ыдысқа сыра қайнататын болған [170, с. 82]. Ұжымдық сыра қайнату дәстүрінің осындағы фрагменті «*c тобой пиво не сваришь*» (сөзбе-сөз ауд. сенімен бірге сыра қайната алмайсың) аксиологемалық стереотипінде тіркеліп, ымырасыз, мәмілесіз адамның ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндеуге тұрткі болған.

«I find you *mend like sour ale in summer*» (Jonathan Swift. The works of Jonathan Swift, 351 б.).

«It's all right for you *to think small beer of yourself*, and I don't see how you could think anything else just at present» (W.D. Howells. April Hopes, 142 б.).

Британдықтар сыра ашытудың түрлі тәсілдерін жетік менгерген халық. Ұлыбританияда «ale» және «beer» сыраларын арпа уытын ашыту арқылы дайындаиды. Алайда, бұлар бір-бірінен ерекшеленеді. Ale – ақ түсті сыра болса, beer – қара түсті сыраны білдіреді [167, р. 29]. Коммуникатор «*to mend like sour ale in summer*» (сөзбе-сөз ауд. жаздық қышиқыл ақ сырдай) аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы сырқаты асқынған адамның жағымсыз

валеологиялық бағалау мәніндегі бейнесін кескіндесе, «*to think small beer of yourself*» (*сөзбе-сөз ауд. өзі туралы шағын қара сыраны ойлау*) аксиологемалық стереотипі арқылы өз-өзіне сенбейтін адамның жағымсыз этикалық бейнесін суреттеген.

### **«Саумал жыр – сіргежияр алып келдім**

Сарыарқа – сәнді алқаптан, дәнді алқаптан» (Д.Кәпұлы. Шертолғақ, 103 б.).

Көшпенді қазақ халқы күзде бие ағытарда енесін еміп қоймау үшін құлышының тұмсығын тесіп, сірге (*істек ағаш*) өткізіп, бірнеше күн бойы саумал жинап, соңғы қымызды дайындаған. Сіргежияр қымызға көрші-қолаң мен ағайын-туысты шақырып, оны көпшілікпен бөлісіп ішкен [175, б. 180]. Осы салттың перцептивті бейнесі келтірілген аксиологемалық стереотипте орнығып, айтысқа өзінің түйінді жырымен келген ақынның бейнесін экспликациялауға негіз болған.

«Обнял младшенькую, прижал к сердцу: «*Дашутка, ты сбитень?!*» Она у нас такая **крепкая-крепкая** и беленькая-беленькая» (С.А.Щербаков. Близкие, 321 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«сбитень»** гастронимі – орыс халқының хош іісті өсімдіктер (жалбыз, тасшөп, қалампыр, жұпаргұл, т.б.) мен бал қосып, қайнаған судан дайындағының ұлттық сусының білдіреді [132, с. 1750]. **Сбитень** – орыс этномәдени ұжымының қыстық сусыны. Байырғы орыс тұрмысында оны ағзаға күш беретін қуатты сусын ретінде пайдаланған. Коммуникатор мәтінде **«крепкая как сбитень»** аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы күш-қайраты тасыған, денсаулығы мықты адамның жағымды валеологиялық бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

«Мы бедствовали всю жизнь, жили с зажимкой, **перебивались с хлеба на квас**, так хотелки ты за нас поживи в довольстве» (А.Санжаровский. Жених и невеста, 155 б.).

Ежелгі орыс тұрмысында квасты уыт пен қара бидай жармасынан және кептірілген наннан қайнатып, бөшкелерде сақтаған. Оны қыс мезгілінде сорпалы, қою тағамдарға қосса, жаз мезгілінде шөлді басатын пайдалы сусын ретінде ішкен. Квастың кептірілген наннан дайындалу фрагменті **«перебивались с хлеба на квас»** (*сөзбе-сөз ауд. наннан квасқа ауыстық*) аксиологемалық стереотипінде сақталып, кедей отбасының жағымсыз утилитарлық бағалау мәніндегі тұрмысын бейнелеуге түрткі болған.

«Yes, they're **a lime-juicers**» (L.L.Hope. The moving picture girls at Sea, 116 б.).

Келтірілген мысалда американдықтардың ағылшын халқы туралы гетеростереотипі бейнеленген. Бұл гетеростереотиптің туындауына байырғы британ кемелерінің ас мәзірінде кеңінен қолданылған *lime juice* (лайм шырыны) сусыны арқау болған.

«Абысын-ажындардың сыйластығы,

**Шубаттай сыймай тұр шарасына»** («Ана тілі» газеті, 31.01.2013).

Берілген мысалдағы «*шұбат*» гастронимі – түйе сүтінен аштылып дайындалатын қазақ халқының дәстүрлі сусынын білдіреді. Қазақ дастарқанының берекесі саналатын «*шұбат*» гастронимі – аталмыш мысалда да татулығы жарасқан келіндердің ұнамды этикалық бейнесін айшақтауға уәж болған.

«Ты *безвольный кисель*» (А.Аверченко. Бритва в киселе, 46 б.).

Қарамен берілген мысалдағы «*кисель*» гастронимі – орыс халқының сүттен, жеміс-жидектен, сұлы ұндан әзірленетін дәстүрлі сусынын білдіреді [132, с. 671]. Орыс ас мәзірінде киселдің мұғжидектен, бұлдіргеннен, қарақаттан, қаражидектен жасалатын түрлері кездеседі. Ол қышқыл сусын болғандықтан, тез ашиды. Сондықтан да болар, «*кисель*» гастронимі – жоғарыда аталған аксиологемалық стереотипте жағымсыз этикалық бағалау реңкін меңзейтін жігерсіз, болбыр адамның бейнесін кескіндеген.

«*The five o' clock tea*» (The Oxford Dictionary of Idioms, 287 б.).

«*High tea with the Queen*» (T.Jordan.High tea with the Queen, 1 б.).

«Every time I heard my inner negative voice, I tried to call on *Mrs Tea and Sympathy* to see what she had to say in response» (Alison Waines. The Self-Esteem Journal, 128 б.).

Ұлыбритания елінде шай ішудің өзіндік этикеттік жосындары мен уақыттық атаулары қалыптасқан. Мысалы, таңғы шай – «*breakfast tea*», сәске түстегі шай – «*low tea*» (*төмен шай*), тал түстегі шай – «*high tea*» (*жоғары шай*), кешкі бестегі шай – «*five o' clock tea*» деп аталған. «*High tea*» мен «*five o' clock tea*» – отбасы мүшелерінің басын біркітіретін рәсімдік шайы. Тарқатып айтқанда, «*high tea*» мен «*five o' clock tea*» мезгілдерінде ағылшындар отбасымен бірге дастарқан басына жиналып, тәтті бәліштерімен шай ішіп, әңгіме-дүкен құрып, жаңалықтарымен бөліседі. *Шай* – ағылшын танымында мейманостықтың белгісі ретінде орнықсан. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм – «*the five o' clock tea*», «*high tea with the queen*», «*Mrs Tea and Sympathy*» аксиологемалық стереотиптерінде тіркеліп, ауызбірлігі мен сыйластығы жарасқан, жанашыр адамдардың ұнамды этикалық бейнесін суреттеуге ұйытқы болған. Сондай-ақ, «*five o' clock tea*» (пол. *Fajfoklok*) дәстүрі – поляк этномәдени санасында ағылшын халқы туралы гетеростереотиптің жасалуына ықпал еткен.

#### 2.1.5 «Музыкалық аспап» тірек компонентті стереотиптер

Хрематонимдердің бір шоғырын – музыкалық аспаптар қамтиды. Музыкалық аспаптардың ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесіндегі көрінісін зерттеу – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) ұлттық таным-түсінігі мен аялық білімінің өзгешелігін анықтауға бағыт-бағдар береді. Қ.Жұбанов, Т.Жаубасова, В.Катермина, Д.Бейлин сынды отандық және шетел ғалымдары өз зерттеулерінде музыкалық аспаптардың этномәдени атаулар ретінде символдану қарқыны жоғары болатынын атап өтеді. Демек, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиологемалық стереотиптердің құрамында уәжделген музыкалық аспап атауларын этностың дәстүрлі ұғымдарын рәміздейтін,

қоршаған дүниесін ұлғілеуге қатысатын, ұлттық-мәдени мәндерін бейнелейтін хрематонимдер деп түйіндейміз.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «музыкалық аспап» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің өзек компоненттері **«домбыра»**, **«қобыз»**, **«жетіген»**, **«балалайка»**, **«гармонь»**, **«гусли»**, **«дудка»**, **«сопелка»**, **«fiddle»**, **«trumpet»**, **«drum»**, т.б. секілді хрематонимдерден құралады.

«Нағыз қазақ – қазақ емес,

**Нагыз қазақ – Домбыра!»** (Қадыр Мырза Әли. Өлеңдер мен толғаулар, 154 б.).

**«Кеудесі күмбірлеген домбыраның күйіндей даналық сайраган, асыл қазыналы қарияларымызға** қай заманда болсын аса құрмет көрсетілген» (<https://shahtinsk.gov.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі **«домбыра»** этномәдени хрематонимі – қазақ ұлтының бағзы заманнан келе жатқан қос ішекті, шертпелі, көп пернелі, қоңыр ұнды саз аспабын білдіреді [116, б. 166]. **Домбыра** – сан ғасырдан бері қазақтың арманы мен қиялдың шарықтатып, мақсаты мен мұратын асқақтатқан, қайғысы мен мұнын тарқатып, көңілін өрістеткен, жосын-жоралғыларда атрибуттық функция атқарған киелі де, иелі аспап. Айтальық, қазақ халқы **«күйіші болсын»** деген ырыммен баланы домбыраның құлағымен ауыздандырған. Беташар рәсімінде келіннің ақ желегін домбыраның басымен ашқан.

Домбыраның қос ішегінен күмбірлеп төгілген күйінде дархан халқымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмір-салты, болмысы, тарихы сақталған. Бұған жоғарыда келтірілген мысалдар да айқын дәлел бола алады. Мысалы, **«нағыз қазақ – домбыра»**, **«кеудесі күмбірлеген домбыра күйіндей»** аксиологемалық стереотиптерінде **«домбыра»** хрематонимі – даналықтың символы ретінде рәмізделіп, данагөй, шежірешіл қазақтың автостереотипі мен ақылгөй ақсақалдардың жағымды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін ассоциациялауға негіз болған.

**«Слушай ты, бесструнная балалайка, - сказал Петр, выслушав Конона»** (Г.П.Данилевский. Исторические романы, 30 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«балалайка»** этномәдени хрематонимі – орыс халқының XYIII-XIX ғасырларда кең тараған, үш ішекті, шертпелі саз аспабын білдіреді [132, с. 55]. **Ол** – дәстүрлі орыс ортасында ойын-сауық пен той-думанның ажырамас атрибуты саналған. **«Балалайка»** хрематонимі – орыс дүниетанымында қуыс кеуделіктің белгісі ретінде қабылданған. Коммуникатор кекесін тактикасына сүйеніп, **«бесструнная балалайка»** (сөзбе-сөз ауд. ішекті балалайка) аксиологемалық стереотипі арқылы мәтінде мылжың адамның ұнамсыз этикалық бейнесін айшықтаған.

**«Абыз даланың қобыз кеуделі перзенті** Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 75 жыл» (<https://ortalyq.kz>).

**«Доғар! Корқыт атамның қобызындаи зарлап кеттің гой, -** деп Мейірбек зіл тастай сөйлемеді» («Егемен Қазақстан» газеті, 12.03.2017).

«Сол, **көкірегі қобыздай құңғренген қалпында** Маздақ бел-белестен асып, тау-тасты кезіп, орман-тоғайды аралап, Бақсы атаны іздең келеді» (А.Сейдімбек. Шығармалары, 654 б.).

«**Құтырган жау шаңырагыңа қобыз тартар**» (Мыңжылдық мақал-мәтеддер, 179 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «**қобыз**» этномәдени хрематонимі – қазақ халқының ежелгі заманынан қалған үнге бай, тартып ойнауга арналған ысқысы бар, ішекті, сакральді саз аспабын білдіреді [116, б. 167]. **Ол** – байырғы қазақ қоғамында абыздар мен жыраулардың, бақсылардың ғұрыптық аспабы саналған. Қазақ мәдениетінде қобызды күй атасы атанған Қорқыт есімімен байланыстырады. «**Қобыз**» хрематонимі – «**абыз дағаның қобыз кеуделі перзенті**» аксиологемалық стереотипіндегі даналықтың нышаны ретінде символданып, данагер тұлғаның ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін кескіндесе, «**Қорқыт атамның қобызындаи зарлау**», «**қобыздай құңғренген**», «**құтырган жау шаңырагыңа қобыз тартар**» аксиологемалық стереотиптерінде мұң-зардың, наланың, қайғы-қасіреттің символы ретінде рәмізделіп, жан азабын тартқан шерменді мен жаудан жеңіліп, жоқтау айтқан жүрттың жағымсыз психологиялық күйін кескіндеуге негіз болған.

«А ведь партизаны гонятся не за мной, - подумал он. - **Нужен я им, как архиерею гармонь в великий пост!**» (М.Бубеннов. Бессмертие: повести и рассказы, 457 б.).

**Гармошка** (баян) – орыс жан дүниесімен біте байланысқан саз аспаптарының бірі. Ежелгі орыс жерінде оның қатысуының ешбір жиын-той өтпеген. «**Нужен я им, как архиерею гармонь в великий пост**» (сөзбе-сөз ауд. мен оларға ұлы оразада архиерейге қажетсіз баяндай) аксиологемалық стереотипінде орыс жүрттының діни мейрамымен байланысты фреймі сақталған. Шіркеу архиерейлері (дін басылары) Пасха мерекесіне дайындықты ұлы ораза кезінде бастаған. Бұл мезгіл – шіркеу қызметкерлері үшін ешқандай саз аспабын қажет етпейтін нағыз қарбалас кезең болып есептелген. Коммуникатор аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы мәтінде қауырт мезгілде ешкім іздемейтін адам жайлы ақпаратты экспликациялаған.

«In the fashion **he plays first fiddle**» (The Spectator. Vol.17, 519 б.).

«**He's as fit as a fiddle**» (Jay Worrall. Sails on the Horizon, 22 б.).

«A single man has **a face as long as a fiddle**» (Jacky Bratton. The Victorian clown, 165 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі «**fiddle**» хрематонимі – үш ішекті, ысқымен ойналатын скрипканы білдіреді [134, р. 174]. **Скрипка** – ағылшын дәстүрлі мәдениетінде кең таралған музикалық аспаптардың бірі. Британ халқы оны орта ғасырларда Моррис биін билегенде пайдаланса, ХVІІІ-ХІХ ғасырлардан бастап симфониялық-оркестрлік концерттерде қолданған. Симфониялық концерт қойылымы (сценарий) бойынша бас скрипкада ойнайтын скрипкашы оркестрдің алдында тұрып, оны жетелеп, басқарып отырады. Осындай таптаурынды жағдаяттың перцептивті бейнесі «**plays first fiddle**» (сөзбе-сөз ауд. бас скрипкада ойнау) аксиологемалық стереотипінде

орнығып, басшының ұнамды этикалық образын бейнелеуге үйіткө болған. «*Fiddle*» хрематонимі – «*as fit as a fiddle*» (сөзбе-сөз ауд. скрипкадай мықты) аксиологемалық стереотипінде күш-қуаттың өлшемі ретінде қабылданып, тепсे темір үзетін жігіттің жағымды валеологиялық бағалау мәніндегі бейнесін суреттесе, «*a face as long as a fiddle*» (сөзбе-сөз ауд. беті – скрипкадай ұзын) аксиологемалық стереотипінде салы суға кеткен адамның мұңайған жүзін ассоциациялауға түрткі болған.

«Рахымғалидың жетігендей ауыр қозгалар мол малы» Кожагелдіні таңдаңдырыған» (<https://adugna.kz>).

«Жел өтінде жетілген,

Жетігендей шертілем» (Т.Қайысханұлы. Сексеуілдің шоғы, 7 б.).

Қарамен берілген мысалдардағы «жетіген» этномәдени хрематонимі – қазақ ұлтының көне заманынан жеткен сиқырлы үнге бай, жеті ішекті, шертпелі саз аспабын білдіреді [139,б. 351]. «Жетіген» хрематонимі – бірінші аксиологемалық стереотипте байлықтың өлшемі ретінде түсіндіріліп, дәүлетті адамның жағымды утилитарлық бағалау рецкіндегі бейнесін айшықтауға үйіткө болса, екінші аксиологемалық стереотипте жігерлі, білімді жастың ұнамды этикалық, зияткерлік бағалау мәндеріндегі бейнесін кескіндеуге арқау болған.

«На словах, что на гусях – а на деле, что на балалаике» (<https://politinformator.ru>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «гусли» этномәдени хрематонимі – орыс халқының бағзы заманнан келе жатқан көп ішекті, шертпелі саз аспабын білдіреді [132,с. 350]. Байырғы орыс елінде гуслимен халық әндерін, батырлар жырын орындаған. «Гусли» хрематонимі – орыс ұлттық-мәдени кеңістігінде жалғандықтың белгісі ретінде интерпретацияланған. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын пайдаланып, «на словах, что на гусях» аксиологемалық стереотипі арқылы суайт, өтірікші адамның ұнамсыз этикалық бейнесін айшықтай түскең.

«*Blow your own trumpet!*» (Lyn Funnell. Get out of Debt and Stay out, 14 б.).

Берілген аксиологемалық стереотиптегі «*trumpet*» этномәдени хрематонимі – қоңыраулы темір түтіктен тұратын жезді кернейді білдіреді [134,р. 513]. *Trumpet* – ағылшын ұлтының дәстүрлі музикалық аспабы. *Ол* – орта ғасырларда жарнамалық функция атқарған. Ағылшындар бұл аспаптың үнімен жарыстарда рыцарларға қошемет көрсетіп, оларды сайыс алаңына шығарған. Осы таптаурынды жағдаяттың фрагменті «*blow your own trumpet*» (сөзбе-сөз ауд. өз кернейінди тарт) аксиологемалық стереотипінде тіркелген. Коммуникатор мәтінде мысқыл тактикасына сүйеніп, «*blow your own trumpet*» аксиологемалық стереотипі арқылы даңғой, мақтаншақ адамның ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

«*Ни в дудочку, ни в сопелочку*» (Б.Пастернак. Доктор Живаго, 183 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*дудка*», «*сопелка*» этномәдени хрематонимдері – орыс ұлтының үрмелі саз аспаптарын білдіреді [132,с. 432]. Байырғы орыс елінде бұл аспаптармен кез келген адам ойнай

білген. Осындаған менталды түсінік «ни в дудочку, ни в сопелочку» (екі аспапта да ойнай алмайды) аксиологемалық стереотипінде сақталған. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын қолданып, «ни в дудочку, ни в сопелочку» аксиологемалық стереотипі арқылы қабілетсіз, білімсіз адамның ұнамсыз зияткерлік бағалау мәніндегі образын суреттеген.

«*We followed the drum*» (Arthur Conan Doyle. The Guards came through and other poems, 87 б.).

«*Followed the drum*» (сөзбе-сөз ауд. дабылдың артынан жүру) аксиологемалық стереотипіндегі «*drum*» хрематонимі – теріден жасалған, екі жағында бауы бар, цилиндр пішіндес, ұрып ойналатын музикалық аспапты білдіреді [134, р. 146]. Ежелгі ағылшын қоғамында дабыл аспабымен әскери жасақтың алдында сарбаз жүретін болған. Осындаған таптаурынды жағдаяттың ойсуреті – атальған аксиологемалық стереотипте орныққан. Коммуникатор мәтінде «*followed the drum*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы әскер қатарына қабылданған сарбаздардың бейнесін интерпретациялаған.

## 2.2 Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер

Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер – тарихи жадыда менталды бейне түрінде жатталып, этномәдени сана сүзгісінен өткен ұлттық-мәдени фреймдер мен салттық, рәсімдік, ғұрыптық атауларды таңбалаудың құралы. Олардың ішкі тұлғаларындағы бейнелі-уәжді компоненттерін салт-дәстүрмен, діни рәсіммен, мерекемен, ойынмен байланысты скриптонимдер құрайды.

Скриптонимдер – этнос өкілдерінің (қазақ, орыс, ағылшын) этнографиялық ғұрыптық рәсімдерін, яғни қойылымдық (сценарий) әлеуеті басым сакральді дүниесін интерпретациялайтын атаулар. Сакральді дүние – дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесін тану құралы. Демек, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзіндісін (фрагмент) айшықтайтын скриптонимдердің символдық мәні мен ғұрыптық мазмұнын айқындау нәтижесінде ұлттық-мәдени кодтық семантикасы (этнотілдік, этномәдени) ашылады. Бұл этномәдени санада жатталған стереотипті жағдаяттардың перцептивті бейнесін анықтауға жәрдемін тигізері сөзсіз.

Скриптонимдер – скриптонимді аксиологемалық стереотиптердің ұйытқы компоненттері ретінде мынандай қызмет атқарады:

- этномәдени бірегейлікке ие денотатативті және коннотативті аялардан құралып, ойсурет, менталды көрініс, перцептивті бейне түрінде тіркелген ұлттық-мәдени фреймдерді айқындаиды;

- символдық, эталондық коннотацияларды түспалдайды;

- когнитивтік қойылымға (сценарий) негізделіп, сакральді дүниені интерпретациялайды;


- ұлттық-мәдени код түзуші бірліктер ретінде аксиологиялық дүние бейнесінің үзінділерін айшықтайды.

Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер (фразеология, тенеу, метафора, метонимия, синекдоха, паремия) бес құрылымдық қабаттан тұрады. Олар: 1) скриптонимдер (этномәдени және әмбебап) мен түсінікті

байланыстыратын тұрақты тілдік таңбалардың өзегі; 2) тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін а) «салт-дәстүр»; ә) «діни рәсім»; б) «мереке»; в) «ойын» ұлттық-мәдени кодтар; 3) тұрақты тілдік таңбаларда бекіген аялық білім көрсеткіштері – ұлттық-мәдени фреймдер; 4) тұрақты тілдік таңбалар семантикасы (тілдік және мәдени); 5) тұрақты тілдік таңбалардың ассоциативті бейнелер түзетін аксиологиялық мәндері (ұнамды/ұнамсыз этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, психологиялық, валеологиялық, параметрлік және т.б.). Аталмыш құрылымдық қабаттар вербалды коммуникацияда скриптонимді аксиологемалық стереотиптердің тұтас жиынтық бейнесін құрайды.

Сонымен, скриптонимді аксиологемалық стереотиптер дегеніміз – әр ұлттың (қазақ, орыс, ағылшын) құнделікті тұрмысында жиі қайталану арқылы этнотілдік санасында фреймдер түрінде жатталған, рухани мәдениет деректі код құраушы скриптонимдері негіз болған, дүниенің ұлттық-мәдени құндылық бейнесінің үзінділері кескінделген тұрақты тілдік таңбалар. Олар – әр этностың рухани құндылық дүниесін бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды дереккөз болып табылады.

Зерттеуімізде скриптонимді аксиологемалық стереотиптерді ұлттық-мәдени код құраушы компоненттеріне қарай: 1) «салт-дәстүр» тірек компонентті стереотиптер; 2) «діни рәсім» тірек компонентті стереотиптер; 3) «мереке» тірек компонентті стереотиптер; 4) «ойын» тірек компонентті стереотиптер деген түрлерге бөлдік.



Сурет 9 - Скриптонимді аксиологемалық стереотип түрлері мен олардың құрылымы

### 2.2.1 «Салт-дәстүр» тірек компонентті стереотиптер

Әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) жүріп өткен тарихи жолы мен өмір сүру қағидасының, құндылық бағдары мен ұлттық ділінің, рухани болмысының бірегейлігі – салт-дәстүрінен көрінеді. Салт-дәстүр – қойылымға (сценарий) негізделетін скриптонимдердің бірі. Ол – этномәдени санада қорытылыш, өндөлген таптаурынды құбылыс. Бұл жөнінде отандық ғалымдар К.Н.Смағұлова: «халық ұғымында әбден сақталып қалған ұлттық дәстүрлер – ұлттың төлқүжаты ретінде өзге ұлттардан айырмашылығын айқындайды» [26, б. 110], С.Е.Жанпейісова: «рухани ескіліктер семантикасында этностың ежелгі ұзақ өмірінен сыр шертетін танымдық деректер жатады» [171] деп жазса,

ресейлік зерттеушілер Э.С.Маркарян: «салт-дәстүр – этноұжымның мінездүлік белгілері таңбаланған стереотипті форма» [172], Н.А.Колкова: «салт-дәстүр – этносанада тіркелген фреймдік көрініске ие менталды құрылым» [173] деген түсініктеме берген.

Демек, қазақ, орыс, ағылшын этнотілдік санасында айрықша құрылымдық қабат түзетін «салт-дәстүр» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптерді талдаудың мәні зор.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «салт-дәстүр» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің бейнелі-уәжді компоненттерін «шілдехана», «ат қою», «қырқынан шыгару», «тұсау кесу», «сүйінші», «көрімдік», «шашу», «ұрын келу», «қызы ұзату», «беташар», «жоқтау», «жаназа», «крестины», «имянаречения», «смотрини», «пропой», «венчания», «покаяние», «под образом», «положение в гроб», «оплакивание», «a christening», «a christening gifts», «down the aisle», «rose petals», «dance attendance», «coffin-handle», «a funeral flower», «a funeral cortege», т.б. скриптонимдер құрайды.

«Шілдехана құзеткендер оған тағы да ән айттыра алмай қойды» (Қ.Мұбарак. Айдың соңғы сәрсенбісі, 2 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «шілдехана» скриптонимі – қазақ халқының ежелден келе жатқан сәбидің дүниеге келуімен байланысты атқарылатын салт-дәстүрін білдіреді [139,б. 370]. Байырғы қазақы ортада жаңа туылған нәрестені қара құш иелерінен (жын-пері, албасты), тілкөзден қорғау үшін қырық күн, қырық тұн күзеттің болған. «Шілдехана құзет» деп аталатын бұл салт – бертін келе сәбидің құрметіне жасалатын тойға ауысқан. Шілдехана күзетке жастар жиналышп, оны таң атқанға дейін ойын-сауықпен өткізген. Осы менталды бейне орнықкан «шілдехана құзеткендер» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы коммуникатор мәтінде сауықшыл, думаншыл жастардың жағымды психологиялық, этикалық образын суреттеген.

«Ал, келінжан, міне, **бөпен қырқынан шықты**» (<https://bilim-all.kz>).

Келтірілген мысалда сәбиді қырқынан шығару салтының перцептивті көрінісі бейнеленген. Қырқынан шығару – сәбидің адам қатарына қосылғанын ишаралайтын сакральді мәні бар ғұрып. Қазақы ортада сәбидің өмірге келгеніне қырық күн толғанда оны көптің тілеуімен қырық қасық суға шомылдырып, қарын шашын алып, иткейлегін шешіп, қырқынан шығарады [139,б. 241]. Баланы қырқынан шығару рәсімінде күміс заттар, қойдың құмалағы, т.б. пайдаланылады. Күміс заттар – «адал, ақ болсын» дегенді, қойдың құмалағы – «дәулетті болсын» дегенді астарлайды.

«Как видели под крестом, так и видеть под венцом» (В.М.Мокиенко. Большой словарь русских пословиц, 51 б.).

«Под крестом» (сөзбе-сөз ауд. крест астында) аксиологемалық стереотипіндегі «крестины» скриптонимі – христиан дініндегі шоқындыру рәсімін білдіреді [132,с. 750]. Православиелік христиан бағытын ұстанатын орыс ұлты жаңа туылған нәрестені шіркеуге апарып, оған шоқындыру рәсімін

жасайды. Аталмыш рәсім бойынша шіркеу попы баланы крест астындағы су құйылған ыдыста (купель) шомылдырып, христиан санатына қабылдайтын. Бұл рәсімге баланың ата-анасы, кіндік әкесі мен кіндік шешесі қатысады. Осындай таптаурынды жағдаяттың ойсуреті «*под крестом*» аксиологемалық стереотипінде қатталып, христиан дінін қабылдаған нәрестенің бейнесін ассоциациялауға негіз болған.

«She looks *as modest as a maid at a christening*» (The British drama, 52 б.).

«*As modest as a maid at a christening*» (сөзбе-сөз ауд. шоқындыру рәсіміндегі күңдей қарапайым) аксиологемалық стереотипіндегі «*christening*» скриптонимі – жаңа туылған нәрестені шоқындыру мен ат қою рәсімдерін білдіреді [134, р. 83]. Католиктік христиан бағытын ұстанатын ағылшын халқы сәбиді бір айлық кезінде шоқындырады. Аталмыш рәсім англикан шіркеуінде өткізіледі. Бұл рәсімге сәбидің ата-анасы, кіндік әкесі мен кіндік шешесі, туғантуыстары қатысады. Шоқындыру рәсімі аяқталған соң, сәбидің ата-анасы жағдайы жоқ адамдарға садақа береді [155, р. 1007]. Осы салттың ойсуреті бекіген «*as modest as a maid at a christening*» аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор жұпның киінген қарапайым қыздың жағымсыз эстетикалық бейнесін кескіндеген.

«*Coin for baby*» (сөзбе-сөз ауд. нәрестеге арналған тыныдар) аксиологемалық стереотипінде британ халқының «*christening gifts*» (сөзбе-сөз ауд. шоқындыру сыйлықтары) дәстүріне қатысты ұлттық-мәдени түсінігі мазмұндалған. Дәстүрлі ағылшын қогамында шоқындыру рәсімі аяқталған соң, сәбидің кіндік ата-анасы «бақытты болсын», «бай болсын» деп ырымдал, сәбидің алақанына күміс тыын салады.

«- Ал менің *азан шақырып қойған атым* – Оспанхан» ([www.akalam.kz](http://www.akalam.kz)).

Қазақ халқы ислам дінін ұстанатындықтан, сәбидің есімін мұсылман дәстүріне сүйеніп қояды. Діни жоралғы бойынша молда нәрестенің басын құбылаға қаратып, азан шақырып, оның атын құлағына үш мәрте қайталап, есімін қояды. Ат қою рәсімінің перцептивті көрінісі келтірілген аксиологемалық стереотипте берілген.

««*Имя преподобного в крещении – к счастью младенца*», - полагал Андрей Терентьевич» (Ю.Бычков. Коненков, 7 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «*имянаречения*» скриптонимі – христиан дініндегі балаға ат қою жосынын білдіреді [132, с. 594]. Дәстүрлі орыс ортасында жаңа туылған сәбиге есімді шоқындыру рәсімінде қояды. Баланы шоқындырган күн әулиелерді, перштепелерді еске алу құрметіне тойланатын құнтізбелік мерекелермен сәйкес келсе, «*бақытты болады*» деп сеніп, баланың атын солардың есімдерімен қояды [107, с. 468]. Осы менталды түсінік «*имя преподобного в крещении – к счастью младенца*» аксиологемалық стереотипінде сақталған.

«Қазіргі қазақ әдебиеті мен өнерінің өресін асырып, өрісін кеңейтіп жүрген *орен жүйріктердің* бәрінің дерлік *тұсауы* «Лениншіл жаста» *кесілді*» (Ә.Кекілбаев. Алғадай азамат. [www.ult.kz](http://www.ult.kz)).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*тұсау кесу*» скриптонимі – баланың жүруіне қатысты орындалатын дәстүрді білдіреді. Қазақ халқының архаикалық нанымы бойынша қаз-қаз тұра бастаған сәбидің қадамын тұсаулап тұратын тылсым қүш болады. Сол тылсым қүшті кесіп жіберсе, сәби тез жүріп кетеді деген ақ тілеумен баланың тұсауын кеседі [174]. Бұл жосын түрлі символикалық мағынаға ие (ала жіп – адалдықтың, көк шөп – өсіп-өркендеудің, тоқ ішек – ырыс-дәулеттің рәміздері) атрибуттардың көмегімен жүзеге асады.

Коммуникатор мәтінде «*тұсауы кесілген орен жүйріктөр*» аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы талантты жас ақын-жазушылардың жағымды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін айшықтаған.

«Сүйініп сүйінилеп жатқан елге –

Әзірше осы болсын *байгазы-жыр!..*» (Ғ.Жайлышбай. Таңдамалы. Т.1. 53 б.).

«Кітаптың баспадан шығуына еңбегі сіңген ақын Мұрат Шаймарап мен жазушы Қойшыбек Мұбәракқа Айтан атандың әuletі *кітаптың сүйінисін берді*» (<https://baq.kz>).

«*Сүйінилеп жатқан ел*», «*кітаптың сүйінисін берген әulet*», «*байгазы-жыр*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*сүйінші*», «*байгазы*» скриптонимдері – сыйлық, кәде ұғымын білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында айтулы қуаныштар (баланың дүниеге келуі, үйлену, т.б.) болғанда ағайын-тұстап, құда-жегжаттан, көрші-қолаңнан сүйінші сұрайды. Сүйіншіге қалаған затты беру парыз саналады. Мұны тілдік қолданыстағы «*сүйіншіне не берейін?*» айтылышы да айғақтайды. Қазақ этномәдени кеңістігінде жақсылықтың, ризашылықтың нышаны ретінде рәмізделетін «*сүйінші*» скриптонимі – бірінші мысалда қуаныш сыйлаған халықтың ұнамды психологиялық бейнесін суреттеуге өзек болса, екінші мысалда сый-сияпат көрсеткен әuletтің ұнамды этикалық образын кескіндеуге ұйытқы болған.

*Байгазы* – қазақ этномәдени ұжымының кәде беру салтына жатады. Дағдылы тұрмыста байгазыны жаңа бұйым алғанда, жаңа киім кигенде береді. «*Байгазы*» скриптонимі – қазақ дүниетанымында сый-құрметтің белгісі ретінде ұғынылады. Коммуникатор мәтінде «*байгазы-жыр*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы халқына жыр сыйлаған ақынның ұнамды этикалық бейнесін айшықтаған.

«Сол кезде Өтеген кеп аттан тұсті,

Тұстесіп Әжібаймен бұл көрісті,

- Биеке, бауырың келді, *көрімдік бер*,

Өтеген Алтай бидің тонын шешті» (Бабалар сөзі. Т86. 297 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*көрімдік*» скриптонимі – сыйлық, кәде ұғымын білдіреді. Қазақы ортада жаңа туылған нәрестені, жаңа түскен келінді алғаш көрсеткенде «*тіл-көз тимесін*» деген ырыммен көрімдік сұрайды. *Көрімдік* – кәде алу салтына жатады. Мұны тіліміздегі «*көрімдігіне не бересің?*» айтылышы да растайды. Қазақ халқы көрімдікке астындағы атын да, үстіндегі тонын да берген. Осында ұлттық-мәдени фрейм келтірілген мысалда сакталып, ұнамды этикалық бейнені ассоциациялауға түрткі болған.

«- Қойшы-ей, не сонша, қайын жұртыңдағы қалыңдығыңа ұрын келгендей?» (Т.Қабылбек. Мәлдір мұң, 2 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «ұрын келу» скриптонимі – күйеу жігіттің айттырған қыз ауылына жасырын келу салтын білдіреді. Ұрын келу – құдаласу ресімі өткеннен кейін атқарылады. Осы салттың ойсуреті «қайын жұртыңдағы қалыңдығыңа ұрын келгендей» аксиологемалық стереотипіндегі бекіген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы жасқаншақ, ұялшақ адамның образын бейнелеген.

«Бір жаққа баарда мынау апаларың мені ұзатылатын қыздай дайындаиды» (<https://zhasorken.kz>).

«Тіпті, ұзатылатын қыздай әзер ажырап бара жатқанда да: - Ал, енді хабарласып тұр, үйді білесің ғой, келсен, соқпай кетпе, - деп қайта-қайта қол бұлғайтын» (<https://elorda.kz>).

Қазақ халқы қызын той жасап, оң босағадан күйеу жұртына сәнді жасаудығымен ұзатады. Ұзатылатын қыздың ойбейнесі – бірінші мысалда әсемдіктің, сұлулықтың эталоны ретінде сипатталып, ұнамды эстетикалық бағалау мәніндегі ақпараттың интерпретациялануына үйітқы болса, екінші мысалда қимастықтың белгісі ретінде ұғынылып, адамның жағымсыз психологиялық көніл-күйін репрезенттеуге мүріндік болған.

«Ақынның анасы Сейілхан апамыз орнынан көтерілгенде зал ішінде шапалактан шашу шашылғандай болды» (<https://zhetsyu-gazeti.kz>).

Елеулі қуаныштарда (сәбиді бесікке салғанда, баланың тұсауын кескенде, келін түскенде, құда келгенде, т.б.) қазақ әйелдері қант-кәмпіт пен құрт-ірімшік, т.б. сияқты тәттілерді араластырып, жиналған жұрттың ортасына шашу шашады. Қазақ этномәдени жүйесінде «шашу» скриптонимі – жақсылықтың нышаны ретінде түсініледі. Осында ұлттық-мәдени фрейм берілген мысалда орнығып, халық алдында қошеметке бөленген сыйлы ананың бейнесін экспликациялауға тұрткі болған.

«Бұдан соң, жұртшылық қолына тисін, қызыға бәрі оқып, ұрпақ пайдасына жаратсын деген мақсатпен *төрт томдықтың беташар рәсімін жасады*» (<https://e-history.kz>).

Қарамен берілген мысалдағы «*беташар*» скриптонимі – қазақ халқының келін түсіргенде орындалатын ғұрпын білдіреді. Аталмыш ғұрып бойынша ұзатылып келе жатқан қызды ауылдың қыз-келіншектері құтіп алып, оның басына ақ желек жауып, бетін ешкімге көрсетпей отауға әкеледі. Жас келінді отау алдына әкелгеннен кейін күйеу жұртымен таныстыру үшін «*беташар*» рәсімін жасайды [109, б. 660]. Этномәдени санаға сіңген беташар рәсімінің ойсуреті келтірілген мысалда тіркеліп, жұртшылық алдында таныстырылған жаңа туындылар жайлы ақпараттың вербалдануына ықпал еткен.

«Обе нарядились, как на смотрины» (М.Южина. Альфонс нечаянно нагрянет, 12 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*смотрины*» скриптонимі – орыс халқының қалыңдықпен күйеу жігітті және оның туыстарын таныстыру рәсімін білдіреді [132, с. 1848]. Байырғы орыс ортасында

күйеу жігіт пен оның ата-анасы қызды көру үшін құда түскен үйге келген. Аталған салт бойынша әдемі киінген қызды ата-анасы мен құрбылары избаның ортасына шығарып, ары-бері жүргізген. Орындықта отырған күйеу жігіт пен оның туыстары қызды мақтап, оның сұлулығына баға берген. «*Қыз көру*» жосыны қалыңдық пен күйеу жігіттің бір-біріне бас ию рәсімімен аяқталған [110, с. 180]. «*Смотрини*» дәстүрінің фрагменті келтірілген мысалда көрініс тауып, сәнді киінген қыздардың ұнамды эстетикалық образын айшықтауға негіз болған.

«Уж и запой пили... Сам знаешь: *пропитая – залитая!* Как под крестом, так и под венцом!» (Вестник Европы. Т.10. 52 б.).

«*Пропита – продана*» (В.И.Даль. Пословицы русского народа, 174 б.).

«*Пропитая – залитая*» (*сөзбе-сөз* ауд. *ішілген – құйылған*), «*пропита – продана*» (*сөзбе-сөз* ауд. *ішілді – сатылды*) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*пропой*» скриптонимі – орыс халқының үйлену дәстүрімен байланысты ғұрпын білдіреді [132, с. 1544]. Ежелгі қыз көру салты бойынша күйеу жігіт пен оның туыстары құда түскен үйге құлмақтан жасалған ішімдік әкелген. Қалыңдық пен күйеу жігіттің бас ию рәсімі атқарылған соң, екі жақ тараپ үстелге отырған. Үстел басында қыздың әкесі құдалар жақ әкелген ішімдікті ішіп, той күнін белгілеген. Бұл ғұрып – «*пропой*» деп аталған [110, с. 174]. Осы салттың перцептивті көрінісі берілген аксиологемалық стереотиптерде қатталып, қалыңдықтың бейнесін суреттеуге арқау болған.

«Свадьба столетия: Басков и Лопырева *собрались под венец*» (<https://mir24.tv/news>).

«Уж и запой пили... Сам знаешь: пропитая – залитая! Как под крестом, *так и под венцом!*» (Вестник Европы. Т.10. 52 б.).

«*Собрались под венец*» (*сөзбе-сөз* ауд. *тәж астына жиналу*), «*под венец*» (*сөзбе-сөз* ауд. *тәж астында*) аксиологемалық стереотиптеріндегі «*венчания*» скриптонимі – христиан дініндегі некелесу ғұрпын білдіреді [132, с. 156]. Орыс ұлттының дәстүрлі некелесу салты шіркеулік ғұрыптармен жүзеге асады. Сондай ғұрыптардың бірі – «*вознесение венца*» (*сөзбе-сөз* ауд. *тәж көтеру*) деп аталады. Аталмыш ғұрып бойынша шіркеу попы неке қио рәсімін орындаған жатқанда күйеу жігіт пен қалыңдықтың өкілдері (достары, туыстары) екі жастың басынан тәж көтеріп тұрады [107, с. 159]. Осы ғұрыптың ойсуреті берілген мысалдарда орнығып, күйеу жігіт пен қалыңдықтың образын ассоциациялауға үйітқы болған.

«*A gentleman walks down the aisle*» (John Bridges. A gentleman walks down the aisle, 1 б.).

Ағылшын халқының дәстүрлі үйлену салты бойынша күйеу жігіт пен қалыңдық шіркеу ішіндегі неке қио алаңына ортаңғы жолмен жүріп келеді. Мұндай салт – «*қандай жағдай болмасын, біз біргеміз*» деген ұғымды ишаралайды [108, р. 124]. Осы ұлттық-мәдени фрейм «*a gentleman walks down the aisle*» (*сөзбе-сөз* ауд. *ортамен жүретін мырза*) аксиологемалық стереотипінде сақталып, күйеу жігіттің образын бейнелеуғе уәж болған.

«He was *as marry as a marriage bell*» (F.J.Goldsmid. James Outram: A Biography, 87 б.).

Британ халқының үйлену дәстүрі бойынша қүйеу жігіт пен қалыңдық шіркеуге кірерде және шіркеуден шығарда қоңырау соғылады. Бұл қоңырау – екі жастың бақытты сөтін тұспалдайды. Осы рәсімнің перцептивті көрінісі «*as marry as a marriage bell*» (сөзбе-сөз ауд. үйлену тойы кезіндегі қоңыраудай құанышты) аксиологемалық стереотипінде сақталған. Коммуникатор мәтінде ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін қолпаштау тактикасына сүйеніп, «*as marry as a marriage bell*» аксиологемалық стереотипі арқылы бақытты адамның жағымды психоэмоционалдық күйін бейнелеген.

«We have *to throw rose petals*» (Ch.Butterfield. A beautiful day for a wedding, 104 б.).

Келтірілген мысалда да ағылшын халқының үйлену ғұрпымен байланысты жосыны көрініс тапқан. Сондай жосындарының бірі – «*throw rose petals*» (сөзбе-сөз ауд. раушан жапырақтарын шашу) деп аталады [108, p. 129]. Аталған жосын бойынша екі жастың некелесу рәсімі аяқталған соң, оларға шіркеу алдында раушан гүлінің жапырақтарын шашады. Бұл жосын – ерлі-зайыптыға «бақытты, баянды ғұмыр» тілеуді меңзейді.

«And why not? It is not as if I am seeking this *young man to dance attendance on me*» (M.Hunter. The surrender of Miss Fairbourne, 54 б.).

Ежелгі ағылшын дәстүрі бойынша той күні қалыңдық өзін биге шақырған кез келген қонақпен билеуі міндетті санаған [108, p. 92]. Осындай таптаурынды жағдаяттың ойсуреті «*young man to dance attendance on me*» (сөзбе-сөз ауд. жас жігіт маган биге қатысты) аксиологемалық стереотипінде орнықсан. Коммуникатор мәтінде әжуалау тактикасын қолданып, «*young man to dance attendance on me*» аксиологемалық стереотипі арқылы тәуелді, басыбайлы жігіттің ұнамсыз этикалық бейнесін суреттеген.

«Сыртта мал қайырып жүрген кісілерден марқұмның үй-жайының мөлшерін сұрап алды да, ауылга «*Ой, бауырымдаң*» ат қойып кірді» М.Мағауин. Көкбалак, 92 б.).

«Темірбектің экесі Рахымнан қатарынан қара қағаз келгенде шаңырағы шайқалып, аяқтың астындағы қара жерде тербеліп Алатаудан ескен жай қоңыр самал жоқтау айтқандай болып еді» (<https://egemen.kz>).

««Тірлік бар ма еken құрбан болмай...» деп,

Түнереді орман қиналғандай боп.

Батып тұр мұнға ағаштар

**Достың**

**Жаназасына жиналғандай бол**» (Есдәulet Ұ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. 89 б.).

«*Ой, бауырымдаң*» ат қойып кіру», «*қоңыр самал жоқтау айтқандай*», «*досының жаназасына жиналғандай мұнды ағаштар*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*бауырымдау*», «*жоқтау айтту*», «*жаназага жиналу*» скриптонимдері – қазақ халқының өлікті жөнелтү ғұрпымен байланысты салт-жоралғыларын білдіреді. Қазақ салты бойынша қайтыс болған марқұмның

жақындарына көңіл айтып, қайғысына ортақтасу – парыз саналады. Осыған орай, дәстүрлі ортада марқұмды аза тұтудың өзіндік жөн-жосығы қалыптасқан. Айталық, қаралы үйде ер кіслер «ой, бауырымдап» дауыс салса, әйел кіслер азалы жоқтау айтады. Мәйітті арулау, құрметтеу рәсімі аяқталғаннан кейін ислам шариатына сәйкес, имам жиналған жұрт алдында марқұмға арнап жаназа намазын оқып, актық сапарға шығарып салады [150, б. 351]. Осы рәсімдердің көріністері жоғарыда берілген мысалдарда таптаурындалып, түрлі символдық мағыналардың үстелуіне уәж болған. Мәселен, «*ой, бауырымдап ат қойып кіру*» аксиологемалық стереотипіндегі «*бауырымдау*» скриптонимі – туысқандықтың белгісі ретінде рәмізделіп, жақын тартқан адамын азалауды білдірсе, «*қоңыр самал жоқтау айтқандай*», «*досының жаназасына жиналғандай мұнды агаштар*» аксиологемалық стереотиптеріндегі «*жоқтау айту*», «*жаназага жиналу*» скриптонимдері – қайғы-қасіреттің белгісі ретінде түсіндірліп, жағымсыз ақпараттың экспликациялануына негіз болған.

«Религиозное чувство было в нем слабо, и он, вероятно, исполнил последний обряд *покаяния перед священником, отпускавшим ему его грехи – именно как обряд*» (И.С. Тургенев. Собрание сочинений. Т.10. 180 б.).

Дәстүрлі орыс ортасында «*о дүниеде жаным жай тапсын*» деген ниетпен өлім аузында жатқан адам шіркеу попын шақыртып, бұз дүниеде жасаған күнәларын мойындаиды. Шіркеу попы Інжіл дұғаларын оқып, оның күнәларының кешірілуін Құдайдан тілейді [110, с. 158]. Орыс мәдениетінде «*покаяние*» жосыны – күнәдан арылудың белгісі ретінде қабылданған. Осындағы ұлттық-мәдени фрейм «*покаяние перед священником*» (сөзбе-сөз ауд. әулие әкейдің алдында тәубеге келу) аксиологемалық стереотипінде тіркелген. Коммуникатор мәтінде аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы тәубеге келген адамның бейнесін кескіндеген.

«- А это кто *под образами на лавке лежит*? – спросил Феликс Адамович, глядя в окно» (А.Чехов. Барыня, 18 б.).

Орыс халқының архаикалық рәсімі бойынша қайтыс болған адамның бетін иконаларға қаратып, аяғын созып, лавкаға жатқызған [110, с. 14]. Мұндай рәсімнің перцептивті көрінісі «*лежать под образами*» (сөзбе-сөз ауд. бейнелер астында жату) аксиологемалық стереотипінде таңбаланған. Коммуникатор аталған аксиологемалық стереотип арқылы марқұм болған адам жайлы ақпаратты ишаралаған.

«Но видок у Лагутина в этом зеркале сейчас был совсем скверный. Как говорится, *краше в гроб кладут*» (Н.Леонов, А.Макеев. Долг платежом страшен, 12 б.).

Орыс халқы қайтыс болған марқұмның сүйегін жуындырып, жаңа киімін киіндіріп, бояндырып, табытқа салып, жерлейді [107, с. 286]. Өлікті жөнелту ғұрпының ойсуреті «*как краше в гроб кладут*» (сөзбе-сөз ауд. әдемілек табытқа салғандай) аксиологемалық стереотипінде берілген. Коммуникатор аталған аксиологемалық стереотипті қолдану арқылы арып-жүдеген, жүзі солғын тартқан адамның жағымсыз валеологиялық бағалау мәніндегі бейнесін суреттеген.

**«Плакуша по чужому горю плачет»** (В.Даль. Пословицы русского народа. Т.2. 107 б.).

Келтірілген аксиологемалық стереотипте орыс халқының көне азалау рәсімі бейнеленген. Байырғы орыс елінде марқұмды азалау үшін жоқтау айтып, дауыстап жылайтын әйелдерді жалдайтын болған. Оларды «плакуша», «плакальщица» деп атаған [110, с. 134]. Бұл туралы М.О.Әуезов: «Жоқтау жалғыз қазақтағана емес, орыс ескілігінде де бар болған. Бұрынғы заманда өлген жақынын орыстар жоқтайтын. Бірақ оның қазақтықінен айырмасы: жоқтау өлең жаттама болатын. Ертеде шыққан бір өлеңді кім өлсе де, өзгерпестен айта беретін. Айтушылары да қазақтықіндей қайғылы үйдің өз ішінен шыққан адам емес, әдейі кім өлсе, соны жоқтап жүретін жоқтағыш «плакальщица» әйелдер болған. Соларды жалдап әкеліп, жылатып, өлгендерін жоқтатып алатын болған. Жылағыш әйелдерге жоқтау айту арнаулы кесіп болған» [176, б. 191]. Осы менталды түсінік **«плакуша по чужому горю плачет»** аксиологемалық стереотипінде орнығыш, жанашыр адамның ұнамды этикалық образын ассоциациялауға өзек болған.

«The wooden hand-grip was as cold as a coffin handle» (Ian. Rankin. 10 Great Rebus Novels, 17 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотипте ағылшын халқының өлімге қатысты архаикалық түсінігі бейнеленген. Байырғы ағылшын қоғамында жанып тұрған шырағданың кенеттен сөнуі суыт хабарды білдірген. Бұған мына пікір де негіз бола алады: «Ағылшын этномәдени жүйесінде сөнген шырағданың балаузы «coffin handle» (сөзбе-сөз ауд. табыт тұтқасы) деп аталып, отбасындағы қазаның нышанын астарлаған [155, р. 289].

**«Flowers for his funeral»** (A. Grander. Flowers for his funeral, 1 б.).

**«Funeral flowers»** (сөзбе-сөз ауд. жерлеу гүлдері) ағылшын халқының жерлеу жосынында маңызды рөл атқарады. Британдықтар қазалы үйге қара киім киіп, марқұмның табытына қойылатын ақ лалагүлін әкеледі. Бұл – марқұмға көрсетілген құрмет пен өмір жалғастығын мензейді [155, р. 290]. Осындай жосынның перцептивті бейнесі жоғарыда аталған мысалда бейнеленген.

«His entourage were as sober as men leading a funeral cortège» (Sh. K. Penman. A King's Ransom, 608 б.).

Ағылшын халқының елікті жөнелту ғұрпы бойынша жерлеу бюросының директоры кортежді (табыт салынған көлік) басқарып, қабірге дейін жаяу жүріп барады [155, р. 291]. Бұл ғұрыптың ойсуреті **«as sober as men leading a funeral cortège»** (сөзбе-сөз ауд. жерлеу кортежін басқаратын ер адамдардай байсалды)

аксиологемалық стереотипінде сақталған. Коммуникатор аталмыш аксиологемалық стереотипті пайдалану арқылы мәтінде байсалды, ұстамды адамдардың жағымды этикалық бейнесін айшықтай түсken.

## 2.2.2 «Діни рәсім» тірек компонентті стереотиптер

Діни ғұрыптар – әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) наным-сенімі мен таным-түсінігіне, ділі мен өмір сүру тәжірибесіне негізделген скриптонимдер

ретінде сакральді дүние бейнесін интерпретациялайды. Әр этномәдени ұжымның тұрмыс-салтымен біте қайнасқан діни рәсімдер – этнотілдік санада дүниенің діни бейнесінің үзіндісі ретінде менталды құрылым түзіп, скриптонимдер түрінде жарықта шығады. Отандық және әлемдік лингвист-ғалымдар (К.Ғабитханұлы, С.Е.Исабеков, Н.И.Толстой, О.И.Быкова, М.Коул) діни скриптонимдердің тасасында ғұрыптық дүниетаным арқау болған этноконнотация жатып, оларға түрлі семантикалық, стилистикалық реңктер жүктейтінін айтады. Демек, діни скриптонимдерден уәжделген ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптерді талдау – ғұрыптық дүниетанымның даралығын бағамдау үшін маңызды.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «діни» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің үйітқы компоненттері **«иман»**, **«намаз»**, **«ораза»**, **«зекет»**, **«қажылық»**, **«исповедь»**, **«икона»**, **«крест»**, **«пост»**, **«cross»**, **«lent»**, **«worship»**, т.б. секілді скриптонимдерден құралады.

**«Ізгілікке иманындаі сенген»** («Қазақ әдебиеті» газеті, 14.12.2012).

«Оның командастында көрген-білгені бар, обал-сауапты білетін **иманжүзділер** аз емес» (<https://www.astana-akshamy.kz>).

«Кейбір **иманнан безгендер** ата-анасын үйіне сыйғызбай қуып шығып, қарттар үйіне тапсырып жатқандарын естігенде жан түршігеді» («Созақ үні» газеті, 22.10.2013).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптердегі **«иман»** скриптонимі – ислам дініндегі бес парыздың (иман, намаз, ораза, қажылық, зекет) бірінші діңгегін білдіреді. **«Иман»** лексемасы – араб тілінен аударғанда **«риясыз сену»**, **«шын ниетпен растау»** деген мағыналарды береді. **Ол** – мұсылман жүрегінің айнасы. Ислам қағидаларына сәйкес иман алты негізден құралады. Олар: 1) Алла Тағалаға иман келтіру; 2) Періштегерге иман келтіру; 3) Пайғамбарларға иман келтіру; 4) Қасиетті төрт кітапқа (Құран Кәрім, Інжіл, Тәурат, Забур) иман келтіру; 5) Ақырет күніне иман келтіру; 6) Тағдырға иман келтіру [150, б. 649]. Иман негіздеріне шынайы сеніп, куәлік еткендер Ислам дініне қабылданып, мұсылман атанады. **«Иман»** скриптонимі – қазақ мәдениетінде ар-ұяттың, адалдықтың, мейірімділіктің, кісіліктің өлшемі ретінде ұғынылады. Коммуникатор мәтінде мақтау тактикасына сүйеніп, **«ізгілікке иманындаі сенген»**, **«иманжүзділер»** аксиологемалық стереотиптері арқылы адал, мейірімді жандардың ұнамды этикалық бейнесін суреттесе, әжуалау тактикасына сүйеніп, **«иманнан безгендер»** аксиологемалық стереотипі арқылы арсыз, қатыгез адамдардың ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндеген.

**«Креста на нем нет, на старосте-то»** (А.П.Чехов. Злоумышленник, 204 б.).

Орыс халқы баланы шоқындырған соң, оның мойнына крест тағады. **Крест** – христиандардың тақуалығын, діндарлығын айғақтайтын сакральді таңбасы. Осы менталды түсінік бекіген **«креста на нем нет»** (сөзбе-сөз ауд. мойнында кресті жоқ) аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор мәтінде тасжүрек адамның жағымсыз этикалық образын бейнелеген.

**«Өзің етегіңе сәждеде қылып, намаз оқып па едің? Тарттың ғой, бала-бақшаның ескі-құсқысын... Күні бүгінге дейін гүлді орамалдарымен бет сүртіп келесің!»** (<https://adebiportal.kz>).

**«Кеш, жеңеше, кеш, ораза-намазы бұзылмаган асылым,** - деп көзіне жас алып қолынан сүйді» (О.Бекей. Апамның астауы, 83 б.).

**«Жігіттердің айтуынша, Ысқақ орысша тілге судай. Законды намаздың сабагындай біледі»** (І.Жансүгіров. Жолдастар романы, 22 б.).

**«Етегіне сәждеде қылып, намаз оқымаган», «ораза-намазы бұзылмаган», «намаздың сабагындай біледі»** аксиологемалық стереотиптеріндегі «намаз» скриптонимі – ислам дініндегі бес парыздың екінші дінгегін білдіреді. **Ол** – мұсылманның Алла Тағала разылышы үшін құбылаға бет бұрып, бес мезгіл (таң, бесін, екіні, ақшам, құптан) сәждемен, құран аяттарымен орындастын құлшылық ғибадаты. Мұсылман ортасында ерге де, әйелге де бес уақыт намазды қаза жібермей оқу парыз етілген. **«Намаз»** скриптонимі – қазақ діни танымында имандылықтың үлгісі ретінде қабылданған. Намаз оқу ғибадатының перцептивті көрінісі жоғарыда аталған аксиологемалық стереотиптерде орнығып, түрлі обrazдардың бейнеленуіне уәж болған. Мәселен, бірінші мысалда коммуникатор мысқылдау тактикасын қолданып, **«етегіне сәждеде қылып, намаз оқымаган»** аксиологемалық стереотипі арқылы жазықты, кінәлі әйелдің ұнамсыз этикалық бейнесін кескіндесе, екінші мысалда мақтау тактикасына сүйеніп, **«ораза-намазы бұзылмаган»** аксиологемалық стереотипі арқылы тексті әйелдің ұнамды этикалық бейнесін айшықтаған. Ал үшінші мысалда қолпаштау тактикасын пайдаланып, **«намаздың сабагындай біледі»** аксиологемалық стереотипі арқылы сауатты адамның ұнамды зияткерлік бағалау мәніндегі образын экспликациялаған.

«Невеста нашего Василия, - тихо сказал Тугаев. - Необыкновенная чистота! Прямо **хоть икону пиши!**» (А.Зарин. Пропавший артельщик, 17 б.).

**«Молиться как на икону»** (В.М.Мокиенко, Т.Г.Никитина. Большой словарь русских народных сравнений, 133 б.).

**«Чистая как икона»** (В.М.Мокиенко, Т.Г.Никитина. Большой словарь русских народных сравнений, 133 б.).

**«Хоть икону пиши»** (сөзбе-сөз ауд. тіпті икона сал), **«молиться как на икону»** (сөзбе-сөз ауд. иконага табынгандай сиыну), **«чистая как икона»** (сөзбе-сөз ауд. иконадай кіршіксіз) аксиологемалық стереотиптеріндегі **«икона»** скриптонимі – христиандардың сиынуға арналған Құдай, әулие бейнелерін білдіреді [132, с. 592]. Православиелік христиан бағытын ұстанатын орыс халқы шіркеуде, үйде иконаның алдына шырағдандар жағып, үш рет басын иш, шоқынады. **Ол** – орыс этномәдени ұжымының қасиетті, киелі атрибуты саналады. Байырғы орыс қоғамында иконаны шіркеу суретшілері салған. Оларды **«иконописец»** деп атаған. Орыс діни санасында пәктіктің, әсемдіктің, жарқындықтың, сый-құрметтің белгісі ретінде рәмізделген **«икона»** лексемасы арқылы бірінші аксиологемалық стереотипте жүзі жарқын, көрікті қыздың ұнамды эстетикалық бейнесі суреттелсе, екінші аксиологемалық стереотипте

құрметті адамның, үшінші аксиологемалық стереотипте бейкүнә адамның ұнамды этикалық бейнесі айшықталған.

«Прости и молись, Маруся, за своего отца, великого грешника... **Перед тобою, как перед попом на исповеди**, открою я свою душу, свои грехи большие...» (Д.Дмитриев. Император-отрок, 24 б.).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі **«исповедь»** скриптонимі – христиандардың шіркеу қызметкерінің алдында өз күнәсін мойындалап, тәубеге келу үшін орындалатын діни рәсімін білдіреді [132, с. 617]. Бұл рәсім – әңгімелесу түрінде жүзеге асады. Аталмыш рәсімде шіркеу попы Құдай мен адам арасын байланыстыратын делдалдың қызметін атқарады. Әңгімелесу барысында тәубеге келуші өзінің жан дүниесін шіркеу попына ақтарып, одан Құдай алдында күнәсінің кешірілуіне тілекші болуын сұрайды. **«Исповедь»** скриптонимі – орыс діни танымында рухани тазарудың нышаны ретінде символданған. Бұл рәсімнің ойсуреті – **«перед тобою, как перед попом на исповеди»** аксиологемалық стереотипінде сақтарып, тәубесіне келген адамның образын суреттеуге ұйытқы болған.

«She *worships her father as a god*» (<https://idioms.thefreedictionary.com>).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі **«worship»** скриптонимі – діни рәсімдерді білдіреді [134, р. 552]. Ағылшын халқы әр жексенбі сайын Англикан шіркеуіне барып, Құдайға құлшылық жасайды. Інжілден дұғалар оқып, діни уағыздар тындалап, құлшылық әуендерін орындаиды. Ағылшын діни дүниетанымында құрмет тұтудың, тәу етудің белгісі ретінде рәмізделген **«worship»** скриптонимі – аталмыш аксиологемалық стереотипте де қадірлі адамның ұнамды этикалық бейнесін айшықтауға ықпал еткен.

«Қуанарлығы сол, Бибісі *аузына берік*, бір тоға» (А.Нұсіп. Тұтінің өшпесін, 10 б.).

**«Өлеңменен аштырган оразамды**

Барыс жылғы бір шалдың баласы едім» (Д.Кәпұлы. Шертолғақ, 19 б.).

**«Аузы берік», «өлеңмен оразасын аштырган»** аксиологемалық стереотиптеріндегі **«ораза»** скриптонимі – ислам дініндегі бес парыздың үшінші діңгегін білдіреді. **«Ол** – мұсылмандардың қасиетті рамазан айында Алла Тағала разылығы үшін таңның атысынан күннің батысына дейін отыз күн ауыз бекітіп, ішіп-жеуден, өсек-ғайбаттан, барлық харам істерден тыйылатын айырықша құлшылығы [175]. Ислам дінін ұстанатын қазақ халқы рамазан айында аузы берік жандарды ауызашарға шақырып, жағдайы жоқ адамдарға пітір-садақа береді. **«Ораза»** скриптонимі – қазақ этномәдени ортасында төзімділіктің, сабырлықтың, қайырымдылықтың нышаны ретінде символданған. Ораза құлшылығының перцептивті көрінісі аталған аксиологемалық стереотиптерде тіркеліп, бірінші мысалда байсалды, құпияға берік адамның ұнамды этикалық бейнесін кескіндеуге түрткі болса, екінші мысалда дарынды, қабілетті ақынның жағымды зияткерлік бағалау реңкіндегі бейнесін экспликациялауға негіз болған.

«Дети как дети. Жена? Господи, **какая же у нее постная физиономия!** Хотя я, конечно, ее понимаю – жить с нашей Мишой...» (М.Метлицкая. Фиалки на десерт, 44 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«пост»** скриптонимі – христиандардың шіркеу белгілеген белгілі бір мерзім аралығында қарапайым тағамнан, т.б. шектеулерден бас тартып, ораза ұстау рәсімін білдіреді [132, с. 1422]. Православиелік христиандар жылына төрт рет ораза ұстайды. Олар: **«Рождественский пост»** (*Рождестволық ораза*), **«Великий пост»** (*Ұлы ораза*), **«Петров пост»** (*Петров оразасы*), **«Успенский пост»** (*Успенский оразасы*) деп аталады. Айталық, Рождестволық ораза мен Ұлы ораза ұзак мерзімді қамтыса, Петров пен Успенский оразалары қысқа мерзімді қамтиды. Ұзак мерзімді ораза 40-48 күнге созылып, Иса пайғамбардың құрметіне ұсталса, қысқа мерзімді ораза 14-27 күнге созылып, әулие апостол мен әулие Марияның құрметіне ұсталады. Аталмыш оразаларда орыс халқы ауыз бекітпей, тек ет, сүт, майлы тағамдардан бас тартып, ораза тағамдарын (постная пища) ғана жейді. Шіркеуге барып, құлышылық жасайды [110, с. 192]. Коммуникатор мәтінде кекесін тактикасын пайдаланып, **«постная физиономия»** аксиологемалық стереотипі арқылы үнемі тұнжырап жүретін, қабағы ашылмайтын әйелдің ұнамсыз этикалық образын бейнелеген.

«Some people mark Ash Wednesday by *wearing a cross of ashes on their forehead*» (<https://www.thesun.co.uk>).

Католиктік христиан дінін ұстанатын ағылшын халқы **«Ash Wednesday»** (*сөзбе-сөз ауд. күлді сәрсенбі*) күні шіркеуге барып, пальма жапырағының күлінен маңдайларына крест таңбасын салғызады. Бұл рәсім – күнәдан жанды тазарту үшін Ұлы оразаның (lent) алдында атқарылады. Маңдайға салынған крест таңбасы – христиандардың тәубеге келу белгісін түспалдайды. Осы рәсімнің перцептивті бейнесі бекіген **«wearing a cross of ashes on forehead»** (*сөзбе-сөз ауд. маңдайына күлді крест кигендер*) аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор тәубеге келген адамдардың жағымды этикалық образын аша түскен.

«*You little Jack-a-lent, have you been true to us?*» (William Shakespeare. Poems and Plays. V.8, 118 б.).

**«Little Jack-a-lent»** (*сөзбе-сөз ауд. кішкентай Джек ораза*) аксиологемалық стереотипіндегі **«lent»** скриптонимі – христиандардың Пасха мерекесіне дейін алты апта ұстайтын оразасын білдіреді [134, р. 266]. **«Lent»** лексемасы – көне ағылшын-саксон тілінен аударғанда **«spring»** (*көктем*) немесе **«lengthening days»** (*ораза кундері*) деген ұғымды береді. Батыс христиан күнтізбесі бойынша британ халқы көктем мезгілінде қырық күн ораза тұтады. Аталмыш күндерде отбасылық мерекелерден (үйлену тойы, туған күн), ішімдік пен тәттілерден (шоколад), зәйтүн майынан жасалатын тағамдар мен ет тағамдарынан бас тартады. Байырғы ағылшын халқы оразаның алғашқы күнінде сабаннан жасалған **«Jack-a-lent»** атты қуыршақты алаңға орнатып, оған қырық күн бойы тас пен балшық атып, оны оразаның соңғы жексенбісінде өртейтін болған. Қуыршаққа тас пен балшық ату – *тәннің күнәдан кірлеуін*, ал кірленген

куыршақты өртеу – жанның күнәдан тазаруын ишаралаған [111, р. 1227]. Осындай ғұрыптың ойсуреті сақталған «*little Jack-a-lent*» аксиологемалық стереотипі арқылы коммуникатор мәтінде әркімнің қолшоқпарына айналған адамның жағымсыз этикалық бейнесін айшықтаған.

«*Zeket берушілер* көбейсе, ел арасындағы кембағалдық, мұқтаждық жойылар еді» (Б.Шалғынбай. Аққожа би, 155 б.).

«Кемпір баласына қарттан бұрын жетті. «*Садагаң кетейін, зекетің болайын!*» деп барып, бетінің жаңа ғана қызыл ит жалап өткен жерінен шөп еткізіп сүйіп алды» (Ж.Нәжімеденов. Ақ шағыл, 28 б.).

**Зекет** – Ислам дініндегі бес парыздың төртінші діңгегі. **Ол** – Алла Тағала разылығы үшін кедей-пақырларға, жетім-жесірлерге малдай, ақшалай, заттай берілетін садақа түрі. ««**Зекет**» лексемасы – араб тілінен аударғанда «*тазару*» деген мағынаны білдіреді. Шариат шарты бойынша зекет әрбір ауқатты отбасының мұлкі мен кіріс есебінен қауымның игілігі үшін жылына бір мәрте беріледі» [150, б. 583]. Зекет беру рәсімінің ойсуреті келтірілген аксиологемалық стереотиптерде орнығып, қайырымды жандардың ұнамды этикалық бейнесін кескіндеуге түрткі болған.

«Қазақтың «менмін» деген әншісі «Қанат талды» әнінің алдына келгенде *Қағбага тәу еткендей тағым қылары анық*» (<https://e-history.kz>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«Қағба»** скриптонимі – Мекке қаласындағы әл-Харам мешіті ауласының кіндігінде орналасқан құлшылық орнын білдіреді. *Қағба* – жер бетінде алғаш тұрғызылған мешіт. **Ол** – мұсылмандардың бес уақыт намазда бет түзеп, тағым ететін құбыласы. Мұсылмандар қажылық сапарында адамзаттың бейбітшілік орны мен орталығына айналған қасиетті, киелі Қағбаны айналып, тәу етеді [175]. Қағбаны тәу ету ғұрпының перцептивті бейнесі аталмыш аксиологемалық стереотипте орнықсан. Коммуникатор мәтінде **«Қағбага тәу еткендей тағым қылады»** аксиологемалық стереотиптің қолдану арқылы бағалы, құнды дүние туралы ақпаратты вербалдаған.

### 2.2.3 «Мереке» тірек компонентті стереотиптер

Ұлттық-мәдени бояуы сіңген скриптонимдердің бір шоғырын мереке атаулары құрайды. Мереке атауларының түпкі мазмұнында этномәдени ұжымның сан ғасырдан бері қордаланған тарихы, құндылық бағдары, ырымтиымдары, жосын-жоралғылары сақталады. Мереке атауларына қатысты мәселені Г.И.Исина, Ю.А.Фролова, И.В.Семенова, Е.С.Ананченко арнайы сез етіп, олардың символикалық-аксиологиялық әлеуеті мен эмоционалдық реңкі басым болатынын дәйектеген. Бұл қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «мереке» тірек компонентті стереотиптердің ғылыми тұрғыдан сараптау қажеттілігін көрсетеді.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «мереке» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің бейнелі-үәжді компоненттері **«наурыз»**, **«ораза айт»**, **«құрбан айт»**, **«рождество»**, **«пасха»**, **«масленица»**, **«christmas»**, **«easter»**, **«maypole»**, т.б. секілді скриптонимдерден тұрады.

### **«Наурыз мерекесін тойлагандар**

Қазанда бал көжесі қайнағандар» (<https://m.facebook.com>).

«Әз болмай, мәз болмас» (<https://kuzylordatv.kz>).

«Алты ай қыста арқамызға тоң қатып, құрышы жазылмаған құшағымызды ашып, бейне бір «оидагы ел қырдагы елмен көріскендей» өзімізше көрісп жатырмыз» (<https://ortalyq.kz>).

**Наурыз** – қазақ этномәдени ұжымының ежелден келе жатқан дәстүрлі мерекесі. Қазақы ортада бұл мерекені – «Ұлыстың ұлы құні», «Әз», «Амал» деп те атайды. Байырғы қазақ қоғамында ұлыстың ұлы құні жаңа жыл мерекесі саналып, құн мен тұн теңелер кезде тойланған. Қыстан аман шыққан жұрт арқа жарқа болып, көрісп, наурыз көже әзірлеп, жыл басын қарсы алған [175,б. 495]. **«Наурыз»** скриптонимі – қазақ этномәдени санасында жаңарудың, молшылықтың, татулықтың символы ретінде рәмізделген. Наурыз мерекесінің перцептивті көрінісі **«наурыз мерекесін тойлагандар», «әз болмай, мәз болмас», «оидагы ел қырдагы елмен көріскендей»** аксиологемалық стереотиптерінде бекіп, мәтінде қазақ елінің ұнамды этикалық, психологиялық бейнесін интерпретациялауға уәж болған.

### **«Ағайын айтышылап кеп айтыс көрген,**

Қабыл болсын, тіледім баршаңа бақ» (Д.Кәпұлы.Шертолғақ, 12 б.).

Ислам дінін ұстанатын қазақ халқы бір жылда екі айт (ораза және құрбан) мерекесін атап өтеді. Мұсылман құнтізбесі бойынша ораза айтты шәууал айында, ал құрбан айтты зұлхижжа айында тойлайды. Айт мерекесі үш күнге жалғасып, әр шаңырақта дастарқан жайылып, құтты болсын айтылып, бір-бірінің үйіне айтышылайды [109,б. 113]. Қазақ мәдениетінде **айтышылау** дәстүрі – рақымшылық пен мейірімділіктің, сыйластың пен татулықтың өлшемі ретінде ұғынылады. Коммуникатор ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін қолпаштау тактикасын пайдаланып, **«айтысқа айтышылап келген агайын»** аксиологемалық стереотипі арқылы қазақ ұлтының ұнамды этикалық образын аша түсken.

**«В Рождество на крылечке, сидеть в Пасху у печки»** ([www.poslovicy-i-pogovorki.ru](http://www.poslovicy-i-pogovorki.ru)).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі **«рождество», «пасха»** скриптонимдері – христиандардың жарқын мерекелерін білдіреді [132,с. 1234]. Тарқатып айтқанда, **Рождество** – Иса пайғамбардың өмірге келу құрметіне байланысты тойланса, **Пасха** – Иса пайғамбардың қайта тірілу құрметіне орай аталып өтеді. Православиялық бағытты ұстанатын орыс халқы Рождествоны жетінші қаңтарда атап өтсе, Пасханы ай құнтізбесіне сәйкес көктемде тойлайды. Орыс жұрты Рождество мерекесінде көшешені аралап, ән салса, Пасха мерекесінде жұмыртқа бояп, кулич (тәтті тоқаш) пісіріп, үй-үйге қонақ болады [110,с. 178]. Орыс этномәдени аясында **«рождество»** скриптонимі – жақсылықтың, қуаныштың символы ретінде түсіндірілсе, **«пасха»** скриптонимі – мейірімділіктің, жылулықтың, қонақжайлыштың символы ретінде қабылданады. Аталмыш мерекелердің перцептивті көріністері **«в Рождество на крылечке, сидеть в Пасху у печки»** (сөзбе-сөз ауд. Рождествода сыртта

жүресің, Пасхада пеш үстінде отырасың) аксиологемалық стереотипінде тіркеліп, орыс ұлтының ұнамды психологиялық, этикалық бейнесін суреттеуге арқау болған.

«*Christmas comes but once a year*» (<https://www.bbc.co.uk>).

Қарамен белгіленген аксиологемалық стереотиптегі «*christmas*» скриптонимі – христиандардың Иса пайғамбардың дүниеге келуін еске алу күнін білдіреді [134, р. 82]. Католиктік бағытты ұстанатын британ халқы Рождество мерекесін желтоқсан айының жиырма бесінде атап өтеді. Дәстүр бойынша ағылшындар бұл мерекеде шіркеуге барып, ән айтып, үйді шамшырақтармен безендіріп, балаларға арналған сыйлықтар әзірлеп, бір-біріне бақыт тілеп, ашық хаттар жолдайды [111, р. 1206]. Рождество мерекесі – ағылшын этномәдени кеңістігінде жомарттық пен мейірімділіктің нышаны ретінде символданған. Осы менталды түсінік «*christmas comes but once a year*» (сөзбе-сөз ауд. Рождество жылына бір рет келеді) аксиологемалық стереотипінде орнығып, ағылшын ұлтының ұнамды этикалық бейнесін кескіндеуге негіз болған.

«*Easter so longed for is gone in a day*» (G.L. Apperson. Dictionary of Proverbs, 165 б.).

Британдықтар Пасха мерекесін Ұлы оразадан кейін, көктем мезгілінің (наурыз немесе сәуір) соңғы жексенбісінде тойлайды. Бұл мерекеде ағылшындар крест бейнеленген пасхалық тоқаш пісіріп, бір-біріне шоколадтан жасалған пасхалық жұмыртқалар мен қояндарды сыйға тартады [111, р. 1140]. «*Easter*» (*пасха*) скриптонимі – ағылшын мәдениетінде жаңа өмірдің, сәттіліктиң, берекенің символы ретінде түсіндіріледі. «*Easter so longed for is gone in a day*» (сөзбе-сөз ауд. қатты күткен Пасха бір күнде өтті де кетті) аксиологемалық стереотипінен ағылшын халқының Пасха мерекесіне деген шынайы құрметі мен қимастық сезімін көруге болады.

«Здесь – обилие всего, но цены почти московские, дороже Самары. Рынок богат почти как рынок старого времени. А в маленьких городках не жизнь, а масленица» (Е.Земская. Михаил Булгаков и его родные, 159 б.).

Дәстүрлі орыс қоғамында Масленица мерекесін Ұлы оразаға (Великий пост) бір апта, Пасхага жеті апта қалғанда тойлайды. Бір аптаға созылатын бұл мерекенің әр күні (дүйсенбі – «Встреча масленицы», сейсенбі – «Заигрыши», сәрсенбі – «Лакомки», бейсенбі – «Разгул», жұма – «Тещины вечерки», сенбі – «Золовкины посиделки», жексенбі – «Проводы Масленицы») аталағып өтеді. Айталық, Масленицының дүйсенбі – құда-құдағидың кездесуіне, сейсенбі – жастардың кездесуіне, сәрсенбі – күйеу баланың қайын енесінің үйіне қонақ болуына, бейсенбі – ойын-сауыққа, жұмасы – қайын ененің күйеу баласының үйіне қонақ болуына, сенбі – күйеу жұртының келіннің үйіне қонақ болуына, жексенбі – тұлышты өртеп, Масленицыны шығарып салуға арналған. Орыс мәдениетінде «*масленица*» скриптонимі – сауық-сайранның, меймандастықтың, тоқшылықтың белгісі ретінде таптаурындалған [107, с. 682]. Коммуникатор мақтау тактикасына сүйеніп, мәтінде «*в маленьких городках не жизнь, а масленица*» (сөзбе-сөз ауд. қалашықтарда өмір емес, масленица)

аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы экономикасы гүлденген қалалардың бейнесін айшықтай түсken.

«*She is tall as a maypole*» (K.Ellis.The death season, 15 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*maypole*» скриптонимі – ұзын ленталы, биік бақанды білдіреді [134, р. 286]. Ағылшын халқы *maypole* ағашын бірінші мамыр мерекесімен байланыстырады. Дәстүрлі ағылшын ортасында оны гүлдермен және түрлі түсті ұзын ленталармен безендіріп, мереке күні сол ленталардан ұстап, бақанды айнала «*Maypole*» биін билейді. «*Maypole*» скриптонимі – ағылшын этномәдени санасында өсіп-өнудің, өркендеудің символы ретінде рәмізделген [111, р. 1224]. Коммуникатор «*she is tall as a maypole*» (сөзбе-сөз ауд. мамыр ағашындағы биік) аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы ұзын бойлы қыздың жағымсыз эстетикалық бейнесін экспликациялаған.

#### 2.2.4 «Ойын» тірек компонентті стереотиптер

Ұлттық ойын – этнотілде таңбаланған скриптонимдер ретінде ұлттық мәдени код түзеді. Олар – семиотикалық әрі символикалық функцияға ие этномәдени маркерлі бірліктер. Бұл жөнінде К.С.Ахаминова: «ойын атаулары – этностың ұлттық рухы мен ділін бойына сіңірген психоэмоционалдық бояуы қанық лингвомәдени бірліктер» [177] десе, Т.И.Вендина: «ойын атаулары – этностың архаикалық түсінігін, дәстүрлі дүниетанымы мен құндылығын, әдет-ғұрыптары мен мерекелерінің менталды доминанттарын бейнелейтін этномәдени таңбалар» деген анықтама береді [178]. Зерттеушілердің пікірлерін негіздей отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ойын атауларынан уәжделген аксиологемалық стереотиптер табиғатын саралауды жөн көрдік.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «ойын» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің тірек компоненттері «*асық*», «*көкпар*», «*бәйге*», «*курилка*», «*жемурки*», «*бирюльки*», «*fast and loose*», «*cricket*», «*horse racing*», т.б. сияқты скриптонимдерден тұрады.

«*Aйтыс десе асықтай иірілген,*

Ағайын, аманбысың кеше көрген» (Д.Кәпұлы. Шертолғақ, 73 б.).

«*Асығы алисынан түскендер* осында білім алады» (<https://m.astanatv.kz>).

«*Оңқай асықтай шымыр*, тұмысынан спортшы Ерекең, табиғат қорғау ісіне бар ынта-жігерін салды» (<https://egemen.kz>).

*Асық* – қазақ ұлттық ойынының басты атрибуты. Оның төрт қыры бар. Олар: «*алисы*», «*тәйке*», «*шіге*» (*шіқ*), «*бүге*» (*бұқ*). Ойын үрдісінде асықтың төрт қыры да маңызды. Айталық, *алисы* – асықтың қырынан түрғанда ойыстау келген ұстінгі қыры, *тәйке* – асықтың алшыға қарама-қарсы келген жазықтау қыры, *шіге* – асықтың құыстау келген қыры, *бүге* – асықтың дөңестеу келген қыры. Асық – оңқай және солақай болып бөлінеді. Оңқай асықтың алшы түрғанда тұмсығы оң жаққа бағытталады [179]. Ойын асық иіруден басталады. Ойын шарты бойынша асығы алшы түскен ойынды бірінші бастаса, тәйке түскен – екінші, *шіге* түскен – үшінші, *бүге* түскен – төртінші ойнайды. Асық атқанда да

кімнің асығы алшы түссе, сол ұтады. Асық ойынының перцептивті көріністері «айтыс десе асықтай шірілген агайын», «асығы алишысынан түскендер», «онқай асықтай шымыр» аксиологемалық стереотиптерінде орныққан. Коммуникатор мәтінде ынтымақты стратегияны жүзеге асыру үшін қолпаштау, мақтау тактикасына сүйеніп, «айтыс десе асықтай шірілген агайын» аксиологемалық стереотипі арқылы қазақ ұлтының тұтастырын бейнелесе, «асығы алишысынан түскендер» аксиологемалық стереотипі арқылы арманы орындалып, оқуға түскен талапкерлердің бейнесін кескіндеген, ал «онқай асықтай шымыр» аксиологемалық стереотипі арқылы шымыр денелі ер-азаматтың образын айшықтаған.

«Ты еще *жив, курилка?*! - услышал он знакомый голос, заметно расцвеченный радостными нотками» (С.Соболев. Кондор принимает вызов, 17 б.).

Ежелгі орыс елінде курилка ойынын Иван Купала мерекесінде ойнаған. Собық – курилка ойынының негізгі атрибуты саналған. Ойын шарты бойынша ойыншылар шеңбер жасап, ішіндегі біреуі собықты жағып, қалғандары оны үрлеген. Содан кейін шеңбер бойымен үрленген собықтың оты сөнгенше «*Жив, жив курилка!*» деп айтып, қолдан-қолға берген. Кімнің қолында собық сөнсе, сол ойыннан шығарылып, қалған ойыншылардың тілегін орындағайтын болған [107,с. 622]. Коммуникатор «*жив курилка*» (*сөзбе-сөз* ауд. *курилка тірі*) аксиологемалық стереотипін қолдану арқылы мәтінде көптен бері көріспеген адам жайлы ақпаратты экспликациялаған.

«It's a shame, by Heavens, said George, *to play at fast and loose with a young girl's affections..*» (W.Thackeray. Vanity Fair, 408 б.).

Байырғы британ елінде карнавалдық ойындар жәрмеңкелерде ойналған. Сондай ойындардың бірі – «*fast and loose*» (*сөзбе-сөз* ауд. лезде және емін-еркін) деп аталған. Аталған ойын шарты бойынша ойыншы бірнеше рет белгілі болбейуді көрермен алдында біресе дөңгелетіп орап, біресе емін-еркін тарқатып жіберетін болған. Ойыншының жылдамдығы мен айласына көз ілеңстіре алмай қалған көрермендер ұтылған [180]. «*Fast and loose*» ойынының перцептивті бейнесі «*to play at fast and loose with a young girl's affections*» (*сөзбе-сөз* ауд. жасас қыздың сезімдерімен лезде және емін-еркін ойнау) аксиологемалық стереотипінде сақталған. Коммуникатор аталмыш аксиологемалық стереотип арқылы мәтінде арсыз, екіжүзді жігіттің жағымсыз этикалық бейнесін суреттеген.

«Ақшаның құлы болған *кейбір алаяқтар ақпаратты қекпардай іліп әкемін, дүниеге жаяды*» (<https://zhardem.kz>).

«Ел ішінде қалған Ұмсынды қекпардай тартқылап, өмірін тәлекекке салды» (<https://e-history.kz>).

Дәстүрлі қазақы ортада қекпар мерекелер мен той-думанда тартылады. Ойынға аты мен ер-тұрманы сайланған төрт-бес немесе жеті-сегіз қекпаршыдан құралған екі топ қатысады. Қекпар ережесіне сәйкес семіз серке (жасқа толған лақ) таңдалып, жерге қойылады. Ойын барысында сол серкені жерден іліп алып, өз қазандықтарына жеткізу үшін топтар тартысқа түседі. Бұл ойында

айласы мен күш-қайраты асқан топ қана жеңіске жетеді [142, б. 176]. Көкпар ойынының перцептивті көрінісі «*ақпаратты қекпардай іліп әкетемін алаяқтар*», «*қекпардай тартқылагандар*» аксиологемалық стереотиптерінде бекіген. Коммуникатор мәтінде ынтымақсыз стратегияны жүзеге асыру үшін әжуалау тактикасын пайдаланып, «*ақпаратты қекпардай іліп әкетемін алаяқтар*» аксиологемалық стереотипі арқылы жылпос, қу адамдардың, «*қекпардай тартқылагандар*» аксиологемалық стереотипі арқылы мейірімсіз, қатыгез адамдардың ұнамсыз этикалық бейнесін суреттеген.

«*Хватит в жмурки играть*, пора открыть глаза» (А.Андреев. Грачи прилетели, 73 б.).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*жмурки*» скриптонимі – орыс халқының ежелден келе жатқан ұлттық ойынын білдіреді [132, с. 468]. Ежелгі орыс қоғамында жмурки ойынын балалар да, жастар да ойнаған. Бұл ойын ашық алаңда ойналған. Ойын ережесіне сәйкес ортаға ойнышылардың біреуін шығарып, оның көзіне орамал байладап, үш мәрте айналдырады. Қалған ойнышылар көзі байланған ойнышыны «*жмурка*» деп атап, маңайында алдаусыратып, қашып жүреді. Жмурка ойнышылардың біреуін ұстап, оның кім екенін тапса, сол ойнышыға өзінің рөлін береді [107, с. 402]. Осы ойниндың менталды суреті тіркелген «*играть в жмурки*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы коммуникатор мәтінде екі жузді адамның ұнамсыз этикалық бейнесін аша түскен.

«You can't copy your essay from the internet! *It's just not cricket*» (<https://www.bbc.co.uk>).

*Крикет* – британ халқының өмір-салтымен біте қайнасқан ұлттық ойыны. *Ол* – XYII ғасырда джентльмендердің ойыны ретінде танылып, XYIII ғасырдан бастап дәстүрлі спорт түріне айналған. Ағылшын тұрмысында крикет ойынын екі қарсылас команда ойнайды. Эр команданың құрамында он бір ойныш болады. Оның екеуі – қақпа қорғаушысы (бэтсмендер), қалғандары – ұрғыштың көмегімен допты қақпаға салушы. Ойын барысында қай команда көбірек ұпай жинаса, сол команда женіске жетеді. Қарсылас командалар арасында крикет әділ, шынайы ойналмаса, «*It's just not cricket*» (сөзбе-сөз ауд. бұл – крикет емес) деп, ойынды тоқтатады [180, р. 125]. Крикет ойниндың перцептивті бейнесі келтірілген мысалда берілген. Коммуникатор мәтінде «*it's just not cricket*» аксиологемалық стереотипін пайдалану арқылы көшірілген эссенің адаптациясын мазмұндаған.

«Расында да, *білімдінің аты озып, бәйгенің алдын бермейтіні – хак*» (<https://wikipediakids.info>).

*Бәйге* – дабыралы мереке мен салтанатты ас-тойда, алқалы жиында өткізілетін жарыс түрі. Оның топ бәйге, аламан бәйге, құнан бәйге, т.б. секілді түрлері бар. Дәстүрлі ортада бәйгеге ақ жілік аты (қазанат) бар шабандоздар қатысады. Жарыс ережесі бойынша шабандоздар белгіленген межеге жету үшін бірнеше (топ бәйге – 12 шақырым, аламан бәйге – 25 шақырым, т.б.) шақырым жерден шауып келеді. Бәйгеде кімнің қазанаты топ жарса, сол женіске жетеді [109, б. 603]. Жоғарыда берілген аксиологемалық стереотипте де «*бәйге*»

скриптонимі – жеңімпаздықтың, алғырлықтың өлшемі ретінде ұғынылған. Коммуникатор мәтінде қолпаштау тактикасын пайдаланып, «*білімдінің аты озып, бәйгенің алдын бермейді*» аксиологемалық стереотипі арқылы білімпаз адамның жағымды зияткерлік бағалау мәніндегі бейнесін кескіндеген.

«*А 30-летней dame в такие бирюльки играть – не дело*» (<https://m.7days.ru>).

Қарамен берілген аксиологемалық стереотиптегі «*бирюльки*» лексемасы – ағаштан жасалған ұсақ ойыншықтардың жиынтығын білдіреді [132, с. 91]. *Олар* – бирюльки ойынының ажырамас атрибуты. Бұл ойынды екі немесе үш ойыншы кезекпен ойнайды. Ойын шартына сәйкес ойыншылар бирюлькаларды үстелге шашып, оларды бір-біріне тигізбей, ілмекпен бір-бірлеп сұрып шығарады. Ілмекпен қасындағы бирюльканы қозғалтып қойған ойыншы өз кезегін келесі ойыншыға береді. Ойын бирюлька біткенше жалғасады. Бирюльканы қай ойыншы көп жинаса, сол жеңіске жетеді [107, с. 96]. «*Бирюльки*» скриптонимі – «*бирюльки играть – не дело*» аксиологемалық стереотипінде нәтижесіз істің, бос әурешіліктің белгісі ретінде қабылданған. Коммуникатор мәтінде мысқыл тактикасына сүйеніп, «*бирюльки играть – не дело*» аксиологемалық стереотипі арқылы жалқау адамның ұнамсыз этикалық бейнесін сипаттаған.

«*This election has been a one-horse race right from the start*» (<https://dictionary.cambridge.org>).

*Horse racing* – британ халқының 300 жылдық тарихы бар дәстүрлі ойыны. Ат жарысы Ұлыбритания елінде алғаш рет 1711 жылы Анна патшайымның бастамасымен өткізілген. Бұл жарыс ағылшын тарихында «*Royal Ascot*» (сөзбе-сөз ауд. корольдік Эскот) атауымен әйгіленіп, күні бүгінге дейін өз жалғасын тапқан. Ағылшын қоғамында ақсүйектердің стильді ат жарысы ретінде бағаланған бұл жарысқа көрермендер сәнді киімдері мен қалпақтарын киіп келеді. Жарыс бес күнге созылып, жанкуйерлер арасында бәс тігіледі. Жарыс ережесіне сәйкес кімнің тұлпары мәреге бірінші болып жетсе, сол жеңімпаз атанады [180, р. 114]. Жоғарыда келтірілген сөйлемде де «*a one-horse race*» (сөзбе-сөз ауд. *бір ат жарысы*) аксиологемалық стереотипі арқылы жеңімпаз адамның жағымды психологиялық образы бейнеленген.

### **Екінші бөлім бойынша тұжырым**

Екінші тарауда қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі хрематонимді (заттық мәдениет деректі) және скриптонимді (рухани мәдениет деректі) аксиологемалық стереотиптердің түрлері мен құрылымдық қабаттарының бірегейлігі дәйектеліп, тілдік қатынастағы бейнелену уәжі анықталды.

Хрематонимді және скриптонимді аксиологемалық стереотиптердің мәдени-семантикалық кодтары айқындалып, аксиологиялық мәндері ашылды.

Хрематонимді аксиологемалық стереотиптерді талдау барысында заттық мәдениет деректері мен рухани мәдениет деректері (рәсімдер, салттар, нағым-сенімдер) қатар басшылыққа алынып, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының үлгітық дүниетанымының негізі мен аялық білімінің өзгешелігі айқындалды.

«Үй, баспана», «тұрмыстық зат», «вестонимдік», «гастронимдік», «музыкалық аспап» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің үйітқы компоненттерін құрайтын этномәдени хрематонимдер мен әмбебап хрематонимдердің қазақ, орыс, ағылшын ұлттық кеңістігіндегі эталондану, символдану ерекшелігі айғақталды.

Скриптонимді аксиологемалық стереотиптерде орнықсан таптаурынды жағдаяттардың перцептивті көріністері (ұлттық-мәдени фреймдер) мен скриптонимдерді өзара сәйкестендіріп, экстралингвистикалық деректермен сабактастыра талдау нәтижесінде қазақ, орыс, ағылшын халықтарының ғұрыптық дүниетанымының өзіндік дарапты анықталды.

«Салт-дәстүр», «діни рәсім», «мереке», «ойын» ұлттық-мәдени кодтық аксиологемалық стереотиптердің бейнелі-үәжді компоненттері саналатын этномәдени скриптонимдер мен әмбебап скриптонимдердің қазақ, орыс, ағылшын халықтарының ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесіндегі өзіндік орны көрсетілді.

Аксиологемалық стереотиптер мәтіннің (көркем мәтін, медиамәтін, т.б.) коммуникативтік бірлігі, ұлттық-мәдени доминанты ретінде этностиң мәдени-тарихи дамуының ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар оның өміру сүру бейнесінің өзегін құрайтын ұлттық-мәдени стереотипінің вербалды символдану тетігін де көрсететіні байқалды. Коммуникатор қолданысындағы стратегиялар (ынтымақты және ынтымақсыз) мен оларды жүзеге асыратын бағалау, мақтау, келісім, қорлау, кекесін, мысқыл, әжуалау тактикаларын бейнелейтін аксиологемалық стереотиптердің вербалды коммуникацияда экспликациялану ерекшелігі көрсетілді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптер – аксиолемалық стереотиптер ретінде қарастырылып, олардың вербалды қатынас барысындағы бейнелену уәждері зерттелді.

Диссертацияда зерттелген мәселелер бойынша төмендегідей нәтижелер алынды.

1. «Ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері сараланып, тілдік-мәдени-танымдық-құндылықтық-қатысымдық сипаттары айқындалып, жіктелімі жасалып, жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі өзіндік орны сипатталды.

2. Ұлттық-мәдени стереотип – белгілі бір этностың (қазақ, орыс, ағылшын) өзіне тән болмысын танытатын эталондық, символдық бейне; этноменталды және этновербалды құрылымдардан тұратын этнолингвоменталды құбылыс; этнос өкілдерінің аксиологиялық дүние бейнесін айшықтайтын ұлттық-мәдени кодтық бірлік; этномәдени сана мен этнотілдік сана бірлігінен қалыптасқан интегралды туынды; ұлттық ділдік (менталитет) құрал; тұрақты тілдік таңбалар арқылы таптаурындалған дүниенің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі; аялық білім көрсеткіші; хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау) мен скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау) және олардың этноконнотациялары арқылы анықталатын белгі; тұрақты тілдік таңбаларда (фразеологизм, тұрақты теңеу, метафора, синекдоха, метонимия, паремия) ұлттық-мәдени фреймдер арқылы берілетін концептуалды дүние бейнесінің үзіндісі; ұлттық бояуы бар құндылық мәнді құбылыс болғандықтан, ол аксиолемалық стереотип ретінде бағаланды.

3. Аксиолемалық стереотиптер тұрақты тілдік таңбалар ретінде бес құрылымдық қабаттан тұратыны анықталды. Атап айтқанда, 1) хрематоним (заттық мәдениет деректі атау) мен түсінікті немесе скриптоним (рухани мәдениет деректі атау) мен түсінікті байланыстыратын тұрақты тілдік таңбалар бейнесі; 2) тұрақты тілдік таңбалар бейнесін түзетін ұлттық-мәдени код; 3) тұрақты тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени фреймдер туралы аялық білім; 4) тұрақты тілдік таңбалар семантикасы (мәдени және тілдік); 5) тұрақты тілдік таңбалардың аксиологиялық мәндері (жағымды/жағымсыз этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, психологиялық, параметрлік және т.б.).

4. Аксиолемалық стереотиптер ұлттық-мәдени код элементтерінен (хрематонимдер мен скриптонимдер) тұрады. Олар әр этностың (қазақ, орыс, ағылшын) заттық және рухани құндылықтарын бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбалар. Аксиолемалық стереотиптерге: а) кешенділік (этномәдени сана мен этнотілдік сананың бірлігінен қалыптасқан интегралды туынды); ә) менталдық және вербалдық (этнолингвоменталды құбылыс); б) компоненттілік (а) ұлттық-мәдени құндылық негізді; ә) ұлттық-мәдени ұғымдық; б) ұлттық-мәдени ассоциативті-бейнелі); в) тұрақтылық; г) ықшамдылық; ғ) символдық; д) эталондық; ж) бейнелілік сияқты белгілер тән екені айқындалды.

5. Аксиологемалық стереотиптер ұлттық-мәдени код құраушы элементтеріне қарай хрематонимді және скриптонимді аксиологемалық стереотиптер деп екіге бөлініп, ішінара топтастырылды. Тарқатып айтқанда, хрематонимді аксиологемалық стереотиптер: а) «үй, баспана»; ә) «тұрмыстық зат»; б) «вестонимдік»; в) «гастронимдік»; г) «музыкалық аспап» тірек компонентті стереотиптер деп 5 түрге, ал скриптонимді аксиологемалық стереотиптер: а) «салт-дәстүр»; ә) «діни рәсім»; б) «мереке»; в) «ойын» тірек компонентті стереотиптер деп 4 түрге бөлінді.

6. Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер – заттық мәдениет көріністерін таңбалайтын лингвомәдени құндылықтар ретінде танылып, құрылымдық қабаттарының ерекшелігі айқындалып, вербалды қатынаста танымдық-құндылықтық стратегиялар мен тактикаларды бейнелейтін ұлттық-мәдени нышанды тұрақты тілдік таңбалар сипатталды.

7. Скриптонимді аксиологемалық стереотиптер – рухани мәдениет көріністерін таңбалайтын лингвомәдени құндылықтар ретінде талданып, құрылымдық қабаттарының өзгешеліктері анықталып, вербалды қатынаста танымдық-құндылықтық стратегиялар мен тактикаларды бейнелейтін этномәдени маркерлі тұрақты тілдік таңбалар ретінде қарастырылды.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Putnam H. The meaning of meaning. Mind, Language and Reality. – Cambridge: Cambridge University Press, 1975. – P. 215-271.
- 2 Fowler R. Language in the News. – London: Psychology Press, 1991. – 254 p.
- 3 Fradin B. Anaphorisation et stéréotypes nominaux // Lingua. – 1984. – №64. – P. 325-369.
- 4 Anscombe J.C. Le rôle du lexique dans la théorie des stéréotypes // Langage. – 2001. – №142. – P. 57-76.
- 5 Косяков В.А. Стереотип как когнитивно-языковой феномен: дис. ... канд. филол. наук. – Иркутск, 2009. – 153 с.
- 6 Quasthoff U. The uses of stereotype in everyday argument // Journal of Pragmatics. – 1978. – Vol. 2. – P. 1-48.
- 7 Lakoff G. Women, fire and dangerous things. – Chicago; London: University of Chicago Press, 1990. – 987 p.
- 8 Бартминьский Е. Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике. – М.: Индирик, 2005. – 528 с.
- 9 Zinken J. Portsmouth. Metaphors, stereotypes, and the linguistic picture of the world: Impulses from the Ethnolinguistic School of Lublin. – 2014 // <http://www.metaphorik.de/de/Jornal/25/html> (дата обращения: 11.12.2018).
- 10 Салқынбай А. Ойлау мен таным: Сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Филология сериясы. - 2009. – №4. – Б. 135-139.
- 11 Белова О.В. Этнические стереотипы по данным языка и народной культуры славян (этнолингвистические исследования): автореф. ... докт. филол. наук. – М., 2006. – 35 с.
- 12 Телия В.Н. Деконструкция стереотипов окультуренного мировидения во фразеологических знаках // Ментальные и речевые стереотипы в синхронии и диахронии. – М.: ИСл РАН, 1996. – 237 с.
- 13 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 14 Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в обучении русскому языку иностранцев. – М.: КомКнига, 2006. – 311 с.
- 15 Красных В.В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология: лекционный курс. – М.: Гнозис, 2002. – 284 с.
- 16 Литвиненко Ю.Ю. Концепт возраст в семантическом пространстве образа человека в русской языковой картине мира: дис. ... канд. филол. наук. – Омск, 2006. – 24 с.
- 17 Бухаева Р.В. Этнокультурные стереотипы речевого общения (на материале бурятского языка): дис. ... докт. филол. наук. – Улан-Уде, 2015. – 409 с.
- 18 Рыжков В.А. Регулятивная функция стереотипов // Знаковые проблемы письменной коммуникации: межвузовский сборник научных трудов. – Куйбышев: КГПИ, 1995. – С.15-22.

- 19 Алиференко Н.Ф. Стереотипы и прототипы в этнокультурном пространстве языка // Научные ведомости. Серия Гуманитарные науки. – 2010. – №24 (95), вып. 8. – С. 5-11.
- 20 Шебалов Р.Ю. Ономастическая игра в художественном тексте (на материале ранних рассказов А.П. Чехова): автореф. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2004. – 24 с.
- 21 Поповская В.Б. Гендерный стереотип: особенности формирования и функционирования в языке и речи: автореф. ... канд. филол. наук. – Краснодар, 2007. – 27 с.
- 22 Маленко О.О. Етнокоди сучасної лінгвістики: до мовних джерел // Вивчаємо українську мову та літературу. – 2012. – №9. – С. 37-39.
- 23 Борисова Л.В. Стереотипы традиционного народного сознания и этнокультурные архетипические представления в языковой репрезентации (на материале русского и чувашского языков): автореф. ... докт. филол. наук. – Казань, 2015. – 56 с.
- 24 Исина Г.И. Стереотипы и национальная языковая картина мира: дис. ... докт. филол. наук. – Алматы, 2008. – 368 с.
- 25 Үәли Н. Сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2007. – 326 б.
- 26 Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1998. – 292 б.
- 27 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері. – Алматы: Бастау, 2009. – 120 б.
- 28 Құсманова К.А. Айтыс өлеңдерінің лингвомәдениеттанымдық сипаты: мәдени қеңістіктең ұлттық стереотип: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2010. – 260 б.
- 29 Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы, 2014. – 316 б.
- 30 Тымболова А.О., Ибраимова Л.Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы: Қыздар университеті, 2017. – 192 б.
- 31 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 122 б.
- 32 Кәріпжанова А.О. Фразеологиялық коннотацияның прагмалистикасы (Мәшіүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Павлодар, 2010. – 124 б.
- 33 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 143 б.
- 34 Абыльмажинова Н.К. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің негізінде фразеологиялық әлем бейнесінің стереотипизациялану ерекшеліктері: филос. ғыл. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 125 б.
- 35 Сейдалиева Г.О. Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері: филос. ғыл. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2017. – 185 б.

- 36 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996. – 416 с.
- 37 Тараков Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания. Этнокультурная специфика языкового сознания. – М.: ИЯ РАН, 1996. – С. 7-22.
- 38 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
- 39 Уфимцева Н.В. Языковое сознание и образ мира славян. Языковое сознание и образ мира. – М.: Институт языкоznания РАН, 2000. – С. 207-219.
- 40 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы, 2014. – 270 б.
- 41 Привалова И.В. Языковое сознание: этнокультурная маркированность (теоретико-экспериментальное исследование): дис. ... докт. филол. наук. – М., 2006. – 309 с.
- 42 Әуезов М.М. Ділім. – Алматы: «Жібек жолы», 2017. – 456 б.
- 43 Гуревич А.Я. Проблема ментальностей в современной историографии. Всеобщая история: дискуссии, новые подходы. – М., 1989. – С. 75-89.
- 44 Тымболова А.О. «Мәдениет моделінің» лингвистикалық сипаты. Қазіргі кездегі көптілді білім беруді дамытудың өзекті мәселелері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 70 жылдығына орай үйімдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2014. – Б. 252-254.
- 45 Тер-Минасова С.Т. Язык и межкультурная коммуникация Слово/Slovo. – М., 2000. – 146 с.
- 46 Сулейменова Э.Д. Семантические параметры слова в интерлингвальном исследовании (теоретические и прикладные аспекты контрастивного анализа): дис. .... докт. филол. наук. – М., 1992. – 322 с.
- 47 Ивицкая О.Д. К вопросу о национальной языковой личности различиях в номинативных картинах мира (на примере Великобритания) // Юбилейный сборник статей. – М., 2000. – С. 122-142.
- 48 Асқар Л.О. Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 152 б.
- 49 Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.
- 50 Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – Б.18-26.
- 51 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.
- 52 Кенжеғалиев С.А. Қазақ тіліндегі ділдік лексиконның берілу жолдары: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2009. – 133 б.
- 53 Фурманов В.П. Межкультурная коммуникация и лингвокультурovedение в теории и практике обучения иностранным языкам. – Саранск: Мордовского ун-та, 1993. – 368 с.

- 54 Мамонтов А.С. Язык и культура: сопоставительный аспект изучения. – М., 2000. – 187 с.
- 55 Шумагер Е.И. Фоновая лексика, ее своеобразие и связь с культурой. – Тверь: ТГУ, 2001. – 119 с.
- 56 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1998. – 192 с.
- 57 Толстой Н.И. Очерки славянского язычества. – М.: Индирик, 2003. – 624 с.
- 58 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М., 2019. – 368 с.
- 59 Гурочкина А.Г. Этнокультура и языковое сознание // Филология и культура: материалы III Междунар. науч. конф. – Тамбов, 2001. – Ч. 3. – С. 122-123.
- 60 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
- 61 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Лексическая семантика: синонимические средства. – М.: Языки русской культуры, 1995. - Т.1. – 464 с.
- 62 Воробьев В.В. Лингвокультурология в аспекте сопоставления и коммуникации // Русское слово в мировой культуре: X конгресс МАПРЯЛ. Пленарные заседания: сборник докладов. – Спб., 2003. – Т. 2. – С. 68-74.
- 63 Быкова О.И. Этноконнотация как вид культурной коннотации (на материале номинативных единиц немецкого языка): дис. ... докт. филол. наук. – Воронеж, 2005. – 396 с.
- 64 Финько О.С. Лексика свадебного обряда Кубани (на материале обрядовой практики станицы Черноерковской Краснодарского края): автореф. ... канд. филол. наук. – Курск, 2011. – 19 с.
- 65 Ахметжанова З.К. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы: Елтаным, 2012. – 564 с.
- 66 Атабаева М.С. Рухани мәдениет деректі этнодиалектизмдер // КР FA Хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – №4. – Б. 34-37.
- 67 Гудков Д.Б., Ковшова М.Л. Телесный код русской культуры. – М.: Гнозис, 2008. – 288 с.
- 68 Сарач Х. Природно-ландшафтный код культуры (на материале русского и турецкого языков): дис. ... канд. филол. наук. – М., 2016. – 211 с.
- 69 Шаховский В.И. Интекст как языковой ключ культурного кода // Язык, сознание, коммуникация: сб.статей. – М.: МАКС Пресс, 2008. – Вып. 36. – 124 с.
- 70 Красных В.В. Предметный код культуры в русском культурном пространстве // Русистика на пороге XXI века: проблемы и перспективы: материалы междунар. науч. конф. – М., 2003. – С. 146-148.
- 71 Қоңыров Т. Қазақ тәсіеулері. – Алматы: Алаш, 2005. – 511 б.
- 72 Ковшова М.Л. Лингвокультурологический метод во фразеологии. – М.: Гнозис, 2016. – 256 с.

- 73 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 580 б.
- 74 Рубцов Н.Н. Символ в искусстве и жизни. Философские размышления. – М.: Наука, 1991. – 176 с.
- 75 Каирбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 138 б.
- 76 Филлмор Ч.Дж. Фреймы и семантика понимания // Когнитивные аспекты языка. – М., 1988. – С. 52-92.
- 77 Ungerer F., Schmid H-J. An Introduction to Cognitive Linguistics. – N-Y.: Longman, 1996. – 306 р.
- 78 Болдырев Н.Н. Теоретические основы и методологические принципы когнитивного исследования языка // Вестник ЧГУ. – 2013. – №24(315). – С. 7-13.
- 79 Сорокин Ю.А. Стереотип, штамп, клише: К проблеме определения понятий. Общение: Теоретические и прагматические проблемы. – М., 1998. – С. 133-138.
- 80 Ляпин С.Х. Концептология: к становлению подхода // Концепты. Научные труды Центроконцепта.– Архангельск, 1997. - Вып.1. – С. 11-35.
- 81 Алефиренко Н.Ф. Языковые стереотипы русского этнокультурного пространства // Przeglad Wschodnoeuropejski. – 2010. - №1. – С. 405-424.
- 82 Бабаева Е.В. Отражение ценностей культуры в языке. Язык, коммуникация и социальная среда.– Воронеж: ВГТУ, 2006. - Вып. 2. – С. 25-34.
- 83 Усачева А.Н. Лингвистические параметры концепта «состояние здоровья» в английском языке: дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2002. – 167 с.
- 84 Чернявская В.Е. Интертекст и интердискурс как реализация текстовой открытости // Вопросы когнитивной лингвистики. – М., 2004. – №1. – С. 106-112.
- 85 Виноградов С.Н. К лингвистическому пониманию ценности // Русская словесность в контексте мировой культуры: материалы Междунар.науч.конф. РОПРЯЛ. – Нижний Новгород: Нижегород. ун-та, 2007. – С. 93-97.
- 86 Murzinova A., Tymbolova A., Yelshibaeva K. etc. The national and cultural peculiarities of stereotyped precedent names (a case study of the Kazakh, Russian and English languages) // XLinguae. European Scientific Language Journal. – 2018. - P. 702-717 // [http://xlinguae.eu/issue\\_n\\_2\\_2018.html](http://xlinguae.eu/issue_n_2_2018.html) (дата обращения: 19.05.2020).
- 87 Блюмкин В.А. Мир моральных ценностей. – М.: Либроком, 2009. – 280 с.
- 88 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – М.: Наука, 1985. – 228 с.
- 89 Писанова Т.В. Национально-культурные аспекты оценочной семантики: эстетические и этические оценки: дис. ... докт. филол. наук. – М., 1997. – 320 с.
- 90 Прищепчук С.А. Особенности воспроизведения оценочной лексики в переводе (на материале политического дискурса): дис. ... канд. филол. наук. – М., 2009. – 179 с.

- 91 Баярутова Е.П. Когнитивная структура оценочной ситуации и особенности ее репрезентации в современном английском языке. – Улан-Удэ: БГУ, 2005. – 107 с.
- 92 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 896 с.
- 93 Боровкова А.В. Пищевая метафора как средство выражения оценки и ценностей (на материале образной лексики и фразеологии русского языка) // Вестник Томского государственного университета. – 2015. – №396. – С. 5-13.
- 94 Диброва Е.И. Лексикология. Фразеология. Синтаксис текста. – М.: ТВТ Дивизион, 2008. - Т. 2. – 470 с.
- 95 Гибатова Г.Ф. Семантическая категория и средства ее выражения в современном русском языке: дис. ... канд. филол. наук. – Уфа, 1996. – 170 с.
- 96 Сәтенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1997. – 260 б.
- 97 Тұсілбекова Ф.А. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2007. – 21 б.
- 98 Анисимов С.Ф. Введение в аксиологию: учебное пособие для изучающих философию. – М.: Современные тетради, 2001. – 128 с.
- 99 Серебренникова Е.Ф. Этносемиометрия как способ лингвистического аксиологического анализа // Лингвистика и аксиология: этносемиометрия ценностных смыслов. – М.: ТЕЗАУРУС, 2011. – С. 49-76.
- 100 Бабаянц В.В. Ценности как объект лингвокультурологической рефлексии // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2013. – №6 (24), ч.1. – С. 32-35.
- 101 Таусоғарова А.Қ. Этникалық стереотиптің тілдік рәсімделуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №5(157). – Б. 89-92.
- 102 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 103 Казыдуб Н.Н. Дискурсивное пространство как фрагмент языковой картины мира (теоретическая модель). – Иркутск: ИГЛУ, 2006. – 216 с.
- 104 Нахимова Е.А. Прецедентные онимы в современной российской массовой коммуникации: теория и методика когнитивно-дискурсивного исследования: дис. ... докт. филол. наук. – Екатеринбург, 2011. – 276 с.
- 105 Андреева Е.А. Аксиологический фразеогештальт в когнитивной структуре русских и немецких фразеологизмов // Современные исследования социальных проблем. – М., 2011. – №4. – С. 10-16.
- 106 Сидорова Н.А. Аксиологическая прагматика диалога // Вестник Военного университета. – М., 2009. – №3(19). – С. 129-136.
- 107 Русский народ. Этнографическая энциклопедия. – М.: Институт русской цивилизации, 2013. - Т. 1. – 792 с.
- 108 Monger G. Marriage Customs of the World. – England: Oxford, 2004. – 327 p.

- 109 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Әлем Даму Интеграция, 2017. - Т. 1. – 856 б.
- 110 Русский народ. Этнографическая энциклопедия. – М.: Институт русской цивилизации, 2013. - Т. 2. – 696 с.
- 111 Henderson H. Holiday Symbols & Customs. – Hardcover, 2008. – 1321 p.
- 112 Уфимцева Н.В. Этнические и культурные стереотипы: кросскультурное исследование // РАН ИАН. Сер. Литература и язык. – 1995. – Т.54, №3. – С. 52-73.
- 113 Березович Е.Л. Этнические стереотипы в разных культурных кодах. Стереотипы в языке, коммуникации и культуре. – М.: РГГУ, 2009. – С. 22-30.
- 114 Сорокина Н.В. Национальные стереотипы в межкультурной коммуникации. – М.: ИНФРА-М, 2014. – 263 с.
- 115 Гладких С.В. Этнические стереотипы как феномен духовной культуры: дис. ... канд. филос. наук. – М., 2001. – 130 с.
- 116 Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. - Т. 2. – 728 б.
- 117 Леонтьевич О.А. Введение в межкультурную коммуникацию. – М.: Гнозис, 2007. – 368 с.
- 118 Павловская А.В. Этнические стереотипы в свете межкультурной коммуникации // Вестник МГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 1998. – Серия 19, №1. – С. 94-104.
- 119 Николаева Т.М. Речевые, коммуникативные и ментальные стереотипы: социолингвистическая дистрибуция // Язык как средство трансляции культуры. – М.: Наука, 2000. – С. 255-259.
- 120 Жукова И.Н. Словарь терминов межкультурной коммуникации. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 396 с.
- 121 Некрасова А.Е. Дискурсивный анализ высказываний, отражающих стереотипы взаимовосприятия англичан и французов (на материале британской и французской прессы): дис. ... канд. филол. наук. – М., 2009. – 215 с.
- 122 Сорокина Н.В. Методическая типология стереотипов как компонент содержания обучения иностранным языкам в вузе // Язык и культура. – 2013. – №3(23). – С. 120-139.
- 123 Coppellen P.Van. In between stereotypes and authentic identity. Translation issues in 21<sup>st</sup> century Jewish-American literature: master thesis. – Utrecht: Utrecht university, 2013. – 121 p.
- 124 Никитина Е.С. Коммуникативный подход в анализе диалога. – М.: Институт языкоznания РАН, 2010. – 187 с.
- 125 Wenneker C.P.J., Wigboldus D.H.J. A Model of Biased Language Use // Stereotype dynamics: Language based approaches to the formation, maintenance and transformation of stereotypes. – New-York; London: Lawrence Erlbaum Associates, 2008. – Р. 165-188.
- 126 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке: тар. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1975. – 328 б.

- 127 Құрбанғали Х. Тауарих хамса (Бес тарих). – Алматы, 1992. – 304 б.
- 128 Клюев Е.В. Речевая коммуникация: успешность речевого взаимодействия. – М., 2002. – 315 с.
- 129 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. – Омск, 1999. – 284 с.
- 130 Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 142 б.
- 131 Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің релеванттары (Ф.Мұсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003. – 127 б.
- 132 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М.: А ТЕМП, 2006. - Т.1-Т.4. – 2314 с.
- 133 Мокиенко В.М. Образы русской речи: Историко-этимологические и этнолингвистические очерки фразеологии. – Ленинград: Ленингр. ун-та, 1986. – 280 с.
- 134 Hawkins J., MacDonald F. English Explanatory. – London: Oxford University Press, 2008. – 556 р.
- 135 O'Driscoll J. Britain. The Country and its People. – London: Oxford University Press, 2010. – 225 р.
- 136 Никифорова Л.В. Дворец в истории русской культуры. – Спб.: Астерион, 2006. – 312 с.
- 137 Русская изба. Иллюстрированная энциклопедия. – Спб.: Искусство, 2004. – 416 с.
- 138 Noble A. Traditional Buildings. – Bloomsbury Academic, 2007. – 339 р.
- 139 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2013. – 384 б.
- 140 Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Ленинград: Наука, 1983. – 191 с.
- 141 Назарбекұлы С. Қазақтың киіз үйі. – Астана: «Елорда» баспасы, 2005. – 99 б.
- 142 Қазақтың этнографиялық категориилар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «Слон», 2012. - Т. 3. – 735 б.
- 143 Славянские древности. Этнолингвистический словарь. – М.: Международные отношения, 2012. - Т. 5. – 729 с.
- 144 Barnard A., Spencer J. Encyclopedia of social and cultural anthropology. – London; New York: Routledge, 2002. – 1058 р.
- 145 Тымболова А.О., Мурзинова А.С., Садықова А.Е. Тілдік санадағы стереотиптердің ұлттық-мәдени ерекшелігі («отбасы» концептісі негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №1(59). – Б. 113-119.
- 146 Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Избранные труды: лексикология и лексикография. – М.: Прогресс, 1977. – С. 140-161.

- 147 Тымболова А.О., Мурзинова А.С., Садықова А.Е. «От-Су» оппозициясы: аксиологиялық салғастыру моделі // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №1(59). – Б. 70-75.
- 148 Тымболова А.О., Мурзинова А.С., Әлметова Ә.С. Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени архетиптер мен стереотиптер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – №2(166). – Б. 246-253.
- 149 Славянские древности. Этнолингвистический словарь. – М.: Международные отношения, 1996. - Т. 2. – 526 с.
- 150 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «Слон», 2012. - Т. 2. – 736 б.
- 151 Әлімжанова А.А. Киіз басу өнері // ҚР ҮҒА хабарлары. Филология сериясы. – Алматы, 2010. – №1. – Б. 42-44.
- 152 Бузин В.С. Этнография русских. – Спб., 2009. – 421 с.
- 153 Berthelot A. King Arthur and the knights of the Round Table. – New York: Harry N. Abrams, 1997. – 159 p.
- 154 Костомаров Н.И. Быт и нравы русского народа. – Смоленск: Русич, 2011. – 512 с.
- 155 Williams V. Celebrating Life Customs around the World From Baby Showers to Funerals. – London, 2016. – Vol. 3. – 1247 p.
- 156 Толстая С.М. Образ мира в тексте и ритуале. – М.: Русский фонд содействия образованию и науке, 2015. – 528 с.
- 157 Сливчикова Ю.В. Прагмалингвистические характеристики вестиментарного описания в газетно-публицистическом дискурсе (на материале испанского языка): дис. ... канд. филол. наук. – М., 2016. – 176 с.
- 158 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 128 б.
- 159 Маслова Г.С. Народная одежда в восточно-славянских традиционных обычаях и обрядах XIX – начала XX в. – М.: Наука, 1984. – 220 с.
- 160 A History of Modern Britain. – London, 2017. – 736 p.
- 161 Скрынников Р.Г. Третий Рим. – М.: ДБ, 1994. – 189 с.
- 162 Venning T.A. Chronology of Medieval British History: 1066-1307. – London: Routledge, 2020. – 486 p.
- 163 Franklin C. British Army Uniforms from 1751 to 1783. – London: Pen and Sword, 2013. – 320 p.
- 164 Catalogue of prints and drawings in the British museum. – London, 1883. - Vol. 4. – 500 p.
- 165 Славянские древности. Этнолингвистический словарь. – М.: Международные отношения, 1995. - Т. 1. – 540 с.
- 166 The Merriam - Webster New Book of Word histories. – London, 1991. – 526 p.
- 167 Sheen B. Foods of England. – London: Greenhaven Publishing, 2011. – 64 p.
- 168 Great Britain. Customs and Traditions. – London, 2003. – 165 p.

- 169 Ощепкова В.В. Язык и культура Великобритании, США, Канады, Австралии, Новой Зеландии. – М.; Спб.: ГПОССА/КАРО, 2004. – 336 с.
- 170 Ляховская Л.Т., Люблинская Л. Русская кухня. Традиции. Праздники. Обычаи. Обряды. – М.: Эксмо, 2012. – 304 с.
- 171 Жанпейісова С.Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (қазақ ақын, жазушыларының шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1996. – 169 б.
- 172 Маркарян Э.С. Теория культуры и современная наука. – М.: Мысль, 1993. – 284 с.
- 173 Колкова Н.А. Русские обрядовые концепты во фразеологическом представлении: дис. ... канд. филол.наук. – Оренбург, 2011. – 270 с.
- 174 Іслемжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
- 175 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Әлем Даму Интеграция, 2017. - Т. 4. – 832 б.
- 176 Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – А.: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 177 Ахаминова К.С. Языковая презентация феномена игры в адыгской и английской лингвокультурах: дис. ... канд. филол. наук. – Нальчик, 2010. – 159 с.
- 178 Вендина Т.И. Игра в языке русской традиционной культуры: Этнокультурная интерпретация. Логический анализ языка. Концептуальные поля игры. – М.: Индирик, 2006. – С. 375-392.
- 179 Қазақ ұлттық ойындары. – Алматы: Балауса баспасы, 2013. – 96 б.
- 180 History and Philosophy of Sport and Physical Activity. – London: Human Kinetics, 2015. – 352 p.

## ҚОСЫМША

### Хрематонимді аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Үй, баспана" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Тұрмыстық зат" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Вестонимдік" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Гастронимдік" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Музыкалық аспап" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

### Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Үй, баспана" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

#### *Мінезі - киіз үйдей*

денотативті аясы: көшпенде қазақ халқының баспанасы;

коннотативті аясы: үйлесімділік символы;

ұлттық-мәдени фреймі: Ұлы дала елінің атадан-балаға мирас болған еншісі, әлеуметтік мәртебесі мен кісілігін белгілеген мекені;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: біртога қыз.

#### *Не выносит сор из избы*

денотативті аясы: орыс ұлттының үй-жайы;

коннотативті аясы: қауіпсіздіктің символы;

ұлттық-мәдени фреймі: Орыс халқы избаның ішін сыйырган соң, оның қоқсығын далаға шығармай, пеште өртейтін болған. Себебі, мұндай қоқсық – отбасы мүшелерін сиқырлау құралы болып есептелген;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: құпияшыл адам.

#### *An Englishman's home is his castle*

денотативті аясы: ағылшын баспанасы;

коннотативті аясы: қорғанының символы;

ұлттық-мәдени фреймі: Ағылшын халқының жүргегі, өзгелерден оқшауландыратын жұмбақ әлемі;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: ағылшын халқы туралы автостереотип.

#### *Алты қанатты киіз үйдейсің*

денотативті аясы: алты қанатты керегеден құралған, ақ киізben көмкерілген үй;

коннотативті аясы: молшылық пен кеңшіліктің символы;

ұлттық-мәдени фреймі: Қазақ халқының байыргы өмір салтында алты қанатты киіз үйді ауқатты, дәулетті отбасылар тіккен;

аксиологиялық мәні: жағымды утилитарлық, этикалық;

ассоциативті бейнесі: төрт түлігі сай, төрт тұрманы түгел азамат.

### **Орда бұзар жас**

**денотативті аясы:** көп қанатты (он екі және т.б.) керегеден құралған, ақ киізben көмкерілген үй;  
**коннотативті аясы:** сән-салтанат пен ырыс-дәулеттің, қонақжайлық пен меймандостықтың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ежелгі қазақ қоғамында ақ ордада келелі мәселелер талқыға түскен, келушілердің қабілет-қарымы (білімі, өскери өнері) сыналып, топ жарғандары ел басқару ісіне араласқан;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** отыз жастағы ер-азamat.

### **Ақ ордадай көрінген үй**

**денотативті аясы:** көп қанатты (он екі және т.б.) керегеден құралған, ақ киізben көмкерілген үй;  
**коннотативті аясы:** сән-салтанат пен ырыс-дәулеттің, қонақжайлық пен меймандостықтың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ақ орда – хандардың билік жүргізетін, алқалы жынын өткізетін, би-үәзірлер мен қолбасшыларды, сұltандар мен елшілерді қабылдайтын салтанатты сарайы саналған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды утилитарлық;  
**ассоциативті бейнесі:** бай-бағлан.

### **Ордадай келін**

**денотативті аясы:** көп қанатты (он екі және т.б.) керегеден құралған, ақ киізben көмкерілген үй;  
**коннотативті аясы:** сән-салтанат пен ырыс-дәулеттің, қонақжайлық пен меймандостықтың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ақ орда – хандардың билік жүргізетін, алқалы жынын өткізетін, би-үәзірлер мен қолбасшыларды, сұltандар мен елшілерді қабылдайтын салтанатты сарайы саналған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** қонақжай әйел.

### **Двор у него был как город, изба как терем**

**денотативті аясы:** зәулім үй;  
**коннотативті аясы:** байлықтың эталоны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Терем – ақсүйектер мен дәулетті адамдардың үйі саналған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды утилитарлық;  
**ассоциативті бейнесі:** дәулетті адам.

### **His name built like a castle**

**денотативті аясы:** тастан тұрғызылған қамал;  
**коннотативті аясы:** асқақтықтың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Castle – ел билеуші – карольдер мен лордтардың үйі саналған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** есімі әйгілі, елге сыйлы тұлға.

### **Бөлек отая тікти**

**денотативті аясы:** киіз үй;  
**коннотативті аясы:** оңаша бас болудың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Байырғы қазақ салты бойынша үйленетін үлға еншісін беріп, әке үйінің он жағына отауын тігіп, бөлек шығарған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** жас театр.

**Без четырех углов изба не рубится**

**денотативті аясы:** үй қабыргаларын түйістіретін бұрыш;

**коннотативті аясы:** төрткүл дүниенің символы;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Ежелгі орыс түрмисында үй шеберлері ең алдымен, шабылып, кептірілген жуан ағаштарды көлденен қойып, төрт бұрышты етіп құрастырған. Содан кейін, үйді шегесіз балтамен салатын болған;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;

***Build one's house upon a rock***

**денотативті аясы:** бір отбасына арналған ғимарат;

**коннотативті аясы:** саналық символы;

**ассоциативті бейнесі:** ақылгөй ақсақалдар.

### **Бесструнная балалайка**

**дennotativtі аясы:** үш ішекті, шертпелі саз аспабы;

**коннотативті аясы:** қуыс қеуделіктің белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Балалайка – дәстүрлі орыс ортасында ойын-сауық пен той-думанның ажырамас атрибуты саналған;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** мылжың адам.

### **Абыз даланың қобыз қеуделі перзенті**

**дennotativtі аясы:** үнге бай, тартып ойнауға арналған ысқысы бар, ішекті саз аспабы;

**коннотативті аясы:** даналықтың нышаны;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Қобыз – байырғы қазақ қоғамындаabyzdar мен жыраулардың, бақсылардың ғұрыптық аспабы саналған. Қазақ мәдениетінде қобызды күй атасы атанған Қорқыт есімімен байланыстырады;

**аксиологиялық мәні:** жағымды зияткерлік;

**ассоциативті бейнесі:** данагер тұлға.

### **Қобыздай құңғренген; құтырган жау шаңырағыңа қобыз тартар**

**дennotativtі аясы:** үнге бай, тартып ойнауға арналған ысқысы бар, ішекті саз аспабы;

**коннотативті аясы:** мұң-зардың белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Қобыз – байырғы қазақ қоғамындаabyzdar мен жыраулардың, бақсылардың ғұрыптық аспабы саналған. Қазақ мәдениетінде қобызды күй атасы атанған Қорқыт есімімен байланыстырады;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз психологиялық;

**ассоциативті бейнесі:** жан азабын тартқан шерменді; жаудан жеңіліп, жоқтау айтқан жүрт.

*Нужен я им, как архиерею гармонь в великий пост*

деннотативті аясы: керіп ойнауга арналған саз аспабы;  
коннотативті аясы: той-думанның белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Гармошка – орыс жан дүниесімен біте байланысқан саз аспаптарының бірі.

Ежелгі орыс жерінде оның қатысуының ешбір жиын-той өтпеген. Шіркеу архиерейлері (дін басылары) Пасха мерекесіне дайындықты ұлы ораза кезінде бастаған. Бұл мезгіл – шіркеу қызметкерлері үшін ешқандай саз аспабын қажет етпейтін нағыз қарбалас кезең болып есептелген;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** ешкімге керексіз адам.

*He plays first fiddle*

деннотативті аясы: үш ішекті, ысқымен ойналатын саз аспабы;

коннотативті аясы: әлеуметтік мәртебенің нышаны;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Скрипка – ағылшын дәстүрлі мәдениетінде кең тараған музикалық аспаптардың бірі. Британ халқы оны орта ғасырларда Моррис биін билегендеге пайдаланса, XYIII-XIX ғасырлардан бастап симфониялық-оркестрлік концерттерде қолданған. Симфониялық концерт қойылымы (сценарий) бойынша бас скрипкада ойнайтын скрипкашы оркестрдің алдында тұрып, оны жетелеп, басқарып отырады;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** басшы.

*He's as fit as a fiddle*

деннотативті аясы: үш ішекті, ысқымен ойналатын саз аспабы;

коннотативті аясы: қуаттылықтың елшемі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Скрипка – ағылшын дәстүрлі мәдениетінде кең тараған музикалық аспаптардың бірі. Британ халқы оны орта ғасырларда Моррис биін билегендеге пайдаланса, XYIII-XIX ғасырлардан бастап симфониялық-оркестрлік концерттерде қолданған;

**аксиологиялық мәні:** жағымды валеологиялық;

**ассоциативті бейнесі:** тепсе темір үзетін жігіт.

*A face as long as a fiddle*

деннотативті аясы: үш ішекті, ысқымен ойналатын саз аспабы;

коннотативті аясы: мұң-шердің белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Скрипка – ағылшын дәстүрлі мәдениетінде кең тараған музикалық аспаптардың бірі. Британ халқы оны орта ғасырларда Моррис биін билегендеге пайдаланса, XYIII-XIX ғасырлардан бастап симфониялық-оркестрлік концерттерде қолданған;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз психологиялық;

**ассоциативті бейнесі:** салы суға кеткен адамның мұңайған жүзі.

### **Жетігендей шертілген**

дennotativtі аясы: сиқырлы үнге бай, жеті ішекті, шертпелі саз аспабы;  
коннотативті аясы: жігерліктің, білімпаздықтың белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Қазақ ұлтының көне заманынан жеткен дәстүрлі саз аспабы;  
аксиологиялық мәні: жағымды этикалық, зияткерлік;  
ассоциативті бейнесі: жігерлі, білімді жас.

### **На словах, что на гусях**

дennotativtі аясы: көп ішекті, шертпелі саз аспабы;  
коннотативті аясы: жалғандықтың белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Байыргы орыс елінде гуслимен халық әндерін, батырлар жырын орындаған;  
аксиологиялық мәні: жағымсыз этикалық;  
ассоциативті бейнесі: өтірікші, суайт адам.

### **Blow your own trumpet**

дennotativtі аясы: қоңыраулы темір тұтіктен тұратын жезді керней;  
коннотативті аясы: қошеметтің символы;  
ұлттық-мәдени фреймі: Trumpet – ағылшын ұлтының дәстүрлі музикалық аспабы. Ол – орта ғасырларда жарнамалық функция атқарған. Ағылшындар бұл аспаптың үнімен жарыстарда рыцарларға қошемет көрсетіп, оларды сайыс алаңына шығарған;  
аксиологиялық мәні: жағымсыз этикалық;  
ассоциативті бейнесі: даңғой, мақтаншақ адам.

### **Ni в дудочку, ни в сопелочку**

дennotativtі аясы: үрмелі саз аспаптары;  
коннотативті аясы: білімпаздықтың нышаны;  
ұлттық-мәдени фреймі: Байыргы орыс елінде дудка және сопелка аспаптарымен кез келген адам ойнай білген;  
аксиологиялық мәні: жағымсыз зияткерлік;  
ассоциативті бейнесі: қабілетсіз, білімсіз адам.

### **Followed the drum**

дennotativtі аясы: теріден жасалған, екі жағында бауы бар, цилиндр пішіндес, ұрып ойналатын музикалық аспап;  
коннотативті аясы: әлеуметтік мәртебенің нышаны;  
ұлттық-мәдени фреймі: Ежелгі ағылшын қоғамында дабыл аспабымен әскери жасақтың алдында сарбаз жүретін болған;  
аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;  
ассоциативті бейнесі: әскер қатарына қабылданған сарбаздар.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Салт-дәстүр" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Діни рәсім" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Мереке" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Ойын" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

**Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Салт-дәстүр" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер**

**Шілдехана күзеткендер**

**деннотативті аясы:** сәбидің дуниеге келуімен байланысты атқарылатын салт-дәстүр;

**коннотативті аясы:** той-думанның нышаны;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Байырғы қазақы ортада жаңа туылған нәрестені қара күш иелерінен (жын-пері, албасты), тіл-көзден қорғау үшін қырық күн, қырық түн күзеттеп болған. «Шілдехана күзет» деп аталатын бұл салт – бертін келе сәбидің күрметіне жасалатын тойға ауысқан. Шілдехана күзетке жастар жиналып, оны таң атқанға дейін ойын-сауықпен өткізген;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** сауықшыл, думаншыл жастар.

**Қырқынан шыққан**

**деннотативті аясы:** сәбидің дуниеге келуімен байланысты атқарылатын рәсім;

**коннотативті аясы:** шираудың нышаны;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Қырқынан шығару – сәбидің адам қатарына қосылғанын ишараптайдын сакральді мәні бар ғұрып. Қазақы ортада сәбидің өмірге келгеніне қырық күн толғанда оны көптің тілеуімен қырық қасық суға шомылдырып, қарын шашын алғып, иткөйлегін шешіп, қырқынан шығарады;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** сәби.

### *Под крестом*

**деннотативті аясы:** сәбидің дүниеге келуімен байланысты атқарылатын рәсім;

**коннотативті аясы:** христиан атанудың белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Православиелік христиан бағытын ұстанатын орыс ұлты жаңа туылған нәрестені шіркеуге апарып, оған шоқындыру рәсімін жасайды. Аталмыш рәсім бойынша шіркеу попы баланы крест астындағы су құйылған ыдыста (купель) шомылдырып, христиан санатына қабылдайды. Бұл рәсімге баланың ата-анасы, кіндік әкесі мен кіндік шешесі қатысады;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** сәби.

### *As modest as a maid at a christening*

**деннотативті аясы:** сәбидің дүниеге келуімен байланысты атқарылатын рәсім;

**коннотативті аясы:** христиан атанудың белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Католиктік христиан бағытын ұстанатын ағылшын халқы сәбиді бір айлық кезінде шоқындырады. Аталмыш рәсім англикан шіркеуінде өткізіледі. Бұл рәсімге сәбидің ата-анасы, кіндік әкесі мен кіндік шешесі, туған-туыстары қатысады. Шоқындыру рәсімі аяқталған соң, сәбидің ата-анасы жағдайы жоқ адамдарға садақа береді;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз эстетикалық;

**ассоциативті бейнесі:** қаралайым, жұпның киінген адам.

### *Coins for baby*

**деннотативті аясы:** сәбидің дүниеге келуімен байланысты атқарылатын рәсім;

**коннотативті аясы:** бақыт пен байлықтың нышаны;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Дәстүрлі ағылшын қоғамында шоқындыру рәсімі аяқталған соң, сәбидің кіндік ата-анасы «бақытты болсын», «бай болсын» деп ырымдап, сәбидің алақанына күміс тиын салады;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық, психологиялық;

**ассоциативті бейнесі:** жақсылық тілеу.

### *Азан шақырып қойған ат*

**деннотативті аясы:** сәбидің дүниеге келуімен байланысты атқарылатын рәсім;

**коннотативті аясы:** мұсылмандықтың белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Қазақ халқы ислам дінін ұстанатындықтан, сәбидің есімін мұсылман дәстүріне сүйеніп қояды. Діни жоралғы бойынша молда нәрестенің басын құбылаға қаратып, азан шақырып, оның атын құлағына үш мәрте қайталап, есімін қояды;

**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** шын есім.

### *Имя преподобного в крещении – к счастью младенца*

дennotativtі аясы: сәбидің дүниеге келуімен байланысты атқарылатын рәсім;

коннотативті аясы: бақыттың нышаны;

ұлттық-мәдени фреймі: Дәстүрлі орыс ортасында жаңа туылған сәбиге есімді шоқындыру рәсімінде қояды. Баланы шоқындырган күн өүлиелерді, перштеперді еске алу құрметіне тойланатын құнтізбелік мерекелермен сәйкес келсе, «бақытты болады» деп сеніп, баланың атын солардың есімдерімен қояды;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық, психологиялық;

ассоциативті бейнесі: жақсылық тілеу.

### *Тұсауы кесілген өрен жүйріктер*

дennotativtі аясы: сәбидің журуімен байланысты атқарылатын рәсім;

коннотативті аясы: ала жіп – адалдықтың, көк шөп – есіп-өркендеудің, тоқ ішек – ырыс-дәулеттің рәміздері;

ұлттық-мәдени фреймі: Қазақ халқының архаикалық нанымы бойынша қаз-қаз тұра бастаған сәбидің қадамын тұсаулап туратын тылсым күш болады. Сол тылсым күшті кесіп жіберсе, сәби тез жүріп кетеді деген ақ тілеумен баланың тұсауын кеседі;

аксиологиялық мәні: жағымды зияткерлік;

ассоциативті бейнесі: талантты жас ақын-жазушылар.

### *Сүйіншілеп жатқан ел; кітаптың сүйіншісін берген өulet*

дennotativtі аясы: сыйлық, кәде;

коннотативті аясы: жақсылықтың, ризашылықтың нышаны;

ұлттық-мәдени фреймі: Дәстүрлі қазақ қоғамында айтұлы қуаныштар (баланың дүниеге келуі, үйлену, т.б.) болғанда ағайын-тыуыстан, құда-жегжаттан, көрші-қолаңнан сүйінші сұрайды. Сүйіншіге қалаган затты беру парыз саналады. Мұны тілдік қолданыстағы «сүйіншіне не берейін?» айтылсы да айғақтайды;

аксиологиялық мәні: жағымды психологиялық, этикалық;

ассоциативті бейнесі: қуаныш сыйлаған халық; сый-сияпат көрсеткен өulet.

### *Байгазы-жыр*

дennotativtі аясы: сыйлық, кәде;

коннотативті аясы: сый-құрметтің белгісі;

ұлттық-мәдени фреймі: Байгазы – қазақ этномәдени ұжымының кәде беру салтына жатады. Дағдылы тұрмыста байгазыны жаңа бүйім алғанда, жаңа киім кигенде береді;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: халқына жыр сыйлаған ақын.

### *Көрімдік берген*

дennotativtі аясы: сыйлық, кәде;

коннотативті аясы: сый-құрметтің белгісі;

ұлттық-мәдени фреймі: Қазақ ортада жаңа туылған нәрестені, жаңа түскен келінді алғаш көрсеткенде «тіл-кез тимесін» деген ырыммен көрімдік сұрайды. Көрімдік – кәде алу салтына жатады. Мұны тілімізегі «көрімдігіне не бересің?» айтылсы да растайды. Қазақ халқы көрімдікке астындағы атын да, үстіндегі тонын да берген;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: сыйлы адам.

### *Қайын жұртыңдағы қалыңдығыңа ұрын келгендей*

дennotativtі аясы: күйеу жігіттің айттырган қызы ауылына жасырын келу салты;

коннотативті аясы: ар-ұяттың өлшемі;

ұлттық-мәдени фреймі: Ұрын келу – құдаласу рәсімі өткеннен кейін атқарылады;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: жасқаншақ, үялшақ адам.

**Ұзатылатын қыздай дайындаиды; ұзатылатын қыздай өзер ажырау**  
**деннотативті аясы:** үйлену салты;  
**коннотативті аясы:** әсемдіктің, сұлулықтың эталоны; қимастықтың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Қазақ халқы қызын той жасап, оң босағадан күйеу жүртyna сөнді жасау-жабдығымен ұзатады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды эстетикалық; жағымсыз психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** сөнді киінген адам; қимай қоштасқан адам.

**Шапалақтан шашу шашылғандай**  
**деннотативті аясы:** салт-дәстүр;  
**коннотативті аясы:** жақсылықтың нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Елеулі қуаныштарда (сәбиді бесікке салғанда, баланың тұсауын кескенде, келін түскенде, құда келгенде, т.б.) қазақ әйелдері қант-кәмпіт пен құрт-ірімшік, т.б. сияқты тәттілерді арапастырып, жиналған жүрттың ортасына шашу шашады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық, психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** халық алдында қошеметке бөлөнген сыйлы ана.

**Төрт томдықтың беташары**  
**деннотативті аясы:** келін түсіргенде орындалатын ғұрып;  
**коннотативті аясы:** таныстырудың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Қазақ салты бойынша ұзатылып келе жатқан қызды ауылдың қыз-келіншектері күтіп алып, оның басына ақ желек жауып, бетін ешкімге көрсетпей отауға әкеледі. Жас келінді отау алдына әкелгеннен кейін күйеу жүртymен таныстыру үшін «беташар» рәсімін жасайды;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** баспадан шықкан жаңа туынды.

**Нарядились, как на смотрины**  
**деннотативті аясы:** қалыңдықпен күйеу жігітті және оның туыстарын таныстыру рәсімі;  
**коннотативті аясы:** сұлулықтың эталоны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Байырғы орыс ортасында күйеу жігіт пен оның ата-анасы қызды көру үшін құда түскен үйге келген. Аталған салт бойынша әдемі киінген қызды ата-анасы мен құбылары избаның ортасына шығарып, ары-бері жүргізген. Орындықта отырған күйеу жігіт пен оның туыстары қызды мақтап, оның сұлулығына баға берген. «Қыз көру» жосыны қалыңдық пен күйеу жігіттің бір-біріне бас ию рәсімімен аяқталған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды эстетикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** сөнді киінген қыздар.

**Пропитая – залитая; пропита – продана**  
**деннотативті аясы:** үйлену салты;  
**коннотативті аясы:** қалыңдық атанудың нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ежелгі қыз көру салты бойынша күйеу жігіт пен оның туыстары құда түскен үйге құлмақтан жасалған ішімдік әкелген. Қалыңдық пен күйеу жігіттің бас ию рәсімі атқарылған соң, екі жақ тарап үстелге отырған. Үстел басында қыздың әкесі құдалар жақ әкелген ішімдікті ішіп, той күнін белгілеген. Бұл ғұрып – «пропой» деп аталған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** қалыңдық.

### *Собрались под венец*

**дennotativtі аясы:** некелесу салты;  
**коннотативті аясы:** отбасын құрудың нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Орыс ұлтының дәстүрлі некелесу салты шіркеулік ғұрыптармен жүзеге асады. Сондай ғұрыптардың бірі – «вознесение венца» (сөзбе-сөз ауд. тәж көтеру) деп аталады. Аталмыш ғұрып бойынша шіркеу попы неке қио рәсімін орында жатқанда күйеу жігіт пен қалындықтың екілдері (достары, туыстары) екі жастың басынан тәж көтеріп тұрады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** күйеу жігіт пен қалындық.

### *A gentleman walks down the aisle*

**дennotativtі аясы:** үйлену салты;  
**коннотативті аясы:** күйеу жігіт атанудың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ағылшын халқының дәстүрлі үйлену салты бойынша күйеу жігіт пен қалындық шіркеу ішіндегі неке қио алғанына ортаңы жолмен жүріп келеді. Мұндай салт – «қандай жағдай болмасын, біз біргеміз» деген ұғымды ишаралайды;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** күйеу жігіт.

### *As marry as a marriage bell*

**дennotativtі аясы:** үйлену дәстүрі;  
**коннотативті аясы:** куаныштың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Британ халқының үйлену дәстүрі бойынша күйеу жігіт пен қалындық шіркеуге кірерде және шіркеуден шыгарда қонырау соғылады. Бұл қонырау – екі жастың бақытты сәтін түспалдайды;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** бақытты адам.

### *To throw rose petals*

**дennotativtі аясы:** үйлену ғұрпы;  
**коннотативті аясы:** жақсылықтың нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ағылшын салты бойынша екі жастың некелесу рәсімі аяқталған соң, оларға шіркеу алдында раушан гүлінің жапырақтарын шашады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық, психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** бақытты, баянды өмір тілеу.

*Young man to dance attendance on me*

деннотативті аясы: үйлену ғұрпы;  
коннотативті аясы: келіндік міндеттің белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ежелгі ағылшын дәстүрі бойынша той күні қалыңдық өзін биге шақырған кез келген қонақпен билеу міндетті саналған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** тәуелді, басыбайлы жігіт.

*Oй, бауырымдап» ат қойып кіру; қоңыр самал жоқтау айтқандай; досының жаназасына жиналғандай мұңды ағаштар*

деннотативті аясы: өлікті жөнелту ғұрыптары;  
коннотативті аясы: бауырымдау – туысқандықтың белгісі; жоқтау – азалаудың үлгісі; жаназа – ақтық сапардың нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Қазақ салты бойынша қайтыс болған марқұмның жақындарына көңіл айтып, қайғысына ортақтасу – парыз саналады. Осыған орай, дәстүрлі ортада марқұмды аза тұтудың өзіндік жөнжосығы қалыптасқан. Айтальық, қаралы үйде ер кісілер «ой, бауырымдап» дауыс салса, әйел кісілер азалы жоқтау айтады. Мәйітті арулау, құрметтеу рәсімі аяқталғаннан кейін ислам шаригатына сәйкес, имам жиналған жұрт алдында марқұмға арнап жаназа намазын оқып, ақтық сапарға шығарып салады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** қайғы-қасірет.

*Покаяние перед священником*

деннотативті аясы: тәубеге келу жосыны;  
коннотативті аясы: күнәдан арылудың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Дәстүрлі орыс ортасында «о дүниеде жаным жай тапсын» деген ниетпен өлім аузында жатқан адам шіркеу попын шақыртып, бұ дүниеде жасаған күнәларын мойындайды. Шіркеу попы Інжіл дүғаларын оқып, оның күнәларының кешірілуін Құдайдан тілейді;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** тәубеге келген адам

*Лежать под образами*

деннотативті аясы: өлікті жөнелту ғұрпы;  
коннотативті аясы: өлімнің белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Орыс халқының архаикалық рәсімі бойынша қайтыс болған адамның бетін иконаларға қаратып, аяғын созып, лавкаға жатқызған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** марқұм.

**Как краше в гроб кладут**

деннотативті аясы: өлікті жөнелту ғұрпы;  
коннотативті аясы: реңсіздіктің нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Орыс халқы қайтыс болған марқұмның сүйегін жуындырып, жаңа киімін киіндіріп, бояндырып, табытқа салып, жерлейді;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз валеологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** арып-жудеген, жүзі солғын адам.

**Плакуша по чужому горю плачет**

деннотативті аясы: өлікті жөнелту ғұрпы;  
коннотативті аясы: азалаудың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Байыргы орыс елінде марқұмды азалау үшін жоқтау айтып, дауыстап жылайтын әйелдерді жалдайтын болған. Оларды «плакуша», «плакальщица» деп атаған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** жанашыр адам.

**Wooden hand-grip was as cold as a coffin handle**

деннотативті аясы: табыт тұтқасы;  
коннотативті аясы: қазаның белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ағылшын этномәдени жүйесінде сөнген шырағданың балауызы «coffin handle» (сөзбе-сез ауд. табыт тұтқасы) деп аталған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** сүйт хабар.

**Flowers for his funeral**

деннотативті аясы: өлікті жөнелту ғұрпы;  
коннотативті аясы: құрмет пен өмір жалғастығының символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Funeral flowers – ағылшын халқының жерлеу жосынында маңызды рөл атқарады. Британдықтар қазалы үйге қара киіп, марқұмның табытына қойылатын ақ лалагулін өкеледі;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** жақсылық тілеу.

**As sober as men leading a funeral cortège**

деннотативті аясы: өлікті жөнелту ғұрпы;  
коннотативті аясы: ұстамдылықтың нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ағылшын халқының өлікті жөнелту ғұрпы бойынша жерлеу бүросының директоры кортежді (табыт салынған көлік) басқарып, қабірге дейін жаяу жүріп барады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** байсалды адам.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Діни рәсім" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

**Ізгілікке иманындаі сенген; Иманжүзділер**

деннотативті аясы: ислам дініндегі бес парыздың бірінші діңгегі;  
коннотативті аясы: ар-ұяттың, адалдықтың, мейірімділіктің, кісліктің өлшемі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Иман – мұсылман жүргегінің айнасы. Ислам қагидаларына сәйкес иман алты негізден құралады. Олар: 1) Алла Тағалага иман келтіру; 2) Перштеперге иман келтіру; 3) Пайғамбарларға иман келтіру; 4) Қасиетті төрт кітапқа (Құран Қәрім, Інжіл, Тәурат, Забур) иман келтіру; 5) Ақырет күніне иман келтіру; 6) Тағдырға иман келтіру [150]. Иман негіздеріне шынайы сеніп, куәлік еткендер Ислам дініне қабылданып, мұсылман атанады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** мейірімді, адад жандар.

### *Иманнан безгендер*

**дennotativtі аясы:** ислам дініндегі бес парыздың бірінші дінгегі;  
**коннотативті аясы:** ар-ұяттың, адалдықтың, мейірімділіктің, кісіліктің өлшемі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Иман – мұсылман жүргегінің айнасы. Ислам қагидаларына сәйкес иман алты негізден құралады. Олар: 1) Алла Тағалаға иман келтіру; 2) Перштерге иман келтіру; 3) Пайғамбарларға иман келтіру; 4) Қасиетті төрт кітапқа (Құран Қөрім, Інжіл, Төурат, Забур) иман келтіру; 5) Ақырет күніне иман келтіру; 6) Тағдыраға иман келтіру [150]. Иман негіздеріне шынайы сеніп, күелік еткендер Ислам дініне қабылданып, мұсылман атанады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** арсыз, қатыгез адамдар.

### *Етегіне сәжде қылып, намаз оқымаған*

**дennotativtі аясы:** ислам дініндегі бес парыздың екінші дінгегі;  
**коннотативті аясы:** имандылықтың үлгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Намаз – мұсылманның Алла Тағала разылығы үшін құбылаға бет бұрып, бес мезіл (тан, бесін, екінті, ақшам, құптан) сәждемен, құран аяттарымен орындастын құлшылық ғибадаты. Мұсылман ортасында ерге де, әйелге де бес уақыт намазды қаза жібермей оқу парыз етілген;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** жазықты, кінәлі әйел.

### *Ораза-намазы бұзылмаған*

**дennotativtі аясы:** ислам дініндегі бес парыздың екінші дінгегі;  
**коннотативті аясы:** имандылықтың үлгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Намаз – мұсылманның Алла Тағала разылығы үшін құбылаға бет бұрып, бес мезіл (тан, бесін, екінті, ақшам, құптан) сәждемен, құран аяттарымен орындастын құлшылық ғибадаты. Мұсылман ортасында ерге де, әйелге де бес уақыт намазды қаза жібермей оқу парыз етілген;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** текті әйел.

### *Намаздың сабагындағ біледі*

**дennotativtі аясы:** ислам дініндегі бес парыздың екінші дінгегі;  
**коннотативті аясы:** имандылықтың үлгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Намаз – мұсылманның Алла Тағала разылығы үшін құбылаға бет бұрып, бес мезіл (тан, бесін, екінті, ақшам, құптан) сәждемен, құран аяттарымен орындастын құлшылық ғибадаты. Мұсылман ортасында ерге де, әйелге де бес уақыт намазды қаза жібермей оқу парыз етілген;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды зияткерлік;  
**ассоциативті бейнесі:** сауатты адам.

### **Хөтөл икону пиши**

**деннотативті аясы:** сиынуга арналған бейнелер;  
**коннотативті аясы:** пәктіктің, әсемдіктің, жарқындықтың, сый-құрметтің белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Православиелік христиан бағытын ұстанатын орыс халқы шіркеуде, үйде иконаның алдына шырағдандар жағып, үш рет басын ііп, шоқынады. Ол – орыс этномәдени ұжымының қасиетті, киелі атрибуты саналады. Байырғы орыс қоғамында иконаны шіркеу суретшілері салған. Оларды «иконописец» деп атаган;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды эстетикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** жүзі жарқын, көркіті қыз.

### **Молиться как на икону**

**дennotativtі аясы:** сиынуга арналған бейнелер;  
**коннотативті аясы:** пәктіктің, әсемдіктің, жарқындықтың, сый-құrметтің белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Православиелік христиан бағытын ұстанатын орыс халқы шіркеуде, үйде иконаның алдына шырағдандар жағып, үш рет басын ііп, шоқынады. Ол – орыс этномәдени ұжымының қасиетті, киелі атрибуты саналады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** сыйлы, қадірлі адам.

### **Чистая как икона**

**дennotativtі аясы:** сиынуга арналған бейнелер;  
**коннотативті аясы:** пәктіктің, әсемдіктің, жарқындықтың, сый-құrметтің белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Православиелік христиан бағытын ұстанатын орыс халқы шіркеуде, үйде иконаның алдына шырағдандар жағып, үш рет басын ііп, шоқынады. Ол – орыс этномәдени ұжымының қасиетті, киелі атрибуты саналады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** бейкүнә адам.

### **Перед тобою, как перед попом на исповеди**

**дennotativtі аясы:** діни рәсім;  
**коннотативті аясы:** күнәдан арылу белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Исповедь – әңгімелесу түрінде жүзеге асады. Аталмыш рәсімде шіркеу попы Құдай мен адам арасын байланыстыратын дедалдың қызметін атқарады. Әңгімелесу барысында тәубеге келуші өзінің жан дүниесін шіркеу попына ақтарып, одан Құдай алдында күнәсінің кешірілуіне тілекші болуын сұрайды;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** тәубесіне келген адам.

### *Worships her father as a god*

деннотативті аясы: діни рәсім;  
коннотативті аясы: құрмет тұтудың, тәу етудің белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Ағылшын халқы өр жексенбі сайын Англикан шіркеуіне барып, Құдайға құлшылық жасайды. Інжілден дүғалар оқып, діни уағыздар тыңдал, құлшылық әуендерін орындаиды;  
аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;  
ассоциативті бейнесі: сыйлы, қадірлі адам.

### *Auzы берік*

деннотативті аясы: ислам дініндегі бес парыздың үшінші діңгегі;  
коннотативті аясы: тәзімділіктің, сабырлықтың, қайрымдылықтың нышаны;  
ұлттық-мәдени фреймі: Ораза – мұсылмандардың қасиетті рамазан айында Алла Тағала разылығы үшін таңның атысынан күннің батысына дейін отыз күн ауыз бекітіп, ішіп-жеуден, өсек-ғайбаттан, барлық харам істерден тыйылатын айырықша құлшылығы. Ислам дінін ұстанатын қазақ халқы рамазан айында аузы берік жандарды аузыашарға шақырып, жағдайы жоқ адамдарға пітір-садақа береді;  
аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;  
ассоциативті бейнесі: байсалды, құпияға берік адам.

### *У нее постная физиономия*

деннотативті аясы: діни рәсім;  
коннотативті аясы: тазарудың белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Православиелік христиандар жылына төрт рет ораза ұстайды. Олар: «Рождественский пост» (Рождестволық ораза), «Великий пост» (Ұлы ораза), «Петров пост» (Петров оразасы), «Успенский пост» (Успенский оразасы) деп аталады. Айтальық, Рождестволық ораза мен Ұлы ораза ұзақ мерзімді қамтыса, Петров пен Успенский оразалары қысқа мерзімді қамтиды. Ұзақ мерзімді ораза 40-48 күнге созылып, Иса пайғамбардың құрметіне ұсталса, қысқа мерзімді ораза 14-27 күнге созылып, әулие апостол мен әулие Марияның құрметіне ұсталады. Аталмыш оразаларда орыс халқы ауыз бекітпей, тек ет, сүт, майлы тағамдардан бас тартып, ораза тағамдарын (постная пища) ғана жейді. Шіркеуге барып, құлшылық жасайды;  
аксиологиялық мәні: жағымсыз этикалық;  
ассоциативті бейнесі: үнемі тұнжырап жүретін, қабағы ашылмайтын әйел.

### *Wearing a cross of ashes on forehead*

деннотативті аясы: діни рәсім;  
коннотативті аясы: тәубеге келудің белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Католиктік христиан дінін ұстанатын ағылшын халқы «Ash Wednesday» (сөзбесінде ауд. құлді сәрсенбі) күні шіркеуге барып, пальма жапырағының күлінен мәндайларына крест таңбасын салғызады. Бұл рәсім – күнәдан жанды тазарту үшін Ұлы оразаның (lent) алдында атқарылады;  
аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;  
ассоциативті бейнесі: тәубесіне келген адам.

### *You little Jack-a-lent*

деннотативті аясы: діни рәсім;

коннотативті аясы: тазарудың белгісі;

ұлттық-мәдени фреймі: «Lent» лексемасы – кене ағылшын-саксон тілінен аударғанда «spring» (көктем) немесе «lengthening days» (ораза күндері) деген ұғымды береді. Батыс христиан күнтізбесі бойынша британ халқы көктем мезгілінде қырық күн ораза тұтады. Атапыш күндерде отбасылық мерекелерден (үйлену тойы, туған күн), ішімдік пен тәттілерден (шоколад), зәйтүн майынан жасалатын тағамдар мен ет тағамдарынан бас тартады. Байырғы ағылшын халқы оразаның алғашқы күнінде сабаннан жасалған «Jack-a-lent» атты құыршақты аланға орнатып, оған қырық күн бойы тас пен балшық атып, оны оразаның соңғы жексенбісінде өртейтін болған;

аксиологиялық мәні: жағымсыз этикалық;

ассоциативті бейнесі: өркімнің қолшоқпарына айналған адам.

### *Зекет берушілер; садағаң кетейін, зекетің болайын*

дennotativtі аясы: ислам дініндегі бес парызың төртінші діңгегі;

коннотативті аясы: қайырымдылық белгісі;

ұлттық-мәдени фреймі: Зекет – Алла Тағала разылығы үшін кедей-пақырларға, жетім-жесірлерге мaldай, ақшалай, заттай берілетін садақа түрі. Шаригат шарты бойынша зекет өрбір ауқатты отбасының мүлкі мен кіріс есебінен қауымның иглігі үшін жылына бір мәрте беріледі;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: мейірімді, қайырымды жандар

### *Қағбага тәу еткендей*

дennotativtі аясы: Мекке қаласындағы өл-Харам мешіті ауласының кіндігінде орналасқан құлшылық орны;

коннотативті аясы: қасиетті;

ұлттық-мәдени фреймі: Қағба – жер бетінде алғаш тұрғызылған мешіт. Ол – мұсылмандардың бес уақыт намазда бет түзеп, тағым ететін құбыласы. Мұсылмандар қажылық сапарында адамзаттың бейбітшілік орны мен орталығына айналған қасиетті, киелі Қағбаны айналып, тәу етеді;

аксиологиялық мәні: жағымды утилитарлық;

## Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Мереке" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

**Наурыз мерекесін тойлағандар; әз болмай, мәз болмас; ойдағы ел қырдағы елмен көріскендей**  
**деннотативті аясы:** дәстүрлі мереке;  
**коннотативті аясы:** жаңарудың, молшылықтың, татулықтың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Наурыз – қазақ этномәдени ұжымының ежелден келе жатқан дәстүрлі мерекесі.  
Қазақ ортада бұл мерекені – «Ұлыстың ұлы күні», «Әз», «Амал» деп те атайды. Байырғы қазақ  
қоғамында ұлыстың ұлы күні жаңа жыл мерекесі саналып, күн мен түн теңелер кезде тойланған. Қыстан  
аман шықкан жүрт арқа-жарқа болып, көрісіп, наурыз көже өзірлеп, жыл басын қарсы алған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық, психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** дәстүршіл Қазақ елі.

### *Айтысқа айтшылап келген ағайын*

**деннотативті аясы:** діни мереке;  
**коннотативті аясы:** рақымшылық пен мейірімділіктің, сыйластық пен татулықтың өлшемі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ислам дінін ұстанатын қазақ халқы бір жылда екі айт (ораза және құрбан)  
мерекесін атап өтеді. Мұсылман құнтізбесі бойынша ораза айтты шөууал айында, ал құрбан айтты  
зұлхижжа айында тойлайды. Айт мерекесі үш күнге жалғасып, әр шаңырақта дастарқан жайылып, құтты  
болсын айтылып, бір-бірінән үйіне айтшылайды;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** дәстүршіл Қазақ елі.

### *В Рождество на крылечке, сидеть в Пасху у печки*

**деннотативті аясы:** діни мерекелер;  
**коннотативті аясы:** рождество – жақсылықтың, қуаныштың символы; пасха – мейірімділіктің,  
жылулықтың, қонақжайлыштың символы;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Рождество – Иса пайғамбардың өмірге келу құрметіне байланысты тойланса,  
Пасха – Иса пайғамбардың қайта тірілу құрметіне орай аталаған өтеді. Православиялық бағытты ұстанатын  
орыс халқы Рождествоны жетінші қаңтарда атап өтсе, Пасханы ай құнтізбесіне сәйкес көктемде  
тойлайды. Орыс жұрты Рождество мерекесінде көше-көшенні аралап, ән салса, Пасха мерекесінде  
жұмыртқа бояп, кулич (тәтті тоқаш) пісіріп, үй-үйге қонақ болады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық, психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** думаншыл орыс халқы.

### *Christmas comes but once a year*

**деннотативті аясы:** діни мереке;  
**коннотативті аясы:** жомарттық пен мейірімділік нышаны;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Католиктік бағытты ұстанатын британ халқы Рождество мерекесін желтоқсан  
айының жиырма бесінде атап өтеді. Дәстүр бойынша ағылшындар бұл мерекеде шіркеуге барып, ән  
айтып, үйді шамшырақтармен безендіріп, балаларға арналған сыйлықтар өзірлеп, бір-біріне бақыт тілеп,  
ашық хаттар жолдайды;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** ағылшын халқы.

### *Easter so longed for is gone in a day*

деннотативті аясы: діни мереке;  
коннотативті аясы: жаңа өмірдің, сәттіліктің, берекенің символы;  
ұлттық-мәдени фреймі: Британдықтар Пасха мерекесін Ұлы оразадан кейін, көктем мезгілінің (наурыз немесе сәуір) соңғы жексенбісінде тойлайды. Бұл мерекеде ағылшындар крест бейнеленген пасхалық тоқаш пісіріп, бір-біріне шоколадтан жасалған пасхалық жұмыртқалар мен қояндарды сыйға тартады;  
аксиологиялық мәні: жағымды психологиялық;  
ассоциативті бейнесі: ағылшын халқы.

### *В маленьких городках не жизнь, а масленица*

деннотативті аясы: дәстүрлі мереке;  
коннотативті аясы: сауық-сайранның, меймандастықтың, тоқшылықтың белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Дәстүрлі орыс қоғамында Масленица мерекесін Ұлы оразага (Великий пост) бір апта, Пасхага жеті апта қалғанда тойлайды. Бір аптаға созылатын бұл мерекенің әр күні (дүйсенбі – «Встреча масленицы», сейсенбі – «Заигрыши», сәрсенбі – «Лакомки», бейсенбі – «Разгул», жұма – «Тещины вечерки», сенбі – «Золовкины посиделки», жексенбі – «Проводы Масленицы») аталып өтеді. Айталық, Масленицаның дүйсенбісі – құда-құдагидың кездесуіне, сейсенбісі – жастардың кездесуіне, сәрсенбісі – күйеу баланың қайын енесінің үйіне қонақ болуына, бейсенбісі – ойын-сауықта, жұмасы – қайын ененің күйеу баласының үйіне қонақ болуына, сенбісі – күйеу жұртының келіннің үйіне қонақ болуына, жексенбісі – тұлышты өртеп, Масленицаны шығарып салуға арналған;  
аксиологиялық мәні: жағымды утилитарлық;  
ассоциативті бейнесі: экономикасы гүлденген қалалар.

### *She is tall as a maypole*

деннотативті аясы: ұзын ленталы, биік бақан;  
коннотативті аясы: өсіп-өнүндің, өркендеудің символы;  
ұлттық-мәдени фреймі: Ағылшын халқы **maypole** ағашын бірінші мамыр мерекесімен байланыстырады. Дәстүрлі ағылшын ортасында оны گүлдермен және түрлі түсті ұзын ленталармен безендіріп, мереке күні сол ленталардан ұстап, бақанды айнала «**Maypole**» биін билейді;  
аксиологиялық мәні: жағымды эстетикалық;  
ассоциативті бейнесі: ұзын бойлы қызы

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі "Ойын" тірек компонентті аксиологемалық стереотиптер

### *Айтыс десе асықтай шірілген ағайын*

деннотативті аясы: дәстүрлі ойын;  
коннотативті аясы: тұтастықтың белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Ойын асық іруден басталады. Ойын шарты бойынша асығы алшы түскен ойынды бірінші бастаса, тәйке түскен – екінші, шіге түскен – үшінші, бүге түскен – төртінші ойнайды;  
аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;  
ассоциативті бейнесі: Қазақ елі.

### *Асығы алшысынан түскендер*

деннотативті аясы: дәстүрлі ойын;  
коннотативті аясы: сәттілік белгісі;  
ұлттық-мәдени фреймі: Ойын шарты бойынша асық атқанда да кімнің асығы алшы түссе, сол үтады;  
аксиологиялық мәні: жағымды психологиялық;  
ассоциативті бейнесі: жолы болған талапкерлер.

### **Оңқай асықтай шымыр**

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;  
**коннотативті аясы:** мығымдық өлшемі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Асық – оңқай және солақай болып белінеді. Оңқай асықтың алшы түрганда тұмсығы оң жақта бағытталса, солақай асықтың алшы түрганда тұмсығы сол жақта бағытталады;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды valeологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** шымыр денелі ер-азамат.

### **Жив курилка**

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;  
**коннотативті аясы:** қуаныштың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Ежелгі орыс елінде курилка ойынын Иван Купала мерекесінде ойнаған. Собық – курилка ойынының негізгі атрибуты саналған. Ойын шарты бойынша ойыншылар шенбер жасап, ішіндегі біреуі собықты жағып, қалғандары оны үрлеген. Содан кейін шенбер бойымен үрленген собықтың оты сөнгенше «Жив, жив курилка!» деп айттып, қолдан-қолға берген. Кімнің қолында собық сөнсе, сол ойыннан шыгарылып, қалған ойыншылардың тілегін орындастын болған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымды психологиялық;  
**ассоциативті бейнесі:** көптен бері көріспеген адам

### **To play at fast and loose with a young girl's affections**

**деннотативті аясы:** карнавалдық ойын;  
**коннотативті аясы:** жалғандықтың белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Байырғы британ елінде карнавалдық ойындар жәрменкелерде ойналған. Сондай ойындардың бірі – «fast and loose» (сөзбе-сөз ауд. лезде және емін-еркін) деп аталған. Аталған ойын шарты бойынша ойыншы бірнеше рет былғары белбеуді көрермен алдында біресе дәңгелетіп орап, біресе емін-еркін тарқатып жіберетін болған. Ойыншының жылдамдығы мен айласына көз ілеңстіре алмай қалған көрермендер ұтылған;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** арсыз, екіжүзді жігіт.

### **Ақпаратты қекпардай іліп әкететін алаяқтар**

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;  
**коннотативті аясы:** айлакерліктің белгісі;  
**ұлттық-мәдени фреймі:** Дәстүрлі қазақы ортада қекпар мерекелер мен той-думанда тартылады. Ойынга аты мен ер-тұрманы сайланған төрт-бес немесе жеті-сепіз қекпаршыдан құралған екі топ қатысады. Қекпар ережесіне сәйкес семіз серке (жасқа толған лақ) таңдалып, жерге қойылады. Ойын барысында сол серкені жерден іліп алып, ез қазандықтарына жеткізу үшін топтар тартысқа туседі. Бұл ойында айласы мен күш-қайраты асқан топ қана жеңіске жетеді;  
**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;  
**ассоциативті бейнесі:** жылпос, қу адамдар.

### **Көкпардай тартқылағандар**

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;

**коннотативті аясы:** айлакерліктің белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Дәстүрлі қазақы ортада көкпар мерекелер мен той-думанда тартылады. Ойынға аты мен ер-түрманы сайланған төрт-бес немесе жеті-сегіз көкпаршыдан құралған екі топ қатысады.

Көкпар ережесіне сәйкес семіз серке (жасқа толған лак) таңдалып, жерге қойылады. Ойын барысында сол серкені жерден іліп алып, өз қазандықтарына жеткізу үшін топтар тартысқа түседі. Бұл ойында айласы мен күш-қайраты асқан топ қана жеңіске жетеді;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** мейірімсіз, қатыгез адамдар.

### **Играть в жмурки**

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;

**коннотативті аясы:** жалғандықтың белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Ежелгі орыс қоғамында жмурки ойынын балалар да, жастар да ойнаған. Бұл ойын ашық алаңда ойнаған. Ойын ережесіне сәйкес ортаға ойыншылардың біреуін шығарып, оның көзіне орамал байлап, үш мәрте айналдырады. Қалған ойыншылар көзі байланған ойыншыны «жмурка» деп атап, маңайында алдаусыратып, қашып жүреді. Жмурка ойыншылардың біреуін ұстап, оның кім екенін тапса, сол ойыншыға өзінің рөлін береді;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** екіжүзді адам.

### ***It's just not cricket***

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;

**коннотативті аясы:** адалдықтың өлшемі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Крикет – британ халқының өмір-салтымен біте қайнасқан ұлттық ойыны. Ол – XVII ғасырда джентльмендердің ойыны ретінде танылып, XVIII ғасырдан бастап дәстүрлі спорт түріне айналған. Ағылшын тұрмысында крикет ойынын екі қарсылас команда ойнайды. Әр команданың құрамында он бір ойыншы болады. Оның екеуі – қақпа қорғаушысы (бэтсмендер), қалғандары – үргыштың көмегімен допты қақпага салушы. Ойын барысында қай команда көбірек ұпай жинаса, сол команда жеңіске жетеді. Қарсылас командалар арасында крикет әділ, шынайы ойналмаса, «*It's just not cricket*» (сөзбе-сөз ауд. бұл – крикет емес) деп, ойынды тоқтатады;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** көшірілген эссе адаптация емес.

### **Бирюльки играть – не дело**

**деннотативті аясы:** дәстүрлі ойын;

**коннотативті аясы:** нәтижесіз істің, бос əүрешіліктің белгісі;

**ұлттық-мәдени фреймі:** Бирюлька ойынын екі немесе үш ойыншы кезекпен ойнайды. Ойын шартына сәйкес ойыншылар бирюлькаларды үстелге шашып, оларды бір-біріне тигізбей, ілмекпен бір-бірлеп сұрып шығараады. Ілмекпен қасындағы бирюльканы қозғалтып қойған ойыншы өз кезегін келесі ойыншыға береді. Ойын бирюлька біткенше жалғасады. Бирюльканы қай ойыншы көп жинаса, сол жеңіске жетеді;

**аксиологиялық мәні:** жағымсыз этикалық;

**ассоциативті бейнесі:** жалқау адам.

*A one-horse race*

деннотативті аясы: дәстүрлі ойын;

коннотативті аясы: жеңістің белгісі;

ұлттық-мәдени фреймі: *Horse racing* – британ халқының 300 жылдық тарихы бар дәстүрлі ойыны. Ат жарысы Ұлыбритания елінде алғаш рет 1711 жылы Анна патшайымның бастамасымен өткізілген. Бұл жарыс ағылшын тарихында «*Royal Ascot*» (сөзбе-сөз ауд. корольдік Эскот) атауымен әйгіленіп, күні бүгінге дейін өз жалғасын тапқан. Ағылшын қоғамында ақсүйектердің стильді ат жарысы ретінде бағаланған бұл жарысқа көрермендер сәнді киімдері мен қалпақтарын киіп келеді. Жарыс бес күнге созылып, жанкуйерлер арасында бәс тігіледі. Жарыс ережесіне сәйкес кімнің тұлпары мәрекеге бірінші болып жетсе, сол жеңімпаз атанады;

аксиологиялық мәні: жағымды психологиялық;

ассоциативті бейнесі: жеңімпаз адам.